

Исатай Кенжалиев

БӨКЕЙ ОРДАСЫ

1801-1850 ж.ж.

Орал қаласы – 2002ж.

И.Кенжалиев. Бөкей Ордасы (1851 – 1850 ж.ж.) – Орал., 2002

Пікір жазғандар: тарих ғылымдарының
кандидаты **Құрманалин С.Б.**

Жауапты редактор – тарих ғылымдарының докторы,
профессор **Бірімжаров Б.Қ.**

Бұл қалың оқырманға, студенттер мен оқытушыларға ұсынылып отырған кітапты Кіші жүздің XIX-XX - ғ.ғ. тарихын көп жылдан бері зерттеп келген И.Кенжалиев нақты деректерге сүйеніп жазып отыр. Автор Бөкей ордасы тарихын жаң-жақты зерттей жүріп, түрлі тақырыпта 150-дей мақала, кітаптар жариялаған. Бөкей Ордасы туралы соңғы жылдары мұрағат құжаттарына сүйенбей үстіртін, біржақты жазылған басылымдар жиілеп кетті. Автор бұл кітабында еңбекші халық өміріне үңіле қарап, Нарында болған қарама-қарсы шайкастың негізгі себептерін ашуға тырысқан. Автор еңбекші жұрттын аса ауыр, бейнетті өмірін көрсете отырып, азаттық үшін күрестің тарихын баяндаған. Оқырман бұл еңбектен көп ғылыми мәліметтер, ата-бабаларының есімдерін табуы мүмкін.

СӨЗ БАСЫ

Еділ мен Жайық өзендері аралығына орналасқан Бөкей ордасы Кіші жүздің құрамдас бөлігі, тамыры бір тарауы - деп есептеледі. Содан болар бөкейліктер өздерінің жазбаларында «Ішкі тарап қазақтарымыз» депті. Отарлаушылар «Ішкі Бөкей ордасы» деп атаған. «Орда» деген манғұл сөзі: «Ханның, не билеушінің тұрағы» деген мағна береді. Бұны түсінбеген орыстар «Орда» сөзін жабайы адамдардың алғашқы бірлестігі деп түсіндіріледі (1:594). Нарын даласының ресми әкімшілік-территориялық атауы солай берілді. Тек 20-ғасыр басында «Бөкей даласы», 1917 жылдан Бөкей облысы деп ресми құжаттарда жазылып жүрді. Біз халық қойған атау – «Ішкі тарап», «Бөкейлік» дегенді қолдана береміз. Қазақстанның қай өлкесін алсаңда - әр қайсысының ел өмірінде, тарихта алатын өз орны, ерекшелігі бар. Қазіргі публицистер Бөкей ордасының Қазақстан тарихында алатын орны зор үлгі көрсетті деп лепіреді. Ұшан-теңіз құм, құмдасып, сор, тақыр, жерге орналасып, тек қана мал өсіріп, кустарь көлөнер кәсібі бар, халқы 19 ғасыр ортасына 100 мың ғана болған ел тарихында зор орын қайдан алсын. Дегенмен Бөкейліктердің адам қызықтыратын, ұрпаққа сабақ болатын күрделі де, қасіретті тарихы бар, талантты жұрты болған. Бөкейліктің қазіргі және болашақ ұрпаққа үлгі болатындай саяси, шаруашылық, мәдени өмір салаларында өнегелі істері, азаттық, тәуелсіздік үшін қанды күресінің тәжірибесі бар. Кіші жүз, Бөкей ордасы отаршыларға қарсы қастерлі арпалысты алғаш бастап, жол салған, азаттық пен мемлекеттігіміз үшін аянбай алысып, 1917-1920 ж.ж. оны жалғастырып, қазақ мемлекеттігін қайта құрауда белсене қатысқан ел. Қазіргі авторларымыз мәселенің осы жағына көңіл қоймай, зерттемей, жазбай келеді. Бұнымен қоймай, Бөкей ордасының 19-ғасырдың 1-жартысындағы тарихы туралы жаңсақ, тіпті көзкөре әсірілеу, бұрмалау әлі тиылар емес. Ал Ішкі тарап халқының ауыр, азапты, әрі қасіретті тарихын ешкім ауызға алар емес. Бұның басты себебінің бірі - соңғы 50 жылда Бөкей ордасы тарихымен Ғылым академиясының Тарих институтінде (ФАТИ), не басқа мекемелерде бірде-бір маман дайындалып, зерттемеген. Бұның өзі Бөкейліктің Мақамбет, Құрманғазы, Исатай т.б. қайраткерлері туралы жалған

мәліметтер көбеюіне жол ашты. Тіпті кей тарихшылар хате ағымға ілесіп, күмәнді ақбарды тексермей, қолпаштауда. Бұл «дерт» чиновниктерге де «жұғып, оны ресми концепцияға айналдыруда. Тіпті оқу орындарында құжаттармен расталмаған фактылармен пікірлерді насихаттай бастаған. Ертелі-кеш болсын тарих ғылымы бұл мәселелермен шұғылдана. Ал қазір оқырмандар мен оқушы жастарға Бөкей ордасымен Кіші жүздің аса бір қиын кезеңі - 19 ғасырдың 1-жартысындағы аталарымыздың бейнет пен қазаға толы қасіретті өмірі мен тәуелсіздік үшін күресі туралы қысқаша болса да, нақты деректі білік беру қажет секілді. Өйткені елбасы Н.Назарбаев айтқандай әр кім өз атасын ауызекі әңгімеге сүйеніп, не патшалық авторлардың дерексіз басылымынан көшіре алып, тарихымызға тыққылап, оқырманды шатастырып, ғылыми білімнің таралуына кесел жасауда. Немесе, мұрағат (архив) құжаттарын қараған болып оның біреулерін асырып, шынын жасыруда көрінеді.

Батыс Қазақстанда Исатай көтерілісі туралы толғау, дастан шығарып, тарихи әңгімелер, өлең айтушылар болған. Солардың бірі - ішкі Ордадағы Алаша руының Құдайғұл атасынан шыққан Бердібек Түсекенұлының «Исатай ауасы» деген поэмасы. Бұл шығарманың түпнұсқасы табылмады, бізге үзінді күйінде ғана жетті. Бердібек көтеріліс басталу себебі мен барысы туралы кейбір фактілер береді. Ақын оқиғаларды көтерілістің шет жағасын көрген. (2) Дастан 1840 ж.ж. көрінген алғаш тарихи шығарма.

Кіші жүздің, Ішкі тараптың географиялық, шаруашылық жағдайын, шекара линиясының жөйін түсіну үшін А.Левшиннің еңбектерін ескеру жөн. Онда автор Орал казактарының жері, шекарасы, жалпы адам саны, шаруашылығы туралы біркелкі мәліметтер келтіреді. Ол: «Орал казактары астық өндірумен өте аз шұғылданады, тек Орал қаласының солтүстігінде ғана аз егістік бар – деген. (3) Ал, казактардың көрші орыс, татар, башқұрт, қазақ тұрғындарына жасаған озбырлықтарын айтпайды. Енді А.Левшиннің келесі еңбегінде Кіші жүз территориясына географиялық шолу жасалып, бұрын бұнда егіншілік, қалалар, егін суару жүйесі болғаны айталады. Сонымен қатар, Орал қазақ-орыс әскерінің бұратала елге зорлығы туралы және Кіші жүз шаруаларының ауыр тұрмысынан кейбір фактілер келтіріледі. (4) Бірақ бұл оқиғаларға автор патша өкіметі саясаты тұрғысынан қарап, көп

мәселелерге шынайы талдау, әділ баға бермей, көбіне патша үкіметін дәріптеумен болады.

Бұндай шығарманың бірі Ресей география қоғамы мүшесі Я.В.Ханыков өз еңбегінде Бөкей ордасына географиялық шолу беріп, оның шаруашылық, сауда, жер-жайылым жағдайы қысқаша баяндалады. Ал Исатай туралы «ол 1836ж. бір бакташыны өлтіріп, өзі сотқа келмеді» деп қате мәлімет береді де, шынын жасырып, «қарулы шайқа» мен бейбіт қазақтарды тонады», - деген тұжырым жасайды (5:148). Бұндағы «бейбіт» деп отырғаны озбыр сұлтандар мен билер, байлар. Жалпы, ол көтеріліс тарихының архив материалын жеткілікті білмей, үстертін жазған.

Шаруалардың мүшкіл халі, ауыр тұрмысы туралы кейбір деректерді орыс география қоғамының мүшесі, тау-кен инженері, кейін академик Е.П.Ковалевскийдің жол жазбаларынан кездестіруге болады.

Кіші жүз туралы кейбір әлеуметтік-экономикалық мәліметтер Россия армиясы бас штабының полковнигі И.В.Ларамберг еңбегінен ұшырасады. Ол Кіші жүзді аралап, шаруалардың тұрмысы, байғұстар туралы, хан-сұлтандардың озбырлығын айтады (6).

1827-1829ж.ж. Ішкі тараптың шаруашылық жағдайы мен қобалжу себептері Бас штаб офицерлері Герн мен Васильев еңбегінде кездеседі. Бұлардың бәрі әрине шағын мәліметтер берсді, ешбір ғылыми зерттеу жасамайды (7).

Россия әскері бас штабының полковнигі Л.Мейер 1840-жылдары Кіші жүзде топографиялық бақылау жүргізіп, шаруалардың хал-жайы, шаруашылығы, егіншілік пен шұғылдануы, саяси халдың тұрақсыздығы туралы бір шама дұрыс мәліметтер береді (8). Патша әкімшілігінің, Орал әскерінің жазалаушылық ісін, ел тонауын, Сухтелен мен Перовский деген губернаторлардың қазақтарды егіншілікке жолатпай, қоныстандырмау секілді реакциялық саясатын әшкере корсетіп, қазақтар «30-шы жылдардың басынан екі оттың ортасында қалған»: бірі патша әскері мен купецтерінің зорлығы, екіншісі - (Хиуа), Қоқан, Қаразым Бұқар хандықтарының шабуылы скенін ашық айтқан. «Біздің қазақтар жерін тартып алуымыз, - дейді Л.Мейер, - одан әрі, олардың (қазақтардың И.К.) ұсақта болса батыл қарсылығын туғызды», - деген. Әрине бұл автор еңбегінде де сол кездің жағдайын, патша әкімшілігінің отарлық саясатын түсінбеушілік жетерлік.

Бөкей Ордасы туралы, 1846-1848ж.ж. Советник болып істеген А.Евреинов өз кітабында бұл ордан құрылу тарихын, шаруашылығын қысқаша баяндайды, сауданың өрістеуін мал санының өсуін көрсетеді. Бірақ автор патша әкімшілігі мен хандарды көтермелеу мен болады (9).

Сонан да ол шаруашылардың ауыр тұрмысын, күйзелуін, шекара әскерінің озбырлығын әңгімелемейді.

1859 жылы Мәскеуде шыққан К.Солдатенков пен Н.Щепкин шығармасында Кіші жүздің саяси және шаруашылық жағдайына шолу жасалып, қазақ шаруаларының еңбекқор, зерделі екенін алғаш жазған және «киргизы – народ необыкновенно честный» - деген секілді сол кезде патша чиновниктері мен зерттеушілердің аузынан шықпайтын өте сирек пікір айтылған (10).

Ал Т.Медведевский, А.Харузин, А.И.Добромыслов т.б. еңбектерінде Кіші жүз бен Ішкі хандық географиясына, шаруашылығына, тарихына байланысты белгілі фактілер баяндалады, мұнда да хан Жәңгірмен патша әкімшілігін мадақтау басым (11). Еңбекшілер тұрмысына бұл авторлар байсалды бақылау жасамаған. Т.Медведевский мен А.Харузин Ішкі Ордада қоныстануға егіншілікке шекара әкімшілігінің кеселдігін көрмей, «хан Жәңгір үй салуда» көшпелілерге үлгі болып, «бұрынғы жауы есер мазасыз тайпаларды бейбіт отырықшы тұрғындарға айналдырды» деп Жәңгірдің өз сөзін жазады. Жалпы А.Харузин, А.И.Добромыслов қазақ тұрмысына, тарихи оқиғаларға керітартпа, ресми патша өкіметінің көзқарасы тұрғысынан қарайды. А.Добромыслов пен А.Харузин Исатай бастаған қозғалысты, «бүліншілік», «жыртқыштық», «қарақшылық» деп атап, патша әкімшілігінің озбыр, әділетсіз саясатына көңіл қоймайды, көтерілістің болу себебін ептеп болса да анықтауға талпынбайды. Ал Қайыпқали Есімовті «бақ үшін», «хан болу» үшін бүліншілік көтерді деп, шаруалардың 1827-1829 ж.ж. Орал, Өзен әскер басшыларынан көрген сұмдық қысымы мен озбырлығын қозғалыстың түнкі басталу себебін мүлде әңгіме жасамайды. Қысқасы патша чиновниктері мен революцияға дейінгі авторлар тап күресінің мәнін кемітіп, көтеріліс болу себебін жеке адамдардың бұзақылығынан, тәртіпсіздігінен, мансап-қорлығынан болады деп түсіндіреді. Олар 1836-1838 ж.ж. шаруалар көтерілісінде, Исатайдың Жәңгір хан мен бас араздығынан, ұсақ келіспеушіліктен болды деп ұғындыруға тырысты. Қазақ шаруаларының екі бірдей езгіге

ұшырап, күйзелуін, балаларын сатуға дейін барғанын есепке алмайды. Бұларға қарағанда Оралдан шыққан публицист Н.Ф.Савичев өзінің көлемді мақаласында, Исатайдың хан – сұлтандарға наразылық болу себебін, оның күрес барысын, патша әкімшілігінің оралымсыз, қайырымсыз екенін дұрыс көрсеткен (12).

Ол қозғалыспен Исатай жөнінде көптеген дұрыс пікірлер айтқан. Көтеріліс тарихына байланысты бар архив материалдарын ұқыпты пайдаланған. Дегенмен Н.Савичев кең тұжырым, батыл өшкерелеу жасай алмайды.

Кіші жүз бен Бөкей ордасының шаруашылығына, халқына, оның тұрмысына байланысты аздаған мәліметтер С.Бабажанов, генерал А.С.Хрулев, Ф.Стариков, генерал-лейтенант М.А.Терентьев, А.Алекторов, т.б. мақалалары мен еңбектерінде кездеседі, бірақ көбі белгілі ақпар. Айталық хан мен патша қызметкерлерін дәріптей отырып, халықтың хал-жағдайына мазмұнды талдау жасамайды (13). М.А.Терентьев қазақтардың отырықшылануына, егіншілікпен айналасуына қарсы болған. Орынбор губернаторларының әрекетінің мағынасыздығын көрсетіп, отырықшылық пен егіншілік даму табиғи құбылыс екенін айтады. Автор 1837-1839 ж.ж. Кіші жүз жағдайын біркелкі дұрыс шолып, губернатор Перовскийдің басқыншылық, өпірім саясаты жағдайды шиеленістіріп, «Қаразым (Хиуа) қаупі», ағылшын агенті т.б. туралы қисынсыз әңгіме-өсектер ойдан шығарылғаны жөнінде айта келіп, бірақ 1837 жылы К.Есімов қырда толқу бастады деп қате мәлімет береді.

Қаразым (Хиуа) хандығы мен қарым-қатынас, оған қарсы жорық дайындау, соған байланысты Кіші жүздің жағдайын үстіртін болса да Н.П.Иванов, М.И.Иванин, А.И.Максеев, М.А.Юдин т.б. еңбектерінде көрсетіледі. М.Юдин генерал Перовскийдің 1836 ж. Кіші жүзге генерал бастаған 1000 башқұрт жіберіп және 3 әскери отряд шығарып, қазақ ауылдарын «жазалап» тонағанын сосын ешбір дерексіз 1837 ж. Қайыбалды «бүлік» көтергенін қайталайды.

Бұлардың бәрі де оқиғалар желісін сол кездегі өкімет тұрғысынан баяндайды. Тек М.И.Иванин губернатордың ұсынысы мен өкімет Кіші жүз солтүстігінің шұрайлы жерін тартып алып, Қазақ ауылдарын жерсіз маң далаға айдап шығарғанын, Перовский кезінде қырға – «біздің кінәміз бойынша наразы киргиздерді (қазақтарды И.К.) жазалуға отряд жіберілмеген жылы өте сирек болғанын. Хиуаға жорық-арандату

басқыншылық екенін және Перовскийдің қорқақтығы мен табансыздығынан өтірік сылтау айтып, сәтсіз, үлкен шығын мен аяқталғанын бір шама дұрыс баяндайды (14). Автор патша чиновниктерінің бейбіт, қарусыз қазақ еліне озбырлығы туралы да кейбір дұрыс пікір айтады. Патша чиновниктерімен зерттеушілердің көпшілігі орыс шаруаларын менсінбей, надан, оралымсыз деп кемсіткеніндей, қазақ шаруаларын да одан әрі мазақтап, оларды «тағы», «жыртқыш», «жалқау», өз пайдасын білмейтін арамза етіп көрсеткісі келеді. Сөйтіп қазақ шаруаларының өзіне деген сенімін күм етіп, жігерін қайырып, талабын жерлеп болашақ үшін күресе алмайтын тобыр етіп насихаттап келгенді. Бұл пікірді қазақ байлары, би-сұлтандары қолдап, кенінен насихаттап, “тәйірі қазақ қолынан не келеді”, «күншіл, алауыз» деп ұлттық таптық, сананың өсуіне кедергі жасап, надан, ештеңе түсінбейтін адам бейнесін уағыздады, олардың өзіне-өзінің сенімін жоюға тырысты.

Дегенмен Россиядағы кейбір чиновниктер қазақ елімен кең танысқасын, қазақ шаруаларының ақ көңілділігін, еңбекқорлығын, және өз еліне адал берілгендігін жасыра алмайды. Орынбор шекара комиссиясының осы кездегі председателі Г.Ф.Генс, бас штаб полковнигі Л.Мейер т.б. қазақ шаруаларының қабілеттігін, еңбекқорлығын жазған. Генс пен Мейер бойынша «қазақ» деген сөз жас, бойдақ, ержүрек, батыр, сабаз /молодец/ мағынасын береді және «қазақ» - деген аңызға түсінікке бұл өте жақсы үйлеседі деп мадақтаған. А.Ф.Рязанов көтеріліс тарихын біршама дұрыс баяндаған, оның басшыларының ұйымдастырушылық рөлін, көтерілістің басталуының кейбір себептерін орынды (15) көрсеткен. Дегенмен автор Кіші жүздің сол кездегі экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайын үстір шолып, көтерілістің шығуының басты себебін толық көрсете алмаған. Сондай-ақ патша әкімшілігі мен орыс помещиктерінің озбырлық-зорлығын, аяусыз қанауын айқын көрсетпеген. Жаңсақ пікірлерде бар. Қарулы көтеріліс қоғам өмірінде аса елеулі, саяси маңызды оқиға.

Бұл көтерілістің шаруаны қанау, жәбірлеу нәтижесінде болғанын, оның антифеодалдық сипатын алғаш әңгіме етуші Қазақстан журналисі Байшеркешов Тайыр. Аталмыш көтерілістің 100 жылдығына байланысты Т.Байшеркешов Батыс Қазақстан мен Гурьев облыстарының газеттеріне «Исатай – Мақамбеттің көтерілісі» деген көлемді мақалаларын жариялап,

онда патша саясатына наразылықты қазақ шаруалары Пугачев, Сырым Датұлы бастаған қозғалыстардан бері жалғасып келгенін, Қазақстандағы тап күресі Россиядағы шаруалар күресі мен үндес, сабақтас екенін өте орынды және ғылыми дұрыс жазған. Қазақ шаруалары Исатайдың бастауымен рулықтар шеңберден асып, әлеуметтік мүдде үшін күрескенін дұрыс көрсеткен (16).

Исатай көтерілісінің антифеодалдық сипаты В.Ф.Шахматовтың еңбегінде айқынырақ көрінеді (17). Автор Алматы Орынбор архив материалдарын пайдалана отырып, Кіші жүздің 19 ғасырдың 20-30 жылдарындағы экономикалық, саяси жағдайын қысқаша шолып, Орал әскерінің озбырлығы мен зұлымдығын көрсеткен. Көтерілістің басталу себебі, феодалдық қарым-қатынас, қанау біршама анық берілген. Көтеріліс барысы да баяндалған. Дегенмен автор Кіші жүздің географиясы мен шаруашылығына қысқаша болса да шолу бермеген, сондай-ақ көтеріліске қатысқан күштер де нақтылы көрсетілмеген. Бұл туралы белгілі ғалымдарымыз Е.Бекмаханов, А.Б.Тұрсынбаевтың, т.б. сын пікірлеріде өте орынды. Атап айтқанда В.Шахматов патша әкімшілігінің отарлық саясатын әшкерлемей, шаруалардың әлеуметтік құрамы мен жайын айқын сипаттамаған және революцияға дейінгі авторлардың кейбір пікірлерімен түсініктеріне талдау жасамаған. Автор субъективтік пікір айтуға, тіпті кейде дәлелсіз пікір білдіруге құштар. Мысалы, И.Тайманов көтерілісі уақытындағы ұлттар арысындағы араздық керісінше роль атқарды, кейбір қазақтар өздерінің ескі кегімен қалмақтар мен қондыру татарларынан есесін алды деген. Бұл үстіртін пікір, өйткені бұл жөнінде нақтылы факті келтірілмейді. Көтерілісшілер қазақ, орыс, қарақалпақ деп бөлмей, тізесі батқан озбыр купец бәрінен өз еңбегінің есесін алуға тырысты. Сол секілді автор кейбір жер, су, адам аттарын шатастырып, оқырманға түсінуге қиындық жасаған. Көтеріліс тарихына байланысты пікірлер Г.Сербаринов, А.Якунин, Н.Трофимов пен Е.Федоров мақалаларында айтылған (18).

Кіші жүздің, Ішкі тараптың саяси құрылысы, жағдайы, тап күресінің кейбір мәселелері академик С.Зимановтың еңбегінде орынды өңгіме болады, бірақ толық емес (19).

Н.Г. Аполлованың Қазақстанның Ресеймен экономикалық және саяси байланысы жөніндегі еңбегінде XIX - ғасырдың 1-ширегіндегі Кіші жүз жағдайы туралы кей мәліметтер бар, бірақ әр фактының төркінін аша бермейді. Ресейді мақтаумен болады.

Губернатор И.И.Неплюевтің арамза отарлау саясатын әшкерлемей, ол Кіші жүзде тыныштық орнатуға тырысты, ал одан кейінгілері шаруашылықты көтеруге, егінді көбейтуге тырысты деп дәлелсіз тұжырады. (20).

Профессор Е.Бекмаханов Қазақстанның XIX ғ. тарихы жөніндегі очерктерінде Бөкей Ордасының құрылуын хан-сұлтандар тобының озбырлығы аша, Исатай көтерілісінің себептерін, мәнін, маңызын өзіне тән ұқыптылық пен қысқа, әрі нақты ашып берген. Ғалымның көп ойы дәлелді және ғылыми терең талданған, қазірде мәнін жоймаған (21) Бөкей Ордасы жөнінде Ж.Ақпай т.б. публицистердің кітаптары бар, бірақ қате мәлімет көп, дерекке сүйенбей жазылған еш сын көтермейді. Еділ мен Жайық аралығында дейді автор “қазақ хандығы қалыптасып - ұлттық мемлекет дүниеге келді”, - деген (22:8). Алғашқы қазақ хандығының қай жерде құрылғанын қазір оқушыда біледі ғой. Біз еңбегімізді баспаға дайындап болғанда ғалым Ж.Қасымбаевтың “Жангир хан” деген көлемді еңбегін көрдік. Автор халықтың екі бірдей қаналуымен хан-сұлтандар озбырлығынан ауыр тұрмыста, қиын азаттық, тәуелсіздік үшін қанды күресте болғанын жете зерттемей көптен бері ханды дәріптеумен шұғылданып келеді (23). Біздің осы еңбегімізде Жәңгірдің іс-қимылы деректер негізінде нақты баяндалады. Ол ханның халыққа қандай азап әкелгенін көрсетеді. Тарихи тұлға тек халыққа қызмет істеуі тиісті ғой. Зерттеушімен оқырманға Қазақстанның ХҮІІІ ғ. аяғымен ХІХ-ғ. басын қамтитын мұрағат деректері пайдалы. (22)

Өкініштісі осы күнге дейін қазақ тілінде Бөкей Ордасы тарихы туралы еш ғылыми еңбек жарық көрмеді. Қалың оқырман, орта, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары Батыс Қазақстанның табиғи жағдайы, шаруашылығы, әлеуметтік, саяси жайы туралы нақты мәліметтерге өте мұқтаж. Сондай-ақ орта және жоғары оқу орындарының оқушыларына да тарихи еңбектер қажет-ақ.

Біздің еңбегіміз осы қажеттіліктің бәрін толық орындамағанымен оқырмандардың бір керегіне жарар деп ұсынамыз. Қазақстандағы соңғы жылдарда тарих ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, кейбір ұмыт қалған, көмескі көрінген мәселелерге мүмкіндігінше көңіл бөле отырып, оқиғаларды шын объективтік тұрғыдан баяндауға тырыстық.

Негізгі деректі біз Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағатының №78 қор материалдарын алдық. Бұл архивтің №78

корында ішкі тарапты билеуші - сұлтан Бөкей, Сығай Нұралиевтердің одан кейін хан болған Жәңгір Бөкеевтің кенселерінің материалдары жинақталған. Олардың ішінде Орданың саяси халі, шаруашылық, мал саны, сауда, адам саны туралы мәліметтер, шекара әкімшілігімен хат жазысу, түрлі шағымдар бар. Сонымен қатар, патша чиновниктерінің, тілмәш, тыншыларында мәліметтері бар, сұлтандар мен билердің, шаруалардың арыздары, көтерілісшілердің қимылы шаруашылығы туралы кейбір деректер сақталған. №78 қорда жер, қоныс, сауда мәселелері туралы хаттар, қатынас қағаздар, бас көтерген шаруалар туралы тәптештеу қорытындылары туралы материалдар бар.

Көтеріліс тарихына байланысты материалдар негізінен Орынбор шекара комиссиясының іс қағаздарында №4 қорда жинақталған. Бұлардың ішіндегі ең құндысы көтерілісшілердің ханға, Орал әскерінің атаманына, Орынбор соғыс губернаторына т.б. жазған хаттары, хабарлары, шағымдары, тергеушілерге берген тәптеш жауаптары. Осылардан сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдай, хан мен сұлтандардың билердің елді аяусыз қанап, соруы, патша әкімдерінің, Орал әскерінің зорлығы, көтерілістің басталу себебі, барысы туралы көптеген және нақты мәліметтер алынды. Сонымен қатар, Орал Орынбор казак әскерлерінің шекара қызметкерлерінің бай, сұлтандардың рапорттары, арыздары, түрлі анықтама, тексеру, байқау материалдары мен хаттары бар. Бұлар әрине оқиғаларды барынша бұрмалап, үстем тап түсінігі мен мүддесі тұрғысынан баяндайды. Сол секілді губернатор, оның қызметкерлерінің қатынас, нұсқау қағаздарынан патшаның отаршылық саясатының іске асырылуын көреміз.

Қазақстан Орталық Мемлекеттік архивінде көтерілісшілердің арап әріптері мен қазақ тілінде жазған хаттары, арыз шағымдары, рулардың орналасуы аталып сұлтан-правительдер, билер шаруаларда арыздарын, қатынас қағаздарды татарша жазған. Бұларды орыс тіліне шала сауатты тәлмәштар аударған, олар ойды табиғи күйінде бере алмайды, тек жалпы сұтбасын ғана айтады, сондықтан арасында сөздер, тіпті бірнеше сөйлемдер қалып қояды. Ал материалдарды жинақтап, осы күнгі оқырманға түсінікті етіп баспаға дайындайтын қызметкерде, басшы да Орталық архивте жоқ. Біз көтерілісшілердің 2 хатын аударып, көрдік, бұрынғы аударма мен айырмашылығы бар, тіл, тарих т.б. зерттеушіге қажетті сол кездің сөздері, түсінігі,

пікірлері түсіп қалған, жер-су аттары, адам есімдері бұрмаланған. Көтерілісшілер Ішкі Бөкей Ордасын “Ішкі тарап” деген. Сонымен бұл құнды материалдарды жинақтап, баспаға дайындаса ғылымға едәуір үлес қосылар еді дейміз.

Біз бұнымен қатар Астрахан, Орынбор, Ташкент, Ленинград қалаларында болып, Кіші жүз тарихына байланысты материалдар жиыстырдық. Астрахан соғыс губернаторы кеңесінің қағаздары арасынан Ішкі тараптың шаруашылығына, әлеуметтік – саяси жағдайына байланысты кейбір мәліметтер алдық. Орынбор соғыс губернаторы кеңесінің іс қағаздары мен Орынбор шекара комиссиясының істерінен көтерілісшілер туралы дерек кездестірдік. Ташкенттегі республикалық кітапханада “Түркістан жинағы” /Түркістанский сборник/ сақталған. Ал Өзбекстан Орталық мемлекеттік архивінде Хиуа /ресми документтерінде Қоразм/ хандығында Кіші жүздің кейбір ауылдары мен рулары мен қарым-қатынас қағаздары кездеседі.

Көтеріліс тарихына байланысты тарихи әңгімелер ел ішінде де әліде сақталған. Біз көтеріліс болған жерлерді көзбен көру үшін және ел аузындағы әңгімелерді өлең жырларды жинастыру мақсатында Орал, Гурьев, Ақтөбе облыстарының аудандарында болдық. Ел ішінде Жәңгір хан туралы ысқақ, күлкілі, келеке сөздерде сақталыпты. Ел ауызындағы әңгімеге сын көзімен қарау керек, тарихи деректермен таныс адамға ол қиында емес-ау дейміз. Міне сол әңгімелер бізге сол кездегі дүбірдің жалпы сарынын түсінуге, кейбір оқиғалар жетпей тұрған мәліметін жалғастырып, фактілер, адам, мекен аттарын, істерін анықтай түсуімізге едәуір септігі тиді.

Ел тарихына байланысты жер, су, тау аттары мен адам есімдерін байырғы қазақ атауларымен жазуға тырыстық. Өйткені, архивтегі қағаздар жер, су жағдайын, аталуын, жергілікті тілді білмейтін патша чиновниктері мен офицерлерінің, писарьлары мен тілмәштарының жазғандары, олар адам, жер аттарын тілі келмей бұрмаланып жазылған, ал оны оқып түсіну қазіргі оқырмандарға өте қиын. Ал біздің кейбір ғалымдарымыз әлі түсініксіз атауларды жаза береді. Мысалы, “Беручева рода Каракубай Утяпов требовал восстсановления нарушенного права на пользование урочищем Каракамыш” деген сөйлемдегі ру, адам, жер атын түсіну қиын. Ал хабардар адам ғана әңгіме Беріш руының озбыр биі Қаракөбен Өтеповтың Исатай ауылынан тартып алған “Қаракамыс” деген көлшік туралы екенін біледі. Дендерді

Инляр. Индар, Нарынды “Рын” деп бұра жазу көп. Сондықтан ғылыми еңбектер қалың оқырманға түсінікті болу үшін архив қағаздары мен революцияға дейінгі тарихи еңбектерінде адам есімдері мен жер, су аттарын елге таныс үлгісінде беруді ескердік. Оқырмандардың бұндай заңды тілегін жәнe.

Кіші жүздің топонимикалық есімдерін бір унификацияға келтіру туралы И.Вяткин, Е.Бекмаханов секілді ғалымдарымыздың ұсынысын қабылдай отырып, атауларды қазақша бердік. Мысалы, Нарынды “Рын” деп, Жемді, “Джими”, “Әмба” деп, Исатайды – Исетай, Исятай, Исетай деп, Шалқарды – “черхал” деп қалай жазарсың. Сол секілді “Шынды” “чинк”, Шектіні “Чиклинский”, Ысықты Сиклар деп бұрмаламай, оқырмандарға түсінікті болу үшін жергілікті тіл атауында беруге тырыстық. Адам есімдері ылғи бұрмалануда. Біз орфография Ережесіне сүйеніп “Махамбет” демей, қазақша: “Мақамбет” дейміз.

Біз өзіміз қозғаған мәселелерді толық, жан-жақты камтып баяндалық дей алмаймыз. Өйткені архив деректері әрі көп, әрі жетіспеуінен Кіші жүз халқының әлеуметтік құрамын, шаруашылығын, тап азаттық күресінің тарихын т.б. мәселелерді толық бердік дей алмаймыз. Тек қолда бар мәліметтерді пайдалана отырып, Батыс Қазақстанның саяси әлеуметтік, экономикалық жағдайын қысқаша сипаттап, халық тұрмысын барынша айқын көрсетіп, көтерілістің терең тамырларын анықтауға тырыстық. Бұл еңбек қалың оқырман мен оқу орындарына оқу құралы деп ұсынылады.

I - тарау

Кіші жүз бен Бөкей ордасының саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы.

§1 Географиялық шолу

Тарихи оқиғалардың мәнін дұрыс түсіну үшін сол елдің географиялық жағдайын, шаруашылық ерекшелігін, саяси өмірі мен мәдени даму дәрежесін білмей болмайды. Сондықтан біз әлгімені қысқаша географиялық шолдан бастаймыз. Бөкей Ордасы Кіші жүздің туындысы, оның бір тарауы. Содан болар Мақамбеттер өздерін “Ішкі тараппыз” деген. Сондықтан алғашқы тарауда Кіші жүз тарихынан бастап, Ішкі тараппен қабыстыра баяндаймыз.

Өлкенің шаруашылық ерекшеліктері мен экономикалық даму мүмкіндігін түсіну үшін алдымен географиялық жағдайымен қысқаша танысайық. Кіші жүздің біз әңгімегелі отырған кездегі географиялық, топографиялық жағдайын Россия география қоғамы мүшелері мен армия бас штабының офицерлері Кіші жүзде болып, көргендерін өздерінің бақылаулары мен еңбектерінде сипаттаған.

Кіші жүз – Шығыста Торғай өзенінен Еділге дейін, солтүстікте - Орал тауы бөктерінен Арал теңізі мен Сыр сағасына, Үстірт қыратына дейінгі өңірді қамтиды. Жерінің беті әрқилы.

Еділден басталған үлкен алқап Жайық өзенімен екіге бөлінгендей. XIX ғас. Орыс тарихы, географиялық әдебиетінде Еділ мен Жайық, Каспий мен Сырт қыраты арасындағы қазақтар мекендеген далалықты – “Самар даласы”, Жайықтың шығысын – Зауральный, не Младшая Орда деп атаған. Ал, қазақ Торғай өзенінен, Торғай даласынан Жайық өзеніне дейінгі дала Алшын ұлысының мекені, сондықтан Алшын даласы деп те атауға болады. Бұл даланың жер беті - құм, сор. Орал тауының оңтүстік етегінен батысқа Сырт қыраты жол болып созылып, Еділ өңіріне дейін барады. Бұл жер ойлы-қырлы, сай-сала топырағы құнарлы. Орал тауынан оңтүстікке Мұғалжар тауы 49 ендікке шұбала барады. Одан әрі оңтүстікте Шошқакөл адыры, Борсық құмдары, оның батысында Матай, Аспантай құмдары. Онымен қатарласа батыста Жайық өзені, Елек, Ор өзенін қосып, Шаған қосылғанда тағы оңтүстікке бұрылып ағады. Ұзындығы 1400 км. қазақ жерімен 1100 км. жүреді. Жаңбыр өте сирек жауады. Бұл орасан үлкен алқаптың қысы қатты, қарлы аязды, жазы ыссы, дауылды. Тек өзендер, шағын көлдер жағасында жайылым бар, егістікке жарамды жері де кездеседі. Әсіресе Маңғыстау өңірі суға, жайылымға тым тапшы. Бұл даланың оңтүстігінде Борсық құмы, Матай, Аспантай, Арал теңізі жағалауындағы қысы жылы, қары аз болады, бірақ жазы ыссы. Мұғалжар Орал тауынан оңтүстікке созыла 49 ендікке жетпей бітеді. Бұл алқап тұрғын жұрттың есімімен “Алшын даласы” деп те аталады.

Алшын даласының шығысындағы үлкен су - Қарғалы тауынан басталатын Торғай өзені, одан терістікте Тобыл, Үй, Тоғұзақ, Қарталы өзендері өңірлерін Орынборға қараған Жағалбайлы, Қыпшак, Найман. Керей руларының ауылдары жайлап жүрген. Сыр өзенінің Ақмеші түсынан Аралға дейінгі

өңірін Кіші жүзге қосады. Сыр мен Жаңадария егіншілікпен айналысқан. Суармалы егісте бар. Сырдың екі жағалауы су су жайылымы қалың қамыс. Ал өзеннен қашықта құм, тақыр, сортаң. Сонымен Кіші жүздің Жайықтан шығысқа созылған даланың Алшын даласының оңтүстігі таулы, сулы, орманды, топырағы егістікке қолайлы алқап. Одан оңтүстік, Арал теңізіне дейінгі жер - құмдауыт, сортаң, өзен – су аз, егістікке жарамайтын кеңістік. Жаңбыры аз, ауа райы қатал.

Егістікке жарамды жерлер, өзендер аңғары, Сыр өзенінің орта бөлігінен сағасына дейінгі жағалауы.

Сол кезде бұл өлкені зерттеген орыс географиялық қоғамының мүшесі Я.В.Ханыковтың т.б. баяндауынша Каспий солтүстігінен Жалпы “Сырт” қыратына дейінгі “Самар” даласы бірнеше географиялық аудандарға бөлінеді. Сырт қыратының бөктерінен басталатын Уюкен, (II - Чижа болса керек?), Дүре (I - Чижа), Балықты су жайылмалары (разливы). Солтүстікте көп жерге жайытып, мол шабындық, жайылым көзі болады.

Бұл өңірде Байбақты руының Жантелі, Жүніс, т.б. басқарған Еділбай т.б. бірнеше ауылдары, Төлеңгіттер жайлап жүрген. Бірақ, патша әкімшілігі олардың егіншілікпен айналысуына рұқсат бермеген. Дарғаш, Дүре, Жанарыстан (Еруслан), Шаған өзеншіктері маңында қазақ ауылдары көшіп жүрген. Сырт қыратынан Қара өзен (Большой узень), Сары өзен (Малый узень) бастылып Баян тауы жаны мен оңтүстікке Самар көлдеріне қарай қосарлана ағады. Бұл екі өзен аңғары, арасы шабынға, жайылымға бай болады. Зерттеушілер Сары өзен бойында (Таловая речка) “Карасу” сайы өңірін шабындыққа бай екенін жазған (1). 1825ж. 22-23 августа Орынбор шекара комиссиясының ассесоры Кузнецов Таловаяда (“Карасу”) болып, одан жоғары 8 км., ені 4-5 км. шабындық екенін және төмен Бағырлай жағы да 8 км-дей ойпат, шабындық екенін қаттап, Сары өзен бойы ылғи қазақ қыстауларына толы (3000) екенін жазған (2). Ал Сары өзеннің одан арғы жағы бұндай су жайылымы жоқ, шөбі де сирек, топырағы құмдасын, сортаң. Қара өзеннің Жалпақтал тұсы Самарға (3) дейін де жер беті осылай, жері сортаң, сол көлдер, шөбі аз. Қыста суық боран, жазда ыссы, аңазақ.

Бұл даладағы екінші бір малға жайлы аумақ - Нарын құмы (4). Ол оңтүстік шығыстан батысқа 150-200 км-ге созылып, Бекетай, Ірге құм, Қандыағаш, Жаманқұм, Толыбай, Теректі, Қызылтағыл. Дүйсе, Мешітқұм, Жасқұс жиделі т.б. болып 12

бөліктен тұрады. Нарын құмының ені 30-50 км. Құмда ылғал жақын, 1-1,5 м тереңдіктен су шығады. Жерінің 30%-тен астамында орман жеміс-жидек.

Табиғатының осындай байлығынан Нарында жұт болмайды. Қатқылда қуаңшылық болып, малға шөп, адамға азық табылмаған жылдары ел Нарынға барып, паналауға тырысады. Қысы аз және жұмсақ болады. Ауасы шипалы. Нарынның сипатын ұлы Мақамбет айқын берген, “Нарынның қалың құмдары-ай, ...Ызалы, ойпаң шымдары-ай”, - деп Нарында “бас пайданың бәрі бар”, - деуі өте орынды айтылған. Бірақ Нарын кедейдің қолына тимеді. Оны Шынғали (Шыман) Орманов, Шоке Нұралиев, Қарауыл хожа, Балқы билер иеленді.

Самар даласының тағы шұрайлы жері - Самар көлдері. Сол кездегі зерттеушілер (Ханыков Я.В. т.б.) көрсетуінше бұлар да үлкенді-кіші 24 көл бар. Олардың ішінде А.Хрузин Сарыкөл, Сарышығанақ, Тоқтамыс, Райм, Итемген, Тінәлі, т.б. картада көрсеткен. 1870ж. берген бір мәліметте Сарыайдың айнала шеңбері 16 шақырым, ені - 3, Сарыкөл 15:2, Райм 5:1, Тұщы құлақ - 10:2, Сарышығанақ 10:1 шақырым. (5:9).

Бұл көлдерде балық көп болады. Көлдер жағасы ну қамыс, қалың шабындық, жайылым. Ал Нарын мен арасы, ірілі-ұсақты көп сорлар бар, ішіндегі ірісі Арал сор, Кекпен сор, Еділбай сор, Қатпас сор, т.б.

Нарын құмынан басқа жерлердің ауа-райы қатаң, қысы 5 айға барады. Қыста боран жиі болады, көкмүздақ жауып, мал тебінге жайыла алмайтын кездері болады. Қыста жел тұрып, қарда боратып мал мен жанға үлкен қысым болады.

Жазда жаңбыр аз болады. Қуаңшылық 10-12 жылда қайталап тұрады. Күннің ыссылығы көлеңкеде 35° барды, аңазақ, немесе қапырақ (душные) жнл соғып, топырақты үрлеп “қарадауыл”, “Құм жауыны” болып тұрады.

Ішкі тарапта сол кезде 6 млн. десятина жер болған, 12700 десятина қамыс, тек мал жайылымына ғана пайдаға асатын далалық - 5 млн. десятина шамасы 400 десятина құмдық, 430 мың десятина тақыр, сортаң жерлер.

Бұл қысқаша шолудан Ішкі Орда жерінің тек солтүстік-шығысы, Сары, Кара өзендер орта шені шабындығы мол, егін салуға болатын алап, ал малға Нарын құмы, Самар көлдері, теңіз жағалауы қолайлы екенін көрдік.

§2. Кіші жүз бен Бөкей ордасының саяси әлеуметтік жағдайы, халқы, оның құрамы.

Кіші жүз жұртының тарихын жазу аса қасіретті, ауыр да, қиын. Ұланғайыр территорияны жаппай, жайыла жайлаған малдықты біріктіріп, басын қосып, көршілерінің басқыншылығына тойтарыс беру, шаруашылық байланысын, сауданы дамыту оңай болмады. Әсіресе Ақназар хан қаза болғасын елден бірлік кетті. Алдымен Ресейден қашқан орыс казактары Сарайшық пен т.б. қалаларды талқандап, Еділ-Жайық аралығының берекетін алады, жұртты бостырды. Шығыстан қалмақтар қазақ жерін баса кірін, 1,5 ғасырдай қазақ еліне ойран сатып, халқын қырып, қалаларын қиратып, шаруашылығын күйретіп, Кіші жүзге келіп, одан Нарын даласына тұрақтап, қазақпен жағаласа берді. Бұның үстіне Орта Азия хандықтары әлсін-әлі шабуылдап, талаумен болды. Қазақ мемлекеттігі жойылып, шаруашылығы тозды.

Кіші жүзде 40-жылдай хан болған Әбілқайыр жұртына еш өзгеріс әкеле алмады, қираған қалаларды, оталған егінді, қаныраған экономиканы қалпына келтіруді ойламай, көшпенділікті жалғастырды. Ең болмаса орыс казактарының ел талау шабуылына тосқауыл қоюды ойластырмады, олардың іс-қимылын, әскери күшін барлап, ат төбеліндей казактың жүріс-тұрысын, ізін аңдып, елді сақтандырып отыру айлсын таппады. Кіші жүз жұрты қорғансыз болды, тістегеннің ауызда, ұстағанның уысында кете берді.

Алшын даласының азаматтары патша әкімшілігіне жолдаған шағым, хаттарында өздерін “Кіші жүз жұрты” деп атап, қоғамы ұзаққа созылған саяси, экономикалық дағдарыста екенін жазады. Патша еш шара қолданбағаны белгілі.

Кіші жүз рулық-патриархалдық қатынастағы феодалдық мемлекет. Саяси басқару тәртібі ескі, ортағасырлық қалып еді. Елді Шыңғыс хан тұқымы басқарды. Әр руды, не бірнеше ру ауылдарын сұлтандар биледі. Рубасын, ру арыстарын, бауларын (“Жеті баулы беріш”), аталарын (“Алты ата Әлім” дегендей) қарападан шыққан Т.Бөкенбаев (Жетіру) сияқты азаматтар биледі. Бірақ сұлтандар өктемдігі басым болады. Орталық басқару жүйе әлсіз болғасын келелі мәселені шешу мүмкіндігі болмады. Қоғам түршілігін салалық, функциональдық басқару жүйесі енгізілмеді. Әбілқайыр көрші мемлекеттер тәжірибесіне көңіл қоймады, ескіше өзі билеп, ең болмаса уәзірлер лауазымын немесе Едіге сияқты Ноғайлы да “Нүриден”

билігін, не тұрақты әскери бөлім, яғни жаугершілік заманда, феодалдық қырқыс пен күресу үшін енгізбеді. Шаруашылықтың қолөнер, өнеркәсібі саласын, қалаларды жандандыруды қолға алмады. Сөйтіп, хан өз билігі шеңберін өзі тарылтты, ұңғыттық көрсетпеді. Өздігінен қала салу, егін егу істеріне ынталанбады, жағдай жасамай, біреуге телмірді. Сөйтіп ол өзінің саяси шорқақтығын көрсетті. Бұған тағы бір дәлел, Әбілқайыр Орта жүздің Барақ сұлтанынан қорқып Сыр өзенінің төменгі ағысындағы малға жайлы жайылым, қыстағынан, Түркістан қаласының, Сырдың егіншілігінен айырылды. Бұның Кіші жүз жұртына үлкен зияны болды, малға жайлы жылы жермен қатар Сырдың қалаларымен, қолөнері, Орта Азиямен сауда жолынан қол үзді. Саяси, экономикалық жағдайға орын толмас залалы білінді. Сөйтіп Әбілхайыр хан дәрменсіздік көрсетіп, ол кейінгі ұрпаққа ауыр тағдыр дайындады. Ақыры барып жыртықтың шеңгілене басын тосты, Ресейге бодан болды, жұртын шексіз қасіретке мұрындықтап байлап берді. Шыңғыс әулетінің саяси дәрменсіздігі бұдан әрі де жалғасып, ел жағдайын жақсартуға еш қадам жасай алмады. Баяғы рулық-феодалдық қатынас өзгермеді, хан өкіметі әлсірей берді, өз жұртына жексұрын көрінді. Феодалдардан өзара қырқысуы, барымта, ұрлық үдей береді, әрі Орал, Орынбор казак әскерлерінің тынымсыз шабуылына қарсы күресе алмады, отарлау өрістеді. Жан-жақты қысым мен езгіге шыдамаған халық Сырым Датұлы бастаған азаттық күреске шығып еді, ол сәтсіз аяқталды. Патша өкіметі Кіші жүзді улы шеңгелінен шығармай, жұрттың бірлігін айырып, бұғау салып, ноқталап алған екен. Кіші жүз жан-жақты, аса ауыр күйзелістен шықпады, тозды. Талау мен жұттан мал, дүниесінен айырылып, қайыршы болған шаруалар Орта Азия, парсы, орыстарға балаларын 25-50 сомға сатып жүрген. Бұл сұмдық халық бірлігі жоқтығынын, елбасының саяси соқырлығының нәтижесі еді. Осы ауыр хәлмен Кіші жүз жұрты XIX ғасырға аяқ басты, бала сату жалғаса береді. Орта Азия елдерінің феодалдары әлсін-әлі Кіші жүз ауылдарын талап, адамдарын тұтқындап әкеткен. Алшын жұрты үш оттың ортасында қуырыла берді. Ресей, Орта Азия содырларынан Шыңғыс тұқымы қалыспады. Патша әкімшілігі бұл күрделі, шиеленісті саяси жағдайда, хан билеу жүйесін жоймады. 1797ж. қартайған Айшуақ Нұралыұлын хан етіп тағайындады. Бұл хан бұрыннан түрлі топқа қатысқан. Орал казак әскерімен байтанысы бар, қазақ ауылдарын шімірікпей талауда аты

шыққан сұлтан еді. Айшуақ жұртты толғандырған өзекті саяси мәселемен шұғылдана қоймады. С.-Петербургтегі архивте Сырым батыр бастап бірнеше адам (Қаракөбек, Шақшақ би т.б. 10 адам) қол қойған, 1802ж. тіркелген Румянцев Н.П. деген коммерциминистрге жазған шағымын көрдім. Онда Орал өзенінің төменгі жағындағы Орал казак әскері, старшинасымен 1799ж. казак ауылдарына бірнеше рет шапқыншылап, 100 адамды өлтіріп, 65000 бас малды тартып әкетті, - деген. Бұл жөнінде Шекара басшыларына талай мал, жанымызды, мүлкімізді қайырындар деп арыздап едік, жауапсыз қалды. Күзде губернатор Н.Н.Бахметовтың бұйрығымен Орал әскері Байұлы ауылдарының 12772 бас жылқысын қару жұмсап, тартып әкетеді. “Бұндай тонау мен кісі өлтіру ханның дұрыс қарамауымен генералдың тиісті тәртіп бермеуінен”, - депті шағымданушылар (6:202). Бұл шағым хан мен губернатордың қатық жағдайына жаны ашымайтынын көрсетеді. Дегенмен Айшуақ бұндай фактілерді патшаға жазып еді, бас отаршы өз кісітерін ақтады. Бұндай фактілер көп. Губернатор Н.Бахметовтың жазуынша Орал казак офицерлері бодан елді талаудан шылқыған бай болған. Ел талауда хан, сұлтандар, кей билер қатыспай, өшіккен ауылға казак әскерін әкеліп, тонатқан. Хан, сұлтандар казак офицерлері мен сыбайласып, тарихта “колониально-феодалная клика” деп аталған топ құраған. Патшайым Екатерина II-н өсиетімен патша әкімшілігі сұлтандар мен билерді өз ықпалына көндіру үшін әлсін-әлі оларға сый, сиппат беріп, шен, шекпен жауып, офицерлік, чиновниктік (указной старшина, не төленгіт Бармақ Мұратов – хорунжий, сұлтан Артығалы-майор, хожа Қ.Бабажанов – жүзбасы т.б. атақ беріп, өз қызметкері жасаған.

Хан, сұлтандар, билер қордаланған саяси-әлеуметтік мәселелерді талқылап, шешу, ел ішінде тыныштық, бірлік, тәуелсіздік орнату, не барымтамен ұрлықты тыю істерімен шұғылданбаған.

Кіші жүз жұрты патша әкімшілігі егін егуге, балық аулауға, қоныс салуға тиым салғасын көшпелі болып қалып, тек мал өсірумен шұғылданады. Көп малға пішен дайындау қиын еді, маты қысы-жазы жайып, бір жерде ұзақ кідіре алмай, шөп ізеп көше береді. Көп малға кең жайылым, мол суат керек. Бірақ ол жетпеді. Содан ХҮІІІ-ғасыр ортасында жер тапшылығы күшейді. Осы кезде Еділ-Жайық аралығындағы ата қонысқа көшу қозғалысы басталады. Патша әкімшілігі Жайықтан

өткізбеді, тек кейбір сұлтандар мен байларға Нарынға қыстап келуге ұлықсат береді. Губернаторлар қазақтың қала салып, егін егіп, түрлі кәсіппен шұғылдануына мүдделі болмады, Н.Бахметов, И.Неплюев, князь Г.Волконский, П.Сүхтелен т.б. губернаторлары) Қазақ Ресейге мал, мал өнімдерін беретін, орыстың сапасы нашар мануфактура т.б. өніркәсіп бұйымдарын қымбатқа сататын рыногы болуға тиісті деген саясатынан танбай, қазақ қоғамының дамуына кедергі жасап, зиян келтірді. Бірақ Еділ-Жайық аралығындағы Самар даласына қоныстану ағымы толастамады. Жасырын, не ақша, мал беріп те өтіп жүрді. Алаша Сейтімбет батыр, байбақты Сырым батыр бастап Нарынға талай өтіп, уақытша қыстаған. Бірақ қалың бұқара мұқтаждықтан шықпады.

1897ж. Кіші жүз хан билігі жанынан “Дуан” (Диван), не “хан кеңесі” деген құралды. Бұл бұқараны алдау еді. Хан Советінің төрағалығына Бөкей Нұралыұлы сайланды. Оның қарауына Жайықтың төменгі ағыс тұсынан Жем, Сағыз өзендерімен Манғыстауға дейін мекендеген Байұлы тайпасының кей руларын береді. Бұл аймақ шөбі сирек, шабындығы аз, қуаңшылығы көп, сор, тоқыры бар аумақ еді. Бөкей жұрт тілегін, жалпы саяси тұрақсызды түсініп, әрі атамекенді қайтару жолын іздейді. Самар даласы Әз Жәнібек пен Қасымның жүрген, тұрған жері. Ақназар хан осы алқапта балалығын өткізіп, өсіп ер жетті. Бізге жеткен бұл аңызды Бөкейде білген болар. (7:118) Бөкей сұлтан өз жұртымен 1798-1799ж.ж. Нарынға өтіп, Астрахан басшыларымен сөйлесіп, патшаға Қалмақ қашып, көптен несіз қалған далаға көшіп келіп, қоныс (селения деген И.К.) салып, Ресей қарауына толық еніп, мәңгі тұруына ұлықсат сұрайды. Несіз жерден Ресейге еш пайда болмады. Астарахан. Саратов т.б. губерниялар қазақтың келуіне мүдделі болады. Қазақ мал, мал өнімін беріп жүріп, әрі Ресей орталығына жақын рынок болмақ. Осы азай Павел - І-ң 1801 ж. 11 наурызда жарлығын шығартады. Кіші жүзде ОШК қарауында жаңа территориялық-әкімшілік бөліктер пайда болады.

Патша үкіметі Кіші жүзде толық бағындырып, отарлаудың жоспарын жасаған. Ленинград архивінде Екатерина - II-і мен үкімет, губернаторлар арасында жазылған көптеген ресми қағаздар да Кіші жүзді қалың бағындыру, қалқын орыстандыру ұсыныстары талқыланған. Осыра шырқалып олар мынадай ұйғарымға келеді: а) Кіші жүзді негізгі отарлауын (казачья колонизация) жалғастырып, патша астеры линиясын “сауда

жолын, керуендерді қорғаймыз” т.б. сылтаумен біртіндеп қазақ жерінің төріне қарай жылжыта беру қажет; б) Кіші жүз ханынын билеу шеңберін шектеп хандықты әлсіретіп қазақ феодалдарының өзара қырқысуын бөгемей, елдің бірлігін қолдай отыра беру; в) тұрғындар арасында Ресей ықпалын күшейту үшін идеологиялық жұмыс жүргізіп, мешіт салып, арнайы мектептер ашып, оларға сенімді молдаларды тағайындау, орыс тілін меңгеруді оқыту. Билердің арасында үгіт, іріктеу ісін жүргізіп, патша саясатын қолдайтындарға “Старшина” атағын, қуәлігін беруді енгізу (указной старшина). Отарлауға қарсыны анықтап, аластау үшін “расправалар” құрмақ болды. Сөйтіп өз қадрын дайындауға кірісті.

Орта Азия, Иран мен Кіші жүздің байланысын азайтып, өз ықпалын кеңейту шараларын қарастырған. (8:232) г) “Сауда жолын қорғаймыз” деген сылтаумен Кіші жүздің төріне кіріп қалғандар, бекіністер салып, билікті күшейту; е) хан билеу жүйесін жою үшін Кіші жүзді 3-ке бөлу, хандықты, қазақ мемлекетін жою; д) біртіндеп орыс әкімшілік-территориялық басқару жүйесін ендіру болды. Екатерина - II-і бұл отарлау саясатын жүзеге асырудың әдістерін де көрсетіп, өне бойы күш көрсетуге бара бермей қазақ сұлтандарын алдауратып, өз жағына шығаруды, сұлтан, билерді қызметке тартып, шек-шекпен жауып тағып, түрлі сыйлық, медаль беріп, қолайлы жерге орналастырып, ықпалды байларға жайлы қоныс т.б. көмек беріп, арқа сүйеуді міндеттеген.

Бірақ бұл жоспар Кіші жүзде саяси ахуалдың шиеленісуі, әлеуметтік дағдарыстың өршуі салдарынан қапелімде жүзеге аспайды. Тек мешіт салу, мектеп ашу, молдаларды жіберу жұмысын істеп, Ресейді мадақтау уағзын жүргізген, сұлтан, билерді арбаған.

Патша әкімшілігі 1805ж. Айшуақты орнынан алып, хан етіп Жантөре Айшуақ ұлын тағайындады, шулатып таққа отыру рәсімін, іріктелген топ Жантөрені хан “сайлап” халық атынан сөйледі. Бұл Кіші жүзде саяси ахуалды шиеленістіре береді.

Жантөре хан инициатива көтеріп, қоғамның саяси өміріне жаңалық енгізе қоймады, рулық-феодалдық болмыстың тар шеңберінен шыға алмады. Елде барымта, ұрлық белең алады. Әр түрлі топтар арасында арпалыс күшейді. Көбі Жантөреге риза болмай басқа хан сайлауды уағыздады. 1806ж. Қобда өзенінің жағалауында үлкен жиын болып, Кіші жүздің ханы етіп Қаратай Нұралы хан ұлын сайлады. Патша әкімшілігі оны мойындамай,

ел ішінде ылан туғызды. Қаратай тәуелсіз болуға тырысты, патша әкімшілігімен тіл табу үшін інісі Өзбекқали (Ақсарғ) бастаған елшіні Орынборға жіберіп еді, губернатор бәрін қаматады. Ежектесу бірнеше жылға созылады. Губернатор жазалаушы команда жібереді ол басқаны тонайды. Сұлтандардың өз арасы ашыла берген. Өзара атыс-шабыста бір топ 1809ж. көктемде Жантөрені біреулер өлтіреді. Оның орнына хан Серғазы Айшуақұлы (1809ж.) болды. Бұл да еш өзгеріс әкелмеді. Ел арасындағы арпалысты тыю, бітімшілік жолын іздеу орнына, Орал казак әскерін ілістіріп Серғазы хан қараусыз, бейқам ауылды талатқан (9:334). Бұл былықтан шығу жолы ойлап жұрт жаңа басшы іздейді. 1817ж. Шекті руы және тағы басқа рулар ауылдары Арынғазы Абілғазизұлы деген сұлтанды хан көтереді. Ол Кіші жүздің оңтүстік жағын басқарып, Орта жүзбен байланысып, барымтамен ұрлыққа қарсы батыл шаралар қолданып, керуен жолын қауіпсіздендіріп, атағы тез шығады. Оны Орта жүздің кей руларыда мойындаған. Ал патша губернаторы П.К.Эссен бұндай жігерлі, қайратты ханды мойындағысы келмеді. Ақыры оны С.-Петербургке жіберіп, одан оны Калугаға жер аудартты. П.Эссен әскери күшін көбейтіп, башқұрттарды казак әскери қатарына алып, қазақты жазалау ісіне пайдаланды. Екі артиллерия полкін құрады. Кіші жүзде әскери команда шабуылы тиылмады. Хан дәрменсіз болды, ол тек патша әскеріне сүйеніп, жан бақты. Ел басқару ісі жәйіна қалады. Сөйтіп хандық тозып, мемлекеттің көбісі сөгілді.

Патша әкімшілігі хан лауазымының елге тиімсіздігін көрсетіп, Кіші жүзді одан әрі бөлді. 1824ж. Кіші жүздің Батыс, Орта, Шығыс бөліктері деген территориялық бөлініс пайда болып, оларды сұлтан-правитель биледі. Әр қайсысының кеңсесі, орыстан хатшысы, әскери қорғаушысы болды. Батыс бөлігіне Жайық-Ойыл аралығындағы Байұлы тайпасы, Кете, Табын, Тама т.б. рулардың ауылдары қарап, сұлтан-парвители Қаратай Нұралыұлы болды. Орта бөлігіне Жетіру, алаша, жаппас т.б. руларының бірде-екілі ауылы кірді. Шығыс бөлігін Жүсіп Нұралыұлы билеп, оған Әлім ұлы, Қыпшақ, Арғын т.б. рулар қарады. Қазақ қоғамы рулық билеу жүйесінде атаға, бөлімге, ауылға бөлініп, билер басқарумен қала берді. Жайық жағалауын қазақ жайлаған жерді 27, сосын 31 дистанцияға бөліп, әр қайсысында бастық тағайындады. Солардың бірі - Ықылас Төлеев. Бұларда ірілі-ұсақты салық жинау, қашқындарды ұстау, түрлі науқан өткізу (түйе, жүн жинау т.б)

үшін отаршыға тиімді еді. Ал ол қазақ қауымына еш пайда әкелмеді, халықты одан әрі езу оңайланды. Патша әкімшілігі, сұлтандар қайыршы болғандарға еш көмек істемей, олардың мүшкіл хәлін пайдаланып, елінен аластап, орыстандыру мақсатында ішкі губерниялар мен Башкирияға көшіріп, жәрдемге ақша, астық т.б. беріп, қоныстандырған. (10:167) Орыстандырудың келесі түрі алдап христиан дініне кіргізу. Үшінші жолы – қазақ әскеріне алу. 1814ж. Кедей, байғұс қазақтар Орал қаласына барып жұмысқа жалданып, казактардың үтігіне, абай-қоқайына ұшырап, 11 адам: “Орал әскеріне балаларымызды да алыңыз”, - деген өтініш жасаған. Орынбор 18 казакты баласымен ОКӨ-іне алған. Бәрі содан Иванов, Павел, Петров т.б. болып шыға келген. Бұл ол кезде жиі болған. (11:3). Патша үкіметінен тағы бір зұлым саясаты – баланы құлдыққа сатуды заңдастырды. 1805ж. көктемде Орынбор аяырбас ауласында (меновой двор) қазақ балаларын парсылар 25-50 сомға сатып алады. Бұны білген үкімет 1806ж. 19 мамырда “Ереже” шығарып, қазақ балаларын тек орысқа сатытуын белгіледі. (12:228) Бұл сияқты үш ғасырға жалғасқан маскара актілер қазақтың демографиялық өсуіне елеулі зиян кеттірді.

Бөкей Ордасының құрылып, қалыптасуы.

Еділ мен Жайық арасында әуелі Ресми “Меньпая Киргиз-Кайсацкая Орда”, деп кейін “Внутренняя Букеевская Орда” деп аталған әкімшілік-территориялық бөліністің пайда болуын “патшалық авторлар” неше түрлі себеп, сылтаулар мен түсіндіріп, көбіне патша ағзамның рахымы деп жазды.

Біз жоғарыда атаған А.Левшин, Я.Ханыков, А.Евреинов, Л.Мейер, Т.Медведский т.б. көптеген әртүрлі себептер айтады (13). Біз олардың бәрін қайталамай-ақ, тек кейбірінің пікірлерін ғске салайық. Мысалы, Л.Мейер, М.Иванин Байұлы тайпасы адамдарының құмы жағына көшуін Кіші жүзде 18-ғасыр аяғында ытанның күшейгенінен, феодалдардың өзара қырқысуынан көреді (14:6). Т.Медведский, А.Добромыслов т.б. Бөкей Кіші жүзді белмеген, Жайық - Еділ арасына орнығып, өзі хан болғысы келді деген. М.П.Вяткин Ішкі Орданың пайда болуын Кіші жүзде шаруашылықтың сұрапыл дағдарысы, жер патшалығы салдары мен феодалдық қатынас өсуінен десе (15:242).

В.Ф.Шахматов патша өкіметінің оспарлық саясаты зардабынан шаруашылық, саяси дағдарыс негізгі себеп деген

(16:9). Соңғы екі автордың тұжырымын қуаттай отырып, профессор Бекмаханов Е. қазақтардың Нарын жағына талпынуын өткір саяси ахуалдың, ханмен феодалдардың қатал езгісінен, Орта Азия хандығы қарақшылары шабындысынан құтылу жолы депті (17:44). Бұл дұрыс түйін. Қазақ шаруасының Нарынға өтуін өлкетанушы П.И.Небольсин Бөкейдің өтуін патша чиновниктерінің достық кеңесін тыңдап, орындауынан деп әсірлейді (18:225).

Бұл авторлардың бірі де Еділ мен Жайық арасы ежелден қазақтың, дәлірек айтсақ Байұлы тайпасының атамекені екенін өйткені патша өкіметіне, орал қазақтарына осы өңірдің қазақтікі екенін өйткені патша өкіметіне, орал қазақтарына бұны айтуға батылы бармады. Тарихтан белгілі бұл алқап Ноғайлы жұртының жері. Оның құрамында Тама, Алаша т.б. рулар болған. Нарын даласы Қасым ханға қараған, оның баласы Ақназар Еділ-Жайық арасында өсіп, қазақтың айбатты болған. Оның бірінші астанасы Түркістан қаласы болса, екіншісі - Сарайшық болғаны белгілі. Ақназар хан өлісімен Орыс казактары Ресейден бас сауғалай қашып, Еділ өтіп Сарайшықты 1580 ж. талқандап, ноғайлының берекетін алған. Одан тарихмызда белгілі аса қасіретті “Ноғай мен Қазақтың айырылысқаны” деген оқиға болды. Ноғайдың көбі алданып Қырым жағына кетіп, езгімен қырғынға ұшырап, тозды. Бір тобы қазақ па қосылады. Ал өз тобы орыс қазақтарына кірді. Жем сағыздағылары қалмақтың талауына ұшырады. 18-ғасырда Қалмақтар Еділ-Жайық аралығын мекендеді. Бірақ қазақ оған көнбей, Нарын, Самар көлі жағына әлсін-әлсін келіп жайлап жүрген. Тіпті Әбілқайыр батыр 1721-1722 ж.ж. Эльтон көлі маңында тұрған (19). Кіші жүз басына қасіретті өзтілеп, алды, Ресейге қосылып бодан болса да еш жақсылық көрмей, жерінен, елінен, тәуелсіздігінен айрыла берді. Орла қазақтарының шапқыншылығын тыю орнына патша әкімшілік қазақтардың Самар, Нарын даласына өткізбей қойды. Архивте Әбілқайыр хан бишара болып, 1742 жылы Орынбор басшыларынан Нарынға өтуге лұқсат сұраған қағазы бар. Сонда да қазақ Нарынға өте берген. Қазіргі Жәнібек ауданының Жақсыбай қонынан 4-5 км жерде “Таған басы” бар. қалмақ батыры, ол осы жерде қазақ батыры Есен мен жекпе-жекке шығып, екеуіде қаза болады. Аңыз: екеуіде осы обаға жерленген дейді мүмкін. Патша чиновниктерінің қысымына шыдамаған қалмақ 1770 жыл күзде 70000 шақырағы жасырын Нарын-Дүре, Қабыршақты жағынан

қалмақ. Еділ-Жайық арасы иесіз қалады. Сонда да патша әкімшілігі казакты бос жерге жібермейді.

Патша өкіметінің отарлау саясаты нәтижесінде Кіші жүзде ел басқару ісі нашарлап, Орал казак әскері мен Қаразым (Хиуа). Бұкар хандығы қарақшыларының шабуылы тиылмай Кіші жүз саяси тұрақтылықтан айырылды. Феодалдардың өзара шабындығы өрістеді. Тұрғындар тыныш өмір сүре алмады, отырықшылануына 17-ғасырда Қалмақ құғындаса, енді патша әкімшілігі, казактар мүмкіндік бермеді. Егін салу сенімсіз болды. Қала, қоныс тұрғызуға жол бермеді. Тек мал өсіру қол өнер кәсібімен көшпелі өмір тіршілікті қамтамасыз етпей, шабындығы мал, дүниесі кетіп, шаруалар жұтай берді. Табиғатта "әттей аңз" болып, әлсін-әлі жұт бола берген. Содан қазақ "бөрі-бір аштан өледі" деп балаларын сататын болған. Бұл масқара күйзелістің жан түршіктірер көрінісі. Ресейге қосылудың бір ауыр зарлабын біз Совет кезінде жаза алмадық, тиым салды. Казак балаларын құлдыққа сату жөнінде мыңдаған архив істері, тізімдері сақтаулы. Осындай жағдайда қазақ бас қоса алмай, Сырты қозғалысы жеңілді. Оның басты талабы – Нарын жағына көшу. Орал казак әскерін тыю аяқсыз қалды. Әйтсе де жер тапшылығы ата қонысқа көшу проблемасын қайта қойды. 18 ғасырдың 2-ші жартысында Кіші жүзде Еділ-Жайық аралығына көшу қозғалысын болғанын кей авторлар жазған. Бұл қозғалыс шығуының 1-ші себебі атамекенге оралу болса, 2-ден құмның жерінде ірілі-ұсақты "ашықтар" болады, оның шөбі сирек болса да күге дейін көк болғандығында білдік, 3-шіден Нарын құмы қатты орманмен жабылғанын А.Д.Кузнецов, Ф.Энгель жазған, 4-ден он мен құсқа бай, жолбарыс, құлан, қабан, бұлан, сілеусін т.б. аңдар болғанын, Исатайдың жолбарыспен алысқанын қарттар айтатын. 5-ден Сары өзен, Қара өзен, Тарғын, Құртай т.б. өзендері, карасұлар, Ақкөл, Самар көлдері бар, жағлауы қатты тал (Жалпақтал), ну қамыс даласында аң, суында балық, суыт. Қобыланды жырындағы "Құба көлден өткенде, Сары өзенге жеткенде", не Ер Тарғынға байланысты "Тарғын төбе", "Үш Тарғын", (Торгун емес), деген жер, Тарғын өзені, одан "Сырт қыратына қарай" Дүре, Балықты, Қабыршақты, Аюкен т.б. су жайылымдары малға, шаруаға өте жайлы жерлер. Казактар бұл өңірді Сарытау (Саратов), Балықты (Балаков)-ға, Ырғайға дейін жайлапты. Бірақ қатқылда қысы қатты, ұзактау. Ал құмға қысы бірер ай, қар көп жатпайды. Жылылық. Содан

бұл алап тіршілікті сақтау көзіне айналып, атамекенге оралу қозғалысы жандана берген.

Сондай-ақ Ресей жағында Еділ-Жайық аралығында 32 млн. десятина иесіз қалған жерді (Полное собрание законов Росс... СП. 1830г. Т.24, с.291) қаоныстандыруға мұндай болған. Құлазыған дала ноғайлы, қалмақ кезіндегідей мал өнімін бермеген, әрі орыс бұйымдарын сататын базардан айрылғанын орыс түсінді. Содан болар, Астрахан губернаторы 1797 жылы үкіметке жазған бір хатында қазақтарды иесіз далаға жіберу қажеттігін, әрі олар Орталық Ресей губернияларына мал өнімін беріп, сауда дамып, орыс тауары сатылатынын ескертті.

Осы жылдары Бөкей сұлтан Астрахан мен байланысып, үкіметке 3 мәселені қойған: а) Еділ-Жайық аралығына көшіп келіп, еркін жайламға; б) қалаған жерімізде қоныс салуға; в) Ресеймен еркін сауда жасауға мүмкіндік беру. Патша үкіметі бұл шартты мойындауға мәжбүр болып, Павел – 1-ші 1801ж. 11-наурыздағы жарлығында: “...дозволяю кочевать где желают и иметь селения” – деген. Бұл Бөкейдің табысы.

Әуелі Бөкей сұлтанмен 5000 шаңырақ келген. Келесі жылы 8300 ден астам шаңырақ Жаңа жерге бекініп, орнығу қиын болады. Астрахан, Орал казак әскерлері, шекаралас орыс т.б. ұлттар қазақты оңай олжа жасап, қанауға, талауға кіріседі. Жер таласы туады. Астрахан казак әскері ашық казак ауылдарында зорлық жасай бастайды, бос жатқан жерге талас шығарады.

1804 жылы қазақтар “бөрліге” кері көшеді. Бөкей үкіметке арыздап жазып, Астрахан чиновниктерінің зорлығы тиылады. Патша үкіметі өктемдігін күшейте береді. 1806 жылы кіші жүзді басқару, Бөкей Ордасы жөнінде 19 мамырдағы “Ережесі” шығады. Бұл “Ереже” қазақ қауымына қара түн тендірген, Ресей саяси жүйесінің орташа қалғанын көрсететін қаралы құжат. Мысалы, бұнда қазақ кедейлерінің балаларын құлдыққа сатып, не затқа айырбастап алу құқы тек орыстарға болады, ал Орта Азия, Иранға тиым салады. Ел белгілі жергілікті патша әкімшілігінде, әскерилердің ғұзырында болады, хан т.б. лауазымдарды патша үкіметі тағайындайды. Қазақтың рулық басқару жүйесін қалпінде қалдырады. Сот, жазалау ісі патша адамдарында болады.

Жайылым, суат тапшылығы, қуаңшылық, феодалдардың қырқысуы он екі ата Байұлы тайпасы адамдарын Жайықтан Нарынға өтуге мәжбүр қылады дедік. 1808 жылы Өтеміс Құлмалыұлы өз ауылымен, 350 мың бас малымен, Исатайдың

ағасы Жабал Бегалиев, Құрманғазының атасы Өтепберген Арыстанбаев, Сұлтан Сары Есімов т.б. Нарынға өтеді. Келушілер саны көбейе түседі. Бөкей бұларды белгілі бір жерге ауылымен орналастырып, қолдарына жер иелігі куәлік береді. Жабал Бегалиев Қиғаш өзені қасындағы Қарақамыс, Күйген Орал т.б. ауылымен жайлауына берген құжатты әлі сақтаулы. Бөкей өзі ел аңызы бойынша Сары өзеннің шығыс жағалауын Саратовтың қазіргі Алғай ауданы тұсындағы Петропавловка селосынан бұрын өзіне қоныс салыпты мүмкін. Ал қарсы бетіне ноғай-қазақ жұртын, Сары өзеннің оңтүстікке қарай екі бетіне Алаша руы, Қара өзенге Байбақты руы ауылдарын орналастырады. Алаша руы басшысы Сары Есімұлы “Қарасу” сайы бойына орналасып, қоныс салып, оны “алаша қарасуы” деп (қазіргі қазақ Таловка), Жақсыбайда ноғай-қазақ Нияз Оразақаев, сұлтан Шоткариндер, Теректіде-Бұғанай Шеркеш Жақсыбаев қоныс салады. Сөйтіп, аз уақытта Толыбай, Қаржау, Мереке, Сазанды, Манаш, Каратоқай, Шолан, Қарасу (Таловка), Манаш, Жанбай т.б. қоныстар пайда болады.

Ел билеу бұрынғыша әр руды сұлтандар басқарған. Ру бөлімге, не арысқа, атаға бөлінеді. Бөкей сұлтанды “правитель” деп атаған. Елді тыныштандыру үшін, әрі кері көшпесін деп Бөкейді хан лауазымына тағайындайды (1811ж.) 1812 жылы Төке қаласында ресми “хан көтеру” салтанатты өтеді. Хан деп аталғанмен оның құқы, функциясы шектеулі, кез-келген орыс помещигі, келесі, казак зорлық жасай берген. Әсіресе жер мәселесінде Бөкей көп арпаласты. Теңіз жағалауын балық аулауға алған помещиктер араны ашылып жағалауды 10-15 шақырым ендікте иеленіп, казак әскері күшімен қысым жасаған, Бөкей тағы да Астрахан, үкімет басшыларына шағым етеді, бірақ көмек болмады. Орал казак әскерінің басқармасы Сары өзеннің шығыс жағалауын қақташтан өзен сағасына дейінгі жер біздікі деп “ішкі шекаралық әскери мүлия” жүргізе бастады. Патша әкімшілігі бұл сұрқиялыққа да тыю жасамады. Дегенмен Бөкей жаңа иелігінің (“территория Вашего владения” – деп жазады) негізгі шекарасы белгіленеді, ел тұрақтайды, келушілердің саны көбейе береді. А.Д.Кузнецов жазғандай тек Сары, Қара өзендер жағалауында 3000 мындай қыстақ, қоражай, аула пайда болуы ел тұрмысындағы үлкен өзгерісті көрсетеді. Жаңа “Орда” құрылды, жер иегірлді, шаруашылық жөнеле бастады. Атамекен бөлшегі ұрпағына қайтарылды. Бөкей бас-аяғы 13 жылдай қызмет істеді, территория шекарасын

анықтап, белгілеу, сауда қатынасын шекарадағы татар, орыс, қалмақ базарымен шылықты біртіндеп пығайту. Ақмешіт, Шөпшағыл тұсында жәрмеңкеге қатысу т.б. мәселелерді қолға алып шешті. Мысалы, Ақтөбе (Ахтуба) өзені аңгарын иеленбек болып, тырысты. Қондырау (Қарашай) татарлары мен шекараны белгілеу, теңіз жағалауындағы жерді пайдалану жөнінде мәселе қойып, әлінше шешті. Нарық құмына қазақтары өуелі жібермей қойған, 1808ж. Бөкей нарынды қыстауға жайлаға ұлықсат алады. Бұл үлкен жетістік (20:323) Бөкейліктер Самар даласына аз малмен келді деген қате мәлімет. 1801ж. Бөкей 2 млн. бас малмен келген. Ол малды сақтау өсіру қиын болады. Қапелімде малға, жанға жайлы орын табыла бермеген. Жан-жақты жерге тола таласу жиі болып, айтыс ұзай берген. Бөкей Орынбор, Астрахан басшыларымен үкімет мүшелеріне, патшаға жер, су сауда, отырықшылану т.б. мәселелерді шешуін сұрап, хат жаза берген. (21:260). Сондай-ақ, Бөкей шекарада сауда орындарын көбейту, ақша-қаржы қатынасы, тауар-мал айырбасы жөнінде тілегін талай жазған, ішкі Ордада жәрмеңке ашуды айтқан. Чапчачи, (Шөпшағыл) Бүлдірген, Ақмешіт т.б. жерлерде жәрмеңке ашылған. Осының нәтижесінде, 1814 ж. 5 шілдедегі Бөкей хан кеңсесінің мәліметінше ішкі Ордада 2 млн.-нан астам мал болған, 420 мың бас мал сатылған. Сауда шекарадағы татарлар, орыс шаруаларымен Орал казак әскерінің офицерлерімен, Шортанды, Теке, Орынбор т.б. қалалармен жүргізілген. Бірітіндеп саяси жағдай саябырлайды, барымта, қазақ әскерінің талауы азаяды. Бөкей кеңсесі болады, екі тілде жазу жүргізіледі. Руды көбіне сұлтандар басқарады дедік, олар салық жинаған. 1815 ж. көктемде Бөкей қайтыс болды, орнына “Правитель” деп Шығай (Сығай) Нұралыұлы тағайымдалады. Жер дауымен Шығайда шұғылданды, теңіз жағалауындағы жерді орыс помещиктері “Біздікі” деп заңсыз даулап тағы тартып алады. Шығай Орынбор, Астрахан басшыларына, үкіметке жағымданып еді, нәтиже болмады. Барымта да қалмады, Исатайдың, Өтеміс Құтиәліұлының ауылдарын Шомбал Ниязов т.б. келіп, тонап, бұл үлкен дау-жан-жалға айналады. Бұнымен күресе отырып, Шығай Ордада тыныштық орнатады, сауда дамиды. Шығайдың өз “бечентайы” (сауда приказшігі болып И.К.). Ресейден азда болса астық, өнеркәсіп тауарларын әкеліп сатады. Саудаға казак байлары араласты, солардың бірі - Қарауыл хожа Бабажанов Астраханмен байланысы бар. Ноғай-қазақтың бірі Шомбал Ниязов т.б.

саудаға түз тасуы кәсібіне кіріскен. Орынбор шекара комиссиясының қызметкері Кузнецов А. т.б.

1820ж. Бөкейлікте сауданың 11 бағыттағы (Астрахан, Шортанды, о.к.ә. қоныстары т.б.) түрін, жолын, алаңын жазған (22-292) көрші губерниялармен қатар Орталық Ресейден купештер келіп мал, тері, жүн, түбіт, губерниялармен қатар Орталық Ресейдің ішкі рыногіне айналды, орыс, татар, армян, парсы. каразым (Хиуа) саудагерлері кезіп жүрген, кейбірі қыстаған байлардың үй тұрмысы жөнделе бастаған, ағаш үй салған. Шығай Коневский кордоны қасынан 1819 ж. ағаш үй салған. Дәулеткерей сол үйде өскен. Ағаштан арба құралдарын күшшек тоғын, кегей, тәрте, белағаш, шере, т.б. жасаған. Ағаш үй, киіз үй, ертұрман, шегу әбзелдерін, лапас, шегін аула, шетен аула “қорған” жасау қаліптенген. Байбақты Жүніс Жәнтеліұлы 1821 ж. пішен шабуға қазақтарды күнге 50 тиын төлеп шығарады. Зерделік, қайыстан, киізбен, ағаштан түрлі ыдыс (кән, алқа, білезік, сандық, шабадан, көбеже, күбі, табак, шарапбек, тегеш, үлдірек, т.б. шаруаға тұрмысқа қажет құрал-жабдықтар жасалған. Үйші, ерші, тігінші, еміші, зергер, етікші ұста т.б. мамандар болыпты. Пішен шабу Сары, Қара өзендер (арсынаға беріп) бойында, құмдағы ашықта, теңіз жағалауында т.б. жерде болған. Шаруашылық мәселесін кейін арнайы жазамыз. Бұл аталған фактілерден Бөкей ордасы 19 ғ. 1-жартысында отаршылмен, ішкі содыр топпен алыса отырып, тынымсыз өмір орнатуда, Орданың қаліпке түсуінде елеулі істерісү болғанын көреміз.

Оқу, мәдениет және өмірдің бұл саласы Қазақстанда тинақты зерттелмеген. Соның салдарынан кейбір компетентсіз авторлар қазір мерзімді баспасөз бетінде Жәңгір хан алғаш мектеп ашты, мәдениетті өрбітті, қолөнер пайда болуына мұрындық болды деп ешбір дәлелсіз жазуда. (23) Біз бұл жөнінде тиісті жауабын бергенбіз. (24) Қазақ ежелден өз жазуы, мәдениетті, прогрессивті өмір пернесі (образ) халықтың бірі. Әрі де түркі жазуы, орта ғасырлық шағатай жазуы ислам діні енуімен біртіндеп ысырылған. Сонда да Әбубәкір кердері (18), Махамбет т.б. шағатайша білген. Бабаларымыз Әл-Фараби, Әбу Сина, М.Жаухари т.б. ғалымдар еңбегінен хабарлы болған. Омар Хайямның кітабы Жаңақала ауданында 1960 жылға дейін болыпты. Шығыстың Низами, Фәрдоуси т.б. даналарымен таныстығы белгілі. 1718 ғ.ғ. шабынды, саяси тұрақсыздық, мәдениет, әдебиет, өнер істеріне кедергі жасаған.

Оқу ісінде мұсылман мектебі, оқуы ғана әркімнің үйінде, не ауылында болған. Жоғарыда айтқанымыздай, патша үкіметі оны отарлау мүддесіне пайдаланады. Жекенің мектебінде Ресейден қашып келген татар, орыс, башқұрт т.б. азаматтары істеген. Сондай-ақ бірі Абдолла деген татар Өтеміс балаларын оқытыпты. Мақамбетте Жәңгір сияқты араб, парсы, татар, орыс тілдерін білген. Мақамбеттің орысша ділмарлығы Е.Ковалевскийдің кітабында жазылған (25). 19 ғасырдың 1-ширегінде Қыпшақ даласының кеменгерлері Асан қайғы, Қазтуған, Шалғез, Доспамбет т.б. үлгісінде Махамбеттің ақындық, күйшілік қабілеті қалыптасқан. Домбыра өнерінде Ұзақ Мырзабайұлыда өз кезінде өскен, оны халық Құрманғазының ұстазы деп санайды. Ұзақ осы кезде Бөкейлікте тұрып, өнер көрсеткен. (26:206) Құрманғазы 19 ғасырдың басында дүниеге келген дейтінбіз. Өлке танушы М.Жолжанов ұлы күйшінің жолы жөнінде архивтен мәлімет таптым. Ол 1823 жылы туған дейді. Бұл тексеруді, қосымша дерек іздеуді қажет етеді. Өйткені ұлы күйшінің анасы архив мәліметі бойынша 1839ж. шамасы өлген. Құрманғазының айдалып бара жатқанда “Аман шешем, аман бол!” деген күйі бар. Бұл күйі анасы өлместен бұрын, тәжірибелі күйші шығармасына ұқсайды. Содан кейін, “Қайран шешем” күйі бар, ол жоқтау күйі секіллі. Сонда анасы өлгенше ол ер жеткен, күйшілік дәрежеге толысқан болмай ма? Домбыра тарту, ән салып, өлең шығару кез-келген жанұяда болыпты. Өлеңдерін қағазға түсіріп, 1937 жылға дейін сақтап келуде болыпты. Мектеп жазда ауылмен бірге көшіп, қыста қыстауда оқыған. Күзгі жазғытұрымға аласапыранда сабақ болмаған. Мектептің жалпы саны, оқушылар контингентін хан есепке алмаған. Қазақты орыстандыру, әрі жергілікті кадр даындау мақсатында Орынборда қазақтан жиылған салық есеппен кадет училищесін ашқан. Оған әуелі сұлтандар, билер балаларын алған. Бірақ “балам орыс болып кетер” деп көбі балаларын бермеген. Дегенмен ислам мектебі ел тыныштала көбейе берген. Сонымен, 19 ғасырдың 20 жылдарында Самар даласына келгендер орнығып Ішкі тарап не Бөкей ордасы деген территориялық - әкімшілік бөлініс қалыптасып болады.

Кіші жүзбен Бөкей Ордасының халқы, оның орналасуы, әлеуметтік құрамы, саны. Алшын даласында негізінен тек Алшын жұртынан өрбіген Байұлы, Жетіру, Әлімұлы деп аталатын үш тайпалар одағы ежелден мекендеген. Әр одақ этникалық жағынан туыс, осы жерде туып, өнген. Байұлы “он

екі ата” дейді, немесе 12 ру: Адай, Алаша, Байбақты, Беріш, т.б. Тайпалар одағы әуелі үш арысқа Бактысиық, Қыдырсиық, Сұлтансиық болып бөлінеді. Жаугершілік заманда мысалы, Сұлтансиықты құрайтын Алаша, Байбақты, Есентемір, Маскар, Қызылқұрт, Тана болып қалмаққа қарсы бірігіп, “Байбарак” деген ұранды қабылдап, Байбарак, Құдайгүл ұлының басқаруымен тізе қоса күрескен көрінеді. Қариялар Байұлы Ақ және Қарақылшық руларынан дейтін, мысалы, Алаша ақ қыпшақтан, ал Жаппас руының қарттары (И.Жұмағазиев, К.Байташаков т.б.) қарақыпшақтан өрбігенін айтатын. Он екі ата Байұлы Жайықтың Елек өзені тұсынан он екі жағалауына Каспийге дейін, одан Маңғыстауға, Ойыл өзеніне дейінгі алапта орналасып, 4,5 ғасыр батыстан келген жаулаушыны қасарысып бері өткізбеген ержүрек, қайсар жұрт (27).

Жайық өңірінде Табын, Тама, Кете, Кердері руларының кей ауылдары тұрған. Бірақ бұлардың көпшілігі Орынбор тұсынан Оңтүстікке Арал теңізі Үстірт, Шыңға дейін жайлаған. Ал Орск қаласы тұсынан Оңтүстікке Сырдария өзеніндегі Ақмешітке дейін алты ата Әлімұлы жайлаған. Бұларда Орта Азиядан жиі болатын басқыншылық, қарақшылық шабуылдарға тойтарыс беріп, қазақтың Қасым, Ақназар хандарына тіреу болған батыр ел. Бұлардың шығысында Керейуақ, Қыпшақ, Арғынның бірқатар ауылдары Орынбор губерниясына қараған. Жетіру мен Әлімұлы құрамында Қаракесек жұртынан аталар ауылдар болған. Найман Сыр бойында Қалмақ шабуылы кезінде келсе керек. Кіші жүз халқы басынан неше түрлі қилы-қилы заманды өткізіп, шапқыншы мен отаршыдан талай қуғын, сүргін көріп тұрған ауыстыра берген. Мысалы, Алтын-Жаппас, алаша Сыр жағына, Тама руының кей ауылдары Қаратау асқан.

Алшын даласындағы тұрғындарының саны туралы мәліметтерді ОШК жинамаған әр жерде үзік-үзік ақпарлар кездеседі, олар бірақ толық түсінік бермейді. Мысалы, 1837 жылы Орал, Орынбор, әскери линиялары бойында ғана тұратын қазақтардың 10683 шаңырақ болған, олардың 20366-ы ер адам, 15654 әйел-барлығы 36080 адам. Бұған Ново-Александров бекінісі маңындағыларда (Маңғыстау) қосылады. Ал 1838 жыл бұрын линияларда 45554 адам тұрған. (28:26) Әрине бөрі дерлік қадейтер, байғұстар ОШК-ң кейбір жазбаларында Алшын даласында бір млн-дай қазақ тұрады деген мүмкін.

Бөкей ордасы халқының этникалық негізі он екі ата Байұлы тайпасынан. Бұл өлкені зерттеуші В.Шахматов

“Байулинская Орда”, “байулинцы” деп те жазады. Бұл шындық Бөкей сұлтан бастауымен 1801 жылы 5000 шаңырақ көшіп келді десе, 1803 жылы олар 7500 шаңырақ болса, ал 1805 жылы бұдан көп емес. Билер алым, салықтан, не кері қашып көшушілерден сақтанып шаңырақ санын кем берген. Дегенмен Бөкей сұлтан Астрахан қазақ әскерінің т.б. көшушілерге зорлық жасауына тиым салғызып, 1808 жылдан көшіп келушілер саны күрт көбейген. 1814 жылы 12 шілдеде Бөкей өз қарауында 8500 шаңырақ бар деген. (29:4) Халық осылай өсе берген, 1819 жылы Сығай (Шығай) сұлтан 13712 шаңырақ бар деп жазады. ОШК қызметкері Кузнецов 1825 жылы Бөкей Ордасында 10420 шаңырақ тұрады, - депті және бұлай азайуын Орал казак әскерінің қазақтар жайлаған көп шұрайлы деген жерлерін тартып алуынан деген. Бұған 1815-1823 ж.ж. көп ауыл наразы болып, жасырын Жайықтан кері өтіп, бұрынғы орнына барған. Бірақ Алшын даласында жер тапшылығы, саяси тынышсыздықтан басқа ауылдарына көшкен, Бөкейіктегі халық біртіндеп көбейе берген. Оны мына кесте-таблицадан көруге болады:

Кесте № 1

	1814 ж. (29:4)	1834ж. (30:129)	1838ж. (31:13)
Адай	770	780	780
Алаша	625	1700	1700
Байбақты	641	1980	1980
Беріш	998	3600	3600
Жаппас	674	850	850
Есентемір	510	350	350
Масқар	540	320	320
Қылызкүрт	980	650	650
Серкеш	670	2000	2000
Тана	-	850	850
Таз	-	200	200
Ысық	-	600	600
Кете	-	400	400
Табын	-	250	250
Тама	340	400	400
Кердері	-	400	200
Ноғай	650	620	620
Хожа	-	100	-
Төленгіт	450	400	-
Сұлтандар	-	100	-
Барлығы	8500	16550	12750

Бұл таблицадағы (кесте) мәліметтер толық, дәл деп айту қиын. Билер, хан арнайы санақ жүргізбеген және әртүрлі ақбар берген (32:16). Мысалы біз 1834, 1838 ж.ж. шаңырақ санын әдейі беріп отырмыз. 1834 жылғыны Ресей ішкі істер министрлігіне беріпті. Екеуінде 15 рудағы шаңырақ саны бірдей, тек Төленгіт, Хожа, сұлтандар саны 1838 жылғыда жазылмаған. Екіншіден, көтеріліс жеңілгесін көп ауыл қашып кетті, қазалау барысында өлді, не суыққа жанұясымен түгел ұрпақ, әсіресе Байбақты беріш рулары көп қазаланды, бірақ хан оны министрге білдірмей отыр. Ал бір деректе 1838 ж. Байбақты 12770 шаңырақ бар деген. (33:13) Бұл дұрысы болар, әр шаңырақта 5 жан бар деп санап 1834 жылы 82750 жан, 1838 жылы – 103850 жан болғаны. Бұл таблицаға молдалар кейбір рудар, кіргізілмеген, олар 1834 ж. 121 адам, көбі татар. Ресейден ауыр тұрмыс, армия қызметінен қашып келіп, шаруашыларға көп болған, олар көбіне Балқы, Егіз билер, Шөкбил би т.б. карауында жұмысын істеп, ұрлыққа, біреуді тарауға қарыстырылған. Кейбірін үйлендіріп, бала-шағада болған. Көшіп Ресейден келушілер ішінде Қаташай, Ноғай, Татар, Башқұрт, қарақалпақтар болған. Қарақалпақтар өз елінде қырылып, Ресей шекара офицерлерінің мақтанған сөзіне сеніп қоныс алса, жер жоқ тентіреп, амалсыз патшаға дейін 50-60 кісі болып қалған арыздары С.Петербург, Астрахан, Саратов т.б. әкімдерінде сақтаулы. Солардың бір тобы Казатовка қасындағы “Қарасу” тұрағына 1830 ж.ж. орналасқан, 2-ші тобы тартылып, қоныс Ноғай-қазақ арасына, Қамысты-Самарға орналасқан. 1835 ж. 3 тобын Жәңгір хан қабылдаудан бас тартып, олар солар, ұрлық істейді, залалы тиеді деп сылтауратып, қоныстанған. “Нағым қарасуы” деген Сары өзеннің шығыс жағалауында орналасқан Қарақалпақ ауылы. Теңіз жағында бір ауыл тұрған, жан саны белгісіз. Қазақтың жалпы саны түгел емес. Өлім, қоныс аудару, жер аудару, баланы ауыр тұрмыстан қорқыса сату жиі болған. Бұл әдейі, ұзақ зерттейтін қазақтың Ресейге қонысуының сұмдық зардабын көрсететін тым қасіретті тақырып. Орынбор губернаторы Неплюев қазақ халқын қырып, қоныс (мәлирование) ды мақсат етіп қойғанын зерттеуші М.Вяткин жазған. Бұл саясатты князь Волконский, Сухтелен, Перовский т.б. елшіне жалғастырып, қазақтың демографиялық өсуіне үлкен зиян келтірген. Біз кейін тарауларда халық саны туралы мәліметтерімізді әңгіме желісіне қарай жалғастырамыз.

§3 Кіші жүз бен Бөкей Ордасының шаруашылығы

Тарихи деректер Қазақ ежелден егін егіп, мал өсірумен шұғылданып, аң аулап қолөнер кәсібі дамып, сауда жасап, көптеген қалалары болғанын көрсетеді. Сауда жолының ауысуы мен және ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардан шетел шапқыншылығына ұшырап, елде феодалдардың соғыстары нәтижесінде Қазақ елінің шаруашылығы, саяси өмірі үлкен күйзеліске ұшыраған. Көптеген кент тұрғындары, ауылдар жайлы мекендерін, егінжай, қалаларын тастап бас сауғалап қашып, әр жаққа бытырап кете берген. Ал ХҮІІІ-ғасырда, ХІХ-ғасырдың І-ширегінде Қазақ феодалдарының өзара соғысы күйшеіп, елде тыныштық аз болған.

Дегенменде шаруалар болмашы мүмкіндікті пайдаланып, егіншілікпен шұғылданды. Тарихи деректер Кіші жүздің солтүстік шекарасында егіншілік болғанын көрсетеді. Бұл Жайық, Елек өзендерінің өңірі, Ор, Үй, Тоғызак, т.б. өзендер бойы.

Революцияға дейінгі тарихи географиялық зерттеулерде, жеке кітаптар мен мақалаларда патшалық ғалымдар, чиновниктер қазақ шаруалары егіншілікпен шұғылданбайды, тек мал шаруашылығымен айналысады деп уағыздап келген. Бұл олардың таптық мүддесінен, отарлау саясатынан шыққан пікір еді. Бұндай пікірді бастығы губернатор болып жүзеге асыруға әрекеттенді. Бұның мәні-орыс саудагерлері мен помещиктеріне астығын қазақ еліне сатуға жол ашу, қазақ шаруаларының астық сату конкуренциясына қатыстырмау. Өйткені, ежелден дәнді дақылдарды, тіпті қуаңшылықта күй талғамайтын тарыны шығара білетін бейнетқор қазақ шаруалары орыс помещиктеріне үлкен кесел еді. Сондықтан патша әкімшілігі барынша Кіші жүзде егіншілік дамуын, отырықшылануға көшуіне кеселдік жасады. Ол үшін әкімшілік, әскери, экономикалық, идеологиялық амалдарын қолданып бақты. Ең алдымен Кіші жүздің солтүстігіндегі Жайық, Елек, Ор, Үй, т.б. өзендер өңіріндегі егіске қолайлы, сулы, құнарлы жерлерді тартып алды. Ішкі тарапта, жаңағы өзендер өңіріндегі егіске қолайлы, сулы, құнарлы жерлерді тартып алды. Ішкі тарапта, жаңағы өзендер жағалауларында егін егуге, үй салуға тиым салады. Екіншіден, базарлар мен жәрмеңкелерде қазақ даласынан келген астықты саттырмай, барынша кедергі жасады.

Үшіншіден, патша чиновниктері мен оның идеологтары қазақ шаруасы егінші емес, бұрын онымен шұғылданбаған, оның үлесі мал бағып, соның өнімдерімен күнелту деп қағидалады. Бұл пікірлерді таратушының бірі губернатор. Онымен қоймай патша өкіметі Қазақтардың егіншілікпен айналысуына, қоныстануына қамқорлық жасап келеді деп, дауруығуға бетіміз бақпайды. Сол секілді отырықшылануға, егін салуға Россия ықпалында болды дей келіп, қазақтардың өз ішінде де осындай пікірін таралуына күш салды. Соның бірі Торғай даласында алғаш егін салған Қыпшақ Сейтқұл екендігі туралы кей интеллигенттердің аңызы. Бұған сүйеніп, кейбір авторлар егіншілік Торғай облысында ХҮІІІ - ғасырдың аяғында пайда болды және алғашқы әрекет Торғай озенінің шығыс жағынан басталғанын, яғни Қарақоға, Допал мекендерін атайды. Бұл қате пікір (33:9).

Сергазы хан ХІХ ғас. басында-ақ өзіне үй салып, қазақтарды тегістей отырықшылыққа айналдырғысы келетінін белгілі тарихшы А.Левшин жазған. Егіншілікпен ертеден айналысу барлығы және мүмкіндігі осы кезде де әңгіме болған (34:369).

Ішкі Ордада жұмыс істеген А.Евреинов осы елде Жәңгір бірінші болып үй тұрғызды және өз туыстарына қасынан үй салды және өз туыстарын қосымша үй салуға үгіттеді - деп қызы малақтайды да, (35:61) патша әкімшілігі мен орыс помещиктері мен кулактарының қазаққа егін егіп, үй салуға тиген салғаны, салынған үйлерді қиратқаны туралы аузын ашады.

Әсіресе 1830 жылдары Орынбор соғыс губернаторы П.П.Суктелен қазақтарды көшпелі күйінде сақтап, өйткені оларды Россия үшін көшпелі халық ретінде ғана пайдалы, біздің атығымыз мен тұтынушы, мануфактура өнімдері және тірі, жүн, қымыз, май т.б. мал өнімдерін өндірушілер ретінде ғана керек деп ашықтан-ашық насихаттап, оны жүзеге асырып келді. Сондықтан егіншілікпен айналысайын дегендерді қолдамай, үй салуға деушілерге ұлықсат бермеді. (36:93)

Жер шаруашылығымен қазақ шаруаларының шұғылдануына көрші елдер әсер етті деуге де қиын. Өйткені Орал қазақ әскері егіншілікпен айналыспады, олар әскери, қарауыл қызметін атқарудан соң балық аулап, мал өсірумен шұғылданды. Ішкі жүздің батысында Астрахан губерниясының тұрғындары егіншілік өте аз шұғылданады, өйткені табиғаты

астық өсіруге жағдайлы емес деген. Россиядан қашық Сам даласы, Үстірт жағындағы Шұқыркөл, Сазыкөл, Сам, Маш көлдерінде, Жем өзенінің саға жағасында егіншілік болған және олар тары екен. (37:58) Добромыслов тіпті П.Сухтеленге дейін губернаторлар қазақтарды отырықшыландыруға арман етті дейді де, Хан сергазы т.б. үй салуға ұлықсат ала алмағанын өзі жазады. Жалпы, патша әкімшілігі бұратана елдердің орыс еңбекшілерімен араласуына барынша кеселдік жасағаны белгілі.

Тарихи деректер мен архив материалдары Қазақ жерінің “Ұлы жібек сауда жолында болуы мен байланысы, басқа елдер мен қарым-қатынасы сауда болғанын, ХҮІІ ғасырға дейін ірілі-ұсақты көптеген қалалары, қоныстары дамығанын, олардың қасында түрлі шаруашылық өскенін көрсетеді. ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда Қазақстанда болған Россия адамдары, қалалардың, егіннің барын айтады. А.Левшин Қобда өзені мен басқа өзендер бойында суармалы егістік, құнарлы жер бар екенін жаза отырып, бұнда шағын каналдармен суарылатын тамаша жыртындылар (пашни) көргенін айтады. (38:116) Сондай-ақ, Сағыз, Жем, Ырғыз, Сыр өзендері мен Арал теңізі жағалауларында ескі қалалар болып, онда егін, қолөнер, арықтар болғаны айтылады. А.Левшин, Рычков, т.б. Кіші жүзде болған ескі қалалардың бірқатарын анықтап, сипаттап береді. Мысалы, Үлкен Қобда өзенінің сол жағалауында Ұзынтам қонысы, жанында бөгеті болғандығын жазған (39:211).

Сондай-ақ Қобда өзенінің жағалауында Жем, Жайық өзендерінде қалалар, егістік болған.

ХҮІІ-ХҮІІІ - ғасырларында феодалдық ыдырау, көрші елдердің шапқыншылығы Кіші жүз елін үлкен күйзеліске ұшыратып, тұрғындары қалаларды, шаруашылығын тастап, Жан сауғалап паналауға мәжбүр болған. Қалалардың қалдығы ХІХ ғасырдың басына дейін жетті. Егіншілік қазақ жерінде ежелден бар екені және біз әңгіметесіп отырған кезеңде болғаны белгілі. Жер жағдайын, тарихи кезеңге байланысты егін шаруашылығының мәні, қатемі артып, немесе кеміп отырған. Мысалы, Қатмақ шайқанышы кезінде егіншілік мүлде азайған. Бірақ азда болса мүмкіндік болғанда егін себіле бастады.

Егіншілікке Кіші жүздің солтүстік жағы қолайлы екенін айтып өттік. Бірақ патша әкімшілігі бұл шаруашылықтың дамуына тиым салды. Мысалы, 1820 ж. Орынбор-Елек-Орал

әскер линиясын жүргізгенде қазақ ауылдары мыңдаған десятина құнарлы, сулы егістік және жайылым жерінен айрылды. Елек өзені сағасында мекендеген Табын руының Дабынай бөлімінің шаруасы Тілек Мамажаев өзі сенімділері 20 жылдан астам осы жерде егін салып, шөп шауып келген. Енді, 1826 ж. сол егінді, жыртылған жеріміз бен шабындығымызды Илецк қалашығының атаманы Щапов тартып алғанын, сол жерді қайтаруын Орынбор шекара комиссиясынан өтінген. (40:9)

1833-1836 ж.ж. Кіші жүзді бірталай аралаған поляк Виткевич қазақ шаруаларының егіншілікпен көп шұғылданатынын көрсеткен. Әсіресе Сыр, Жаңа дариядағылар, Тіпті, Үстірт маңындағы Шұқыр көл, Сазыкөл, Маш, Сам көлдері жағалауында егін өсірген. (41)

Патша әкімшілігінің тиым салуына қарамастан Орал, Орынбор әскерінің Кіші жүзде егін шаруашылығымен шұғылдануы тоқтамады. Ресейге жақын Кіші жүздің Батыс бөлімінде Бекара комиссиясының мәліметінше XIX ғас. орта шенінде егіншілікпен 2019 семья, Шығыс бөлімінде – 627 семья, ал қашықтағы Орта бөлімінде – 6700 үй шұғылданып, 9500 десятина жерден 500 млн. пуд өнім алған. Бұл мәліметке Сыр өзенінің диқаншылары кірмей отыр. Егіншілікпен байларда, кәсіпкерлер де шұғылданған. Ал Сыр бойында шаруалар үзбестен суғармалы егіспен шұғылданып келген.

Сонымен қатар, орыс, зерттеушілері Қазақ шаруаларының егін құралдарының артықшылығын, Егісті суарудың тәсілдерінде көрсетеді. Мысалы, орыс сабанының (плуг) тәрбиесі оның кеудесінің (корпусының) үстіне орнатылып, артынан егінші оны екі қолымен күшпен басып, жыртындыдан шығармауға тиіс. Сонда шаруа әлі көлік айдауы керек, әрі күш жұмсап сабанды жерге батырып отыруы тиіс.

Ал Кіші жүз егіншілерінің сабанына тәрте, оның кеудесінің орта шетіне орнатылған, содан ол ойнақшымай, жерді бір қатыпты аударып отырады және шаруаның қолымен күш жұмсап басып отыруын қажет етпейді. Екіншіден, егінші жергілікті топырақтың механикалық құрамын ескеріп, сабанның күрегін үшкір үшбұрыш (кәзіргі культиватор күрегіндей) етіп, екі қанаты топырақты қайырып отырады. Бұндай сабан әрі жеңіл, әрі қолайлы екендігін көрсетеді.

Сол секілді егін суаруда бөгет жасау, арық жүргізіп, жыртындыны үстелеу, атпа қолдану Кіші жүз шаруаларында жиі қолданылған.

Орыс, қазақ шаруалар еңбекқор, адал екенін әдейі атап отырады. Көрінгендер “әділін айту керек, линия бойындағы киргиздердің (қазақтардың И.К.) басым көпшілігі еңбекшіл, қызметкер, отырықшылыққа дағдыланып, егіншіліктің үздіксіз қажеттігін түсінеді - деп жазды өткен ғасыр ортасында. (42:17)

Л.Мейер Кіші жүзде бірталай зерттеу жұмысын жүргізген адам, ол қазақтар егіншілік пен шұғылданбайды деп айтпайды. Мейер шаруалардың егінмен айналысуын, олардың жер жыртатын сабан секілді т.б. егіншілік құралдарының артықшылығын айта келіп, “қазақ тұрмысында бақша недәуір зор мәні бар “және бақшалар” қырда тым көп көлемде жайылған, әсіресе ағысты өзендер бойында, - деп көрсетеді.

Бұдан әрі кедейлер жазғытұрымнан бастап өз бақшаларын салып, аянбай, тынымсыз еңбек етіп жағдай күтіп, аң, малдан қорғайтынын жазады. Бақша өнімдері кедейлерді жаздай асырайтынын, сосын қауын т.б. кептіріп қысқа азық дайындайтынын, сөйтіп бақшадан семьяның қысқы азығының жартысын дайындап алатынын атайды 1860 жылдар Алшын далалығында 13800 үлес бақша бар, - дейді (43:119). Бұл әрине соңғы 5-10 жылда пайда болған құбылыс емес және бұл мәліметте толық емес. Бұдан әрі автор егісті, бақшаны суару тәсілін айтады. Бұндай мәліметтер басқа да жолаушылар, жиһаздар, патша офицерлерінің жазбаларында кездеседі. Левшин А. өз еңбегінде пікір жазғанын атадық, Виткевичте де бар.

Кіші жүз шаруаларының негізгі кәсібі мал шаруашылығы. Бірақ суат пен жайылым тапшылығынан, қыстың қаттылығынан мал басының бір қатыпты өсуіне, мол өнім беруіне жағдай болмаған. Құрылыс материалының, ағаштың кемдігі қоражай салуға әсерін тигізді. Дегенмен Жайық бойына жақын, басқа өзендер бойындағы шаруалар талдан шетен тоқып, мал қамайтын аула, ықтың жасаған, сыртын балшықпен сылап қора салған. Орыс зерттеушілері Кіші жүз шаруаларының лабасы (лапас) жасап, малды қыста сонда ұстайтынын қош көреді (кейін қазақтар да үй бас сайын лапас жасап келеді)

Төрт түлік мал ішінен табиғаттың қатал қысымына төзімдірейтіні тіршілік қажетіне бейімдеу жылқы мен түйе өсірілген. 1803 ж. ел емес мәлімет бойынша ішкі тарапта 2 млн. қой болған. (44:4)

Жаңгір хан кеңсесі бір мәліметті қайталап, өзгертпей бере беретіні байқалады. Мысалы, 1835ж. мал саны 1838 жылда

ешбір өзгеріссіз Астрахань губернаторына, Министрлікке де берген.

Жыл	Түйе	Жылқы	Сиыр	қой, ешкі	Барлығы
1812	63338	350 562	158 856	1.476948	2049704
1819 (45:4)	110736	650 765	235 856	4.110.149	
1825 (46:13)	146920	788388	340449	340449	2071000
1823	51850	491100	105100	1.924000	2572050
1835	90000	400000	180000	1500000	21710000
1839	92000	300000	180000	1500000	2071000

Біз төменде әр жылдағы мал сандарын таблицаға түсіріп отырмыз. Осындай таблицаны Я.Ханыновте берген, бірақ оның мәліметтерінде көтеріліс қарсаңындағы, яғни 1835 жылғы мал саны жоқ. Мына таблица, ішкі тарапта мал санының 37 жыл бойы бір деңгейден аспағанын көрсетеді. Оның себебі - жұт, казак әскерінің толуы, салық көптігі, жер тапшылығы, би-сұлтан озбырлығы.

Орынбор қарауындағы линиялармен 1838 ж. қыста Ново-Александровск қасында тұрғандарды қорғаны қосқанда 12725 үй казак болғанда, оларда 37657 жылқы, 15419 түйе, 26461 сиыр, 195476 қой болған, небәрі 284.738 бас. Бұл толық болмас (47:26) мал санын қосқанда 2,3 млн. шамасы. Сонда Орынбор әскер линиясы бойында казак шаруаларының саны көп болған мен мал саны аз болып тұр. Ал Кіші жүздің линиядан қашық ішкі далалығында мал көп, бірақ оның санын ол уақытта ешкім анықтамаған.

Патша чиновниктері мен идеологтері казак шаруаларын малға пішен шаппайды депте кемсітеді. Ал Жайық, Теңіз жағалауларындағы шабындықты казактар бермейтінін ескермейді. Сондықтан XIX ғас. басында Мақамбеттің әкесі Өтеміс:

Нарынға хан жібермейді, Жайықты орыс бермейді - деген сөздері қысылғандықтан айтылған. Орынбор губернаторы Орал әскерінің казак ауылдарының Жайықтың сол жағалауындағы шабындығын тартып шауып, кішкене мая пішен қымбатқа, 70-80 сомға сататынын мойындайды. (48.3) Әйтсе де шаруалар келісіммен де күшпен пішен шауып алуға тырысқан. Мысалы, 1833 жылы теңіздің солтүстік жағалауының бар шөбін ұлықсатсыз шауып алған. (49:1) Жайық Сары өзен, Елек, Ор, Тобыл, т.б. өзендер бойындағы шабындықты казак ауылдары мүмкіндігінше жеткенін шауып алып отырған. Бірақ сонша мал

санына пішен жеткізу, құрылыс материалдары тапшылығынан қора, аула салып, қамтамасыз ету өте қиын болған. Сондықтан, 1827 жылдағыдай жұтта шаруалардың малы қырылып, боранда жоғалып, ұрланып құрыған.

Кіші жүздің ауа райы ерекше қатал, континентальды болғандықтан, кей жылдары жаңбыр аз болып, шөп шықпай, қыс суық, көкмүзды, мал жайыла алмайтын болып, жұт болады. Жаңағы айтқан, 1827 жылы қыста тебін болмай, Ішкі хандық адамдары малдарын көрші Саратау губерниясының жеріне айдады, бірақ ондағы тұрғындар, ұлықтар бұл малдарды қуалап, көбін ұрлап, тығып қалған. Бұл жөнінде кейін дау болып, хан жұтаған адамдардың өтініші бойынша, көп малдың құнын талап етті. Бұл кезде 10000 түйе, 28000 жылқы, 1 млн. астам қой шығын болған, (50) көрші уездердің малды тығуы, отарлық әкімшіліктің Қара, Сары өзендер мен Самар көлі маңынан қудалауы шаруалар толқуының негізгі себебі болды.

Бұл секілді қатал қыс 1832 жылы да болып, Каспий теңізі жағалауындағы ел малдарының жартысынан айрылған. Бұл шығын басқа жерде де болған. Ал пішен шабуға жарамды жерді әскер бермеді. Шаруалардың еңбегі мен 1833 жылы тек Сары өзен мен Қара өзеннің жағалау бойында 160 мың пуг пішен жабылған. Пішенді кымбат бағамен сатқан.

Қазақ мал шаруашылығында негізінен әрі көлік, азық әрі сауда товары, қырдың аңызайы мен аязына төзімді жылқы өсірген дейік. Сол кездегі мамандар мен саудагерлер Қазақ жылқысы Орыс, Башқұрт жылқысынан артық деп есептейді, мықты және жүйрік, төзімді дейді. (51:65) Сондықтан оның саны тек ішкі хандықтың өзінде 800 мыңға дейін барған. Бұл әрине толық мәлімет емес. Екінші бір көп малы қой, әсіресе қазақтың какпак құйрық қара қойы мен, жазы-қысы тебінудегі, көшіп жүргенге сирағы ұзып, еті көп, құйрығы үлкен, қысқа төзімді “еділбай” қойын өсірген. Сондан кей жылдары ішкі тарапта қой саны 4 млн-нан асып та кеткен.

Сонымен қатар ешкі өсірілген, әсіресе түбіті көп, жұмсақтау шүлген ешкіні көп өсіріп, түбін сатқан. Бадан атакты Орынбор түбіт шалісі тоқылып күллі Россияға тараған. Түбіттен ақ қалпақ жасап, шәріп, биатай, жейде, ұйық (носки) т.б. киімдер тоқыған.

Шаруалардың күнәтис көздерінің бірі - балық аулау, аң аулау. Жайық, Еділ, Елек өзендерінде, Қамысты самар көлдерінде, оған құятын Сары өзен, Қара өзенде балық

баршылық. Бірақ бұлардағы балықты тек Орал казактары, купецтер мен помещиктер ғана аулап, қазақтарға қатаң тиым салды, тіпті қармақта салдырмады. Егер де балық аулап жүрген қазақты ұстаса оны аяусыз жазалап, соттап отырды. Мысалы, 1826 жылы Орынбор шекара комиссиясы Жайық әскерінің мүддесін қорғай отырып, Жайықтан (қортпа севрюга) балық ұстағаны үшін жаман Досұлан легенді 20 рет таяқ соғуға қаулы алған. Сондай-ақ Тама руының Испан, Төлеп, Есен деген шаруаларын Орынборда таяқ пен соғып жазалаған. (52:44)

Елек өзенінен қазақ шаруалары жергілікті әкімдер мен келісіп балық аулап жүрген. 1836 жылы Електен Орынборға 6 арба балық әкеліп сатқан. (53:16) Бұл әрине сирек жағдай. Деген мен патша чиновниктерінің қазақ шаруалары балық аулау мен дағдысы жоқ, немесе балық аулау мен дағдысы жоқ, немесе балық аулай алмайды дегендері бос сөз.

Аң аулау байлар үшін ермек, сауық болса, кедейлер амалсыз аштан өлмес үшін істеген. Орыстың сол кездегі тау кен инженері Е.П.Коваевский Кіші жүзде жиі болып, өзінің "Құрлықтар мен теңіздерді кезуші" деген кітабында сол біз айтып отырған кезеңде қазақ кедейлерінің малдан, дүниеден айрылып, күнелтіс үшін қанғып кетіп, ен дала да қалай аң аулайтынын жазған.

Кедей шаруалар күнелтіс үшін Теңіз жағлауына, Жайық, Жем, Еділ өзендеріне балық аулауға жалданады. Балық аулау кәсіпшілігі үшін көктемде Жем бойына 1833 жылы 4141 адам балық аулауға жіберілген, олардың ішінде қазақ шаруалары да бар. Бірақ бұда қауіпті кәсіп. Теңізге, далаға, өзен бойына шығып алғасын купецтер мен оның қаруланған қарауылы бейбіт, қарусыз елге ұрынып, тонап кетіп отырған. Бұның арты қарымта қайыруға ұласып, ені ортада шаруа сорлайды.

Балықшылар Теңізге шыққасын Түркімен, Иран саудагерлері мен балықшыларына соқтығысып, өшпенділік қылдырған. Бұндай алма кезек тонасу қазақ шаруалары үшін тиімді болған, тіпті екі мемлекеттің қарым-қатынасын шиеленістіруге, атап айтқанда Хиуа хандығы мен Россия арасының шиеленісуіне дейін барған.

Орыс купецтері мен приказчиктері өз айыбын білмей, бұндай шатақ істе қазақ шаруаларын кінәлап, күдік туғызып отырған.

Жем өзені бойында үкімет бекіткен балық аулау тәртібіне қарамай, ватаға құрып, үй, түрлі қоймалар, шұңқырлар қазып,

жасаған. Жақын тұзы бар сорға барып өз еркімен тұз алып пайдаланған. Н.Б. Ибиков деген купец балық аулау мен 40 жыл шұғылданып, Жем өзені жағасына келіп, үйшік жасап, шұңқыр қазып, онда үлкен балықтарды сақтап келген. Бұл секілді ерсе же бұзумен қатар, купецтер балықшылар көрші ауылдардың да мазасын алып, наразылық туғызған. Оған кінәлі қазақ шаруалары деп, Жайық, Орынбор әкімшілігі балықшылар санының тек 1/3 қазақ болуын талап етті. (54:39) Бұл әрине көптеген шаруалардың жұмыссыз қалуына әкелді. Шаруалардың ауыр қәліп пайдаланып князь Юсуповтің күзетшісі Уразовта шаруаларға өз жұмысын істетіп, балық аулатқан.

Ал Арал теңізі жағасында балық аулау, жұмыс істеу бұдан мүлде басқаша, тыныш жағдайда өткен. Орынбор купецтері Ковалев, Зайчиков өздерімен бірге балықшыны теңізге әкеле алмай, жағалаудағы елден алған. Сондықтан көрші ауылдарға бұзақылық істелмеген. Содан келіп, Орынбор шекара комиссиясы бұл купецтер қыстап жатып балық аулап, ешбір қауіпсіз, талаусыз, не ренжусіз кәсібін істеген, - дейді қазақтар тарапынан, - деп атап қояды одан әрі, ешқандай қауіп көрінбейді, ... тіпті купецтер достық қарым-қатынаста - деген. Одан әрі қазақтар купецтер тарапынан еш қысым, ренжу көрмейтінін мойындайды. Әрине Орынбордан қашық және қарауында қарулы тобыр жоқ купецтер көрші ауылдарға Жем бойы мен Каспий жағалауындағыдай күшіне сеніп, бейбастықтық істей алмайды. Сөйтіп он шақты жыл тыныш кәсібін істеп, балық пен оның өнімін өндіріп, тегін жұмыс қолын пайдаланған. Бұл азда болса шаруаларға да тиімді. Саудагерлер қазақтарға сеніп, Орск т.б. қалаларға кіре айдатып, балық, уылдырық, желім т.б. өнімдерін апарып сатады. (55:10) Балықты тазалап сақтау, түрлі өнімдерін жасауда шаруалар жұмыс тауып, күнелтіс болған.

Қазақ шаруашылығында колонер кәсібі де белгілі орын алған. Оның қаншалықты көлемі, құрамы болғанын анықтау әзірге қиын. Қазақ шеберлері ағаштан көп бұйым, құралдар жасаған. Киіз үй, қос, ер тұрман, тұрмыс бұйымдары (үлдірік, кебеже, сандық, жүкті ағаш, төсек, жастыағаш, шере, неше түрлі арба, т.б.) асхана құралдары (күбі, ағаш шелек, аяқ, тостаған, табақ, шара, зерен, ожау, қасық, піскек, шолпы, т.б.); ұрыс құралдары (найза, ақ найза, киматы найза, шокпар, сойыл, садақ, сарыжа, қорағаш, т.б.), толдан шеберлер неше түрлі шетен (шетен үй, шетен құдық, қора, аула, шетен ыдыстар,

арбаның, шананың қорабы, ыдыстар салатын қораб, балыққа тор-морға, кәлді т.б.);

Шиден үй, тұрмыс бұйымдарын (шетпе-сүзгі, киіз басынғы, ши, төсем ши т.б.). Сонымен қатар, ұсталар металдан көп бұйымдар, құралдар жасағаны анық. Мысалы, архив деректері қазақ мылтықтары (киргизское ружье) болғанын көрсетеді. Сондай-ақ темірден арба детальдарі, ер-тұрман, жегу әбзелдері, күміспен, жезден түрлі нәрселер жасаған. Ал зергерлер жұмысы өз алдына бір сала, ол недәуір шеберлік дәрежеге дамыған. Бұл мамандықтарды белгілі бір адамдар көп жылдар бойы үйреніп, менгерген. Қолөнершілер өзінше бір әлеуметтік жік болып қалыптасу кезінде болғандай. Мысалы, етікшілер құралын арқалап, ауыл кезіп, әркімнің үйінде жатып, сол үйдің, көршілерінің, бүтін ауылдың аяқ киімін тігіп берген. Сосын келесі ауыл. Сол секілді шеберлер қайыстан, мал терісінен, жүнінен, матадан түрлі құрал, төсем, киім, тұрмыстық нәрселер жасаған.

Кіші жүзде өнеркәсіп орындары ХІХ ғасырда бірінші жартысында өте аз болған. Басқұншақ, Дендер, Елек түз өндіру кәсіпшілігі. Бірақ ол орындар орыс кәсіпқорларының билігінде болған. Қазақ байлары бұларға кіре айдауды (Шомбал Ниязов т.б.) ұйымдастырып, оған шаруаларды жұмылдырып, жалдағанда, одан түскен пайданың көбін өзі алған. Кіре айдаушыға да кісілерді тандап, жағымпаздарды, немесе өз туыстарын қамқорсығансып алған.

Сауда қазақ жерінде ертеден орын алған, бірақ түрлі тарихи жағдайға байланысты бірде дамып, бірде кеміп отырған.

ХІХ ғас. басында-ақ Бөкейлікте ауқатты қазақтар сауда жасаған. Шығай төре, Қарауыл Бабажанов т.б. алыпсатар – саудагер болған. (56:1) Кіші жүздегі сұлтандар, байлар мен билер Қаразым мен (Хиуа), Бұқар, Қоқанд хандықтары мен Россия мен сауда жасауға талпынған. Кіші жүздің оңтүстігіндегі ауылдар, Маңқыстаудағылар негізінен Орта Азия хандықтары мен сауда жасап, астық, мата т.б. содан алған. Орта Азия саудагерлері сирек қазақ жеріне келіпте товарларын сатқан. Көрші Иран мемлекетінің саудагерлері келіп сауда жүргізген. Өздеріне керекті мал, мал өнімдерін алған. Орта Азия мен Иран мемлекеттері аралығындағы сауданың көлемін, түрін көрсететін деректер кездеспеді.

Әскери линия бойы тынышталса-ақ сауда жұмысы жалданып жүре береді. Орынбор шекара комиссиясы 1830

жылдары линия тұрғындарын тұтқындау тиымды, талау мен кісі өлтіру сирек және кездейсоқ оқиғаға айналады, ал жылқы ұрлау көп болса да, ішкі губерниялардағыдан аз, - деп жазады. Бұрын ішкі губернияның бірде-бір тұрғыны линиядан әрі қырға шығуға батылы бармайтын, енді саудагерлер Кіші жүзді кезіп жүреді, тіпті біреуі саудаға, әрине орыс купецтері үшін қолайлы, тыныш жағдай туғанын құптайды. Олар приказчикке, және қызметкерге қазақтарды алған. Қазақтардың өздері де сауда жасап келген. Бешкурят бөлімінің азаматы А.Иманбаев Ресей товарларын алып, Жағалбайлы руының Бешкурят қырға сатқан, сөйтіп, 50 мың сомның саудасын жасап жүрген. Бір Жағалбайлы руынан көптеген саудагер шыққанын атайық. Айтуар Қисықов 2 мың сом саудасын жасайды. Байұзақ Бекарыстанов деген би Орскіден товар алып, 3 мың сомның саудасын, Қожагельді Күзбеков, Ормантай бөлімінің азаматы Өтеген Қазыбаев – 1000 сом, Аққожа бөлімінің азаматы Исәй Бажантаев – 300 сом, Бөзет бөліміне Байшора Көшербаев – 500 сом, Серакті бөлімінен Ернебай Елтаев – 800 сом саудасын жасап, Бұқарға да барады. (57:10) Бұнда саудагерлер басқа руларында бар. Мысалы, Шекті руының Шүрен бөлімінен Жангелді Санамосов 8000 сом саудасын жасап, Хиуаға да барып жүрген. Жергілікті патша әкімшілігі қазақтардың саудаға бейім екенін, сауда реті қашпайтынын мойындайды. Бірақ қазақ саудагері үшін жол тар еді, орыс купецтер мен патша әкімшілігі өрістеуіне көп кедергі қоятын.

Осымен қатар, казактар мен чиновниктер қазақ ішінде барып түрлі бұйымдар сатысты. Я.Ханыков Өзен әскер линиясының, Төменгі Жайық линиясының, Астрахань төңірегіндегі казактар мен чиновниктер сауда жасайтынын көрсетеді. Сол секілді татарлар, шортанды Болқын, Елтон секілді қоныстардың тұрғындары да саудаға араласқан. Әскери кордондардың жанында сауда жүрген. Мысалы, Чижа (Үюкен сужайылымы бойында, көзіргі Камень ауданы), Деркөл, Алмалы т.б. сауда жүргізген.

Қазақтар малдарын Орынбор, Самар, Саратов, Астрахань т.б. Ішкі Россия қалаларының жарменкелеріне айдайтын болған. Қазақтың сататыны негізінен мал, соның өнімдері еді. Төменде біз малдың сатылу молшері туралы №2 кестеде келтіріп отырмыз:

Жылдары	Түйе	Жылқы	Сиыр	Қой, ешкі	Барлығы
1814ж. (58:5)	-	41242	16302	291166	348710
1823ж. (59:14)	5121	10575	244	437	20177

Сауда барысы осылай түрлі себептен азайыпта тұрған.

1820 жылдары Ішкі Ордадан солтүстік-батысында қалмақ базары деген болған. 1825 ж. Ұялы мен Чапчачи (Шөпшағыл) мекендерінде жазғытұрым сауда ашылған. Саудагерлер ел ішіне шығып, сауда жасап, ақшамен қатар товарларын қарызға, малға беретін болған. Камышиннен келген саудагер 1800 четверть астығын қарызға берген. Сондай-ақ саудагер товарын қарызға тастап кеткен. (60:78) Бұл қарыз шаруалар үшін қымбатқа түсетін. Өйткені қарыз мал арзанға беріледі, әрі қыстай оны сақтап береді. Саудаға сұлтандарда араласқан. Орданы билеуші Сығай Нұралиев 1823ж. Қалмақ базарына “бодокчей” етіп Рамазан дегенді, Жәңгір 1824 ж. Мұратбай Мұрсалимовті белгілеп, Астрахань губернаторіне хабарлаған (61:11).

1833 жылдан бастап Жасқұста Хан ордасының қасынан жәрмеңке ашылды. Бұған Ресейдің ішкі губернияларынан саудагерлер келіп, өз товарларын сатып, мал алды. 1837 ж. 597603 сом товары әкелініп, 368778 сомдығы сатылды. (62:25) 1839 жылдары Хан ордасында Орыс саудагерлері мен сауда жасаушы шаруалар 73 адам болған. (63:130)

Сол кездегі мәліметтер бойынша шаруалар көрші губерниялардағы қалалар мен қоныстардағы (село) жармеңкелерге барып, сауда жасап жүрген.

Ішкі тарапта сауданы дамыту үшін Ұялы мен “Шаңырақты” деген жерлерде жармеңке ұйымдастырылды. Бұған Россияның шекарасынан, ішкі губернияларынан мал алу үшін саудагерлер келген. Қазақ шаруалары малын әкеліп, өнеркәсіп товарларын алған. 1832 жылы Жасқұста Орынбор Шекара комиссиясы жәрмеңке өткізу белгілеп, бұған жан-жақтан көп саудагерлер күйылды. Архив деректері сақталғандықтан бұл жәрмеңкеде қандай нәрселер әкелініп, сатылғанын атауға болады. Астрахан, Орынбор, Саратов, Самар, Пенза, Қазан, Мәскеу т.б. губерниялардан келген саудагерлер темір, қыш бұйымдарын, мақта-мата, ағаш, астық, қант шай әкелген. Олардың ішінде жібек, былғары, юфта (жұмсақ былғары), барқыт, сафьян (кон), кенеп, ұнның әр түрлі, терінің (мех) түрлері т.б. бар. Қазақ шаруалары шикі тері, терсек, аң терілері, сары май, мал майы, тоңмай, шыжғырған май, аң майы, жүн, (қой, түйе жүні, шуда,

жылқының қылы) т.б. Төменде 1837-1838 ж.ж. Жасқұстағы жәрмеңкеде сатуға әкелінген мал өнімдерінің тізімін берейік: (64:23)

Жылқы еті - 23730 пұд	Сиыр еті - 19232 пұд
Түйе терісі - 1060 дана	Түйе жүні - 2086
Ешкі түбіті - 1373 пұд	Елтірі - 13101 дана
қой терісі - 37101 дана	Қоян терісі - 5535 дана
Борсық терісі - 70 дана	Күзен терісі - 480 дана
Киіз - 157 дана	Мал майы - 1287 пұд

Бұл тізім толық емес. Дегенмен сауда-саттық бұйымдарының негізгілері қамтылған. Осы үш жылдың ішінде бұл жәрмеңкеде 385 түйе, 2524 бас жылқы, 12214 ірі қара мал, 342103 қой әкелінген. Жалпы, Жасқұстағы жазғұтырым, күзде болған жәрмеңкеге 3 жылда 6482617 сом (ассигнация) товары әкелініп, 3715260 сом товары сатылған.

Сонымен біз бір жәрмеңкедегі сату ісін көрдік. Бұнымен қатар ішкі тарап адамдары көрші губернияларға, Еділ, Жайық бойына, Астрахань, Камышин, Саратов секілді үлкен қалаларға айдап барып, малдарын сатқан.

Жоғарыдағы мәлімет Ішкі хандық жалпы Россиялық рынокке шыққанын көрсетсе, екіншіден, Ішкі ордадағы сауданың отарлық сипатын бейнелеп, ол тек Россияның артта қалған фабрика-заводының шикі зат базасына айналғанын байқаймыз. Сауданың отарлық сипатын оның қара халықты алдап, нашар, жарамсыз товарларын сатуында да көрінеді. Осы ордада болған Евреинов оның 400 дей тұрғындарының бәрі дерлік (сұлтандар, татар, орыс саудагерлері, алып-сатарлары) сауда жасаған және олар Россиядан келген купецтер мен бірге жергілікті халықты барынша тонап отырған. Орыс, татар саудагерлері Россияның ішкі жәрмеңкелерінде өткізе алмаған товарларын әкеліп, ең төменгі сападағы тоқыма, тігін нәрселерін қымбатқа сатқан. Бұл жәй Хан Жәңгірге де мәлім болып, ол жоғарғы сападағы қазақ шикі затының Россия фабрикаларынан шыққан жарамсыз мануфактураларға ауыстырылатынын, сөйтіп саудагерлер аңыздағыдай түсім тауып отырғанын мойындайды. (65:46) Бұл тек ішкі жүздегі емес, жалпы Кіші жүздегі, Қазақстандағы жай. Жәңгір хан одан әрі жарамсыз, шірік, селдір шыт, бөз т.б. кездемелерін әкеліп, фабрикада 30 тиын болса аргыны, мұнда 60 тиынға сатаныны,

ал ол мата тез тозып, шаруа тағы да осындай мата сатып алуға мәжбүр болатынын көрсетеді. Саудагерлер халықты алдаудың неше бір түрін істеген. Мысалы, ұнға сок, немесе бор, құм қосқан т.б. нәрселер қосқан. Немесе, қанттың төменгі сапатысын арзанға алып, қазақтарға деп ұзақ сақтай, салмағын түрлі амал мен көбейтіп сатып отырған.

Россиядан келген саудагерлердің бір сорақылығы - өзі мен бірге арақ ала келіп, жасырын сатып, шаруаларға жарамсыз товарларын өткізу үшін оларды әуелі арақ пен мас қылған. Сөйтіп, шаруалар саудагерлердің арзан жемі болған. Жәңгір ханда шаруалардың сататын малдарынан алым алған, тіпті басқа қалаға сатылған малдан да алым талап еткен. Мысалы Қалмақ базарында сатылатын қазақ шаруаларының киімдер, не мал, оның есебін білу үшін хан өзіне сенімді сұлтанды көмекшілерін жіберген де, сосын алым жинаған. Сөйтіп, Жасқұста жылы екі рет жәрмеңке өткізілуі ханға қосымша пайданың көзі болды. Жәңгір саудагерлерден де олардың әкелген товар мөлшеріне қарап баж алып отырған. Бұл алымның бәрі ханның жеке өз пайдасына түсті. Сонымен сауда ісінің жандануы шаруаларға белгілі пайдасы бола тұрса да, оларды аямай қанаудың көзіне айналды.

II . Тарау. Өлкеде отарлық езгімен феодалдық қанаудың күшеюі.

§1. Отарлық езгінің өршуі.

Патша өкіметі Кіші жүздің мемлекеттік орталық басқару орнының билігін қопсыратып шектей келе, әбден әлсіретті. Кіші жүз 19 ғасыр басында Ресейге толық тәуелді болып отарына айналды. Ел басқару, жер иелігі, барлық шаруашылық, сауда саясаты түгелімен Орынбор басшыларына толық көшті. Орынбор губернаторлары ашықтан-ашық отарлау жүргізіп өзінің сенімді жазалаушы күші - Орал казак әскері үстіне Орынбор казак әскерін құрап қазақ ауылдарына әдейі “Орыс қаруының күшін” көрсету үшін әлсін-әлі талау жүргізді. Онымен қатар казак жерін бөлшектеп, Ресейге қосу шараларын жүргізіп, Табын, Шекті, Жағалбайлы т.б. рулар мекендеп қыстап келген қонысты – Орынбор өңірінің Солтүстік алабын қазіргі “Табынка” қаласы маңын тартып алып, 1811 жылы “Новая пограничная линия” дегенді құра бастады. Солай ұсақтап сулы, орманды, қоныстанған, егінге қолайлы жерлерді ала береді. Елек

әскери линиясын құрып, шекараны Оңтүстікке тағы ысырады. Табын, Шекті т.б. руларын ауылдарынан, жайлы мекендерінен одан әрі қуып шығып, орыс офицерлері мен әскерін орналастырады. Бұл қазақтың егін шаруашылығына орны толмас зиян әкеледі. Бұнымен қоймай, 1819 жылы Елек өзенін Жайыққа құяр сағасынан өрлей отырып Құралы, Берден өзендері бойын тартып алып “Жаңа Елек әскери линиясын” жасап қазақты құнарлы жерден айырады. 1833 жылы губернатор болған А.В.Перовский бұл саясатты жалғастырып, қазақтармен белгілі шекара жоқтығын пайдаланып Жайық, Қарталы, Үй Тоғызақ, Сандық, Аят өзендері аралығындағы алқапты, яғни Орск қаласының Солтүстік жағындағы орманды аң, балық аулауға қолайлы сулы аумақты тағы алады. Үкіметке Перовский. Бұл шара саяси мақсатта екені, қазақ пен башқұрт ұрандасып кетпес үшін араларын алшақтатып, әскери линия орнатамыз” – деген (1.2).

Бұл шараны үкіметте К.Нессельроде министр В.Чернышев, Е.Конкрин, Сперанский т.б. қолдаған. Шекара Верхне-Уральскийден Оңтүстікке ысырылды. 1834 жылы шекараны түзетеміз деген желеумен бірталай жерді тағы алады. Сөйтіп, қазақты 10 мың десятина құнарлы жерден айырылады. (2) Соның ішінде “Жабық қарағай” деген нулы орман, көп өзен, көлдер кетті. Жаңа линияға Император, Наследник, Константинов, Николаев, Михайлов деген пикеттерін салған.

“Бұл шара” – дейді Перовский одан әрі, көптен бері жоспарда бар еді, енді жүзеге асыруды қолға алынды. Перовскийдің бұл ұсынысын үкіметте Нессельроде, А.Чернышев, Е.Конкрин деген графтар мен Сперанский қолдап, қаулы шығарады. Әскери линия Орскіден тура терістікке Жайық өзенін өрлей отырып, Верхнеуральскіге одан тура шығысқа бұрыла Верхнеуйск әскери линиясы бастылып, Үйскі, Челябине, Петроавлге дейін Үй өзенін жағалай жүретін. Петропавлден Нижнеуйск линиясы басталып Троицкі мен Тобыл өзеніне жүріп отырып Звериноголовскіге дейін баратын. Соның ішінде Жайық пен Тобыл өзендері арасындағы “Жабық қарағай” деп аталатын қалың орман, көп өзендер кетті. Жаңа линияға император, наследник, константинов, Николаев, Михайлов бас салып казак әскерін зорлық пен көшіре бастады.

Революцияға дейінгі кей авторлар да бұл шара казак даласына үлкен әсерін тигізіп, соңынан бірталай елеулі тәртіп

бұзуга әкелгенін айтып үлкен қайсарлық пен қазақтар линиядан өтіп, бекіністерге шабуыл жасағанын мойындайды.

Тіпті бас штаб офицері М.Иванин Орынбор басшылары “Жаңа Орынбор линиясын жасаймыз” деп 4 млн. десятинадан астам қазақтардың тамаша жайылым жерлерін еш бір ақы төлеусіз, әскери мекенін салу үшін алғанын айта келін, егерде біз қазақтарды өз қол астымыздағы ел деп қарасақ, олардың жеке меншіктік правосын сыйлауымыз керек еді. Осыдан кейін олардың арасында наразылық, толқу шықты дейді (3;186). Әрине патша офицерлері мен чиновниктерінің көбі бұндай түсініктен алыс болды.

Губернатор Перовский қазақтан тартып алған көп жерді меңгере алмағанымен қоймай жаңа жер мен елді бағындыру мақсатында 1834 жылы Каспийдің шығысында Қайдак бұғазындағы “Қызылтас” деген жерге Ново-Александров бекінісін салдырады. Төңірегіне келген түркімен қалақалпақ ауылдарын алдап, арбап Ресейді мақтап бір қатарын Ресейге көшіреді. Бұл әрекет Қаразым хандығы мен екі ортадағы қарым-қатынасты шиеленістіре береді. Губернаторға керегіде сол еді. Орта Азия мен Кіші жүздің байланысы, саудасы үзіле берді. Ресейге керегі сол еді. Патша өкіметінің Кіші жүзді өз рыногына тарту үшін ғасыр бойғы күресі жүзеге асты. Енді Атшын даласы Ресеймен сауда жасады. Персия мен сауда тоқтатылды. Мәнет ақша айналымнан шығып рубль енді.

Сонымен Троицк-Орск-Орынбор-Елек арасында қазақтың 10 млн. десятина жері тағы тартып алынды. Ол жерге өкіметтің тәртібіне сәйкес казак әскерлерін, ішкі губерния тұрғындарын күшпен көшіріп, көп жылдарға дейін игере алмады. Оның үстіне зорлық пен келген казактар наразылық көрсетіп, бас көтерген. (4:50)

Кіші жүздің батысы мен солтүстік-батысын отарлаудың ұзақ, қасіретті тарихы бар. Жайық алқабын отарлау ерте басталып, Ақназар хан өлгесін (1580 ж.) күшейін, Ресейден қашқан орыс казактары қаптап, Еділ-Жайық аралығындағы ноғайлы жұртының берекетін алады. Ноғайлы-қазақ айырылысуы басталған дедік. Орыс патшасы ноғайлыны қорғау үшін Жайық сағасынан қамал салып (Яикская крепость) еді, казактар үлкен Ырғыз өзені жағынан өтіп, Теке қаласы маңын басып алады. Оған қоса қалмақтар келді, олар 1770 жылы қысымға шыдамай қашты. Сырт қыратынан Каспийге дейінгі үлкен аумақ иесіз қалды.

Орал казак әскері әуелі Ыргыздан Қара өзенге дейін, одан Қамысты-Самар көлдерін иеленіп линия құрды. Қазақты Нарынға ұлықсат пен өткізді. Қамысты-Самар көлінен Жайыққа дейін, одан Жайықтың оң жақ бойымен 40-50 км жағалау теңізге дейін Тоқсал бойы мен теңіз бойы мен бірталай жерді тағы да Орал әскері иемденді. Бұл жердің бәрін Орал әскері өзі игере алмады.

Ал, ішкі тараптың оңтүстігі-Каспий теңізі, оның жағалауын балық аулау үшін Безбордко, Юсупов, Багратион секілді помещиктер мен кузнецтерге болып, қыстаушы ауылдарға оларда қысым жасай бастады.

Ішкі тараптың батысы – Астрахань әскері, қалмақ, қондыру ноғайларының, жаңадан қоныстанған орыс шаруаларының жері өздеріне жеткілікті еді. Бірақ қазақ пен жерге талас шығарады.

Сырт қыраты үлкен Ыргыз өзенінен Дүре, Қабыршақты, Оюкен, Балықты су жайылымдары, Сары, Қара өзендер алқабы Нарынға дейін игерілмеді. 1801 жылы Бөкей Сұлтан Қара, Сары өзен бойынан Каспийге дейінгі далаға орналасты. Бұл Орал казак әскері басшыларына ұнамады. Олар 1813 жылы Сары өзеннің шығыс жағалауына Қақташтан /Малоузенск/ бастап Шортанды (Новоузенк) жанымен Орал казак әскерінің басқармасы оңтүстікке қарай тағы ішкі өзен әскери линиясын құра бастады. Жолай Бөкей “Жаңақаласына” Петропавка, Алаша руы басқарушысының тұрағы “Қарасуға” – “таловая речка” форпостыларын сала бастады. Одан әрі құбылаға Әбіште Вербовский, Көктеректе Абинский, Мұқыр, оның шығысында 75 км. Қызыл обада – Красногор, одан 35 км. Қырқопада – Кармановка, Бесқалмақта – Пятимар форпостылары орнап, бәрі Самар көліндегі Глиянскіге (Ескі қала) бағынды.

Міне, осы Қарасу – Таловский мен Глиянскийге дейінгі әр форпостыда 6-7 үйден болған линияда небәрі 1831 ж. 100-ге жетпейтін казак әскері болған. Олардың малдарын әкеліп бақтырған. Сары өзен, Қара өзен аралығында қоныстан ауылдарды бөкей кезінде-ақ қыстауына жібермеуге күш алды. Орынбор шекара комиссиясы (ОШК) қызметкері Кузнецов Сары, Қара өзендер аралығындағы ұзындығы 150-200 шақырым, ені 30-50 шақырым (верст) шабындығы мол жерді Орал қазақтары тартып алды деген (:). Бұл аз. Бөкей Жаңақаласынан есептегенде 250-300 км ұзыны болатын аумақтан Алаша, Байбақты руларының ауылдары көшіріліп, 3000 дай қыстақ қора-жай, ауласымен бос қалған.

Бұл озбырлық қазақ шаруаларының наразылығын туғызып, жер тапшылығынан 1818-1823 ж.ж. Бұқар жағына кетеміз деп шекарашылармен алысқан.

Орал, Орынбор қазақ әскерлерімен қатар көшіп келген қазақты шекаралас Ресей тұрғындары линия адамдары түрлі зорлық жасап, жерге таласып, олжалай берген. Әсіресе Каспийден балық аулау құқына ие болған граф Безбородко, князь Багратион князь Юсупов т.б. қазаққа көп қиянат жасаған. Орал жағалаудан заңсыз көп жерді иеленген.

Кесте №3.

Жер түрпаты	Граф Безбородко	Князь Юсупов
Шабындық	9870 десятина	960 десятина
Орман	979 десятина	-
Шаруаға жарамсыз дөңдер, қырлық	29886 десятина	2500 десятина
Өзендер, үйірімдер, көлдер	5 десятина	-
Тұзды көлдер	40256 десятина	36524 десятина
Батпақты, қамысты аумақ	103932 десятина	75656 десятина
Балықшылар үйлері, құрылыстар	20 десятина	15 десятина
Барлығы	185960 десятина	114640 десятина

Помещиктер Орал әскері күшімен қазақ шаруаларын теңіз жағасындағы қыстауына жібермей қояды. Бұл жөнінде Бөкей хан Орынборға, үкіметке 1814 жылы шағымдап көріп еді, еш нәтиже шықпады.

Патша әкімшілігі, Орал, Орынбор әскерлерінің офицерлері қазақ шаруаларының отырықшылануына, үй салып, қала болуына қарсы болған. 18-19 ғ.ғ.-да Кіші жүзді көп кезген орыс жерттеушілері, офицерлері бұл жерде ертеден көп қала болғанын, содан 17-18 ғ.ғ. қалмақ шапқыншылығына ұшырап үлкен күйзелісте болып, қалалар күйрегенін жазады. Әсіресе, Жайық, Елек, Қобда, Сағыз, Жем, Ырғыз, Торғай т.б. өзендері мен көптеген көлдер мен Арал теңізі жағалауларында, Үстірт, Шың қыратында Сыр мен Жаңадария сағаларын атайды. Сағыз өзенінде Таскешу деген жерде бекініс, Ойыл, Жем бойында қалалар болғанын, олар жақында қирағанын баяндады. Қазір Қарашынақтағы “Кос оба” мекені кірпіш күйдіру кәсіпорны, монша су құбыры т.б. қалдығы табылып, ескі қала орны екенін көрсетті. Патша әкімшілігі қазаққа қала, қоныс салуға жол бермеді. Тіпті өз қызметкеріне айналған сұлтандарға да қоныс салтырмады. Бөкейлікті билеуші Шығай Нұралиевке де 1819 жылы үй салуға орын көрсетуін сұрағанда сүйретпелеп, уақыт

соза берді, 1820 жылы Коневский кордоны қасынан ағаш үй салып еді, жер граф Безбородконікі, үйінді көшір, - деп ақырды губернатор. 1825 жылы Шығайдың ауруына қарамай, қыста казак әскері келіп көшіртті. (6:8) Кіші жүздің Батыс бөлігінің билеуші сұлтаны патшаға шын берілген Баймағанбет Айшуақовке мектеп үшін үй салуға Орал казак әскері кесел жасады. ОШК-сы Орал әскерінің қазақтардың үй салып тұрақты қоныстануына күш көрсетіп бөгет жасайтынын, өпірімдігін шағымдайтынын, тіпті өз жерін пайдалануға тыныштық бермейтінін жазады (7:2). Кіші жүздің 5 сұлтаны, 79 шаруалары 1829 жылы Орынбор губернаторына тұрақты қоныс салып, отырықшы болғысы келетінін, Жайықтың шығыс жағалауынан мекен салуға ұлықсат сұраған. Губернатор кісімсіп, Орал әскеріне міндеттесе, атаман 2 офицерді қонысқа орын белгілеуге қосып жібереді. Будариннен шыққан сұлтандар Жайықтың Шығыс жағалауынан қолайлы жер іздеп шығады. Қай орынды көрсетсе де 2 казак келіспей Үйшікке дейін барып, іс аяқсыз қалады (8:3).

Әскери линиядан қашықта кедейлер өздеріне қақыра үй /мазанка/, шымнан жер үй салып, кіріп отырады. Бірақ бұндай үйлерді бір жерге шоғырландырып салуға, немесе тәуірірек етіп салуға болмайды. Өйткені ел ішіне жиі шығатын әскери команда мүмкіндік бермеді.

Патша өкіметі бұндай далада шашылған қақаралар мен тамдарды бәрін құрта алмайтын болғасын, оларға әр қайсысына салық салуды шығарды. Мысалы, 1837 ж. Кіші жүз 80621 сом ақша жинады (9.26).

Ішкі Ордада бұндай қақыра, кепе, жер үй, шым үй салуға патша әкімшілігі, Орал әскері мүмкіндік бермеді. Сөйтіп, шаруалардың үй-жәйін жөндеп дамытуға, тұрмысын жақсартуға жол бермей, оларды көшпелілікке, енжарлыққа, тоғылшарлыққа итермелейді. Орынбор әкімшілігінің ұлықсатымен Қаржы орностысы қарсысына 15 шақырым жерге салынған Шыңғали Орманов үй жәйінің басқа жерге көшірілуін 1829 ж. Орал казак әскері кеңсесіне талап еткен.

...Бұл және бұдан бұрынғы істен, Орал әскерінің қазақтарға жерді тыныш менгеруге кеселдік жасайтын көрінеді және Жайық сыртындағы ғана емес, ішкі тараптағы қазақтарды – да жергілікті линия бастықтары мен жалпы әскер бастықтары үстінен комиссияға талай шағым әкелді - деп мойындайды Орынбор шекара комиссиясы.

Патша әкімшілігінің шектен шыққан аюандық ісінің бірі - қазақ даласына жоқты сылтау етіп әскери команда жіберетін. Бұл Орынбор, Орал, Астрахан әскерлерінің, пайда табатын бір көзі еді. Қарулы команда бейбіт, бейқам отырған ауылдарға келіп, ойына келгенін істейді. 1803 жылы Орал казак әскерлерінің бір тобы Кіші жүздің Байұлы атасына қарағандардың ауылдарын тонап, 32000 бас малды айдап алып, өздері алған (10:199).

Бұндай сұмдықты әуелі генералдар бастап, басқаларға үлгі көрсеткен. Орал әскері Алаша руының кей ауылдарын тонап кеткенін осы әскердің атаманы генерал Д.Бородинге айтып, әділ шешім жасауын өтінеді. Бұл шағымы үшін тежеусіз өскен генерал жаңағы Алаша руының Алтыбас атасының ауылына өзі әскери команданы бастап барып 1500 қойын, 20 жылқысын күшпен тартып әкеткен (11). Генералдан офицерлер, казактар қалыспаған, жиі қырға шығып бейбіт ауылды тонап, жөбірлеуді, мүлігін, малын тартып алуды, кәсіпке, дағдыға айналдырған. Григорьев форп-ң командирі Хорунжий, Петров Б. Күшікбаев деген бидің үйіне барып 100 сом ақша талап етеді, би бермегесін оны сабаған. (12:11) Ал Изобильный форп-ң офицері Халин қорқытып параға мал, ақша, мүлік алған. (12:11) Ал губернатор Перовский басшылығымен оның көмекшісі Данилевский, Мансуров деген полковниктер 550 казакты жасырын дайындап 1836 жылы 25 декабрде көзге түспей шығып мұздың үстімен тығыла Бозашы, Қайдақ түбіндегі Адай, Таз, Шеркеш ауылдарына тұтқиылдан шауып, бейқам елді “қарақшы іздейміз” деп талап, 7000 қой, 1000 түйе, т.б. малды тартып алып, 58 адамды жазықсыз айдап кеткен (13:36).

1824 жылы 1 июльде Новилецк әскер линиясының командирі Есаул Аржанухин шағын командамен қырға қарай шығады. Бұны ести сала Шыңғырлау өзені өңіріндегі қазақ ауылдары шұғыл бөрлігіп дүркірей оңтүстікке қарай көше жөнеледі. Қашу соншалықты асығыс және үрейлі болады. Өзеннен өткенде адам, малдар бірін-бірі тапап, басып, адам, мал суға кеткен, көп шығынға ұшыраған. Әлгі ауылдар киіз үйлерін, заттарын тастай қашып, шыңғырлау өзенін аптыға өткенде 2 бала, 1833 қой, 159 сиыр, 43 түйе суға кеткен. (14:180) Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генс өзінің жағатбайлы руының биіне 1831 жылы 27 шілдеде жазған хатында бұны мойындағанмен еш шара қолданбаған (15:116) Бұндай шабу, талау жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға жалғаса

берген. Ешбір тиым болмаған. Ал қазақ қарулы әскерге қарсы бас қоса алмаған. Шапқыншылық тоқталмаған. Кіші жүзде жұмыс істеген полковник М.Ивашин губернатор Перовский кезінде қазақ ауылдарының әскер жіберіліп, ел таланбаған жылы болмады деп көрсетеді. (16:180) Губернатор Орал, Орынбор әскерлерінің және әскери сословие болып қалыптаса беруіне күш алып, оның орыс, башқұрт, татар, қазақ халықтарына қарсы жандарм ретінде де пайдаланды. Казактар басқа ұлттарға қарсы тәрбиеленді, әсіресе қазақтарға олар ел, тағы, дәрменсіз халық деп қарап, бар байлығын, адамдардың талауды ғана, сабауды үйренген. Орынбор соғыс губернаторы генерал Перовский халық араздығын қоздырып, оларды біріне-бірін айдап салып отырды. 1836 жылы Кіші жүзге 1000 башқұрттарды жинап, басына генерал қойып, оған 2 зеңбірек беріп, 50 солдат қосып Борсық құмына “керуен талағандарды жазалау үшін” деп жіберіп, жазықсыз елді талатып, көп дүние, мал тартып алынды.

Кейде, бағынбаған, не салық төлемеген қазақ ауылдарын сұлтандар мен билер әскер әкеліп, бірге тонаған. Магнитная бекінісінің маңында тұратын Жағалбайлы руының ауылына Байзақ Арыстанов деген би казактар мен келіп, 25 жылқысын, 5 түйе, 25 сиыр, 350 қойды тартып алып, 40 пұд бидай, 5 шапан, 2 түрлі тергесін алған. Келесі бір келгенде бұл ауыл азаматтары биді ұрып жығып, сабап өлтірген (17:22).

Орал, Орынбор казак әскерлері орыс шаруаларының қозғалысын, тіпті Орал казактарының наразылықтарын басу үшін де (1803, 1825, 1835, 1837 ж.ж.) пайдаланылған. 1836 жылы Пермь губерниясындағы шаруалар көтерілісін басуға генерал Перовский Орынбор казак әскерінің бөлімшелерін жіберді. Сондай-ақ башқұрт шаруаларының қозғалысын басуға Орынбор казак әскерін жұмсады.

Орал әскері негізінен сауатсыз, саяси сауаты да кем, казактар еді. Орал казак әскері өте бай деп есептелсе де, осынша кең өлкеде бірде-бір мектеп болмапты. 1820 жылдары Теке қаласында бір мектеп ашылып, ол да өртеніп кеткен. Сондықтан сауатты адам мыңнан біреу болатын. Бұл жәй қоғам дамуына ұлтаралық түсінісуге кесел болады.

Ашық шапқыншылықпен қатар, бұратана елге Орынбор, Орал әскерлерінің басқа да зорлықтары көп болды. Мысалы, шекараға жақын шабындықтарды линия тұрғындары тартып алып иемденіп, өз мекенінен алыста болса да шөбін шауып, шала-пұла үйетін. Жайықтың шығыс жағалауының шабындығын

иелену үшін Орал әскерінің кеңсесі Тұзқаладан (Илецкі) бастап Бударин форпостысына дейін 15-20 шақырым, жағалауды қырлыққа дейін алғы пикеттер қойды. Олар қазақ ауылдарын Жайық жағалауына жолатпады. “Балық үркеді” деп өзен суынан малдарын суартпады. Бұндай пикеттер 22-ң үстінде. Олар қазақ шаруаларына озбырлық істеумен шұғылданды.

Бұны мен қатар, Жайық өзенінің шығысында қырда “қазақтардың шабуылын анықтау үшін” деген сылтау мен “қысқа жол” орнатып, ол Теке қаласы тұсынан Бударинге дейін Жайықтың шығысы мен одан Жайықтың батыс жағалауының қыры мен Каспий теңізіне дейін созылған, әр бір тәулік жерге пикет қойылған. (18:11) Верхнеуральск бекінісінің казактары, - дейді Орынбор шекара комиссиясындағы бір мәліметте, ішкі жақта жеткілікті жері бола тұра, тек қана қазақтарды қысымға алу үшін, пішен шабуды өне бойы қырлықта (Жайықтың арғы бетінде) істейді” – делінген.

Сол секілді Усть-Үй бекінісіне тұрғындарында шекарадан ішкі жағындағы шабындығын көрші орыс шаруаларына жолға бергеннің өзінде көп жері қалып, оны иегер алмаса да шекарадан қазақ далалығына өтіп, әдейі линиядан қашықта шабындықты, тіпті қыстауларын тартып алып, пішен шапқан көптеген спирдтер үшін қойған. Сосын күзде бұл өңірде мал жайғаны үшін және шөпті тапағаны, пішенді бүлдіргені үшін деп қазақ шаруаларынан алым мен айыпты тартып алып отырған. Орынбор шекара комиссиясы, өзендер өңірін линия тұрғындары шаруалардан тартып алуы, пішен шабуы тек арам пайда үшін ғана қажет” – деп мойындап, губернаторге мәлімдеді. Бірақ бұндай істерді Орынбор соғыс губернаторының өзі де бұрыннан біледі, оның үнсіз мақұлдауы мен өрбіп келген, енді бұл сорақылыққа қарсы ол еш шара қолданбады. Патша әкімшілігі мен жазалау орындары Орынбор, Орал казак әскерлерінің олардың офицерлері мен помещиктердің, саудагерлердің мүддесін қорғап, қолпаштап отырады. Мысалы, Өзен линиясының чиновниктері мен казактары Сары өзен бойындағы, Самар көлдеріндегі шабындықтарға өз бетімен қонса болып, оның шөбін бүлдіргені үшін және пішен шауып, тасып әкеткені үшін Ішкі тарап қазақтарын сотқа беріп, 2797 сом ақша өндіріп, алған. Бұндай жағдайда, казак офицерлері әрбір жүк пішенге ете қымбат баға талап етеді, мысалы, 6 сомнан 20 сомға дейін. Тіпті көбіне көп олар ойдан шығарылған, “шөп бүлдірдің” деп жанжал салып, айып төлететін.

Қазақ ауылдарынан пайда табудың тағы бір жолы – Орал, Орынбор әскерлері басшылары шаруаларды, көбіне-көп байларды өздерінің иесіз қалған жерлеріне талдары мен өткізіп, жайылым үшін ақша, мал алатын. Орынбор линиясындағы Верхнеозерная, Красногорск тұсынан Ішкі жаққа 1828 жылы тебінге 1000 бас жылқы өткізіп, әр жылқы үшін өлке басшылары мен келісім бойынша 25 тиын алуы тиіс еді. Қамал коменданты 8000 бас мал өткізіп, артық түскен ақшаны өзі пайдаланған (19:161).

Ал Өзен линиясы басшыларының ұлықсаты мен Самар көлдеріне 1884 жылы қыста 3000 қожалық 92 мың жылқы, 15 мың түйе, 60 мың ірі қара мал, 300 мың қой, ешкі айдап келген. Сары өзен мен Қара өзен аралығына 2000 қожалық көшіп келіп, 60 мың жылқы, 10 мың түйе, 40 мың ірі қара мал, 250 мың қой айдап келіп, жайған. Осы істің басы - қасында болған сұлтан Шөке Нұралиевке берген қағазымда, өзен әскер линиясы бұл аталған өңірде 1834 ж. 37 қоспен 179 бақташы, 13742 жылқы, 172 сиыр, 1403 қой өткізіп, 72502 сом, 70 тиын төлеген, 1835 ж. Байбақты руының биі Жүніс Жантемен, Тайша, Ақмырза, Бекмырза, Мәуленберді Жарылғаповтер 3237 жылқыны. Өзен әскерінің жеріне айдап әкеліп, тебіндегені үшін әр жылқыға енді 50 тиыннан алған. Бұдан басқа 2289 жылқыны тағы тебіндетіп, 1287 сом 50 тиын алған. Самар көлдері мен Сары, Қара өзендер арасына Ішкі хандық адамдары мен қатар Кіші жүздің батыс бөлігінде тұратындардың малдарын тебінге жіберіп, көп ақша алған.

Орал, Орынбор, Астрахань Өзен казак әскерлері мал жайғаны үшін тек ақша алып қоймаған. Енді оларды қанаудың тағы бір жолын тауып, еңбегін әншейін пайдаланатын болған. Осы Самар көлінен Қара, Сары өзендер бойында мекендеген Шөке Нұралиевтің жазуынша Орал, Өзен казак әскерлері жерлеріне олардың малын баққандарға да берген. “Қазақтар”, - дейді Шөке, еш уақытта өз отарларын өздері, бақпайды, ылғый казак бақташыларына бақтырады.

Сол бақташылардың ішінде отставкадегі полковниктің малын бағып Құрмантай Сағырбаевта жүрген.

1828-1829 ж.ж. Ішкі Орал немесе Өзен линиясында мал жайғаны үшін әрбір қожалықтан 1 қой алған, жылқы табының әр қостан бір жылқы, не 70 сом, немесе 12 қой алған, бермегеннен күшпен тартып әкеткен (19:161). Орынбор, Орал казак әскерлері шаруаның түрлі қажетіне керек ағашты да

шаптырмаған. Егер де біреудің қолынан жаңа ағаш бұйым көре қалса, ол тіпті біреуден сатып алса да оны жазалап, сабап, ағаштың құнын төлеткен.

Сөйтіп, Орал, Орынбор казак әскерлері отар елге неше түрлі қысым жасап, олардың малына, жеріне, дүниесіне барынша қожалық етіп, тартып алып отырды. Орал казак әскері көрші казак, татар, башқұрт елдеріне қырғидай тиіп қана қойған жоқ. Олар көрші Саратов, Астрахань, Самар, Пермь губернияларының шаруаларына тіпті мемлекеттік орындары мен қызметкерлеріне зорлық жасап, дүниелерін талап немесе тәртіп бұзып отырған. Астрахань мен Жайық арасындағы жолды қарауылдаушы Орал казак әскері 1831 жылы Астрахань қарауындағы почта қызметкерлеріне, олардың үйінде неше түрлі қысым жасаған. Орал казактары трактыны күзетудің орнына қоғамдық тәртіп бұзып, төңіректегі орыс, татарларды тонап келген. Гундук заставасы қасында Орал әскерінің 6-полк казактары сауда керуенін тонап жатқан кезінде қолға түскен (20:10) Бұл маңдағы көшпелі (казак, қарақалпақ, қалмақ, ноғай) елдердің мал, мүлкін ұрлап, тонап отырған. Бұл секілді сорақылықтарды анықтау үшін Астрахань губернаторы майор Краснокутскийді тағайындады. Бұндай заңсыздық басқа жерлерде де кең орын алып, кеңінен жойылған.

Орал, Астрахань әскерлерінің зорлығына ұшыраған казак ауылдары Ішкі тараптан Жайықтың шығыс бетіне қашып көшіп кететін болған. Бұл наразылықтың бір түрі. 1804 жылы жазғытұрым Өтеміс Құлмәліұлы бастаған ауыл Жайықтан өту үшін қарулы қарсылық көрсеткен. Ішкі Орда да елді ұстап қалу үшін губернатор П.П.Эссен 1817 ж. бастап казактардың Жайықтан әрлі-берлі өтуге тиым салады. Егер де ұлықсатсыз өтушілер болса, оларды қатаң жазалап отыруды міндеттеген. 1836 жылы Жайықтан өтпек болған Ысық руының Ақсары бөлімінің азаматы Қожабеков Нұрманбетті ұстап алып, Сібірге жер аударған. (21:3)

Помещиктер мен саудагерлердің приказшиктері казак шаруаларының қамысты, сулы, жайылысы бар дөңдер арасындағы ой мен өлеңтіге мұқтаждығын көріп, ұялмастан ойына келген ақыны сұраған. Әуелі теңіз жағалауында мал жайғаны үшін, қыстағаны үшін мал алып жүрді. Князь Юсуповтің приказчиктері Богаты кәсіпшілігі төңірегінде қыстағаны үшін шаруалардан мал, ақша т.б. бұйымдар алуы мен

қоймай, оларға қамыс шабу, мұз ою т.б. жұмыстарын зорлап істетті.

1820 ж. А.Сапожников деген купецтің приказчигі Беріш руы ауылдарынан жайлағаны үшін көп қой т.б. малдар алады. Бертін келе помещиктер мал мен қатар ақша, басқа дүние талап етіп, тіпті әншейін түрлі жұмыстарын істейтінді шығарды. Бұндай бассыздық қазақ шаруалары мен приказщиктер арасында наразылық туғызып, төбелеске дейін барды. Теңіз жағалауын жайлауға шаруалар приказщиктер мен әскери кордон офицерлеріне пара беріп, ұлықсат алып, оның үстіне жайлау (мал жаю), қыстаған ақыларын және төлеу керек болды. Егер де пара бермесе, немесе жайлаған, қыстаған ақысын төлемесе, онда приказщиктер сол адамның не ауылдың малын айдап алып, артынан оны қайтарып алу үшін, көп ақша талап етті. Мысалы, 1823 ж. Новинская ватагасы жанына ежелгі жайлап, қыстап жүрген жерлеріне Шеркеш руының бір ауылы келеді. Осы жерде көшіп жүргені үшін приказчик ауыл биі Бекмамбет Тұрмамбетовтен ақы талап етті. Ауыл төлегісі келмеді. Приказчик жерді бүлдірдің (потрава) деп малын айдап алып, артынан 471 сом алғасын ғана қайырды.

Шаруалар приказчиктердің қоқаңы мен қорқытуына, арандатуына берілмесе, онда әскери кордон бастықтарының көмегі мен қазақтарды қыстап отырған орнынан қыста құны шығатын болған.

Помещиктер адамдары жердің шекарасындағы мәжелердің тозғанын, немесе жоғалғанын пайдаланып, өз жерлерінен қашыққа апарып жаңа мәже ағаштарын қоятын. Бұл келіп жер таласын шөпті, қамысты таптады деген жанжалды тудырып, ақыры шаруалардың мал дүниесін зорлық пен алу мен тынатын.

Теңіз жағалауындағы ойдымдарда, ойпаттарда, дөңдер арасындағы сай, көлшіктерде өскен шөп пен қамыс бұрын ешкімге де керек емес еді, помещиктер еш қажетіне жұмсамай, қар астында құрап, шіріп қала беретінді. Одан помещиктерге келіп келіп жатқан еш зиянда болған емес-ті. Енді приказчиктер бұл жерлерге қыстаған ауылдарға “шөпті бүлдіргені үшін” деп айып салды. 1831ж. шөпті бүлдіргені үшін 3000 сом ақша өндіріп алды. Бұндай фактілер көп. Оны мен қоймай қазақ шаруаларының пішінге мұқтаждығын пайдаланып, Орал әскері мен помещиктер қазақтар көшіп жүрген теңіз жағалауындағы шабындық жерлерді сататынды шығарды. Мыс: Юсуповтің балық кәсіпшілік бастығы Шулетов әрбір түйеге артылған

шөпке 10 тиыннан, 10 түйелік артылған шөп 1 сом деп шарт қойып, шөп шабуға ұлықсат берді. Шаруалардан екі есе артық ақша, яғни 1157 түйелік жүк үшін деп 462 сом 80 тиын ақшаны сот пен өндіріп алды. Сөйтіп, жылдан-жылға помещиктер алым-салықтың түрін көбейтіп. Еңбекшілерді тонай берді. Бұл тек теңіз жағалауында ғана емес. Ішкі хандық пен Кіші жүз бен шекаралас помещиктер мен казак офицерлерімен бай-кулактарының бәрінің ісі.

Ішкі тарап шаруалары помещиктер мен Астрахань Орал әскерлері үшін “майлы қоға” болды. Помещиктер енді теңіз жағалауында көшкендері үшін көктемнен әрбір қожалықтан ақша талап етті. 1833 ж. Юсуповтер әрбір түйе үшін 1 сом, жылқы мен сиырдан 20 тиыннан, әр қой басына 5 тиын төлеуді сұрады. Бұл жыл тым қатты болды, жұт басталды. Бұндай қиындықты помещиктер пайдаланып қалды. Борымнан 15000 жылқы сорға түсіп өледі. Көп мал шөпсіз, жайылымсыз аштан өтті. Бұған қарамастан князь Юсуповтер шаруалардан теңіз жағалауында қыстағаны үшін 6000 сом ақша талап етті. Оның үстіне, 1833 ж. күзде шауып алған 3043 жүк шөбі үшін төлеп, оған қосымша балықшы құрылыстары үшін қамыс шауып, және шабылған пішенді қонысқа тасып беруге міндеттеді.

Сөйтіп помещиктер мен офицерлер феодалдық қанаудың ескі түрін оброк пен барщинаны барынша қолданып, шаруаларды аяусыз қанады. Онымен қатар жұмысын тегін істетіп, еңбек пен өтеу рентасын (отрабочная рента) кеңінен қолданды. Ал қанау жүйесін патша әкімшілігі көре тұра қолдап отырды. Мыс.: Жанбай балық кәсіпшілігінің төңірегіндегілерден 25 мың бума қамыс шауып беруін талап етті.

1834 ж. Астрахан губернаторы Вяткин помещиктердің бұл талабын қуаттап, теңіз жағалауында қазақтың көшкені үшін Юсуповтер 1600 сом ақша өндіруді сотқа тапсырады. Бұл шексіз алым кедей шаруалар үшін ауыр еді, әсіресе Теңіз жағалауындағы Беріш руының көптеген шаруаларын қатты гүйзелтті. Шаруалар тек помещиктер мен оның приказшиктерінің қанауында болып қойған жоқ, балық сатқандарын жалға алған кәсіпші купецтерде барынша арамдық салып, шаруалардың көшкені, қыстағаны үшін ақыны көбейтумен болды.

Сапожников, Иван Кульпин, Бибиговтер т.б. саудагерлер казак шаруаларынан астық, былғары, түрлі мата, тұрмыстық бұйымдар сатып, ауыстырып көп мал алады да, оны теңіз

жағалауында жаяды. Жоғарыда аталған саудагерлер 20 мыңнан астам қойларын жайған.

Саудагер Иван Кульпин помещик жерін жалға алдым деп, теңіз жағалауына қыстауға келгендердің әр бас малына 60 тиыннан төлегенін жіберген. Ал ақшасы жоқ болып, ештеңе төлей алмаған шаруаларды маңынан қуған. Әр үйден бір қойдан алуды өтінгенді де аямай, кордон әскерінің күшімен аязда жағалаудан қуып шыққан.

Помещиктер мен саудагерлер елді қанауын үдете береді. 1834 жылы күзде К.Н.Юсуповтер қазақтарға жайлайтын жерді азайтып, берген жердің бөсін қымбаттатуды ойлады. Осы мақсатта Теңіз жағалауындағы қазақтардың басқарушысы Қарауыл хожа Бабажановпен жазбалы келісім шарт жасады. Бұл шарт бойынша Юсуповтердің Гурьев манындағы дачалары, Никольск, Жамбай, Пороховин, Камчат кәсіпшіліктерінің маңын жайлауға тиым салған. Ал егерде бұл жерлерге біреу көшіп, қонса, ондай әр қожалық 10 сом және мал басына 50 тиыннан помещикке айып төлеуге тиісті болды. Ал бұл тиым салған жерлерде жақсы жайылым, қалың қамыс көп еді. Егерде бұл жерлерді жайлағысы келгендер Пороховин ватағасы үшін 40 мың, Жамбайға – 20 мың бума қамыс шауып беруге тиісті болды.

Шартта шаруалар бұл жерлерде ешбір құрылыс салуға, жеруі жасауға болмайтыны көрсетілген. Балық аулауға, немесе сатып алуға да тиым салған.

1835 жылы бұл шарт тағы жасалып, помещиктер енді Тудаң, Колпачин, Конев, Болдырев, Кабанов, Мальцев, Будахин т.б. осындай тебіні мен қамысы көп 7 дөңдерді жайлауға тиым салған.

Онымен қатар теңіз жағалауындағы ағашты кесуге қамыс шабуға, балық аулауға да ұлықсат бермеді және 1833-1834 ж.ж. шабылған шөптерге ақша төлеуге тиісті болды. Шаруалар дөңдер арасындағы жайылымсыз, қыстаусыз күнелте алмайтын. Ал помещиктер шөпті тапаттың, қамысты отадың деген сылтау мен айып тағып, тегін жұмыстарын істетіп, шөбін тасытып, қамысын шаптыру үшін әдейі неше түрлі шектеу қойған. Дөңдердің арасында меже деген жоқ болғандықтан, бұндай айып тағу оңай еді.

Бұл әділетсіз ауыр, шарт помещиктер қызметкерлерінің ойына келгенін істеп, шаруаларды аяусыз қалуына мүмкіндік берді.

Помещиктерден қазақтың рубасқарушылары, билері мен байтары да қалыспады. Олар жер жайылым жалдаймыз деп шаруалардан артық ақша, мал жинады. Бұндай зорлық, озбырлық Кіші жүзбен шекаралас басқа жерлердегі помещиктер мен саудагерлер, жергілікті патша әкімшілігі мен кейбір тұрғындарда казактар мүмкіндігі келсе-ақ аяусыз істейтінді. Жала жауып айыптау, сабау, соттату т.б. көптеген заңсыздықтар істей берген. Отаршылардың не бір сұмдық зорлығы, қанауы, алдауы туралы жаза беруге болады. Осы айтылғанда Бөкей ордасы Кіші жүз Ресейге қосылғаннан шексіз қиянат көргенін білеміз. Шаруаларға ара түсер, қамқоршы болар ешкімі болмады. Би-сұлтандар, хан халықты отаршыға қосыла қанап, талаған. Бұл кесірлі бұғаудан азат болар жол көрінбеді. Патша өкіметінің отарлау саясаты, арамза пиғылы, зұлым әрекеттері, қарақшылық әскери шапқыншылығы қазақ халқының наразылығын туғызды. Әр жерде басқыншыға қарсы ашық бас көтерулер болды, қарулы қақтығыстарда жалғасты. Солардың бірі - Жоламан Тіленшіұлы бастаған қимылдар. Тіленші Бөкенбайұлы Жетіру тайпасының ХІХ-ғ. басындағы бас биі еді. Патша отарлауына ол наразы болып, үкіметке шағым жазып көрді. Нәтиже болмады. Жоламан Табын руының атамекенін тартып алуына қарсы болып, көнбей көрін еді, орыс әскері адуын күші тықсырып, қыстауларымен егін, жайларын тартып алып, өздерін Жайықтан өгіп, құмды, құнары аз жерге барып бас сауғалауға мәжбүр етті. Орск мен Троицк қалалары аралығындағы қазақтар да оңтүстікке Торғай, Ырғыз өзендері алабына қоныс ауды. “Жаңа линия” дегеннің құрылуына қарсы Жоламан Тіленшіұлы Барақ батыр, Амангелді патша саясатына наразы қазақтардың басын қосып, қаруланып, әскери линияға әлсін-әлі шабуыл жасайды, оны құртып жібермек болады. Бірақ бірін-бірін шағын топ болып жүрген, қарулы нашар қазақ жігіттері әскери күшке айтарлықтай соққы бере алмады. (22:274) 1820 жылдан басталған өз жерін қайтарып алу үшін, азаттық үшін ауыр күрес ұзаққа созылды. Стихиялы қозғалыс ұйымдасуы жағынан нашар еді, бір-бірімен байланысы болмай әр жерде өз бетімен қимыл жасап, линия мекендерінің малдарын айдап кетіп, керуендерді тонап әуре болды. Жоламан, Барақ, Амангелді бастаған топтармен Әлімұлы тайпасындағылардың қарулы шайқастарын патша өкіметінің қазақ жерін бұдан әрі оңтүстікке қарай тартып алуына кедергі болды. Линияны

жылжыту тоқтап, отаршылар Кіші жүзді жаулап алудың басқа жолын іздеді.

Қазақтың отанын қорғауда, азаттық күресте басын қосып, бірігуіне жер алшақтығы да кеселін тигізді. Сонда да біріге қимыл көрсетуге талпыну болған. Жоламан т.б. аз күшпен Елек қалашығы маңына жаңа линия бекіністеріне шабуылын жалғастыра берді. 1822 ж. желтоқсанда Ж.Тіленшіұлы – Табын руының биі, Сүйінқара Үргенішбайұлы – адай руының биі, батыр, Арыстан Тәнілұлы – Білеу ауылынан т.б. Орынбор губернаторы П.К.Эссенге хат жолдап, Бөкейліктегі Сары және Қара өзендер аралығындағы, Жайық пен Елек өзендері арасындағы қазақ жерін қайтарып беруді талап еткен. (23:444) Бұл жалпы халық мүддесін қорғау деген сөз. Патша үкіметі Жоламан қозғалысы күресуге әскер шығарады. Полковник Ф.Ф.Берг басқарған жазалаушы экспедиция 3 топқа бөлініп, Кіші жүзде 3 жақтан шығып, көтерілісшілерді қоршап алмақ болады. Полковник Циолковский 800 Орал казактарымен 1823 ж. мамыр Калмыков қамалынан шығып, Жем өзеніне бет алып, жолшыбай әдетінше бейқам, бейтарап ауылды зеңбірік пен атқылап, мылтық атып 79 қазақты өлтіріп, ауылдарды тонайды. Майор Мизинов отряды Сарайшық қамалынан шығып 20 қазақты өлтірген. Полковник Берг 1000 баскесерімен 23 мамырда Орскіден Оңтүстікке бет алады. Ойыл өзені бойлай жүрген ел қарсыласқанды тойтарып, 30 қазақты өлтірген. Отрядтар Ойыл өзені жағасында 17 маусымда кездеседі. Қобда өзенін еңдей келген Шеглов отряды кісі өлтіріп, ел талаумен жүріп көтерілісшілердің негізгі күшін қоршай алмаған. Жоламан мыңдаған шаңырақ адамдарымен Мұғалжар тауына қарай сытылып кетеді. Ф.Бергтің жазалаушы әскері еш нәтиже шығармай, азып-тозып, кейін оралған. (24:498) Бұл сәтсіз жорықтың өзінше тарихи маңызы бар. Патша әкімшілігі Кіші жүз жұртын қару-жарақсыз болса да бағындыру, азаттық күресін тию қиын екенін көреді.

§2. Жәңгір хан және оның саясаты. Феодалдық қанаудың күшеюі.

XIX-ғасырдың 2-ші ширегінде Бөкей ордасындағы ел басқаруда автократия өктем болып елдегі саяси өмір шиеленісіп экономика саласында қолдан жасалған кесел шаруалардың әлеуметтік жәйін күйзелтін, ішкі тарапта қарама-қарсылық (противостояние) пайда болды, саяси күрес өршиді. Бұнымен

катар феодалдық қанаудың нәзік, өткір, үстарту (изошренный) түрлерін пайдаланып, шаруалар тұрмысын шайқап, тоздырған. Бөкей ордасы тарихын зерттеген В.Ф.Шахматов, А.Якунин, Е.Бекмаханов т.б. ғалымдар Ішкі тараптағы қоныстану, отырықшылану, мал шаруашылығын, сауда жағдайының кеңеюі, ігерленуінің жалғасуына қарамастан, бұл процеске қарсы тианды құбылыстар болғанын, оның авторы хан мен сұлтандар, билер деп көрсетеді. Профессор Бекмаханов Е. Бөкейлікте хан, сұлтандардың басы (сүрқия) тобы (ханско-султанская верхушка) қалыптасып, шаруаларға көп қысым, аяусыз қанау болғанын түйіндейді. (1:48) Бұған дейін, ХІХ-ғ-да патша авторлары Бөкей ордасын басқаға үлгі етіп көрсетпек болып, орысша оқып, тәрбие алған хан жабайы халқын әлеуметтік тәртіпке үйретіп, Ресейге толық бағыныштылығын нығайтқаны үшін шексіз мақтап, көп тарихи мәселеден хате пікірлер жазғаны мәлім. Орыс авторларының тенденциялы жазғандарын қазіргі біздің популистеріміз, өлкетанушылар тексерусіз пайдаланып, популизмнің оңай жолына түсті, кей оқырмандар мен чиновниктерімізді, тіпті оқытушыларымызды шатастырып келеді. Бұл айтылған тарихи мәселелерді барынша нақты түсіну үшін біз ықшамдап болса да Жәңгір хан саясатының кей жақтарымен, биографиялық мәліметтермен таныстырудан бастауды жөн көрдік.

Жәңгір

Байұлы тайпасы рулары көптен бергі атамекенге оралу мақсатына жетіп, Еділ-Жайық аралығына жаңа ғана көшіп келіп, орнығып жатқанда дүниеге Жәңгір келеді. Авторлар оның туған жылын еш бір сенімді дерексіз әртүрлі атайды. Бұл датаны білгірек айтудың тарихи мәні бар. Көбі Жәңгір 1801 жылы туған десе, өлкетанушы Ж.Ақпай “Жәңгір” деген кітабында 1804 ж. десе, Ж.Қасымбаев 1803 ж. туған депті. Мәлімет күмәнді, біткені Жәңгір өзі бір құжатта 1801 жылы тудым депті. Бұл жөнінде де жылпыстық көрсетіп, әр түрлі датаны жазған. Халық арасында Жәңгір туралы анекдот, күлкілі, тарихи, мысқыл, тарихи аңыздар әлі де сақталған. Зерттеушілер Жәңгір 12 жасында Астраханға оқуға барған, - дейді. Осыған орай ел аузында мынадай тарихи әңгіме бар. Бөкей хан 1813 ж. 12 жасар Жәңгірді ілестіріп Астраханға бара жатып, жолай Исатай ауылына тоқтап, баламды оқуға апара жатырмын, үлкен үміт қатамын болашақта орнымды басады, - депті. Келгелі баланың

озбыр, өпірім, өзімшіл т.б. мінездерін байқап отырған жаста болса, сұңғыла Исатай сабырлы сөзімен:

- Балаңыз хан болса, біздің күніміз не болады, оның алды қан, арты шаң болады, - депті. Аз сөйлеп, көп тыңдайтын Исатайдың бұл сәуегейлігінің дұрыстығын тарих көрсетті. Жәңгірдің өмірбаянын жиі жазатын Ж.Ақпай хан 15 жасында Жүзім Асреповаға үйленіп, ол әйелі Ескендір, Сейіткерей деген балаларын дүниеге келтіріп, 2 жыл тұрып өлді - дегіті. (2:15) Бұл жаңсақ мәліметтің бірі. Хан 19 жасында, оқуын бітіргесін үйленген. Екіншіден, 1837ж. - мамырда губернаторға жазған жауабында: Жүзім Асрепова 30 жаста, ұлдарым Ескендір 16 жаста, Сейіткерей 7 жаста, - деген. Әдебиетші М.Тәжімұратовта фактілерді тексермей жазуға әуес "Шәңгерей" деген кітабында көп жаңсақ мәліметтер бар, мысалы Ескендір мен Зұлқарнай бір кісі деп, оның жасында ботастырады. Жәңгір 1837ж. 11 баласын атаған. Жерлестерінің дәлелдеуінше ол 6 әйел алған, ("Орда жұлдызы" газ.5.02.99.№2.) Соңғысы, Қарауыл хожаның 17 жасар қызы Салиха. Бөкейде 4 ұл болған, үлкені Тәуке, 1799 ж. туған арабша сауатты, Ысық руының рубасы ұзақ болған, архив қағаздарында оған еш кінә тағылмаған. Ал інісі Мендігерей алымсақ, озбыр екені жөнінде шаруалардың шағымдары бар. Бұл да рубасы Жәңгір Астраханда әскери училище бітіргесін, 1823ж. 22 мамырда патшаның жарлығымен "поставлен ханом под зависимостью Оренбургской Пограничной комиссии" - делінген. (3:9) Бұл кез Бөкей ордасының қалыптасып, шаруашылығы біркелкі түзеліп, сауда ісі жанданып, дамып халқы орнығып, тұрақтап, үй-жай, қора-қопсы салып, саяси жағдай тыныштала, тұрмысы отырықшылыққа бейімделіп келушілер көбейген шақ еді. Бір мәліметте Ішкі тарапта 1824 ж. 10500 шаңырақ, яғни 52,5 мың адам тұрған. Бұл Ресейдің бір уезі халқы санынан көп кем ұсақ әкімшілік-территориялық бөлініс еді. Оны "хандық" демей, "Внутренняя Букеевская Орда" деп 1828 жылдан ресми атаған. Бұл кезде отаршылар бөкейліктерді оңай олжа көріп, жағалай казак әскерімен қоршап, ешқайда ұлықсатсыз шығармай, қамауда ұстап, әрі орыс помещиктері, купецтері, казак әскері күш жұмсап, жерін, дүние, малын тартып алып, болмашы кінә тағу, арандату мен айыптап, қанауының күшейген шағы еді. Мал саны өскенімен хан жайылыс, тебін, суат мәселесін шешуге ұмтылады. Содан 1827 ж. қыста көп мал боранға ұшырап, шығын болды. Орал казак әскері Сары, Қара өзендер аралығындағы шабындығы бар,

жайылымы, суаты мол алқапты тартып, Алаша, Байбақты т.б. рулардың ауылдарын қуып, құмға тықты. Ханнан жәрдем, ара түсу болмады. Наразылық өршіп, 1827 ж. көктемде толқу көтеріліс басталды. Жәңгір хан бұдан зәресі ұшып, тағын тастай қашып, Камышинге барып, Орынбор басшылары талабын орындамай келмей қойды. (4:232) Тек казак әскері конвойымен оралды. Бас көтерілісшілердің талабы – жерімізбен қыстауымызды қайтып бер, озбырлық болмасын деген. Әскер күшімен толқу басылды. С.Петербургтен сенатор Ф.И.Энгель келіп, жағдайды біліп, көтеріліс себебін сұрағанда Жәңгір: “Я защищал интересы русских” депті. Бұл патша чиновниктерімен авторларына ұнап, ханды өз кісісі деп санап, қорғаумен, мадақтаумен болады. Жәңгір патша әкімшілігінің сүйікті кісісі болды. Оған ең алдымен мынадай себеп болды. Жәңгір тырбынып жүріп, 1826ж. Николай 1-ң таққа отыру рәсіміне баруға ұлықсат алады. Жол шығыны “ел қамы үшін” деп хан елден жылу жинап, патшаға сыйлық апарып, көзге түсті. Келе Кенжеғали Құрманхожаев деген үйшіге патшаға арнап, алтынмен аптап, күміспен күптеп, сүйек пен сәндеп киіз үй жасатып, 1827ж. сыйлады. Енді шебер ершіге күміспен бағдарлап қазақы, бұлық көпшілікті, (көпшік патшаға ұнаған) нокта, шалбыры, құйысқан, өмілдірігі бар ертұрман жасатып патшаға сыйға тартқан. Сөйтіп хан жыл сайын дерлік патшаға үйір-үйір таңдаулы жылқы жіберіп, өзі Мәскеу, С-Петербургке барған. Ол туралы орыс газет, журналдары жаза бастады. 1834, 1836, 1837, 1838, 1840 ж.ж. одан да кейін хан астанада болыпты, бөрінде де елден жылу жинаған. Мақамбеттің “хан тағынған патшаға” дегені бекер сөз емес, халық пікірі. Хан жыл сайын әскери атақ, шен алып, шекпен жабылған, әйелі Фатимада 150.000 сомның көйлегін сыйға алды. Жәңгір жоғарғы лауазымды патша чиновниктеріне де сый берген. Стрекалов т.б. қырдың екі тамаша аты үшін ханға алғыс айтқан хаты сақтаулы. Қариялар ханның Орынборға 500 түйе айдатып барып, оның көбі әркімнің шарбағына кіргенін айтатын. Хан империяда қайда барса да өз кісісі болған. Бұл жәй хан, сұлтандарды таңдайсытып жіберген, олар қарауындағыларға зорлық істей берген. Шаруалар Шөке, Мендігерей Бөкейұлы, Медет Шөкеұлы, Тоғым Шығайұлы, Жанбөбек Бекқалиұлы т.б. сұлтандар, Шолтыр Бекмұхаметұлы, Шомбал Ниязұлы т.б. билер шаруалардың мал-мүлкін, ақшасын қорқытып, не тартып алатын болған. Бұндай зорлыққа көнбеген Майбаш Төлегенов,

Бозлақ Әспембетов, Жұматай Кенендыковті Жәңгір Орынбор губернаторына арыздап, Ордадан аластауды 1827 ж. сұраған. Губернатор Орал казак әскері атаманына аталған шаруаларды ұстап, Сібірге айдауға бұйырған. (5:385). Кит егсе төре, билердің шаруаға: “мұрныңа Үркіттің иісі келіп тұр ма?” – деп қорқытатыны бізге де жетті. Мұса Айболатов деген шаруаның Мендігерей сұлтан, Д.Шығаев, би Шолтыр Бекмұқамбетов әр кезде 19 жылқысын алған. (6:21) ханның өпірімдігі жасынан көрінген. Ол қауымдық жерді өз билігімен сата бастаған. 1826 ж. Масқар руының бірі биі М.Аллаяровке “Бөрілі” құмын сатып, хан одан 40 қой, 4 өгіз, 2 жылқы, 2 түйе, 100 сом ақша алған. (7:19). Бұндай фактілерді жалғастыра беруге болады. Бұдан Жәңгірдің жасында-ақ мінез-құлқы, адамгершілік бейнесі қандай болғанын көреміз.

Жәңгір Ресейде өзін-өзі мақтап, жабайы халқын тәрбиелеп отырғанын көрсетпек болған. С-Петербургтегі “Северная пчела” газеті (26.5.1944ж.) Жәңгірді “владелец дикой необузданной толпы” деп, оның 1844 ж. көктемде Қазан қаласында 10 шақты күн түрлі кешкіліктер мен балдарға, түстіктерге (обед) қатысып, сөйлеген сөздерін жазады. Ханның иелігіндегі бодандары (“подданные его”) “өз қатерінде Жайықтың арғы бетіндегі есер, өз ырқымен жүретін өмірін сақтап, қоғамдық құрылымға бағынғысы келмейді” - деген. Хан өз иелігінде тәртіп орнатуға тырысады” дей келе бұған мұсылман қызметкерлері де кедергі жасауда, - деп Жәңгір өз ордасында көп іс жасап үлгірді, көп қазаққа қысқы мал азығын дайындауға, қора-жай салуға мәжбүр етті; алда жайылым мен шабындықты жақсарту үшін, даланы суландыруға артезман құдықтарын орнатпақ, - депті. Сөйтіп хан Бөкей, Шығай кезінде қазақтың отырықшылана бастауын, пішен дайындауын, т.б. Жәңгір өз еңбегіне қосқан. Бұнымен қоймай өз халқын әсіресе, жабайы, өзін оқымысты етіп көрсетуге тырысатыны басқа басылымдарда көрінеді. Өзін-өзі мактаған хан сөздерін авторлар шындық деп білген. Сонымен Жәңгір хан болысымен өз халқының мүддесіне жұмыс істеу орнына кара басының қамын ойлап, кәдуілгі патша қызметкеріне айналып жағынумен жалған беделге ие болып, өз жұрты есебінен байып, атақ, шен алғанын көреміз. Біздің популистеріміз Бекмаханов, Шахматов т.б. зерттеушілердің еңбегін ысырып қойып, патша авторларының жазбаларынан еш тексерусіз көшіріп, Жәңгірді “ағартушы”, жұрт қамқоршысы, реформатор, көреген деп 10 жыл бойы оқырманды шатастырып,

чиновниктерімізді адастыруда. Журналист Боранғалиев Т. Жәңгір мектебі - 1841 ж. желтоқсанда ашылған тұңғыш қазақ мектебі деп ешбір дерексіз мақталған (8.23) Біз жаңсақ мәліметтерге түсініктеме мақала беріп едік, “Е.Қ.” жарияланады. Ы.Сариеваның Жәңгір жөніндегі жазғанына біз ғылыми түсінік берген мақаламызды редакция баспады. Сірә газета шындықты халықтан жасыратын ескі сарыннан арытмай келеді. Құлкенов М., Оғарбаев Р. “Жәңгір” (А. 1992ж.) кітапшасында одан әрі, ешбір құжатсыз жалғастырса, “өлке танушылар, популистер жалғастыра қоқыта беруде. Бұлар. Жәңгір Қазақстан тарихында алғаш өз қаржысына мектеп, аптека, музей, ветеихана, шешекке қарсы егу пунктін ашты”, - дейді. (9:3) Бұған қоса қару, жарақ палатасы, архив ашуы, ағаш отырғызуы тағы бар. Еш дерек атамайды. Бұл сөздер Жәңгірдің өзінен шыққанын, оны патша авторлары одан әрі желпіндіре жазғанын қазіргілер тексермейді, бізге “жаңа көзқарас” деп бәлсиді. Жәңгір мектебі жөніндегі дәйексіз, дерексіз пікірді қалпынша академик С.Зиманов тарих ғылымының докторы, профессор Ж.Қасымбаевтың өз кітаптарында қайталайтыны оқырманын шатастыратыны өкінішті - ақ. Білгенімше қысқаша тарихи анықтама беру парызым. Шындық айтсаң оны зерттеп, анықтаудың орнына кей ағайын өзіңнен кемшілік қате іздеп, қудалай бастайды. Бұл ғылыми полемиканың өрістеуіне, қоғамдық ойдың дамуына зиян келтіретіні де белгілі. Әйтпесе мұсылманша оқу, жазу Кіші жүзде ерте, ісләм дінінің таралуымен бірге пайда болып, қазақтың түркі оқуын жазуын ысыра бастағаны аян.

Патша әкімшілігі Орта Азия молдаларынан қауіптенген. Бұны білген патшайым Екатирина-II идеология ісіне мән беріп, 1786 ж. 12 қарашада Орынбор губернаторына Кіші жүзде мешіт салып мектеп ашуды, оларға сенімді молдаларды дайындап жіберуді міндеттеген. Молдалар Ресей империясының қуатымен әсемдігін насихаттап, қазақты патша ағзамға шын берілуге уағыздауға тиіс болады. Ал бұл мәліметтер С.Зиманов, Ж.Қасымбаев пайдаланған Қазақстан тарихы материалдары жинақтарында бар. Кіші жүзде түркі оқуыда қалмаған, белгілі акын Әбубәкір Кердері түркішені артық кордім деген. Дегенмен Ислам мектебі көбейе берген. Нұралы ханның көп балаларының бәрі дерлік сауатты, ал Досалы Қаразымда медресе бітіріп келген (10:64). Орысша оқытуда қатар жүрген, сұлтандар, билер әскери атак, шен алған. Бұл фактілер Ж.Қасымбаев кітабында Жангир “родоначальник учреждения в Казахстане школьного

образования” деуінің бекер екенін көрсетеді. (Ж.Қасымбаев. “Жангир хан”. А. 2001. 72 бет.). Бұдан әрі автор бұл мектеп ислам діні заңдарын, араб, қазақ, татар, орыс тілдерін, ал арифметика, география мен таныстыра оқытатынын жазыпты. Бұл жерде автор парсы тілі орнына қазақ тілін кіргізген. Бұл хате Ісләм мектептерінде Кіші жүзде татар молдалары оқытқандықтан татар тілі, араб, парсы тілдеріне қоса оқытылғанын жоғарыда жаздық. Тарихи деректерде қазақ тілі оқытылғаны еш жерде жазылмаған.

Жәңгір мектебі деген қандай оқу орны, қашан ашылды? Академик С.Зиманов патша авторларының лепірме сөзіне сеніп, мұсылман мектебін кемсітіп, Жәңгірдің жеке мектебін әзірлеген. (Россия и Букеевское ханство. 1982. 141-192 б.б.) Жәңгір өлгесін оның қызметін бірнеше тексерген Бөкейлікті басқаратын Уақытша Совет (Б.Б.У.С.) баяндамасында Жәңгір мектебі: “учреждена 6.12.1840г.” (Қ.Р.МОМ, 4 қор, 5042 іс, 31 пар.) “она дает первоначальное образование”, “в ней преподаются арабский, персидский, татарский, русский языки, магометанские законы, начальные знания по арифметике, географии” деген. (Сонда, 36 бет.) Бұнда негізінен мұсылман мектебі пәндері оқытылған. Олай болса ол мектеп жекенің өз үйіндегі мұсылман мектебі, хан бұған К.Бабажанов, Ш.Бекмұқамбетов т.б. лауазымды, әрі бай адамның балаларын алдырады, тізімде 10 бала, 1839ж. сентябрьде хан Орынборға менің үйімде мектеп бар, енді орыс тілімен тарихын оқытайын деп едім, оқытушы жіберіңіз” – деген. Содан 1840 ж. декабрьде ОШК Ольдекоп деген Мәскеу университетін бітірген ветеринарды жіберген, ол жылына 6000 сомға жалданады, әрі қосымша Жәңгір мектебінде сабақ беріп бір жыл істейді.

Бұл мектеп “особыми преимуществом не пользуется”, ... “окончившие ее поступают на службу в Орде” – деген (сонда, 5042іс, 19 бап). Бірен-саран кісі қазақ қаржысында тұрған Орынбор Кадет корпусына түскен. Сонымен орыс тілін оқу ол кезде жаңалық емес. Мақамбет “Жәңгір т.б. араб, парсы, татар, орыс тілдерін білген, Мақамбет, орыс инженері, әрі тіл маманы Е.П.Ковалевскийдің жазуынша, орысша ділмар екен. (12) Өтеміс Күлмәліұлы өз балаларын өз үйінде Абдолла молдаға оқытқан. Жәңгір үйінде мектепте балалары 6-7 жасында оқыта бастауы мүмкін, үлкені Ескендір 1821ж. туған. Сонда хан үйінде мұсылман мектебі 1828-1830 ж, ашылған болар. Өйткені Зұлқарнай 1833ж. арабша сауатты, 1835 ж. Исатаймен хат

жазысқан. Жәңгір өз мектебін Ресейде “училище” деп мақтанған, проф. Қасымбаев бұған күмән келтіреді. Қысқасы, бұл мектебі мұсылман хан қызметі жөнінде өрөкпелік ұзап барады, мәселеге байсалды қарау қажет. Шатастырмайық зерттеуші Я.Ханыков 1841ж. Ордада 20 шақты мұсылман мектебі бар деген. Хан қазақ балаларының Ресей оқу орындарына жол ашты деуде бекер сөз, бірде-бір жас XIX-ғ. аяғына дейін орта, не жоғарғы оқу орнына түскен емес. ББУС ордада аптека, емхана, музей барын жазбапты. Архив, кеңсе Бөкей, Сығай кезінен бар. Бұндай жаңсақ пікірдің жария болуы арнайы тарихи зерттеу жұмысының жоқтығынан, интеллигенцияның тарихи билігі кемдігінен. Осыдан кейін, әлкетанушылар, популистер ғылыми полимикаға баспасөзде жол бермеуін пайдаланып мүлде қате материалды жариялауда. Ж.Ақпай Бөкей ордасының ішкі саяси өмірінде бұрмалап, “Нарын-Казахия” деген кітабында (Орал. 2001ж. 48 бет.) Бөкей мен Сығай кезінде (1801-1825 ж.ж.) хан өкіметі әлсіз марионетка болды, рулық басқару жүйесі сақталды, ал Жәңгір ел басқару жүйесін өзгертті, қоғамда салалық, функционалдық басқару жүйесін енгізді, ұлттық мемлекеттік құрылым қалыптасты, - депті. Империя ұлттық мемлекеттік құрылым қалыптасуына жол берме? Қайта Кіші жүзде оны жойды емес пе? Енді кезек-? Екіншіден, автор өз сөзін қуаттайтын дерек көзін атамайды. Енді мәселенің шындығына келсек ел басқаруда рулық жүйені Жәңгір сақтады, өйткені қара басына ол тиімді еді. Ру басыларына Бөкейдің 3 ұлын, Шығайдың үш ұлын, Нұралы ханның 6 ұлын (Шөке, Артығалы, Жаналы, Бекқали, Жарас, Шотқара) және бұлардың ұлдары қойылды. Байырғы рубасы қарашадан Бекмұқанбет Тұрманбетұлы (Шеркеш), Нияз Оразақов (Ноғай-қазақ) өз орындарында, кейін бұлардың орнын ұлдары Шолтыр, Шомбол басты. Кіші жүздегідей хан кеңесі (дуан) құрылып, оның 12 мүшелері Жәңгірдің қолшоқпары болып, өз руларын қадағалаушы саналды. Шаруашалыққа басшылық бақылау болмады. Ең болмаса орманды қорғамады Ф.Энгель Нарын орманға бай, бірақ қаратып отқа жағып, не үйге алып отауда десе, А.Ереинов “Нарында орман болды, 1850 ж. тек томарлар қалғанын жазады. Бұл ел басқарушының ұқыпсыздығы, шаруаны білмеуі ғой. Сонымен Ж.Ақпайдың “Қазақстан тарихында Жәңгір алғаш рет өз қоғамында шаруашылық, мәдени, әлеуметтік, саяси өмірдің мәселелерімен шұғылданды”, - деуі (“Нарын-Казахия” 48 бет.) дәлелсіз және

хате пікір. Жәңгір үй салып қоныстануға жұртыма үлгі көрсеттім деген. Орынбор губернаторы 1825ж. басында Астрахан губернаторына Жәңгірге үй салып берейік десек, қашақтап орнын көрсетпей жүр – деп жазыпты. Тек 1826ж. үй салуға хан “Жасқұс” тұрағын көрсетеді, офицер Тафаев жалмажан құрылыс бастап, кілтін ханға желтоқсанда береді. Оның қасына казарма, сосын інілері үй салады. Біртіндеп орыс, татар, армян т.б. саудагерлері орнығады. “Жасқұс” базарға айналып, қонысы пайда болады. Жәңгір рапорт, хат жазғанда аяғына “Из ханской ставки на урогище Жаскус”, - деп қиялай қол қоя берген. Бұл күні Орда ауданы әкімі Л.Хайреденов: “...Иісі қазақта бірінші рет Жәңгір қала салған”, - депті (13:17). Бұл біздің ұлықтарымыздың популистер мен өлкетанушыдан алған білгі болар. Әйтпесе Алматыға 1400 жыл, Тараз, Сығанақ, Түркістан тағы бар, бәрі қазақтікі. Ал үй түбінде, Жайықта Сарайшық бар, Қасым, Ақназар т.б. хандардың мекені.

Сонымен біз жоғарыдағы фактілерден Жәңгірдің “алақандай Нарындағы” саясатының бағытын, мәнін білдік-ол соқа басының, өз әулетінің, тобының мүддесі екен. Шаруаны қанау күшейе бастағасын ашық наразылық, бас көтеру, 1827 ж. көтеріліс болады. Ханның өткеннен сабақ алмайтын, құлқынан басқаны түсінбейтін жетесіз екенін көрсететін елеулі оқиға – 1829ж. көтеріліс еді. Байбақты руының 340 шаңырақ бөлімінің биі бұғанай Шеркеш Жақсыбаев хан мен дос болды, бірге Мәскеуге 1826ж. барып, алатын медаль алып келді. Жәңгір келісімен елді қанауын үдейтіп, патшаға сыйлық жөнелте береді. Нарында медаль алып келді. Жәңгір келісімен елді қанауын үдетіп, патшаға сыйлық жөнелте береді. Нарында наразылық өршіп, 1829 ж. көктемде Қайыпқали сұлтан, Ш.Жақсыбаев бастаған көтеріліс басталды. Бұл жолы хан қашпай, қасындағы казак әскеріне сүйеніп қол жинады. Хан қолымен көтерілісшілер “масқар құмы” деген жерде шайқасып, Науша батыр Сәдібек төре деген батырын найзамен түйреп, өлтірген (Моласы әлі бар). Бірақ ОКӘ-і қаптап, көтерілісшілер Жайыққа көше жөнелгенде алдарынан ОКӘ-і атаманымен жол кесті, қоныстарыңа оралындар ханды мойындап, кешірім сұрандар деп тұрып алады. Жанұяларын қатерге ұшыратудан қаймыққан көтерілісшілер кері шегініп, басшылары жиналып жағдайды талқылайды. Шеркеш: Хан “Үндеу” таратып жатыр, қонысына оралып, ханды мойындағанға кешірім болады, - депті, біз Теректіге оралайық, - деген. Қаратоғай Мәмбетұлы: Жәңгір

сөзіне сену қиын, дегенмен оралайық. Кешірімді өзі сұрасын десе, “қарға” бойлы, шымыр Науша батыр ұшып түрегеліп: “Қарыс ақылдан сүйем қайрат артық”, мен қалайда Жайықтан өтем, Жөңгірді талақ етем, жұрт қамына мен тасаттық, маған ерстіндерін жүріндер – деп атына мініпті. Ол өзіне ергендермен казак әскерімен алысып, шебін бұзып, Жайықтан өтіп кетіпті. Қаратоғай да оралады. Шеркеш ауылын орналыстырып, ханды іздейді. Жөңгір бұл жолы қашпады. Өзен казак әскері басшысы тұрған Глияныск (Ескі қала) форп-на келіп, жатып алады. Бір күні ханға: Шеркеш келе жатыр, - депті. Хан: ол ділмөр, сөйлесе адамды ырқына көндіреді, басқа үйге түсірін, тұтқындандар, - деген. Шеркештің мойнында алтын медалі бар, онымен ұстауға болмайды екен. Әуелі оны басқа үйге жайғастырып, ол шешініп, медальді мойнынан алып, отыра бергенде, 2 офицер кіріп келіп, қолына бұғау салған. Сол түні хан досын Текеге конвоймен жөнелткен. Хан өз досын аямады, Сібірге айдатты. Тергеуші Атаман бұл бас көтерудің себебін сұрағанда, Шеркеш: “...несносные потери и притеснения со стороны хана: подать с народа собирается по несколько раз в год в несоизмеримом со справедливостью и положением платящих размере”, - дейді. (14:154) Ханның жебірлігі көрінді. Көтеріліс себебі - осы. Сонымен 1827,1829ж.ж. шаруалардың ханға қарсы бас көтеруінің, азаттық үшін арпалысының бір себебі-хан отаршылардың қысымына ара түспеуі, екіншіден, хан өз жеке басының қажеті үшін халқын қанап, алым, салықты көбейтіп, жерді сатып, “айып” деп мал, ақша жинай бергені. Бұқара наразылығы ОКӘ-і күшімен басылды. Одан хан тиісті ой түйді ме? Халқына қандай пайда келтірді? Жөңгірдің қызметін біліп, түсіну үшін шаруалардың ол кездегі жағдайына тоқталайық.

§3. Ішкі тарапта феодалдық қанаудың өршуі. Қоғамда карама-қарсылықтың қалыптасуы.

Ішкі тарап тарихын ұқыпты, ғылыми дәйекті зерттеген В.Шахматов, Е.Бекмұқанов шаруаларды қанау мәселесіне байсалды қараған. Қазір кейбір авторлар тап, таптық қанау, топ күресі мәселесіне теріс қарайды, “ат төбеліндей қазақты тапқа, тапқа бөліп” деушілерде бар. Қазақ қоғамында таптық қанау жөніндегі ілім К.Маркстен бұрын белгілі еді. Тап пайда болысымен қанауда шықты деген ұғымға уәж айту қиын. Қанау бар жерде тап күресі бар. Спартактан бастап езілгендер өз

тендігі үшін қолынан келгенінше күрескенін жасыра алмайсын. Қазақ байлары да неміс буржуасы секілді таптық қанауды көлегейлеп, туысқандық көмек деп келгені белгілі. Зерттеуші В.Шахматов қазақ қоғамындағы таптық қанаудың түрлерін ашып, анықтап берді (15:62). Қазақ қоғамында ежелден бай кедейге бөлінгенін жасыра алмайсың. Кедей өз туысқанына еңбегін сатуға мәжбүр, ал бай оның жалақысын толық төлеген емес. Ауқатты шаруада қаналады. Қанаудың түрі, саны көп. Біз оның бәрін тәпештей алмаспыз. Қанау жерге иеліктен, оны пайдаланудан басталады. Біз Жәңгірдің экономикалық саясатымен танысайық. Мал өсірумен күнелткен адамға көп, әрі сапасы әр түрлі жер керек. “Кіші жүзде жерге қауым ие дегенмен, бай өктем болған. Жерді жеке меншікке иелену бұрында болған. (16:96) “Жер дауы, жесір дауы” ежелден келе жатқан талас. Жәңгірде хан болысымен бүкіл ордалықты “өз иелігім” деп танып, баю үшін оны сата бастағанын айттық. Ханның бір рапортында Кіші жүздің оңтүстік бөлігін Жем, Сағыз өзендерінен төменгі Жайыққа дейінгі алқапты өз иелігім, өзін “хан меньшей киргиз-кайсацкой орды” деп атаған. Губернатор П.Сухтелен 1828 ж. сіз өз әкеңіз иелігін, яғни Еділ-Жайық аралығын ғана билеңіз және ол “Внутренняя, сіздің әкеңіз есімі мен “Букеевская Орда” – деп аталады, - дей келіп, Сағыз, Жайық аралығы Кіші жүздің Батыс бөлігіне қарайтынын мәлімдеген. Сөйтіп “Бөкей, ішкі Ордасы” деген атау пайда болды. Ресми документтерде 1917ж. дейін солай аталды. Тарихи, саяси әдебиетте де осылай қолданып келді. Академик С.Зиманов кітабында “Орда” термині орнына “ханство” сөзін, хан билігін “әкімет” сөзін қолданған. (17:109-112). Екі ескі терминді ауыстырғанда автор не ұтатыны түсініксіз? Қоғамдық дамуы артта қалған елге, не адамдар тобына қолданылатын ескі, мәні, мағынасы тозған бұл терминдерді патша үкіметі әдейі қолданғаны белгілі. Ол мынадан да көрінеді. Жәңгірді хан етіп ежелгі дәстүрдей халық сайлаған жоқ, патшаның 1823ж. 22 мамырдағы жарлығымен: “...поставлен под зависимостью Оренбургской пограничной комиссии”, - демей ме? (17:9) Бұл уезді деңгейіндегі 55 мыңдай халқы бар территориялық-әкімшілік бөлініс еді. Жәңгір ОШК билігінен шығып көрген емес, ОШК-н айтуымен істеді. Патша әкімшілігі Кіші жүз бен Бөкей ордасының ішкі ісіне бұрынғыша араласа қоймады, қатан бақылауы тек бағынбаушыларды ұстап, аластап, жазалап қазақты орыстандыру саясатын тынбай жүргізе береді. Жәңгірде

“Үкімет”, не шаруашылықты, не қоғамдық өмірді салалап, функционалды басқару болған емес, және құқы жоқ. (19:11) Қазіргі кей автор еш бір дәлелсіз Бөкей ордасы, “ұлттық автономия” деңгейіне жетті деуі бекер сөз. Империя өз жерінде бұған жол бермейді және патша Александр І-ң “царство в царстве не может быть”, - деген кең жайылған сөзі бар. Құрметті ағамыз, көрнекті ғалым академик С.Зиманов Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылына бағыштап “Россия и Буксеевское ханство” деген кітап жазғаны белгілі. Автор Ресейді сол кездегі идеология сарынымен бір талай мақтап, Жәңгірді патша авторларындай әсірелей берген. Бұны қазіргі авторлар шындыққа балап, 10 жылдан бері ханды тынбай мадақтап, халық өмірін мүлде жазбайды. С.Зиманов кітабында “хан проводил продуманную социальную политику, сориентированную на ослабление родовой знати”, ... он проводил ряд мероприятий направленных на укрепление своей власти, - депті. (аталмыш еңбек, 108-112 б.б.) Ескі ру шонжары (знать) деп отырғаны кім? атамайды. Рубасылары дегеніміз Нұралы ханның 6 баласы, немерелері ғой. Ал жаңа рубасылары – сол Нұралының немерелері екенін жоғарыда атадық. Енді ханның жаңа әлеуметтік саясаты дегенге автор жер реформасын, алым, салық жинауды “дархан” атағын жалғастыруды жатқызыпты. Бұл “томпақтау” пікір. Автор жер реформасын сенатор Ф.И.Энгель 1828г. Сенатқа жазған баяндамасында ұсынылып, үкімет оны мақұлдап, Орынборға міндеттегенін, ОШҚ бұл істі Жәңгірге жүктегенін жазады, реформаны хан бұрмалап өз мүддесіне туысқандарының мүддесіне пайдаланғанын көрсеткен. Енді оны ханның тындырған әлеуметтік жұмысына қосады. Дархан атағын қазақ шонжарларына (знать) берілді депті. Бұл да хате. Бұзау, Собақ Естаевтар Байбақты руының Еділбай атасының байларына хан “дархан” атағын береді, ұрпағы 1880 ж. дейін соның жеңілдігін пайдаланып, Алаша руы Әукетай ауылының жерін озбырлықпен таласып деп хан берген жер актасымен “дархан” атағынан айырылған. Молда Нысанбай Кенжебаевта “дархан” болып, Татовка қасынан ойып жер алған. Бұдан әрі қадірлі ағамыз хан дамытылған салық жүйесін жүргізді деген. Салық, алым, міндет (повинность) санының, көлемінің өсуі жебір хан қалтасын байытқаны болмаса, халыққа күллі зиян әкеледі ғой! Бұдан әрі автор Жәңгірдің әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігінің бірі - зәңгі қызметкерлерді дайындап, көбейту болды депті (20:109)

Бұл да сын көтермейтін пікір. Өйткені, біз жоғарыда Екатерина – 2 патшайым дін уағыздау, жалпы идеологияны өз қолдарына алып, Кіші жүзге мешіт пен мектепке өздеріне сенімді адамдарды ғана жіберетінін жазғанбыз. Содан указной молда деген пайда болды. Мешіт салу, мектеп ашу, молда дайындау, орналастыру губернатордың билігінде болған. Ешкімнің ұлықсатсыз молда ұстауға, мешіт салуға, бала оқытуға құқы жоқ. Мұрағатта бұл жөнінде талай іс бар. Бөкей ордасына молданы Орынбор жіберіп тұрған. Орта жүздің ханы Уали 1799 ж. Орынбордан бір ауылына молда сұратып алған. Осындай жаңсақ саяси, экономикалық т.б. мәліметтерді қазіргі авторлар тексерместен көшіріп жазып, оқырмандарды тарихшыларды шатастыруда. Сондықтан біз Жәңгірдің жер реформасын қалай жүргізгеніне, алым салық жинау жұмысына әдейі қысқаша тоқталайық. Бұл шым-шытырық, күрделі мәселелер.

Орынбор губернаторына: “Сіз маған сұлтандар мен старшиналарға жерді жеке меншігіне беруге кеңес беріп едіңіз. Шынында да рубасқарушыларға наград ретінде жер бөліп берсек, қайырлы іс болар еді. Осыны жүзеге асыруды бекітсеңіз пайдалы болар еді”, - деп хат жазған. Орынбордан бұл шараға шекара туралы мәселе шешілмей бұны бастау ыңғайсыз болар, дегенмен өзіңіз жөн деп тапсаңыз, кірісе беріңіз деген жауап 1831 жылы күзде келді. Осы уақыттан бастап Жәңгір өз білгенінше жерді үлестіре бастады, содан 1845 жылға дейін жасалған 1517 астам акт жазылған. Хан жайылым жерді бұрыннан кім қоныстанып отырғанына қарамастан тәуір жерді бұрыннан кім қоныстанып отырғанына қарамастан тәуір жерді өз туыстарына, параны көп берген байларға үлестіре берген. Тіпті бір жерді екі кісіге сатты. Өзінің тірегі Ноғай руына – Шомбал, Бекжан Ниязовтерге 1 млн. 800 мың десятина жер, Мүшеғали, Шыңғали Ормановтарға 700 мың десе, өзінің қайын атасы Қарауыл хожаға, інісі Мендігерейге – 400 мыңнан. Сонда шаруаларға жарамды жайылымның 1/3 бөлігі ғана қалған. Кей ру бөлімдері, көп ауылдар мүлде жерсіз қалады (21:19) Мысалы, Масқар руының Елубай Манатаев ауылының Бөрілі құмындағы “Ханкелген” сайын, Тама руының адамына сатқан. Бұған масқарлар наразылық білдіріп, ақыры ханға тағы да 600 сом “сый” берген. Бөрілі құмын екі ауылға бөліп, шекарасын белгілеу үшін ханның інісі Мендігерей сұлтан келіп, шекараларын көрсетіп, колынан қағаз береді. Осы “еңбегі” үшін Мендігерей бұл ауылдан тағы 2 түйе, 1 ат, 100 сом ақша, 3

алған, сол үшін қолхат берген. Бұл факті шаруаларды қорғансыз ауылды Хан бір тонаса, оның туысы сұлтандар тағы тонайтынын көрсетеді. Онымен де бұл жерге талас бітпеген. Хан мен сұлтандар, ру басқарушылар, билер жерге мұқтаждықты ойлап отырып, ақшаны, параны көп берген кісіге жерді хаттап бере берген. Шабындық, жайылым жерді Жәңгір қаншаға сатқаны белгісіз. Архивте Алаша руының Малбасар ауылына 1836 жылы №345 нұсқауымен /пердписание/ Бидайық көл көлі Боқтыкөл/, Малбасар қамысты көлі, Шойтық Саратжынкөлі деген жерлерді берген документ бар. Ел аузында сол күнге дейін сақталған әңгіме бойынша бұл ауыл осы көлдер үшін ханға 60 атан берсе, хан “Ақмоншак” деген әйгілі жүйрік атын сұраған. Амал жоқ берген 1836-1837 ж.ж. көтеріліске қатысқан Ғаббас Қошаев пен Елубай Манатаев деген шаруалардың Орынбор шекара комиссиясына берген арыздарында Жәңгір хан жерді жер иелерінен сажіндеп кесіп алып, басқаларға әр сажінін бір сомнан сататынын жазады. (22:18) Жерсіз, қоныссыз қалған шаруалар амалсыз осы арызқа арендаға жер алады. Билеуші топтар өздеріне әбден бай сұнбаған билер мен шаруаларды қудалап, көптен мекендеп жатқан жерлерін тартып алған. Соның бірі - Исатай Тайманұлына істелген озбырлық. Исатай жас кезінде Жабал деген ағасы теңіз жағасында Еділ салалары Қиғаш, Жайық, Құйған өзендері арасында мекендеуге 1808-жылы ұлықсат алған. 1812 жылы Бөкей хан бұл жерлерді тағы Исатай ауылына бекітіп, куәлік қағаз берген. 1825 жылы Жәңгір осы жерлер Исатай ауылына бекітіп, куәлік қағаз берген. 1825 жылы Жәңгір осы жерлерге Исатай ауылының қонысы екенін куәлөндіріп қолхат берген. (23:247) Енді міне, 1834 жылы Қарауыл хожа мен Балқының тіміскі, орындату әрекеттері мен ханның Исатай ауылының Теңіз жағалауындағы 25 жыл жайлаған жерін, қыстауын, қора-жайын Орал әскері күшімен тартып алып, жерін Манаш, Мыңтөбе құмына көшірді. (21:247) Сол секілді Бекмұхамбет, Қожақмет Өтемісұлдары ежелгі ата қонысынан ауылға кеткен. Бұндай озбырлық ол уақытта жиі болған.

Шаруалардан тартып алған жерге сұлтандар, билер, ақсақалар, байлар егін сала қоймаған, тіпті малына жеткілікті жерде шаба қоймаған. Олар жайылыс пен жайлауды шабындық пен қыстауды шаруаларға арендаға беріп, мал, ақша алған. жұмысына жолдаған (пішен шабу, құдық қазу, тас соғу, қызыл қию, шарбақ салу т.б.) ОКӘ -і тебінге баратын әр

жылқыдан ақша алған. Сөйтіп қазақ шаруасын екі жақтан қанаған.

Сонымен, жер реформасы, Энгель айтқан тиімді ұсыныстар бұрмаланып, Жәңгір оны өзінің әулетінің, табының пайдасына шешіп, халыққа жердің 1/3 бөлігі ғана қалған. Екіншіден, билеуші топ алған жерін халықты қанау объектісіне айналдырып, аренда алып, алым жию, жұмысқа т.б. өз керегіне пайдаланған.

Құнарлы, жайылымды, сулы жерге талас Жәңгір хан кезінде қатты өрістетіп, шаруалар жер тапшылығынан көп қиындық көріп, күйзеліске ұшырайды. Билеуші топқа наразылық үдейді.

Шаруаларға ауыр жүк – алым-салық. Патша әкімшілігі біртіндеп қазақ шаруаларына түрлі салықтар мен міндет – борыштар /повинности/ сала бастады. Солардың бірі - жайылыс, тебін үшін салық болды. Патша өкіметі Орал, Орынбор линияларына жақын тұрған ауылдардан малын жайғаны үшін мал санына байланысты салық салып, 1840 жылы Линия маңындағы 13570 қожалықтан 14817 сом жинаған.

Ал 1841 ж. 15070 қожалықтан 57687 сом алған. Сөйтіп, салық төлеушілер санын нақты есептеп, көбейте берген. Мысалы, 1842 жылы 17295 қожалықтан 72500 сом, 1843ж. 19669 қожалықтан, 90630 сом жиналған. (24:3) Басқа бір деректе, 1837ж. жерді жайлағаны үшін /оброк ретінде дейді/, 71584 сом жиналған (25:22). Бұнымен қатар, патша әкімшілігі Кіші жүз шаруаларына түгін салығын өндіріп, әрбір қожалықтан 1 сом 50 тиын жинай бастаған. Міне, 1837 жылы Кіші жүздің тек Жайықтан шығыс жағында мекендейтін шаруалардан 23259 сом түгін салығын жинаған және бұл жыл сайын өсіп отырғанда, 1839 ж. 13740 сом 1841 ж. – 48921 сом болған. (26:21) Бұлар әбден толық мәліметтер емес. Бұған қоса қақыра (мазанка) салығы бар, ол да 1 сом 50 тиын. Ал Кіші жүздің оңтүстігіндегі ауылдар амалсыз салықты Харазым хандығына төлеген. Олар зекет т.б. салықты қорқытып күшпен алған, Оңтүстіктегі көп ауылдар салықты екі жаққа да төлеуге мәжбүр болған. Жалпы, алым-салық туралы архивтерде документтер өте аз, барының өзі үзік-үзік болғасын толық, түгел түсінік бермейді. Патша өкіметі қазақтардан әуел баста алым салық алынбайтын болып келіскенбіз дей тұра шаруалардан алым, салық жинай берген. Мысалы, жоғарыда аталған салықтармен қатар Кіші жүз бен Бөкейліктен көлік жинау, киіз салығы, түз тасу үшін, балық,

азық тасу үшін ылау міндеті жүктелген, жүн, тері, киіз т.б. қажетті заттарды жинаған. Атап айтқанда, губернатор Перовский Харазм /Хиуа/ хандығына 1839 жылы жорыққа дайындағанда Кіші жүз шаруаларынан жобадағы жүн, тек Жәңгір хан арқылы 9000 түйе, киіздер жинаған. Бұл жорыққа аттанған 5000 солдатқа жабағыдан шолақ күпі мен шалбар тігіп кигізу үшін қанша жүн кеткенін шамалауға болады. Бұның үстіне шаруалар патша әкімшілігі жүктеген түрлі міндет-борыштарды /повинность/ атқарды: ат-көлік беріп, жүн тасу, жоғарыда аталған жорыққа 200 астам шаруа түйлерді бақты т.б. түрлі экспедицияларға қатысты. Патша әкімшілігі Орал, Орынбор әскерлері басшыларының талабы бойынша қазақ шаруаларының Жайықтан әрлі-берлі өтулерін тежеп, егерде қызмет іздеушілер болса, оған рұқсат ретінде 1817 – жылдан бастап билет сатқан. Сонда Линия тұрғындарына жұмысқа жалданушылар әуелі бір жылдық мерзімді билет үшін 6 сом, жарты жылдығына 3 сом, әр ойлығына 50 тиын төлеуге тиісті болған. Бұдан Орынбор әкімшілігі, Жәңгір хан көп ақша жиған. Мысалы, 1834 ж, тек Орал әскері кеңсесі бойынша 8532 билет сатылған. 1836 жылы Орынбор губерниясы бойынша қызметке жалданушыларға сатылған билеттен 50 мың сом ақша түскенде, ол түгелімен Неплюев әскери училищесінің қажетіне жұмсалған. (27:2) Билетке ақша табу кедейлерге өте қиын болған. Сондықтан олар билетсіз жасырын келіп, жалданып, тәуелді болып, өз еңбегін толық ала алмаған. Шаруалардан жиналатын алым, салықтың мөлшері мен түрлері туралы кейбір нақтылы мәліметтер Бөкей Ордасынан кездестіруге болады. Жәңгір хан алым, салық есебін өзі жүргізгенде, оның жалпы мөлшерін ешкім білмеген. Шаруалардың наразылығы күшейіп, арыздар көбейе бастаған соң Орынбор, Астрахан губернаторлары Жәңгір ханнан жиналатын алым, салықтың жалпы есебін, түрлерін атауды бірнеше рет сұраған. Бірақ хан бұларға жауап бермеді, немесе көз көре төмендетілген қате мәліметтер берген. Жәңгір шаруалардан көптеген алым салық жинаған, ұзын саны жиырма беске барады және түрлендіріп өсіре берген. Мысалы, ханға берілетін қалыптасқан (1) соғым салығы мен қатар, ханның (2) “қонақ асысы” “ханның үш асы” (3), тұяқ (4) т.б. Бұлардың шамасы белгісіз, ханның қонақ асысы дегенге 1 түйеден жиып, Астрахан, Орынборға сатқан (28:19), бірақ соғым салығының көлемін шамалауға талаптанып көрейік. 1838 жылы басында Жәңгір ханның Астрахань губернаторының сұрауы бойынша

берілген мәліметінде соғым әр шаруаның “халіне қарай” атынады деген. Бұл әрине шындыққа жанаспайды. “Соғым – дейді Жәңгір одан әрі, - қарамақтағыларымының өз еркімен хан үстеліне күзде әкелетін сиы, - деген “Бұл екі салық /соғыммен зекет И.К./ Сұлтандар, билермен жиналып ханға тапсырылады да, ол бұны билермен старшиналарға жағдайы мен еңбегіне қарай төлеуге жарлық”, - деп жазған жөн (29:20).

Одан әрі хан шаруалардан сұлтандар үшін тағы арнайы соғым (5) жиналатынын айтқан. 1845 жылы Жәңгірден кейін ішкі тарапка уақытша басқарушы болып қалған Әділ Орынбор басшыларына жазған мәлімдемесінде: Жәңгір хан өзі билерге алым, салық мөлшерін белгіледі және салықтарды қабылдайтын 5 приказшигі, 10 қызметкері болды деген. (31:33) Соғым әр ауылдағы үй санына байланысты белгіленген. Әрбір 15 қожалық /10 бай, 5 орталау шаруа деп қояды. Хан соғым, т.б. салық мөлшерін көбейте берген/ бір соғым берген, яғни бір жылқы, не сиыр немесе малдың орнына 70 сом ақша алған. Бұндайда мал бағасы қымбатқа бағалап – 200 сомда деген. Алым, салық есебін хан өзі жүргізген. Бөкей ордасының Уақытша Советінің кеңесшісі болған Ващенконың 1850 жылғы мәліметінше хан “соғымға кей жылдары елден 6000 сом ақша қоса алған. (30:33) Осында жұмыс істеген М.Иванин 10000 сом ақша жиналған, - деп жазған. (32:9) Бұл да толық мәлімет емес. Өйткені, 1827-1829 ж.ж., 1836-1837 ж.ж. көтеріліске қатысқан шаруалар Қаратоғай Мәмбетұлы, Ғаббас Қошайұлы т.б. 1840 жылдар Орынбор губернаторіне, шекара комиссиясына бірнеше рет арыздар жазып, онда ханның елден көп салық жинайтынын және олардың мөлшерін атаған. Олар Ішкі Ордада 198 ауыл бар деп есептеп, әр рудағы ауыл санын көрсеткен. Мысалы, Байбақты руы 33 ауыл 100 соғым береді, Алаша руы 22 ауыл 92 соғым төлейді, Беріш 34 ауыл 151 соғым бергенде, 12 ру ауылдары (2 рудың соғым есебі жоқ. И.К.) 770 соғым жинаған. (33:48) Бұл мәліметке сенуге болады. Бұдан әрі Қаратоғай мен Ғаббас т.б. зекет (6) ақша салықтары туралы да нақты мәлімет көрсеткен. Ғаббастың 1842 ж. 11 ноябрьдегі арызында Хан елден жыл сайын ақшалай алым /сбор/ (7) жинайтынын жаза келіп, әр рудан қанша екенін атайды. Мысалы, ноғай-қазақ руынан 40000 сом, Шеркештен – 50000 сом, Қызылқұрттың II ауылынан 30000 сом, Адайдан – 25000, Жетірудан, Танадан, Кетеден – 20000 сомнан сонда 14 ру ауылдарынан 410000 сом ақша жинаған. (34:18) Бұнымен қоса базарға сатылған малдан хан

баж алымын /пошлина/ алған. Сонда әр сатылған малдан 1-2 сомнан алған.

Келесі бір ауыр салық - зекет. Оның мөлшері - малдың 1/40 деп есептеледі. Бірақ хан зекеттің мөлшерін өзі белгілеген. В.Ф.Шахматов зекет жинаудың мынадай тәртібін келтіреді. Әр жылқыдан зекет деп 1 сом алған, 5 түйеден – 1 қой, 10 түйе үшін – 2 қой, солай өсе берген де, 25 түйеден – 1 тайлак, 36 түйеден – 1 құнажын түйе, 46 түйеден – 1 төрт жасар түйе, 61 түйеден – 1 бесті түйе алған. Мүйізді малдың 30 басы үшін – 1 тай өгіз, не қашар, 40 басынан – бір құнажын, 60-нан 2 тай өгіз т.с.с. Қойдан 40 бас үшін 1 қой зекет, 121 бастан 2 қой, 201 бастан 3 қой, 400-нен 4 қой (35:50) Ал Әділ Бөкеевтің Орынбор шекара комиссиясына берген мәліметте зекет мөлшері 100 жылқыдан бір жылқы, 30 түйеден бір түйе, 30 сиырдан бір сиыр алынған деп жазылған. (36:34) Бір жылдары М.Иванин 7000 сом зекет жиналды деп жазса, келесі жылы 115 мың сом болған. Бұл да толық мәлімет емес. 1835 жылдары зекет қанша мөлшерде жиналған туралы анық дерек кездестірмедік. В.Шахматов өз еңбегінде Хан Жәңгір 1836 жылы зекет үшін деп шаруалардан 18000 қой, 800 өгіз, 1000 жылқы, 700 түйе жиналғанын Орынбор шекара комиссиясына мәлімдегенін келтіреді. (37:60) Сонда Алаша руы ауылдарынан 47300 сом зекет салығы жиналған. Байбақты ауылдарынан 47050 сом, Адай ауылдарынан 16750 сом, Қызылқұрттың II ауылынан 13700 сом, Ноғай-Қазақстан – 34100 сом тағы солай жалғаса береді. Небәрі 331700 сом жиналған. (38:46) Бұған әлі кейбір рудың ауылдары, рулар кірмей отыр. Сонымен зекет салығының мөлшері, сомасы туралы әртүрлі мәліметтерді көрсете келе байқағанымыз хан шаруалардан аяусыз алым, салық жинап отырғанына көзіміз жетті және есебін әдейі шатастырған.

Бұл салықтарға қоса шаруалар екі соғым төлеген сайын бір 3 сөжіндік ақ киіз (9) төлеу міндетті болған. Сол секілді құшыр /егіншілерден/ (10), пігір (11), тұяқ (12), Ханның үш асы, қызыл киіз (13) т.б. салықтар болған. Жәңгір хан шаруалардан салықтың неше түрін ойлап шығара берген. Солардың бірі - етпен пішен салығын (14) алған: ханның жарлығы бойынша әр шаруа күзде ханға түйеге артылған екі жүк пішен әкеліп беруге міндеттелген. Ал пішен бермесе, орнына 2 сом ақша төлеген. Аукатты шаруалардан Жәңгір көлік ретінде деп бір-бір түйе (15) алып, сосын оларды Орынбор, Астрахань базарларында сатып отырғач. (39:19) Түрлі салықтардан жиналған малдарды

хан шаруаларға (39) бақтырып керегінде Сарытау, Астрахан, Камышин, Царьцин, Теке (Орал) базарларына айдатып апарып, саттырғанда, ақшасын өзі алған.

Бұл салыктарды жинаушы сұлтандар мен билер әрбір салық мөлшерін артығымен өсіріп, салып, соғымнан, зекеттен т.б. түскен мал мен ақшаның артығын өздері алып қалып, ел үстінен күн көрген. Хан қалайда шаруаларды аяусыз сородың мүмкіндігін жібермеген.

1832 жылдан бастап ОШК нұсқауымен Жаскұста жармеңке құралғанда хан әрбір сатылған малдан 1 сом ақша (16) алған. 1839 жылдары Ішкі тарапта болған Орыс география қоғамының мүшесі Я.Ханыков Жәңгір хан кеңсе қызметкеріне (17) молдалар (18) мен мешіттерді (9), мектепті (19) ұстау үшін 30000 сом ақша жұмсалады деген. (40:20) Бірақ бұл толық дәл мәлімет емес. Көптеген авторлар хан шексіз алым, салықпен халыққа үлкен ауыртпалық әкелгенін жазудан қашады. Оқырман түсінуі үшін біз жалғастырайық.

Хан 15 шабарман ұстаған (10) олардың әр қайсысына жылға 450 сом төлеген (41:49) бұл шығында елден жиналған. Сонымен алым, салық түрі 25-тен асты.

Хан кеңсесінде 10-12 хатшы (20) ұстаған, оның әр қайсына жылға бір мың сомнан, кеңсенің басқарушысына 1500-3000 сом (21) төлеген. Жәңгір әр рудан өз жанына қызметші (22) алған, олар сол рудың асырауында тұрған, ол үшін 150-300 сом ақша, төрт-төрттен аттар мен киім сол ру ауыл адамдары берген. (42:19) Ерекше тапсырмалар бойынша чинovníк 350 сом (23) алған. Хан тұрағында мал дәрігері (24) емші /лекарь/ болған, біріншісі жылға 700 сом, ал ветеринар Ольдекор 4000 сом екіншісі 428 сом күміс ақша алған және шешекке қарсы егуші /оснопрививатель/ (25), ахун (26), азаншы, молда тағы бар. Оның үстіне әр ауылда, руда молда бар. Бұлар мен қатар хан “депутаттар” тағайындады. В.Шахматов өз еңбегінде “депутат” деп сұлтанды атады, оған Ордадағы бір рудың ішіндегі Ұсақ қылмысты істерді тәптештеу міндеті жүктеледі”, - дейді. (43:49) Бұл жаңсақ пікір. Депутат болып орысша білетін кісі тағайындала берген. Депутаттарда (27) хан жарлығына сай ел үстінен күн көрген. Сонымен депутат молда да, қарапайым қазақта болған. Хан көбіне депутатыққа өзіне сенімді сұлтандарды пайдаланған және депутаттар тұрақты деген мәлімет кездестірмедік.

Хан басқа да қызметкерлерді, чиновниктерді жалдап ала берген. Мысалы, 1829ж. Г.С.Карелинді кеңсе ісіне жылға 4000 сом жалақы беріп, жалдаған.

Қара жардан /черный яр./ Еділ бойы Батаевкіге дейін почта әкеліп тұрғаны үшін 600 сом төлеген. Батаевкіде поп почтаны алып, сақтап, тасушы қазаққа бергені үшін жыл сайын 2 жылқы т.б. пайда алған. Бұл бағытта почта станциясын старшына Абдрақман Исмайлов ұстап, сол үшін ол жылына 5 ат, 5 қой алған. Қарақөлде, Шоңайда, Жасқұста, Ұялы да т.б. жерлерде почта станциялары орнатылып, оларға жер үй жасалып, 3 ат, жегу әбзелдері, арба берілген. Ішкі өзен әскер линиясының орталығы Глинянский форпостысынан хан ордасына дейін почта байланысын орнатып, оны атқаруды Масқар руының биі Айдар Бұланбаевке міндеттелген. Сол үшін оның аулына ұзындығы 15, ені 3 км жер бөлшегі берілген. Масқар руының осы маңдағы екі аулына почтаға 8 ат біржолата беруге, ал 10 аттан жыл сайын почта тасуға беруге және пішен мен қамтамасыз етуді тапсырған. Сонымен бұл қызметкерлердің бәріне қаржы көлік, құрал елден жиналған.

Хан шаруаларға түрлі қызметтерді тегін істеткен дедік. Мыс. Үдірей Қаратоғасевке, И.Қалдыбаев ауылдарынан бір-бір кісіні, бір қап құрт азығы мен жұмысқа жіберуін талап еткен, қандай жұмыс екенін айтпайды. Баю мақсатында құныққан билер мен сұлтандар зекет пен соғымды бірнеше рет жинауды шығарған, немесе олардың санын көбейтіп, өзіне алған. Адым, салық жинау олар үшін тез баюдың еңбiер оңай жолы болған. Салық жинаушы еш адамның тұрмыс жағдайына қарамаған және мал алса ішінен таңдап тәуірін алатын болған. Бермегендерді ұрып-соғып мүлкін, малын тартып әкеткен. Сондықтан салық жинаушы елдегі бір жексұрын адам болған, оған деген ел ішінде араздық, өшпенділік өрістей берген. 1837 ж. Кіші жүзде Байбақты руының Күчмен, Қара ауылдарына малдары үшін төленетін ақша салығын жинауға барған бір сұлтан мен 2 биді ашынған шаруалар сабап, өлтірген. (44:1) Ж.Қасымбаев Жәңгірдің алым, салық жию саясатын батыл, нақты әшкерелеген.

Алым-салықтан құтылу, не азайту мүмкін болмаған. Оны төлеуге жайы келмеген шаруа ығысып Жайық бойына, немесе одан әрі өтіп кетсе де сұлтандар мен билер тіміскілеп жүріп табатын болған да, алдына бар малынан керегін тартып айдап әкететін болған. Мұқтаждықтан линия тұрғындарына

помещиктерге жанданып жүрген жалшылардан зекет, соғымды күшпен алған. Алым, салық көптігінен мал басын кемітіп, жасырып, төлегісі келмегендерді де аяусыз жазалап отырған. Каспий теңізі жағалауында көшіп жүрген Татан ұлдары деген шаруа ханға зекет төлеуден бас тартып, малын жасырады. Бұны естіген осы алаптың басқарушысы Қарауыл хожа Бабажанов Аманжол деген сол ауылдың биіне: хан салықтарын төлеуден жасырынғаны үшін басқаларға үлгі болсын, оларды дойыр мен соғып үстіне тиісті алым, салығын төлеттірген. (45:42) Осы көтеріліске қатысқан Қаратоғай Мәмбетұлы /Алаша/. Ғаббас Қошаев /Ноғай/ т.б. кейін Орынбор шекара комиссиясына (ОШК) берген мәлімдемесінде жыл сайын бізге хан тарапынан әртүрлі талау жүргізіледі. Ол әр руға бір сұлтанды тағайындаған: ал олардың зияны ханнан асып түседі... Біз мұқтаж болғасын төлеуден бастартсақ, онда олар бізді сабайды және азаптайды, ал қарсылассақ бізді ханға сүйрейді..., ал хан бізді шақырып алып, қатал жаза қолданады. Біздерден түйелер мен жылқыларды ондап өндіріп алуы мен қатар, оның үстіне бір-бір ат, бір шапан тағы алады. Біз өз меншігіміздің қожалығынан айрылдык, - деген (46:313)

Ханның 12 биінің бірі Шолтыр Бекмамбетов т.б. Мұса Айболатов деген шаруадан күш пен бірнеше рет 19 жылқысын, 20 сиырын 7500 сом ақшасын тартып әкеткен. (47:21)

Бұл секілді зорлық жиі болған. (48:18) Сонда жыл сайын жоғарыда аталған тек 14 ру ауылдарынан хан “Соғым” деп 375 мың сом 1844ж, 420 мың А.Харузин 4000 бас жылқы, 24000 қой жинаған. Алым, салық жинаушылар ханға деп жинағанның жартысындай мөлшерде өздері алып қалады. “Зекет” деп 1830 ж.ж. 117 мың жиса, 1840 ж.ж. 327650 сом жиган. (48:19) Бұлар да толық мәлімет емес.

Алым салықтың саны 25-тен асады, көлемі өсе берген. Өз халқын қасқырдай талау емес пе? Біз кейбіреуін айттық, онда да көлемі толық емес. Профессор Қасымбар “Жангир обирал собственный народ” – дегені осы. Алым-салық жинау қай мемлекетте де қалыпты жағдай, тек халықтың әлеуметтік жәйіна үлкен зиян келтірмеуі тиіс. Жәңгір мемлекеттік қайраткер болса өз халқының тұрмысына, демографиялық болашағына, экономикалық дамуына зиян келтірмеуді ойлауы тиіс еді. Біз жоғарыда ханның экономикалық саясатынан бірталай фактілер келтірдік. Оның қаншалықты зияны болатынын оқырман сараптар.

Сөйтіп, Кіші жүздегі Бөкейлікті билеуші топтар, байлар ел есебінен баю мақсатында алым, салықтың көптеген түрлерін ойдан шығарып, тегін жұмыстарын істетіп, шаруаларды аяусыз қанаған. Бұл көп алым, салық шаруалардың шаруасын күйзелтіп, олардың мал дүниеден айырылып, мұқтаждыққа ұшырап байғұс болуына әкелді. Әсіресе ішкі Ордада жебір Жәңгір хан кезінде алым-салық тым көп болғанын және барлық басқарушы аппарат шаруалар есебінен тұрғанын көрдік. Жәңгір ханның, Кіші жүздің қалған үш бөліктерінің билеуші сұлтандары Баймағамбет, Жүсіп Нұралиев пен сұлтандардың, билердің озбырлығы, патша әкімшілігінің зорлығы шаруалар наразылығын күшейтіп, ашыңдыра береді. Ал ханның қазақтар шаруашылығын жақсартуға отырықшылықты дамытуға қыстау, үй салып, қоныс құруға егін егіп, пішен салуды авторларда сылдыр сөзден басқа нақты фактілер атай алмай келеді. Біз Жәңгір хан саясатын, феодалдық қанау жөйін негізінен шаруалардың арыз, шағымдарымен хабарламаларына сүйеніп, баяндап отырмыз.

Жебір ханның жемқор саясаты шаруалардың әлеуметтік жағдайына жасаған залалымен танысайық.

§4. Ішкі тараптағы әлеуметтік күйзеліс.

Біз жоғарыда Ішкі тарап шаруаларына отарлық езгі мен зорлық қазақтың өз билеуші тобының халыққа қысым жасағанын айттық. Жәңгір ханның жер реформасы, саудагерлердің қиянаты т.б. өрескел қимылдары нәтижесінде бұқара наразылығынан туғанын және ол 1827, 1829 ж.ж. кемерінен шығып ашық бас көтеруге ұласқанын баяндадық. Әсіресе жерді жекеге қайта бөлу көп шаруаларды әлеуметтік күйзеліске ұрындырады. Жер қай уақытта да тіршілік көзі. Жерден айырылған шаруалар әркімнің “босағасында” тентіреп, басы байлыққа әкеледі. Бөкейлікте көшікпей шаруалар ханның басыбайлы, крепостной қызметшісіне айналады деген өсекте шыға бастаған. Бұған хан, сұлтандардың өрескел істері себеп болуы мүмкін. Өйткені, патша қолдауымен әскери күшіне сенген хан өткен көтерілістерден сабақ алмай, өктемдігін жалғастыра берген. Қарауындағыларға зорлық, талау істеуде ханнан сұлтандар, билер қалыспаған, шаруаның саяси құқығын аяғымен топтап, талау мен төмпештегенге көне беретін құлға айналдырмақ болғандай. Әлеуметтік мәселеде құқықты да, халық дәстүрінде, ата салтында Жәңгір белшесінен басты.

Мысалы, Орынбор ханға Ордадағы қылмысты істерді өзі дәстүрімен тәптештеп, шешуге рұқсат берді. Хан кісі өлімі шешкенде қазақ заңы ережесін қолданған болады. Жарғыша өлгенге 1000 бас құн төлеу тиіс. Ал жебір Жәңгір Алаша руының Т.Төлегеновті 1834 ж. өлтіргені үшін төлеген Галиевтен 2000 қой, 19 сиыр, 40 жылқы құн төлесе, оны Шөке сұлтан, Алтай би тағы көп талап етіп, бәрін өздері бөліп алып, қазалыға ештеңе бермеген. (50:382) Ш.Қонысбай Байбақты Ж.Шүкіров өлтіргені үшін 2000 бас төлеуге өткен (51:383). Бұны да хан, сұлтан билер бөліп алады. Бұл фактіні жалғастыруға болады. Шарулар ханға өз әлеуметтік жағдайы жәйлі талай шағым әкеледі, бірақ хан оларды тексермейді. (52:311) Хан алаша руының қызы Тәніш дегенді жұрт көшімен қамшымен сабаған. (53:385) “Оқымысты” ханның қызы жұртты шошындарған. Жемқор Жәңгір азаматы өліп, жетім қалған жанұяны аямады. Ханның жемқорлығын патшалық авторларыда біліп, жазған. Бұл талай адамның әлеуметтік жағдайының күйзелісіне әкелген себептің бірі. Біз жоғарыда түрғынды әлеуметтік күйзеліске соқтырған отарлық-феодалдық қанау түрлерін, билеуші топтың озбырлығын, салықтың көптігін, эквивалентті емес сауданың фактыларын ықшамдап таныстырдық. Қанау, тонау, жемқорлық саясатының ауыр зардабын авторларымыз айналып өтеді. Патшалық әкімшілігімен қазақтың өз билеушілерінің халыққа қанау саясаты мынадай нәтижеге келтіреді. Көптеген шаруа жоғарыда аталған себептер салдарынан, не кейде жұрттан мал тартып айырылып амалсыз бай туысының қасына көшіп барып “қонған”, бай қабылдаса соның сиырын сауып, бұзауын, қойын бағып, сүтін пісіріп, не баласын күтіп т.б. жұмыстарын күнелткен. Тіпті ұрлыққа, барымтаға еріксіз баруға өткен. Панасыз қалғандар қайыршы болып, күллі бөкпейтін орыс селоларын, казак әскері линиясындағы мекендеріне кеткен. Кей орыс авторлары қайыршы қазақтың қысы, жазы Жайық бойын әрлі-берлі аралап жүретінін жазған. Авторлар отарлық езгі мен феодалдық қанауды жалпылама жазады да, олардың нақты көріністерін, ауыр зардабын тиянақты баяндамайды. Біреуі оқиғаны, не басты себепті құбылысты детальды (саралап) “деталь”-француз сөзі “нақты, саралап” деген мағынада қараудан қашады. Содан келіп үстіртін айтып, жазғандар оқырман анық, дәл түсінік ала алмайды. Мысалы, патшалық әкімшілігі қазақтарға егін салдырмаған дейміз, ол оны жұрт

қалай асырады? 1790 ж.ж. Кердері руының бірнеше ауылы егін салады. 1797 ж. Д.Донсков бастаған Орал казак әскерінің бір тобы: “2 қазақ кісімізді алып кетті” деген сылтаумен Кердері ауылының біріне келіп тінткілеп ұрынар ештеңе таппасада 18 кісіні өлтіріп, 2-ін тұтқынға алып, дүние мүлікті тартып әкетеді. Тұрғындар мал мүліктен айырылғасын бытырап, босап кетеді (54:150) Отарлаудың бір салдары осындай. 1824ж. Көпжасар Матаев деген Табын руының баласы Ілбішінге келіп, казак В.Харькинге жалынып, жетіммін, әкемді орыстар өлтірді, ауылымызды шауып тонады, мені қызметіңе ал деп кетпей, жылайды. Орыстар кез келгеннің дерлік әдеті басқа ұлтты қалайда орыстандыру. Матаевты да 17 жасында Христиан дінін қабылдатып, ол амалсыз казак әскеріне кіреді. (55:7) Бұндайдың саны көп. Ресейге қосылғаннан кейін тақыр кедейлер көбейіп, ол “байғұс” деп аталған. Байғұста еш мал болмайды, орыс авторларының жазуынша байғұстар ең соңында тағанын (қазан қоятын ұшаяқты темір дере.) Сатып Жайық линиясына жанұясымен келіп, жолым, не құрым үйін тігіп, орыстарға келіп жұмыс іздейді, садақа сұрайды. Біз солардың толық емес санын келтірейік:

Кесте №4.

Қамал, бекініс, форпосты аттары	1810 ж. семья саны (56:314)	1846ж, малшылар мен қызметшілер (56:314)		
		семья	ер	әйел
Гурьев қамалында	9	-	-	-
Редут бекнісі	62	42	118	107
Кондоур		12	31	28
Сорочинск		46	109	96
Сарайшық қамалы	102	34	85	70
Жаманқала	44	62	123	137
Бақсай	75	62	124	119
Топайлы хан	49	32	91	74
Зеленый форп.	42	34	75	29
Орлик форп.	32	16	35	29
Кулагин қам.	47	58	153	124
Гребенщиков ф.п.	22	17	41	37
Дендер қамалы	31	57	147	141
Харкин форп.	32	25	118	Жан.
Красный Яр. форп.	60	53	273	Жан.
Калмыков қам.	58	65	176	136
Круглый форп.		14	40	35
Котельников ф.	46	23	68	53

Антонов форп.	32	61	184	136
Лебедон форп.	11	19	46	36
Каленый форп.	37	30	31	65
Сахарная кам.	49	76	185	155
Кашта форп..	53	38	107	108
Мергенов ф.	51	42	125	98
Сундав	57	27	96	61
Ілбісін		31	56	87
Кожухаров	57	46	108	121
Бударин	67	35	81	7
Қос-Орал	46	80	97	89
Шаған	33	32	11	30
Кругло-озер	16	3	9	4
Глиний	12			
Рубежный	14			
Генварцев	6			
Кирсанов	10			
Иртек	10			
Кенделі	8			
Нижне озерн.	47			

Бұл мәліметтер толық емес. Байғұстар жұмыс іздеп келесі мекенге кететін болған. Кей тізімде Елек қалашығына дейінгі мекендерде тұрған байғұстардың тізімдері бар, көбі Табын, Байбақты, Кердері, Тана руларынан.

Ресейге Кіші жүздің қосылуының тағы аса бір ауыр зардабы-қазақты демографиялық өсуіне неше түрлі кесел жасауы болады. Губернатор И.Неплюев қазақты құртып жібермек болса А.Бахметова, Г.Волконский, П.Эссен, А.Перовский т.б. орыстандыру саясатын кең жүргізді. Соның бірі - өзара ішкі тартыстан қожыраған қазақ қоғамындағы әлеуметтік күйзелісті, қазақтың кедейлігін пайдаланып, 1808 жылдан кедейлерге Ішкі линияға, не губернияға қоныс аударуды шығарды. Кедейге несие (ссуда), азық, жер беріп, 5 жылға алым салықтан босатып тұрақтандырады. Сосын христиан дініне кіргізіп, аты-жөнін өзгертіп, елімен байланысын үзеді. (58:4) Осы мақсатта болмашы кінәсі бар қазаққа айып тағып, жер аудару жиі болған. Әсіресе, Жайық өзенінен әрлі-берлі рұқсатсыз өтуге, не балық аулауға, сол жағалауындағы (қазақ жағы.) орманға не болып, одан ағаш алуға болмайды дегенді сылтау етіп, мал мүлкін тартып алып, өзін жәбірлеп соттаған.

Ресей селотарымен Орал, Астрахан казак әскери линия адамдары көбіне қазақ балаларын жұмысқа алған, көбіне 12-15

жастағыларды жалдайды. Айтас Таңатов деген 13 жасар бала ауру шешесі мен інісін асырау үшін, “Красный умет” деген деревня тұрғындарының сиырын жаздай бағып, 30 сом ақша алады. Сол өңірде тағы 2 бала бақташы болыпты, біреуі 12 жаста, 2-шісі 15-те екен (59:33). Орыс арасында жұмыс істеу қатерлі болған, қайтсе кемсіту, ұру, не болмашы кінә үшін қуып шығу сенбеушілік, бәле-жала жабу болған. Құттығали Жолдыбаев деген (Байбақты р.) 14 жасар бала 1836 ж. Теке қаласы маңындағы Рубеж өзені аңғарында малын бір офицерді бағып жүреді. Жақын жердегі біреудің 2-3 мая пішені өртеніп кетсе, оны Жолдыбаевтан көріп, ешбір дәлелсіз оны айыптап, жәбірлеп ұстап әкетеді. Жетім жанұясын қорқытып, дікіндей берген. Құттығали ғой абақтыда жатып, әрең босанады. (60). 1830ж. Алаша руының Сары бөлімінің азаматы Тұрдығұлов Рақмет (Әукетай, 33 жаста) Қалдыбаев Бойдақ, Өтебаев Құрман т.б. (Жалпақталдан) Байбақты руының 4 азаматын Жайықтан өтем дегенде ОКӘ-і ұстап, көліктерін тартып алып, Теке қаласында әскери сот 8 қазақты Архангельскіге, Үркітке жер аударған (61:10). Жайықтан балық аулағаны үшін Шапай дегенді де жазалаған.

Орыстандырудың басты тәсілінің бірі - жылы сөйлеп жастарды Христиан дініне кіргізу болған. Жаппас руының алшын бөлімінің азаматы Сарыбай Есмурзин кедейлігінен 14 жасар ұлын Степной бекінісі тұрғынына қызметшіге берсе, бала үгітпен қысымға ұшырап, ақыры христиан дінін қабылдайды. Оған 100 сом ақша беріп, Верхне-Уральск уезіне жіберіп Яков Васильев деп тіркеледі. (62:14) Қазақ балаларын “тептәри” деген жартылай әскери топқа қосуда болған. Қазақ балалары Орал, Астрахан казактарында мал бағу, балық аулау т.б. жұмыстарына әншейін, не арзан жұмыс қолы ретінде пайдаланған. Тама руы, аташал бөлімінің баласы Қонысбай Есболов 1812ж. арызында: “по бедности моей, без пропитания” деп мәңгі казак әскерінде қызмет етейін – деген (63:1). Бөкей ордасында сұлтандармен билердің қысымынан қашқан әлеуметтік күйзеліске ұшыраған Кете руының азаматы Әжібай, Чапай Сағыз ұлдары Сарайшық тұсынан жанұялары, малы мен Жайықтан өтпек болғанда ОКӘ-і ұстап, екеуін абақтыға қамайды, мал, дүниеден айырылады. (64:247)

Кедей қазақтар аштан өлмес үшін казактардың қысымы мен чиновниктер өкіміне көніп, казак қатарына көптеп кіргенмен ауыр қызмет, жәбір жападан құтылмаған. Бұл да ұзақ әңгіме.

Әлеуметтік күйзелістен шыға алмаған қазақтар жанұясымен Орал, Орынбор казак әскерлеріне жоқшылықтан амалсыз кіре берген. 1815 ж. наурызда Теке қаласында казактарда жалшы болып келген 18 қазақ азаматтары қожаларының қысымымен болар, әрі байгүс болғасын Орал казак әскеріне кіреміз деп арыздарын береді. ОШК бұларды мақұлдап, жанұя мүшелерімен 28 адамды казак әскеріне береді. Кешікпей олар тәртіп бойынша христиан дінін қабылдауға мәжбүр болады, қожаларының фамилиясымен Иван Иванов, Павел Петрович Буренин, Григорий Иванович Сафрыкин, Петр Аблаев болып шыға келеді. (65:3) Бұл ол кезде қаліпті жәй. Тәуелсіздігінен айырылған халықтың әркімнің тәлкегіне ұшырап, тістегеннің аузында, ұстағанның уысында кете барған. Казак болу тептер қатарына кіру, солдат қызметі ауыр болады, теңдік болмай, жәбір жата көре берген. Бұған шыдамаған қазақтар солдат не тептері қатарынан қашып кетуі де жиі болған. Солардың бірі - Негмегуллин Ф. Абдіғабаров М., Абдуллин Х., Григорьев қожаларының қатаң бақылауында болса да, тепкісіне шыдамай солдат, казак, тептәр болудан қашқан. (66) Бірақ “патша құрығы ұзын” дегендей, казак өз ішіндегі де пысықайлар ұста бергені де бар. Казак бишара қайда барса да “Қорқыттық көрі” алдынан шықты.

Кіші жүз бен Бөкей Ордасы өкімет жұртының теріс дағдарыста, күрделі әлеуметтік күйзелісте екенін көре, бірақ тұрып бұл жәйді түзейтін батыл шара қолданбады. Өзі Ресей дамудан кенже қалып, прогрессивті қоғам құра алмай жүрген патшалық режим өз проблемаларын шеше алмай, зиялыларымен арпалысуда еді. Орыс шаруалары әлсін-әлі бас көтеріп, 1825 ж. декабристер көтерілісі, Орынбор, Пермь губерниясында шаруалар, казактар толқуы болып жатты. Консервативті патша басшылығы отарланған ұлттарға теңсіз бермей, әлеуметтік күйзелісті жалғастыра берді. Ең болмағанда билеушілер Кіші жүздегі билікті түгел қолына алса да барымтаға тосқауыл қоймады керуен жолын қауіпсіздендіре алмады. Оның бұл керенаулығынан Көтібар Бәсенов Арғын аяулыларының 2000 бас жылқысын айдап әкелді, көп жәбір, жасады. Барымта мен күреспей, губернатор Перовский құрамына 550 Орал казак жасақтап, 1835 ж. полковник Мансур Данилевский басқаруымен декабрьде мұз үстімен елге көрінбей Бозашы түбігіне “қарақшыларды жазалаймыз” деген сылтаумен бейқам, карусыз, бейбіт үстінен найзағайдай төніп быт-шыт

шығарды. Екі университетті бітірген тау-кен инженері филолог Е.П.Ковалевский бұны естіп, ОКӘ “орыс қарауының күшін көрсетті” масаттана жазады. (67:73) Орыс зиялысының ақыл-ойы помещик деңгейінен аспады. ОКӘ-і үш апта ел тонап, 7000 қой, 1000 жылқы, т.б. мал, 56 адам айдап шықты. Ірілі-ұсақты бұндай әскери жоқ тоқтамай, қазақ жұртын әлеуметтік күйзеліске ұшырата береді. Қазақ адам жаны түршігерлік жәйға барады – асырай алмай балаларын сатады. Қоғамдық сана дамуында алысқа ұзай қоймаған. Ресей патшалығы 1806 ж. 19 мамырда Қазақты басқару жөнінде Ереже шығарып, онда қазақ балаларын тек Ресейліктерге сату жөнінде көрсеткен. Халық қасіреті - бала сату әлі зерттелмеген үлкен мәселе. Совет тарихшылары бұл жөнінде бірер сөз айтады, көбі айналып өтіп, Ресейдің прогрессивтік ролін әсерлеумен болады. Ал біздің қазіргі тарихшыларымыз әзір бұнымен шұғылданбай келеді. Баспа орындары бұл факты Ресейдің беделін қазақтың мерейін түсіреді деп жазғанымызды сызып тастап келді. Бала сату ісі жөнінде материал көп, біз шағын мәліметпен таныстырамыз. Кісі сату Орта Азия хандықтарында сақталған. Бұқар, Қаразым саудагерлері Орынбордың айырбас сарайына келгенде қазақ балаларын 25-50 сомға сатып алады. Бұны, - дейді орыс чиновнигі 1805 ж. Ресей пайдасына алу керек – деп жазған. (68:228) Губернатор Г.С.Волконский бала құны 50-100 сом деген, ол бала сатуды Ресей пайдасына шешу туралы Үкіметке жауапта жазған, шектен шыққан кедейлікті мойындап, кедейді басқа жерге қоныс аударудан басқа амал таппаған. (69:235) Бұл орыстандыруға ыңғайлы айла. 1806 ж. “Ереже” бойынша қазақ баласын тек ресейлікке сатуы міндеттелген. Ал шаруалардың өз жерінде үкімет көмегі мен есін жиып еңсесін көтеру шарасын біле тұра істемеген. Христиан дінін қабылдасаң несие, азық, жер беріледі, әйтпесе жоқ. Содан бала сату кәсіпті іске айналады. Халық трагедиясы жалғаса береді. Бала сату жөнінде мұрағаттарда талай мындаған архив істері тізімдер бар. ҚР МОМ-ғы 4 қордың бір №4595 ісі 342 парақ, онда талай бала сатылғаны хатталған. 1835 жылы Теке қаласында 67 бала тізімінен мындаған басқа істерде бар. Бәрінің аты-жөні орысша жастары 5-10-17 жыл. Солай Орал әскери линия мекендерінде құлдыққа сатылған балалар болған. Келесі реестрде Теке қаласында 1817 ж. 67 қазақ баласы, шоқындырылған, жастары 11-17 арасы. (70:8)

Баланың құны қыстың қысымына байланысты да болды. Былай жылдары, мысалы 1822 жылы Қазан губерниясының мецанигі Г.А.Абдулхалыков Кіші жүздегі қыпшақ руының Қарабалық бөлімінің шаруасы Ж.Байниязовтан ол “әбден кедей болғасын” баласы Азизбайды 100 сомға сатып алады. Ал Орынбор губернаторы П.Эссен осы нарыққа Қыпшақтың Алімбет өлімінің азаматы Бекболат Есболатовтың Қаламқас деген 4 жасар қызын сатып алады да, кейін оны еліне қайтармай, басқа губернияға алып кетеді. (71:2) Тәуелсіздіктен айырылған ұлт ұл-қыздарын қорғай алмады.

Тау-кен инженері Е.П.Ковалевский Кіші жүз жерімен бірталай жүрген, кедей шаруаларының тұрмыс-халі туралы көргенін жазған. Сонда біз дейді ол – талай жалаңаш, ашыққан, озған, соғылған қазақтарды көрдік. Ол байғұстар, дейді одан әрі Ковалевский қалың күрткі қарға суықтан тығылып, немесе қамыс арасына жасырынып, қаңгумен табылған терінің бір пұшпағын, не өсімдіктің тамырын қорек етеді, - деп жазған. (71) Иесіз, сусыз Үстірт жазғанда әр жерде 2-3 тен аласа, ысталған, жыртық, ескі қазақ киіз, не шым үйлері, жер кепе-кездесе берген. Әдеттегідей олардың жанында мал, не мал иесі болмайды, тіпті түгін де шықпайды. Бұндай үйлерде қазақтың ең кедей тобы – сайғақшылары туралы екен. Оларда еш мал болмайды, бір жерде киіктің көп жүретін жолының маңында тұрады. Олар киіктің жүретін жолын бағып, түрлі айла амалмен киікті торға, не қазған шұңқырға түсіріп алып қорек етеді. Күзде жылдық азығын жинап, кептіріп алады да, терісін киім, төсек жасайды екен. Ковалевский сондай бір сайғақшы қарттың үйіне кіріп, төсекте жатқан оның көзінде ешбір өмір, жылылық белгісі жоқ екенін көріп шошиды. Үйде ешбір мүлік, төсем, ыдыс-аяқ жоқ, өте кедей екендігі көрінеді. Босып, қаңғып жүргендер де көп болған. Үстірттегі Шың адырындағы адамдардың күнелтісі де нашар (73:116).

Кіші жүзбен Бөкей ордасы жұртының әлеуметтік тұрмысын осылай жантүршігерлік. Он екі ата Байұлы балалары босып Қаразым хандығына дейін барып құлдыққа сатылып кете берген. Жұртты дұрыс саяси басшылық, елде бірлік болмай, жалпы халықтық мүдде үшін ұйыса алмай тәуелсіздігінен айрылғасын шетел езгісінен құтқару қиын болады. Байұлы ұрпағы тарыдай шашылып Ресей қиыр шығысынан Киевке, Финляндияға каторгада, айдауда жүрді. Ол да өз алдына зерттеуін күткен үлкен ғылыми тақырып. Бала сату-халық трагедиясы, Ресейге

қосылудың бір нәтижесі. Бұны көп авторлар аузына да алмайды. Кезегін, зерттеушісін күтіп тұрған бір тақырып осы. Басқаны айтпағанда тек Байұлы ұрпағының соңғы 400 жылдағы әлеуметтік жағдайы адам шошырлық екенін біліп, түсінбейінше, ондағы Ресей империясының ролін толық анықтамайынша біз тәуелсіздіктің болашағын, қадірін біле, сақтай алмаймыз. Бөкей Ордасының XIX-ғ. бірінші жартысындағы әлеуметтік күйзелістер Кіші жүзге, қазаққа тән құбылыс. Оны да білейік ұзаққа созылған зорлық, талау, хан, сұлтандардан көрген қиянат еңбекші жұрттың наразылығын өршітіп, үстем тап пен отаршыға қарсы өшпенділік өрістеген. Бөкей ордасында жоғарыда аталған басты бес себеп салдарынан халық екі қарама-қарсы лагерьге жіктелді. Бір жағында Ресей патша өкіметі мен қарулы күштеріне сүйенген хан, сұлтандар, билер тобы болса, екінші жағынан әр рудың қанауға, әлеуметтік күйзеліске, саяси тепірішке ұшыраған шаруалар тобы тұрды. Бұлар саяси түсінігі, күрес тәсілдері жағынан әр қилы деңгейде. Шаруалар қатары әлеуметтік дифференцияға ХҮІІІ-ғасырда ұшырай бастаған мен идеология жағынан жетілмеген, әлеуметтік халі әртүрлі еді: ауқатты шаруа, кедей шаруа, орта шаруа, байғұс, төлеңгіт. Осыған қоса ауыл шаруасынан шыққан ауыл билері болды. Олар жұртпен бірге қысым, зорлық, тепкі көргенін жоғарыда айттық. Бұл жіктерді озбырлыққа, қанауға қарсы ортақ мүдде біріктіріп келген. Бірақ бірігу нысаны әлі айқын көріне қоймаған. 1827, 1829 ж.ж. азаттық күресі бұларға сабақ болса керек. Қалайда 1835 ж. Бөкейлікте қарама-қарсы тұру қалыптаса келді. Саяси бағдарламасы күрес тәсілдері дүмбілездеу еді.

ІІІ – тарау. Бөкейлікте қарама-қарсылықтың шиеленісуі.

Шаруалар соғысы.

§1. Ішкі тарапта хан-сұлтандар бастаған ылан.

Кіші жүзде XIX ғасырдың 30-жылдарында Феодалдық қанау мен отарлық езгінің күшеюі нәтижесінде жалпы наразылық өрши келер әр жерде жекелеген қарулы қақтығысқа дейін дамыды. 1835 – 1837 жылдар қарулы қарсылық Кіші жүзден қай бөлігінде болмасын бұрқ ете түсуі кәміл еді.

Ішкі тарапта бұрқ ете түсті. Оған хан-сұлтандар мен билердің хожалардың шектен зорлығы, қанады себеп болды. Көтерілістің басталу себептерін еске салайық шексіз алым

салық, отарлық әкімшіліктің зорлығы мен қысымы, шаруалардың жерін, қонысын тартып алу, саяси теңсіздік, әлеуметтік парвосыздығы т.б. Алғашқы ашық күрес Каспий теңізінің солтүстігін жайлаған, екі бірдей қатты езгіге түскен шаруалардан басталды.

Жәңгір хан өкметі 1832 жылдан бастап бұрынғы озбырлығы мен қанауының үстіне шаруалардың жерін тартып ала бастағанын айттық. Ол жерлерді сұлтандарға, ірі байлар мен билерге жеке пайдалануына үлестірді дедік. Ол үшін көп “сыйлық” алып отырған. Ханның аферистік қылығын Ж.Қасымбаев өз кітабында дұрыс әшкерелеген.

Бұл кезде басқа да көптеген ауылдар өздерінің көп жылдардан бері жайлап келе жатқан қоныстарынан айырылып, суылы, шүйгінді, қамысты - құрақты ой мен сайларды үстем тап тартып ала берген. Жерінен айырылғандардың ішінде Ырсалы, Тінәлі, Уса т.б. көптеген ауыл билері болған. Бұл жәйлердің қазіргі авторлар жазбайды.

Бұл көтеріліс тарихын зерттеуші А.Рязанов Исатай бастаған қозғалыс 1834 жылы басталды деген. Ал Мақамбет өзінің 1838 жыл басында айтқан “Исатай деген ағам бар?” деген өлеңінде:

“Мына отырған Иса-екем,

Төрт-бес жылдай алысып,

Ханның бір тауын қайтарған, - деп жалпы бас көтерудің мерзімін көрсетеді. Біздің ойымызша, ішкі тарап шаруалары екі бірдей езгіге наразылығы күшейіп, ыза кернеуі үстіне, ханның 1832 ж.ж. көп адамдар мен ауылдардың мекенін тартып алып, пара, сыйлық берген байларға беруі - олардың шыдамын тауысса керек. Міне осы жалдан бастап ішкі тарапта саяси жағдай шиеленісіп, шаруалар өзінің наразылығын ашық жариялап, әділеттілікті талап етеді. Осы кезде Исатай ауылы өздерінің 25 жылдай жайлаған Қиғаш, Күйген өзендері өңіріндегі Қарақамыс т.б. жерлерінен ығыстырылады. 1834 жылы Исатайға Каспийдің солтүстігіндегі Қарауыл хожа билеген №1 бөлікте емес, Тоғым Сығаев сұлтан билейтін №2 бөлікте – Мыңтөбе тауының айласынан қоныс беріледі. Бұл сірә бір талай арпалыстан кейін болар.

Ал күзде Исатай ауылы теңіз жағасына Манашқа көшіп келіп қыстайды. Бұл да қалай болғаны түсініксіз жәй. Қысқасы, бұл уақытта Исатай, төңірегіне жерсіз қалған Мақамбет, Үбі, Уса, Тінәлі зергер, Қабыланбай, Ырсалы, Көбек т.б. патша, хан әкімшілігіне наразы болады, атап айтқанда Қарауыл хожа,

Балқы би, Тоғым, Жанбөбек сұлтандар мен т.б. билерге қарсы шаруалардың ісінде қобалжу болады. Саяси жағдай Орда да шиеленісе түседі. Бірақ бас көтеру болмайды. Жәбір көрген шаруалар ханға арыз етіп көріп еді, еш бір жеңілдік болмады. Шаруа мәселені бейбіт жолмен шешуге тырысады. 1835 жылы Шөке сұлтан т.б. арқылы Жәңгір ханға елдің ауыр жағдайы туралы өтініш айтқызып еді, ол да аяқсыз қалады. Осы жылы Исатай мен Мақамбет Астрахань қаласында болады. Бұнда да Ханға әсер етудің амалын істесе керек. Сонымен наразы шаруалардың билер мен сұлтандарға, ханға елдің ауыр әлеуметтік жағдайы туралы бейбіт арыз, шағымдарынан еш нәтиже шықпайды, үстем тап билеуші топ өзінің алым салығын, салғыртын көбейтіп, озбырлығын күшейте бергенін жоғары да айттық. Шаруалардың шыдамы таусылады. Бөкейліктің әр жерінде ыза кернеген шаруалар алым, салық төлеуден бас тартып қарсылық білдіре бастайды. Исатай, Мақамбет, Тінәлі, Уса, Үбі небәрі 8 адам Қарауыл хожа Бабажанов т.б. билер озбырлығын, әділетсіздігін 1835 ж. күзде шағымдап, озбырлыққа тиым салуды өтінеді. Хан бұны қарауыл хожаға айтады, бірақ тимайды. Хожа жағы шағым жазғандарға өшігіп, ашық шабуылға шығады. Қарауыл хожаның сыбайласы Қаракөбен, Жолан, т.б. жанағы күш жұмсауға талауға дейін ұрып-соғып арыздадыңдар, өлтіреміз деп, дүние мүлкін тонайды. Шаруалар қудалаудан қашып жиналып, топтала қорғана бастайды. Бұл ылаң еді. Сөйтіп 1836 жылда келеді. Хан жағдайдың шиеленісіп бара жатқанын түсіне ме, 1829 жылдай, Исатайды өз ордасына келіп шағымдарын айтып түсінуге келсін деп шақырады. Бұл белгілі тәсіл. Осылай 1829 жылы Шеркеш Жақсыбаевты қолға түсіріп, Сібірге айдатқанда, қозғалыс басшыларын бытыратқан. Бұн Исатай мен Мақамбет білетін. Хан шаруалар жағдайын біле тұра, оны жеңілдетуге еш шара қолданбай тұрып, олардың басшыларын шақыруындағы ойы түсінікті болады. Бұл шақыруға Сақ Исатай бармайды.

Теңіз жағалауындағы байырғы қыстауларынан айырылған Исатай т.б. шаруалар ІІ-ші округтегі Манащ деген жерге тағы келіп қыстайды. Тойымсыз сұлтандар мен би-байлар шаруалардан түрлі алым-салық жинауын көбейте береді. Енді Беріш руының бас биі Балқы шайыма, қантыма деп ақша, Төлеген Тыныштықов келетін қонақтарыма деп үй басы екіден жылқының 2 қазысын, шұжығын және 2 сом ақша жинаған. (1:303) Онымен қоймай Қарауыл хожа 1836 ж. 13 февральда

ханнан келген билер Бекболат мен Сегізекке ханшын талабы бойынша әр шаруадан 2 сомнан ақша жинап беруді міндеттеген. (2.2) Зорлық етіп, 1836 жылы Мақамбеттің және үш шаруаның бір-бір атын өрістен хан адамы алып кетеді. Хан мен сұлтандардың, би-байлардың бұндай озбырлығы әр жерде болып, шаруаларды ашындыра береді. Исатай мен Мақамбет, Тінәлі Тайсойғанұлы, Уса Төлегенұлы Манашта көп шаруаларды жинап, ханның би, сұлтандарына бағынудан бас тартады.

Жаңгір хан наразы шаруалардың басшыларын алдап қолға түсіру әрекетінен ештеңе шықпағасын, 1836 жылы 17 март күні Қарауыл хожа мен оның қарауындағы сұлтандар мен билер Исатай мен Мақамбет қасындағы шаруаларды таратып, олардың басшыларын тұтқындап, өзінің ордасына әкетуге бұйырады. Қарауыл хожа өз қарауындағы территориядан жасақ жинай бастады, әр би мен басқарушылардан әскер жинап әкелеуді міндеттейді. Аз уақыттың ішінде Беріштің Сағыр, Жақсылық, Жандай, Аманжол, Төлеген /Тыныштықов, (бұдан әрі қысқаша. Төлеген Т.)/ Айғана, Қаракөбен, Жұмағазы, Тышқанбай, Ағым, Дауыл т.б. би-байлары, Есентемір руының Қоқан, Қабыл дегендер, Кердері руының Шүкірәлі т.б. сұлтандардан Күтке, Жемигүл, хожалардың Жұбан, Алдоңғар, Көпболсын Қ. т.б. билер өз қарамақтарындағы әр рудың ауылдарынан әскерге адамдар жинап келеді. Исатайлардың жазуынша 300 адам Қарауыл хожаның бастауы мен 1836 жылы 24 март күні Манашта қыстаған, ханға бойсұнбаған шаруалар ауылына келеді. Әр қайсысының қолында қылжан, найза, мылтық, пистол, қылыш, т.б. бар, әбден жарақтанып, сайлы аттары мен келген.

Қарауыл хожа “әскер жинап жатыр” деген хабар Исатай мен Мақамбетке де жетеді. Енді бұларда қарсы күресу амалдарын тездетіп, өз төңірегінде шаруаларды топтастырып, қорғану ісін қолға алады. Барлық адам, мал бір орынға жиналады. Ауылдың сыртын қоршап арбалар қойып, ор қазып, бақандар шаншып, аша /рогатина/ жасап, қамал соғып, бекітеді. Шаруалар барынша қаруланады. Ханның адамдары Қарауыл хожаның айтуынша 582 адам болып, Манашка келіп қоршалған қарулы бойсұнбаушыларды көріп, тоқтайды да, бір жарым шақырымдағы Қиялы бейіті маңына қонады. Кейінгі өздерінің арызында, Исатайлар, “Малымсыз иесіз қалды. Қатын, балаларымыз жылап, әке-шешелеріміз жанынан үміт үзіп, улы қасіретті қайғыда болдық”, - деген. Жақия Исатайұлы т.б. өзінің

кейін тергеушіге берген жауабында Қарауыл Хожа адамдары Исатай мен Мақамбетті, Тінәлі, Уса, Үбіні ұстап, өлтірмек болды, - деген. Қалайда хан адамдарының пиғылы белгілі болды. Правитель Қарауыл хожа көп әскер мен Манашқа келсе де ереуілшілерге ештеңе істей алмайды. Енді ол түрлі алдау амалдары мен Исатай жолдастарын қолға түсірмек болады. Манаштағы қорғанушыларға өкілдерін жіберіп, Исатай ханға өз еркі мен барсын бір өзіне де, үй-іші мен жолдастарына да тимейміз деп сендіреді. Бірақ Исатай, Мақамбет Жәңгірге барудан бас тартты. Ашық қарулы қақтығысудан хан адамдары қаймығады. Исатай Қ.Бабажанов правительдің жинаған әскерін таратуды талап етеді. Сөйтін екі жақта беріспей тұрады. Дегенмен Қарауыл хожа ханға кісі жіберсе керек, Жәңгірден Дүйсенбай мен Сейітберген деген өкілдері келеді. Олар ереуілшілердің қыстағына кіріп, Исатай мен Мақамбеттің ханға өз еркімен баруын талап етеді. Ал Исатайлардың Қарауыл Хожа әскерін тарату туралы тілегіне ештеңе дей алмай, хожа мен сөйлескелі кетеді. Содан олар қайтпайды. Бұл өжектесте бір аптадай уақыт өтеді. Ереуілшілердің малдары шөп жоқтығынан ашығып, төлдері өлін, қажы бастайды. Бір сәтті пайдаланып, ереуілшілер келесі бір қыстыққа Тасшағылға көшіп барып, ор қазып, қамал жасап тағы да бекініп алады. Қарауыл хожа кісілері тарамай анду мен болады. Тасшағылға 31 март күні ханның 12 биінің бірі Алтай Досмұқамбетов пен Шарифат деген молдасы және бір жолдасы мен келеді. Алтай ереуілшілерге халықының Исатайды өзіне шақырған хатын оқиды. Ал Мақамбет Қарауыл хожа әскерінің тарамай, ешқайда бармайтынын айтады. Алтай Қарауыл хожаға осы пікірді айтуға Шарифат молданы жібереді. Бірақ хожа бұларды тыңдамай, “мен ханның бұйрығын орындап жүрмін” деп жауап береді. Алтай би Жәңгір ханның қайын атасы Қарауыл хожаға сөзі өтпей, кері қайтады. Бұдан кейін Қарауыл хожа ереуілшілерге 5 кісі жіберіп, қамал ішінде отырмасын қатын-бала мен бірге өлмесін. Жол бойында Қилалы деген моланың басында табылсын. Егерде ол жерден табылмаса, қатын баланың обалы өздеріне, үстеріне барамын”, - деген. (3:364) Бұндай үрейлендіруден кейін ереуілшілер, бала-шаға мен кемпір-шал бүлінбесін, аман қалсын деп шыбын жанды шүберекке түйіп, 200 дей кісі болып қорғаннан шығады. Ертеңмен Исатай мен Мақамбет бастаған шаруалар Қиялы /кейде қилалы деп жазылған/ бейітті қасына, майданға қолына түскен мен жарақтанып келеді. Ал айтылған

жерде ханның әскері соғыспайды. Олар санының көптігіне қарамастан Исатайлардың батыл, өжет түрінен сескеніп, соғысудан бас тартады. Қарауыл хожа тарап баса сала алмай, ханға кісі жібердім деп алдауратады. Сонымен кеш болады. Інір бола Исатайлар өз қорғанына қайтады. Қарауыл хожа ертеңіне әскерін таратып, үйіне кетеді. Қамауда, қапаста зор қиындық көріп отырған Исатай тобы қоршаудан шығып, еркіндеп Нарын құмы жағына, Айдарлыға келін, мекендейді. Хан адамдары бұнда да келіп, үгіт жүргізеді.

Сөйтіп, хан мен оның билеріне бағынудан бас тартып, ереуілдеген шаруалар бірігіп, айбат көрсеткен алғаш қадамы сәтті аяқталды. Қарусыз бытыраған шаруаларға ойына келгенін істеп үйренген Қарауыл хожа мен хан билерінің тауы шағылды. Хан әскері біріккен күшке қарсы бара алмады. Бас көтерген шаруалар жеңіп шықты. Хан, сұлтандар, хожа бастаған ылаңның бір әрекеті осылай бітті, бірақ ылаң тоқтамады, жалғаса береді.

Қарауыл хожабастаған бұл зұлымдық әрекеттің жеңілісі туралы хабар бүкіл ішкі тарапқа жайылды. Ханның күш қолдануына, озбырлығына қарсы ұйымдасып күресуге болатындығына үлгі болса керек. Хан мен сұлтандардан, билер мен байлардан көп зорлық көріп, аяусыз қанауда болып келген шаруалар Исатай мен Мақамбет тобына қашып келіп, қосыла бастайды.

Сонымен, Манаштағы қарсылық Кіші жүздегі шаруалар көтерілісінің басталуы алғашқы дабылы болады. Енді бойсұнбаушы, ереуілге шыққан шаруалар қимылы қарулы көтеріліске ұласа бастады. Шаруалар біртіндеп те, тобы менде келіп көтерілісшілерге қосыла бастады. Аз уақыттың ішінде көтерілісшілердің саны күрт көбейді. Бұлар Мыңтөбе тауы, Нарынның Ұштаған, Жаман құм, Бекетай құмы жағына көшіп барып, оншақты ауыл болып өз алдына бөлек жүреді. Патша мен хан әкімшілігіне қарсы ауылдар, келіп қосылып, іргелес жайғасады. Қанаушы тап өкілдері осы уақытта өз қарамағындағы шаруалардың топ-тобы мен көтерілісшілерге қашып кетіп жатқанын Ханға мәлімдеген. Мысалы белгілі ғалым би Қаракөбен Өтепов қарауынан 14 адам ауылдастары қашып, көтерілісшілерге қосылады. Адай руының Өтес бөлімінен 6 адам Беріштің Тоқмақ бөлімінен 10 ауыл Исатайларға қосылады. (4:57) Сондай-ақ Ж.Баяров, А.Жантоков, Т.Тыныштықов деген билер қарамағынан жүзге жуық шаруалар қашып отырып

көтерілісшілерге қосылған. Беріштің Тұрымтай бөлімінен Төлеген Серекеновке /бұдан әрі қысқаша – Төлеген С./ беріп 30 үстінде шаруалар келген.

Исатай мен Мақамбет бүтін Орда шаруаларын көтеріліске шақырып, үндеу таратады. Хан деп сұлтандардың озбырлығын әшкерелеп, оларға бағынбауға шақырады. Сонымен қатар, көтерілісшілер елге көп зорлық жасаған сұлтандар мен билерге шабуыл жасап, малдарын тартып ала бастайды. Бас көтерген шаруалардың батыл қимылы туралы би байлардың арызы жан-жақтан ханға құйыла бастайды. (5:32). Ең алдымен сұлтандар мен рубасқарушылардан рапорттар келді. Қуаныш сұлтан 13-июньдегі рапортында Исатай мен Мақамбет төңірегіне көптеген шаруалар жиналып, бимен байларға шабуыл жасағанын мәлімдеген. Июньнің 17-28 күндері арасында Алаша рубасқарушысы Жанбөбек Бекқалиев сұлтаннан 2 рет, Шоқа, Медет, Тәуке сұлтандардан, Қонажан (Шатиқов), Сауғабай Үмбетов т.б. билерден ханға Исатай серіктер қимылы туралы шағым еткен. (6:13) Билер, байлар көтерілісшілерге қарсы шара қолдануды сұрайды. Бірақ хан әскері көктемде ештеңе істей алмаған. Залым Жәңгір енді басқа амалын іздеп, Орынбор әскері губернаторіне арыз жолдау мен болып, Исатай мен Мақамбет оған бағынбайтынын, шақырғанына келмейтінін және өз төңірегіне шаруаларды топтап жинайтынын мәлімдеді. Бұлар дейді хан, мен туралы жарамсыз сөздер таратып, халықты бағынбауға шақырады дей келіп, көмек сұрайды. Бірақ бұл уақытта Вятка, Пермь губернияларында, Оңтүстік Орал уездерінде орыс шаруаларының толқуы басталған. Патша Николай І-ң досы, әрі сенімді шоқпары генерал А.В.Перовский Вятка губерниясындағы шаруалар толқуына қарсы бөлінген жазалаушы әскердің бас командашысы болып тағайындалып, Ішкі хандықтағы шаруалар қозғалысына көңіл бөлуге мүмкіндігі болмаса керек.

Бірақ қай халықтың болса да үстем табы басқа елдің үстем табы мен ынтымақтасуға әзір, Ішкі хандықтағы шаруалар қозғалысын естіген Астрахань әскери губернаторы Генерал Тимирязов Жәңгір ханға “тәртіпсіздікті” жою үшін казактар мен қалмақтарды шақыртуға кеңес береді. Жәңгірдің көршісі қалмақ ханы С.Тюменев Ішкі тараптағы қозғалысты басу үшін әскері команда жіберуге әзірлігін білдіреді. Арғы ойы белгілі. Башқұрт, қалмақ елінен келген жазалаушылар қазақ елін тонап, олжа алу үшін келеді. Жәңгір бүкіл халықтың қарғысына

ұшырамас үшін бұндай команданы ОШК-ң ұлықсатсыз шақыра алмады.

Ал Исатай мен Мақамбет бастаған шаруалар өз қатарын кобейтіп күшейте береді. Олар қорғану үшін қарулы жасақ құра бастайды, шаруалар қозғалысына айналады. Күзге қарай 700-800 кісіден құрылған әскері дайындалады. Ереуілші ханға бағынбай, өздерінің алдында бөлек тұрған шаруашылық, саяси әлеуметтік мәселелерін өздері шешеді. Көпшілік күрделі деген мәселесі жалпы маслихатты талқылайды. Ол кеңес маслихат деп аталады. Қозғалыс басшылары болып Исатай, Мақамбет белгіленеді. Оларға көмекші болып Тінәлі Т.Қабылбай Қалдыбайұлы /Ысық руынан/, оның әкесі Қалдыбай Қосаяқ ұлы, Уса Төлеген ұлы, Ырсалы Көсепұлы /Беріш руынан/, Айтас Көсепұлы (Тана) Досақан Жәнібекұлы /Адай/ т.б. болінеді.

Қозғалыс басшыларының ішінде бұл кезде Исатай мен Уса Иманбай Қалдыбайұлы ғана саршина атағы бар. Басқалары қарапайым шаруалар. Бұлардың ішінде Ырсалы Көсепұлы, Нәдір Қашқынұлы, Қаратоғай Мәмбетұлы т.б. 1829 жылғы қозғалысқа қатысқан. Тінәлі Тайсойған ұлы зергер қолөнершілер тобының өкілі. Қозғалысқа әр рудың езілген шаруалары, төлеңіттер, байғұстар қатысқан. Іргелес отырған татар, қарақалпақ шаруалары да болған. Ел аузындағы әңгіме де Исатайдың татар жігіттерінен екі хатшысы болған.

Бұған таң қалуға болмайды. Өйткені помещиктер мен патша өкіметінің қашып Қазақстанға орыс, татар шаруалары мен солдаттары көп келетін болған. Оларды үстем тап ұстап беріп жатады. Мысалы, Астрахань әскери губернаторының мәлімдеуінше 1837 жылы губернияда әскерден қашып келген 156 адам ұсталған. (7.13). Ал қазақ шаруалары ол қашқындарды ұстамай, көмек берген. Мысалы, татарлар бір ауылға бауыр басып, үйленіп, үйлі-баранды болған. Сондай-ақ поляк революционерлері де патша тұтқынына қашып келген 156 адам ұсталған. (7.13). Ал қазақ шаруалары ол қашқындары ұстамай, көмек берген. Мысалы, татарлар бір ауылға бауыр басып, үйленіп, үйлі-баранды болған. Сондай-ақ поляк революционерлері де патша тұтқынына қашып қазақ жерін паналаған. Бұлар да көтеріліске қатысуы мүмкін. Сонымен көтерілісшілер құрамы ең көп қаналған зорлық көрген шаруалардан тұрады. Исатайдың:

“...Халқым көрген қорлыққа,

Хандар қылған зорлыққа,

Ақ жүрегім тебіренді,

Ер көңілім желденді”, - деп ашық қарулы

көтеріліске шығуы заңды құбылыс. Көтерілісшілер қосынға, отрядқа бөлектеліп, әр қайсысына белгілі міндеттер жүктеледі. Көтерілістің саяси, әлеуметтік программасы жария болады. Ол әрине ғылыми негізде дәйектелмеген, тек жалпы утопистік тұрғыдан баяндалады. Көтерілісшілердің ұраны, программасы – теңдік, бостандық, “қара қазан сары бала қамы үшін, қылыш сермеу”. Осы бағытта олар:

“... Жетімдерге жем беріп,

Жесірлеуге жер беріп”, қолдарынан келгенше көмектеседі. 1836 жылдың жазында Исатай өзінің бір жолдастары мен Орал әскерінің Өзен линиясына барып, жайылымға, шабындық жер іздейді. Кейбір шаруаларға өз атынан ұлықсат қағаз-билет жазып береді, Орал әскерінің т.б. жерлерді жайлауына ұлықсат етеді. Ішкі Ордада өз мандарындағы жерге өздері қожалық етеді. Байлардың шабындығы тартып алады, шаруаларға бөліп береді.

Сол секілді теңдік мәселесін өздерінше шешеді. Көтеріліс басшыларының бұйрығы бойынша бір байға қалың малға тоқалдыққа сатылған қызды тартып алып, өзінің сүйген жігітіне қосады.

Қорғану үшін оқ дәрі, түрлі қару, жарак жасау ісінде ұйымдастырған. Орал облысының оңтүстігінде “Исатайдың көктатры, құсқонбас деген жер бар. Бұл жерден күкірт шығады екен. Исатай осы жерге үйлер салғызып, күкірт өндіріп, оқ дәрі жасатқан. Орны әлі бар. Тінәлі зергер бастаған ұсталар қазақ мылтығын /”ақ мылтық”, “орма мылтық” дейді/ қылыш, сүңгі, найза, дулыға, садақ, қылжа т.б. қару мен жарак жасаған. Ағаш шеберлері ер-тұрман, сойыл, шоқпар, арба, қос т.б. қажетті құралдар істеген. Сөйтіп, көтерілісшілер Ішкі тараптың географиялық қақ ортасында өз алдына жеке мемлекет іспеттес әкімшілік болып, өздерін өздері басқарып, келетін әскери күшке қарулы күш дайындайды. “Бұл республика, - дейді ханның сенімді адамы, әрі көтерілісшілер мен кездесіп жүрген Медет Шөкин деген сұлтан, - ешкімге бағынбайды. Өздері жиі-жиі съезге жиналып, көп мәселелерді талқыға салады”, - деп шаруалардың Азат республикасын мойындайды. Бас көтерушілер Бекетай құмында Тауасар, қазіргі Сақып терегі деген жерде, Жаман құм, Айғырқұм, Жиделі, Құсқонбас, Тас тобс, Мың тобе деген жерлерге орналасқан. Шаруалар қарулы

қарсылық пен қатар, өздерінің көрген зорлығы мен жәбірін айтып, ханнан шара қолдануды талап етпек болады. Осы мақсат пен Исатай 1836 ж. июнь айының аяғында “халық мұңын айту үшін Жәңгір ханға барамыз” деп елге жар салады. Бұл көтеріліс басшыларының бір тактикасы болар. Өйткені бұл егесті бейбіт жолмен шешуге талпыну болар. Исатайлықтар өз ісін елге жария етіп, өздерін халық жоқтаушысы етіп көрсете, екінші жағынан, ханның бетін әшкерелеп, оның опасыздығын көрсетті. Жәңгірге уәде беру, оны орындамау ондай екендігі тағы көрінеді. Исатай 17 жолдасы мен Ханға барамыз деп Тас төбеден шығады. Бұл хабар жетісі мен басқа шаруаларда арызын айтпақ болып Исатайларға қосыла береді. Бірер күннің ішінде бұлардың саны жүз адамнан асып кетеді. Исатайлардың келе жатқаны Жәңгір ханға да жетеді. Ол өз сұлтандары мен 12 биін жинап, дуанын шақырып мәселе талқылайды. Исатайлар бұлай хан ордасына қарай жақындай беретін болса, олардың саны көбейіп, ықпал жасап, басқарудан кетерін билеушілер түсінсе керек. Хан шұғыл шаралар белгілейді. Соның бірі - шұғылданып Исатайға елшіліктер жібереді. Олар “Толыбай” деген жерде кездесін, жұмыстарын сұрайды. Арызыңды біз ханға апарып берейік. Өздерің тараңдар деген талап қояды. Бұған бірақ жиналғандар тарамайды. Бұдан кейін Сұлтандар Балпан Жаналиев басқарған екінші елшілік келіп, жиналғандардың арызын хан тынысып, өзі шарасын белгілейді. 12 күннен соң жауабын береді, - деп сендіреді де, бұдан әрі жиналғандарды хан ордасына қарай жіберілмейтінін айтады. Соңғы сөзден гөрі, елшілер хан атынан көп уәде беріп, сендірсе керек. Шаруалар 30-июньде жазған арызында хан санатының /кеңесінің/ бірі Беріш руының басқарушысы Балқы Құдайбергенов пен Теңіз жағалауындағы округ басқарушысы Қарауыл хожа Бабажановтың елге көп зорлық істеп, шексіз алым, салық жинап, озбырлық жасап, кедейлерді қанайтыны айтылған. Патша мен ханға жағынып, ағайындарын қанау есебінен байып алған Балқи би, Мүсәпір, Шомбал, Алтай, Айғана, Бос, Қонажан т.б. көптеген билер өз туыстарына аяусыз зорлық жасап, елдің берекетін алған. Өз ағайындарын бірін-бірін айдап салып, араздастарып, өнебойы әділетсіздік жасау мен келген. “Би Құдайбергенов, - дейді шағым берушілер, - кедей адамнан ешбір шағым қабылдамайды, ал ауқатты шаруадан ақша алып ісін тез және тергемей-ақ бітіреді”, - деген. (8:303) Көтерілісшілер арыздарында Қ.Бабажановтың елге озбырлығын,

жемқорлығын жазған. Балқы би мен Қарауыл хожа зұлымдықтарын әшкерелей келіп әділеттікті, асқынған ел басшыларын тәртіпке шақыруды сұрайды. Бұл арызды алып хан елшілері сол күні табыс етсе керек, өйткені 1836 жылы 1 июльде хан кеңсесінде осы арыз тіркелген. Көтерілісшілер еліне қайтады. Ханның үшінші елшісі Алтай Досмұқамбетовте келіп хан 12 күнге дейін арыздың жауабын береді деп сендіреді. Сонымен шаруалар ауылдарына келіп 12 күн кетсе де, хан баяғы опасыздығына салып, уәделі жауабын бермейді. Сөйтіп, шаруаларды тағы алмайды. Көтерілісшілер күресін тоқтатпайды, өз қатарларын күшейтіп, жексұрын байлар мен сұлтандарға билерге шабуыл жасап, теңдігін алуға тырысады. Июль айының басында Шөке, Жанбөбек, Медет сұлтандар, Сауғабай Үмбетов, Бисенбай Алтынбаев т.б. билер Исатай мен Мақамбет қасында шаруалар жиының көп екені және олардың әзірлігі бар екендігін баяндап, үрейлене бастайды.

Көптеген сұлтандардың мәлімдеуінше көтеріліс басталды, басшылары бүгін Ішкі Орданы аралап, шаруаларды күреске шақырып, оларға өз би-байларынан теңдік алуға көмектесіп отырған. Ноғай-қазақ руының басқарушысы Шомбал Ниязов өз карамағындағы қашқындар мен қайыршылар Исатайға қосылатынын мәлімдеген.

Осылай көтеріліс нышаны көрінеді. Хан бейбіт жолмен мәселе шешпей, алдап кетті. Көтерілісшілер қатары көбейе келе, 20-дан астам ауыл болған. Енді бұлардың алдына қыстау мәселесі тұрды. Нарын құмының солтүстік-шығысындағы Қара самар, Қамысты Самар деген көп елдерден тұратын сулы, қамысты алқап бар. Исатай әуелі осы жерді жайлағысы келіп байқап көріп еді, шаруалардың негізгі бұқарасынан қол үзіп қалатын болды ма, әрі екі жақтан Орал, Өзен казак әскері мен бетпе-бет қалатын еді, әйтеуір бұл жайлы қоныста қалмады.

Күз бастала көтерілісшілер көптеген ауыл болып, Каспий теңізі жағалауына қарай көшті. Теңіз жағалауындағы қыстауға ыңғайлы қамысты, сулы, жайылымы бар жер Хан мен сұлтандар сыбайластарында, ірі байлардың қолында. Сол кездегі ірі бай, әрі би Жұмағазы Баяров /Беріш руынан/ иелігіне көтерілісшілер баса-көктей келеді.

Теңіз жағалауындағы округтың басқарушысы Қ.Бабажановтың ханға жазған рапортында Исатай, Мақамбет өз жолдастары мен ауылдарды аралап халықты көтеріліске шақырады және өз жақтарына шыққан қолдаушыларды Тақ

салған кордонына Жайық өзеніне дейін қыстауға жайғастыратынын мәлімдейді. (9:130) Ал бағынбағандарды қоныстарынан қуып, мені өлтірмек дейді.

1836 ж. октябрь айындағы сұлтандар мен билер Исатай бастаған шаруалар ешбір сұраусыз, киіп-жара келе, қыстауға жайлы орындарды алатынын өз рапорттарында қайта-қайта жазған (10:102). Көтерілісшілер Теңіз жағалауындағы Кульпин кордоны маңында тұратын ханның жарамсақ билерінің бірі Сүйініш Өтеповты ұстап алып, сабап малдарын тартып әкетеді. Сондай озбыр бай Жұмағазы Баяровтың бір табын жылқысын алып, інісін тұтқындаған. Айғана биді де өз ағайындары сабап, екі жолдасы мен тұтқындап әкеткен. (11:44) Көтеріліс өршіп, шаруалар соғысына айнала бастады. (12:61)

Сөйтіп көтерілісшілер өз туыстарының тыныштығын алып, сүлектей сорып келген би-байлардан талай жылдан бері ұзында өшін, қысқа да кегін алып, үстем таптың үрейін алады. Бұл секілді күрес хандықтың басқа бөліктерінде де жүріп жатты.

Кіші жүздің төрт бөліктерінің басқарушылары өз карамағындағы шаруалардың бойсұнбаушылық әрекеттерін үрейлене хабарлайды. Әсіресе Исатай мен Мақамбет халықты азғыртуда, зорлық жасауда деп губернатормен Орынбор шекара комиссиясына хат жазып, көмек сұрады. Оның үстіне Жәңгір хан 1836 ж. май айында болған Қ.Жапаровтың өлімін Мақамбетке қарсы пайдаланбақ болады. Өйткені хан бұл көтерілістің негізгі дем берушісі, ұйымдастырып, басқарушысы Мақамбет деп генерал Перовскийге жазған. Енді Мақамбет кісі өлтірді деп айып тағып, тергетіп, патша әскеріне тұтқындатып, оп-оңай құтылмақта, көтерілісшілерді басшысынан айырып, әлсіретпек. Оқиға былай басталған еді. Жоғары да біз қазақ жеріне орыс, татар, башқұрт, ноғай поляк т.б. қашқындар көп келетінін айттық. Міне солардың мүшкіл халін пайдаланып, бимен байлар кейбір қашқындарды қолында ұстап, ұрлық-зорлыққа жұмсаған, ел ішіндегі араздық ісінде пайдаланған. Бұларға ешбір тиым болмаған. 1836 жылы май айының басында Донсков деген жүз басы 25 казактар мен қашқындар ұстаймыз деп Исатайдан көлік алып, өзін ілестіріп Жабағы деген бір мекенге келеді. Сонда бұларға Тасқынбай Жұбанов деген шаруа келіп, 10 км. жерде би Т.Тыныштықов сыбайластарынан 70 шақты адам жиналып шабуыл жасап, қашқындарды тартып алмақшы деп хабарлайды. Айтылған жерге урядник Соколов пен Мақамбет 2-3 казакты жібереді. Ө.Мырзаев деген казак

бұлардан неге тұрсындар деп жөн сұраса олар дөрекі балағат пен жауап береді. Ал Е.Серкебаев деген біреуі таяқ пен оны салып қалады. Казактар жасқанып кері шегіншектеп еді, әлгі бұларға қолына жалаңаш қылышты ала жүгіреді. Шапшаң Мақамбет жалма-жан жетіп келіп Серкебаевтың қылышын жұлып алады, да Мырзаев Ө. Оның атының дізгініне жабысып, жетектей кері шаба жөнеледі. Жалма-жан әлгі топтың адамдары бұлардың арттарынан тура қуып, жете алмай тоқтайды. Ал бұлар Серкебаевты жүзбасыға тапсырады (13:176). Бұл хабарды осы кезде Орда да хан жәрмеңкесінде жүрген старшина Төлеген Тыныштықов естіп қашқындарды жасырғанның пәлесінен қорқып және жаңағы оқиға жауапкершілігінен құтылудың амалын іздейді. Осы уақытта Күшік Жапаров деген бақташы шал өледі. Төлеген Тыныштықов бұны пайдаланып 10 майда Жәңгірге рапорт береді, онда Мақамбет, Тінәлі Тойсойғанов, Есенаман Боранбаев, Жұмабай, Алман Тоғаевтар, Дәуіт Хожаназаров, Үбі, Жақия жиналып “Ақкөже” деген жерге келіп Жапаров деген бақташы шалдан қой сұрады, ол бермегесін өлтірді деген. Жалма-жан Жәңгір 11 майда губернатор Перовскийге рапорт жазып, Исатай мен Мақамбет кісі өлтірді, бұны тексеру үшін тергеушілер жіберуін сұрайды. Кейін 23 майдағы жазған хатында хан Шекара комиссиясына Мақамбет К.Жапаровты өлтіргенін қайталап, бұған дейінгі Исатай, Мақамбет бізге бағынбайды және шақырғаныма келмейді деген. (14:278) Ішкі Хандықтағы шаруалардың қозғалысы Астрахань әскери губернаторіне де мәлім болады. Ол үкіметке, соғыс министріне мәлімдейді, ал министр патшаға баяндайды. Патша Николай 1-шаруалар қобалжуының не себептен басталғанына көңіл бөлместен, оны бастаушыны /главного зачинщика/ қолға түсіруді Орынбор губернаторіне үкімет арқылы тәртіп береді. Перовский шара қолдануға тиісті болады. Хан мен Қарауыл хожа Балқының елді қанап, зорлық жасайтындығы туралы хан Орал әскерінің атаманы мен губернаторге жетеді және онда тергеуді ел ішіне келіп жүргізуді сұраған. Ал жүзбасы Донсков өзі ұстаған 5-6 қашқын мен Серкебаевты Теке қаласына тапсырып, бұл жөнінде тергеу басталады. Бірақ хан жауап алуға қажетті кісілерді елден жібертпей және тергеудің жүргізілуіне барынша бөгет жасайды. Өйткені бұл іс үшін Төлеген Т. Балқы секілді билер айыпты болар еді. Қайта-қайта қудаластыра отырып, хан К.Жапаров өлімін тексертуді тағы сұрады. Міне осы жағдайлардың әсерінен губернатор Ішкі

хандыққа 2 офицер тергеуші жіберіп, олар К.Жапаровтың өлімі туралы тәптешті 1836 жылы ноябрьде Пороховин ватағасына келіп бастайды. Губернатор тергеушілерге ханның айыбы болса әшкерелемей, тәптешті үстем тап пайдасына шешуді аңғартады. Тергеуге келген войсковой старшина Сиротин мен Есаул Өзбеков, хан депутаты Медетқали Шокин мен бірге Күшік Жапаров өліміне байланысты адамдардан жауап ала бастайды. Бұл тәптеш барысында офицерлер шаруалардан дұрыс жауап алмай, сөздерін түгел жазбай, не бұрмалап, немесе ақырып, қорқытып отырған. Арасында Қарауыл хожа, Тоғым сұлтан т.б. үйлеріне қыдырып кетіп, бірнеше күн қонақтап, мас болып жатқан. Қайтып келіп тағы Мақамбет қасындағы шаруалардың жауаптарын өздерінше алмақ болады. Тінәлі, Үбі, Дәуіт т.б. тергеушілердің ыңғайын танып, Қарауыл хожаны ел билеуден аластатуды талап етеді және тергеушілерге жауап беруге келуден бас тартады. Бұл тәптеш 1837 жылдың көктеміне дейін созылып, мына офицерлердің орнына басқа екеуі келіп, көтерілісшілерге қарсы пайдаланбақ болады. Әділетсіз тергеушілердің шақыруына шаруалар келмей қояды.

Ханның депутаты М.Шөкин жауап алу үшін бірде Исатай тобындағы шаруаларды шақырып хат жазып М.Сейітовты жібереді... “Хан мен бастықтарға бағынбайтынын дәлелдеу үшін, қаруланған киргиздер /қазақтар И.К./ Сейітовты сабап тонады” (15:14) дейді тергеушілер өзінің басшыларына берген рапортында. Шынында да көтерілісшілер бұдан бұрын да Жәңгір хан үкіметіне бағынбай қойған. Ханның сұрауымен және губернатордан келген нұсқау бойынша тергеушілер Исатай мен Мақамбетті жауапқа келгенде ұстап, тұтқындамақ болады. Бұны сезген Мақамбет т.б. тәптешке келмейді. Сөйтіп, Жәңгір Ханның бұл арамза әрекетінен ештеңе шықпайды. Исатай жауап беруге ешкімді жібермей қояды.

Ал, тергеу кезінде де көтерілісшілер өздерінің күресін тоқтатпайды. Көтерілісшілер шағын топпен Қарауыл хожа т.б. билер мен сұлтандар ауылдарына шабуыл жасап малдарын тартып алып отырған. Мысалы, Есентемір руынан шыққан шаруалар Өңгелбай, Дархан т.б. хожаның өз малын алған, оның озбыр туыстарына да барған (16:203) Тәни Түменұлы декабрь айында бір топ көтерілісшілерімен Балқы биге шабуыл жасап, 50 шақты жылқысын тартып әкеткен. (17:55)

Сонымен көктемде басталған қозғалыс күзде, қыста қарулы күреске ұласып, көтерілісшілер өз алдына тәуелсіз республика құрып, ханға бағынбай қояды.

§2. Шаруалар соғысы.

1837 жылы Ішкі тараптағы шаруалар көтерілісі барлық Ордаға жайылып, өрши түсті. Егер де 1836 жылы көтерілісшілер қатарында бір мыңға жуық адам болса, келесі жылы бұдан 3-4 есе көбейеді: Бұл жылы көтерілістің күші, дүмпуі өрлеп, аса түседі. Қарулы қақтығыстар, сұлтандар мен би-байларға шабуыл батыл және жиі болады. Көтерілісшілердің саны көбеюі мен қатар, таптық күресі де шыңдала бастайды. Көтерілісшілер қатарына ішкі хандықтың барлық жағынан, Жайықтың шығыс бетіндегі шаруаларда келіп қосылады.

Сонымен қатар, көтерілісшілердің ірі байлар мен сұлтандарға, ру басқарушылар мен озбыр билерге шабуылы басталады. Хан-сұлтандар, билер шаруалардың тұрмысын жеңілдету, салық пен алымды азайту және әділдік жинау туралы тілек, талабы тыңдағысы келмейді. Бұл жөнінде көтерілісшілердің кейбіреуінің берген шағымдары аяқсыз қалады. Орынбор әскери губернаторы Перовский жіберген тергеушілерге шаруалардың айтықын өтініштері, соның ішінде Қарауыл хожа т.б. билеушілерді аластату туралы тілегі орындалмай қалды. Тергеушілердің пиғылы Исатай мен Мақамбетті ұстап шаруаларды патша өміріне сай басшысыз қалдыру екендігі айқындала береді. Көтерілісшілер билеуші топтан өз тілектеріне арыз, шағын беру мен жете алмайтынына тағы да бір көзі жеткендей секілді.

Көтерілісшілер теңдікті өз білігінің күшімен ақ найзаның күшімен алуға шығады. Ең алдымен Балқы, Қарауыл хожа, Тоғым сұлтан, Жанбөбек, Шөке т.б. сұлтандар мен би-байларға шабуыл жасайды. Исатай бастаған 35-тей көтерілісшілер 1837 жылы февральда тура Қарауыл хожаның өз ауылына барады, өзін таба алмай, мал қорасынан 287 қойын айдап әкетеді де, Қоншақ деген жерге келеді. Алынған мал көтерілісшілердің қажетіне жаратылады. Бұдан кейін Төлеген Тыныштықов деген бидің ауылына Исатай мен Мақамбет, Бекмұқамбет Өтеміс ұлдары 60 шақты көтерілісшілер мен барып, бидің 160 жылқысын тартып алып, шаруаларға береді.

1836-1838 ж.ж. отарлық және феодалдық езгіге қарсы бағытталған Кіші жүз шаруалары қозғалысы өздерінің талабын

айқын, ашық қойды. Ол – жайылым мен шабындық жерді тартып алуды тоқтату, қыстауға мүмкіндік беру, алым-салықты азайту. Сұлтандар мен би-байлар тарапынан болатын озбырлық пен талауды тыю, саяси әлеуметтік теңдік. Бұл талапты орындатуға шаруалар, олардың басшысы Исатай Тайманұлы үлкен ұстамдылық көрсетіп, бейбіт, жолдар мен әрекет етіп көрді. Ханға, Орал әскерінің атаманына, Орынбор әскери губернаторына, Шекара комиссиясына 1835 жылдан /мүмкін одан да бұрын басталды. И.К./ бастап әр кезде талай арыз беріп хаттар жазды. Жәңгір ханға шаруалар атынан Шөке сұлтан, Бекболат Алтай билер т.б. жіберіп, хал-жағдайын айтып, басқарушылардың озбырлығын әшкерлеп, шара қолдануын сұрады.

Патша өкіметінің қарулы әскеріне сенген хан мен сұлтандар, би мен байлар еңбекші елдің еңіреген өтініш құлақ аспады. Үстем тап қалайда көтеріліс басшыларын қолға түсіріп, шаруалардың қозғалысын жаншып, басуды көкседі. Бірақ бұған орыс шаруаларының қозғалысын басу мен айналысып жатқан Орынбор басшыларының мүмкіндігі болмады. Ал хан патша әкімшілігіне Исатай мен Мақамбетті ішкі тараптан аластамай шаруалар қозғалысы тиылмайтынын айтып, қайта-қайта хат жазып, жылай берді.

Ал көтерілісшілер болса өз қатарын көбейту мен бірге қару, жарағын дайындап, ат көлігін сайлап, үстем тап пен күресін жалғастыра берді. Шаруалар өз ауылдарының билері мен байларына тікелей шабуыл жасап, теңдігін алуға тырысты. Беріш руының Бесқасқа бөлімінің шаруалары Сарман, Оразғали т.б. 6 кісі болып, өздерінің биі Байтүмен Жабағинге шабуыл жасап, жылқыларын тартып алды. Ысық руының шаруалары белгілі батыр атанған балуан Қабыланбай Қалдыбай ұлының бастауымен өздерінің Ораз ауылының биі Андағожинге шабуыл салып, 142 жылқысын тартып әкетеді де, көтерілісшілерге береді. Сондай-ақ Масқар, Адай, Алаша, Есентемір, Жаппас т.б. рулардың шаруалары өз қанаушыларымен күреседі.

Шаруалар қимылының көлемі кеңейіп, барлық Ішкі хандыққа жайыла береді. Алаша, Ноғай, Беріш т.б. рулармен бөліктердің /Теңіз округтері, Самар округі/ басқарушылары, билері өз қарауындағы шаруалардың бағынбайтынын, көтерілісшілерге ілесіп кететінін, немесе би мен байларға шабуыл жасайтынын Жәңгірге жиі баяндап отырды.

Көтерілісшілер қатары көбейді дегенмен, олардың саны бірдей көбейіп, кейде кірт азайып отыратынын да болады. Бұл шаруалар көтерілісіне тән құбылыс және шаруалар көтерілісінің басты бір әлсіз жері, 1837 жылы апрельде Байбақты руының Қынық бөлімінің бір ауылының биі Жүніс Жантелин Исатай мен кездесіп, көтеріліске қосылды. Себебі - Жүніс ауылының Нарын құмындағы жерін /қазір Шыман қорығы деп аталады/. Хан жер ауып келген сұлтан Шыңғали /Шыман/ Ормановке береді. Шыман оны мен қоймай, Сары өзеннің терістік бетіндегі Байбақты руы ауылдары жайлайтын “Қарасу” сайын, алқабын өзбетімен қаныстаған. (1:34) Жүніс әуелі Исатай мен Керім қатқыл, сосын Көлбай деген жерде кездесіп, Ханнан әркімнің қыстауын біреуден тартып алып, екінші біреуге беру ісін тоқтатуды және зекет мөлшерін азайту талабын қоятын болды/. Жүніс осы көктемде Исатайлар мен бірге 200 жігіттері мен жүріп, май айында Жәңгір Жасқұстан /Ордадан/ Орынборға шыққанда жолын тосады. Хан “Ұялы” деген жерге қонғанда Жүніс түнде ұрланып барып, ханға жолығып, Жәңгірден өз мекенін қайырып беруді сұрайды. (2:54) Хан бұл кезде Исатай қуғыншыларынан үрейленіп жүрген, Жүніске қоныс берем деп алдайды. Сол түні Ж.Жантелин жігіттерімен Исатайдан бөлініп жасырын кетеді. Бұндай дүрбелеңде саяси тұрақсыздық ауқатты шаруаларға тән қасиет. Исатайдың ханмен сөйлесіп, тілдеу ниеті тағы сәті түспеді.

Бірақ көптеген шаруалар өздерінің бұл күресінде шын берілгендігін, рухы беріктігін көтеріліс барысында және патшаның ауыр азапты тұтқында да көрсетті. Қабыланбай Қалдыбай ұлы /Ысық руынан/, Танатар Естекбайұлы, Үбі Ұса ұлы, Тәни Түменұлы, Ырсалы Көсепұлы /Беріш руынан/, Досақан Жәнібек ұлы /Адай/, Айтас Көсепұлы /Тана/, Сарт Еділ ұлы /Жаппас/, Есенгелді Қаржау ұлы /Беріш/ Көбек Алғаұлы /Байбақты/ Айтмамбет Өтегенұлы /Табын/ т.б. көптеген шаруалар көтеріліс жеңілгесінде өздерінің табандылығын көрсетіп, күресін жалғастыра береді. Бұлардың Тәни, Үбі, Сарт, Қалдыбай балалары /Ысық/ Төлеген Серекенұлы, Есенгелді, Мәстек Ақметұлы /Ноғай/ көтерілістен кейінде барынша күресті.

Көтеріліс барысында шаруалардың көпшілігі өздерінің таптық мүддесі үшін жұмыла аттанып білгенінше күресті. Көтерілісшілердің бір таңқаларлық ісі олар рулық, ағайындық түсініктен сытылып шығып, өз ағайындары - қанаушыларға

қарсы шабуыл салғанын көреміз. Өздерінің ортақ жауларынын кім екенін түсіну өте қиын, өте күрделі мәселе. Оған көптеген тарихи жағдай, уақыт керек. Біздің ойымызша, шаруалардың бұндай таптық санасының жіктеліп, өсуіне, негізгі жауының кім екенінің түсінуіне Мақамбет Өтемісұлының алғыр қимылы, азаттық рухы, от-жалынды сөздері үлкен көмек етті-ау дейміз. Мақамбет түркіше, арабша, орысша сауатты, Россия, Орта Азия қалаларында болған, көп адамдар мен танысқан. Ол өз кезінің білікті адамы. Оның біліктілігі мен шешендігіне орыс тау-кен инженері, майор Е.П.Ковалевский таң қалған. Мақамбет сөйлескен кісісінің ой-өрісін танып көкейкесті мәселесін аңғарып отырған. Көтеріліс кезінде Мақамбет өне бойы үгіт жүргізіп отырған, батыл қимыл мен үлгі көрсеткен.

Патша мен Хан қызметшілері Исатайдың да шаруалар арасында үстем тапқа қарсы шебер үгіт жүргізгенін жазған. “Оның үгітіне шаруалар қайдан шыдасын, ілесіп кете береді, - деп қояды олар. Әрине, негізгі себеп таптық қанау, отарлық езгі, тап жауы мен арпалыста теңдігі, еңбегін алу. От пен оққа қарсы өлімге бас тігіп бару үшін жеке адамдардың бас араздығы, немесе үгіт, өсегі жеткіліксіз. Оның әлеуметтік төркіні терең. Исатай мен Мақамбет өз кезеңінің саяси, әлеуметтік жағдайын өз әлінше жақсы түсінген. Исатайдың аса сақтығы да, патша әкімшілігіне, ханға арыз, хат жазуларыда саяси жағдайды түсініп барып істелген тактикалық шара болар.

Бірақ Исатай қарулы қимылданда бас тартпайды. Өйткені Балқы би адамдары Исатайлық бір ауылға шабуыл жасап кісілерді ұрып, соғып тонайды. Көтерілісшілер содан мүддесі үшін ол 1837 жылы 4-июньде 200 дей адам мен Нарын құмының батысындағы Теректі деген жерде отырған өз туысы Балқы би ауылына шабуыл жасайды. Ертеңнен басталған қарулы соғыс, жанталасқан арпалыс ұзаққа созылады. Түгел қаруланған, әрі күтініп отырған. Балқы би адамдары қатты қарсылық көрсетіп, көп қорғанады. Соғыс тағдырын Қабыланбай мен Усаның ожет қимылы шешеді. Көтерілісшілер Балқының үйіне дейін жарып кіріп, талқанын шығарады. Ашынған шаруалар Балқының елді тонаудан жинаған мүлігін 20 түйеге тиіп шаруаларға апарып береді. Балқының халықты қанау есебінен салған ағаш үйін өртеп жібереді, көптеген адамдарын тұтқындайды. Теректідегі соғыс Хандық ішіндегі шаруаларға үлкен әсер етеді. Ішкі тараптағы халық екіге бөлінеді, біреуі көпшілік шаруалар Исатайлық екіншісі - Хандық болады. Көтерілісшілер Тоғым

Шығасев деген сұлтан ауылдарына, Байбақтының Түмен Қозайдаров биі, Кетенің Бос Боздақов, Адайдың Сауғабай Үмбетов, Есенбай Карамсин т.б. ауылдарына шабуыл жасап, малдарын, түлектерін тартып алып, елге зорлық істеген адамдарын сабап кетеді. (3:134) Есентемір руының шаруалары Таңат, Кедей, Ерші, Көшкін т.б. Исатайдың үгітіне ілесіп өз билеріне бағынбай, көтерілісшілерге қосылады. Бос Боздақовтың қарамағындағы Бектал, Бүкібай, Үкбы, Қашқын т.б. бойсұнбайды (4:134). Ханның өз ордасындағы шаруаларда қобалжиды. Жәңгірдің Момыш деген ұстасы, ел аузындағы әңгіме бойынша, қашып кетіп, көтерілісшілерге қосылып, қару, жарақ жасауға көмектесіп, аяғына дейін көтеріліске қатысқан.

Патша өкіметі Орынбор губернаторына Ішкі хандықтағы қозғалысты басу туралы 1837 ж. көктемінде тағы тапсырма береді. Осыған орай, генерал Перовский көтерілісшілерді ыдырату туралы жоспар жасаған болды. Оның толық мазмұны бізге белгісіз, әйтеуір Шетел істер министрлігі бұны мақұлдап, губернаторге іске асыруға ұлықсат берген. (5:68) Орынбор шекара комиссиясы да көтерілісті басып, Исатай мен Мақамбетті айқындау үшін әскери команда жіберуді сұрайды. Орынбор әскери губернаторы Исатайды ұстау туралы Орал казак әскерінің атаманы генерал Покотиловке бұйрық береді. Егер де ол мүмкін болмаса, деген губернатор Исатай семьясын линияға жақындатып, қолайлы кезеңде ұстап алуды ескерткен. Осы кезге дейін патша әкімшілігінің көтерілісшілерге қанды сойқан салмай жүргенбір себебі - Исатай жолдастары атаманға ханның зұлымдығын жаза отырып, бір хатында егерде ханды тәртіпке шақырылмаса, бізді башқұрттар секілді өз ханы билеуінен алып, орыс әкімшілігі билесін және біздер, казактар секілді қарауыл жұмысын атқарайық деген. Бұған атаман мән беріп, губернаторге мәлімдеді. Ол “қазіргі жағдайда, хан жағынан өз жеке бостандығы үшін сенімді болмағандықтан, өздері қарулы партиялар жинаған”, - дей келіп, Ішкі Ордада бір сенімді, тәжірибелі чиновникті жіберуді ұсынды. (6:74) Бокатилов шынында да хан Исатайлықтарды бекер ренжітіп жүрген болар және шындығына да бұлар башқұрттарша басқарғанды қалай ма екен сұрап, қырға қарулы әскер жіберуді қадір етеді. Сөйтіп, үстем тап өз арасының араздығы, сенімсіздігі де көрінеді. Көтеріліс басшылары шақырғанға келмейді және Орал әскер линиясына жақындамайды. Атаман Исатайды алдарқатып алып кету үшін Жайықтың төменгі линиясының

командирі ротмистр Акутинді команда мен жібереді. Акутин әскери команда мен август айында Нарын құмына қарай шығады. Бұлардың келе жатқанын көтерілісшілер естісе керек, Исатай өз отряды мен қарсы келеді. Ротмистр Акутин Исатайға Орынбор басшылары мен сөйлесу үшін линияға жүруін талап етті. Исатай бұған әуелі көнбей, байлап әкетпесең бармаймын” дей тұра, кейін келіседі. Өзінің 40 жолдасы мен Акутинге ілесе шығып, линияға қарай іңірге дейін бірге жүреді. Қаранғы түсе өз тобымен кері бұрылып алып, шаба жөнеледі. Акутин командасы мен қуып еді, алдынан тұнжырап қалың қарулы топ тұр екен. Амалсыз кері бұрылды. (7:18) Сөйтіп, Исатай қарулы командадан оңай құтылу үшін ілесіп шыққан болды. Ал зеңбірегі жоқ патша әскері қарулы көтерілісшілер мен соғысуға батылы бармады. Бұдан кейін Исатай Перовскийге хат жазып, өзінің Акутинге неге ілеспегенін ашық айтады: бас бостандығынан айрылғым келмеді дейді (8:475) Бұдан бұрында, осы хатында көтерілісшілер 1 июльде Уса, Қалдыбай, т.б. жазған өздерінің не үшін бас көтергенін ашық айтады. Хан мен сұлтандардың, билер мен байлардың әділетсіздігін айта келін, олар губернатордан ауылдарымен Жайық жағалауына көшіп келуге рұқсат сұрап, казак әскері ретінде Россияға адал қызмет жасауға дайынбыз деп сендіреді (9:18). Бірақ генерал Перовский көтерілісшілердің мұңы мен өтінішіне құлақ қоймады. Оның бұқара халықтың не себепті бірнеше жыл бойы дүрбелеңге ұшырап, алысып жүргенін жете ойлауға ақылы жетпеді. Патша чиновниктерінің ежелгі залымдығына салып, Исатайды Орынборға кел деп шақыра ды, Орал әскерінің атаманына зеңбіректер мен басқа қару жарақты дайындап, қамалдарды соғыс жағдайына сай әзірлеуді бұйырды. Әлі де болса көтеріліс басшысын құртуды көздеп Исатайға губернатор енді генерал Покотиловтың өзін жұмсады. Бірақ Исатай генерал Перовский бара алмайтынын жазды. 1837 ж. сентябрь айының басында атаман Жаманқала бекінісіне келіп көтерілісшілердің ойын білу үшін және Исатайды өзіне шақырып 2 отряд жібереді. Жайық әскерінің Орта және төменгі дистанциялар командирлері бұдан бұрында Исатай мен Баймағанбет Өтемісұлына өздеріне шақырып кісілер жіберген. (10:18) Бірақ олар келмейді. Енді мына екі отрядтың біреуі Есаул Донсков бастаған 60 казак, екінші 25 казак 200 км жерге қырға шығып, барлауы тиіс болды да, қай жерде, қанша адам жиналғаны, олардың қаруы туралы анықтауы қажет болады. Бұлар Жайықтап батысқа Нарын

құмына қарай шығып, қорықтыма, көтерілісшілерді көре алмай қайытты. Өзен дистанциясының командирі Сумкинде көтерілісшілерді арасына барлау мақсатында тыңшылар жібереді. Бірақ бұлардың кейбірі Исатай қолына түсіп, тұтқындалады, не көтерілісшілерді көрмей қайтады.

Енді генерал Покотилов шағын әскери команда мен Нарын құмы жағына өзі шығады. Мақсаты Исатайды алып кету. Кездескен адамдар мен ауылдаға “Маган Исатай керек, ешкімге тимейміз” деп сендіріп, өзі мен кездескісі келеді. Ал шаруалардың наразылығы неден басталды, оны анықтау мен патша генералының ісі болмайды. Бекетай құмға жақындағанда Покотиловтың алдынан көп шаруалар шығады да, “Қарауыл хожа көп жылдан бері бізге зорлық істеп, аяусыз қанап келгенін, ешбір жазықсыз сабайтынын айтып, оны орнынан алуды сұрайды. Көп адамдарды көргенде генералда, оны орнынан алуды сұрайды. Көп адамдарды көргенде генералда, қасындағы казактар да абдырап қалады. Бұдан әрі генерал көп жүре алмай, Исатайды шақырады. Көтерілісшілер Покотиловты өз тұрақтарына жібермей, және тез, бейбіт құтылу үшін “Исатай Орынборға бару үшін Өзен әскер дистанциясының командирі Сумкинге кетті” деп мәлімдейді. Атаман бұған сенген болып, амалы құрып кері кетеді. Сонымен, патша өкіметінің тағы зымыян әрекеті аяқсыз қалады. Бірақ зеңбіректерді әзірлеп қою туралы бұйрықты атаман әлдеқашан берген. Орынбор әкімдері шаруалардың мүддесін түсінуден бас тартады.

Қарулы күрес пен қатар, Исатай 1837 ж. 11 сентябрьде Перовскийге тағы хат жазып, онда “біздің ауыр жағдайымызды жете ұғынатын және біздің өтініштеріміз бойынша жалпы халықтың тәптеп жүргізе алатын әділ чиновникті жіберсеңіз екен. Біз әсіресе біздің мұңымызды господин подполковник В.Даль тексергенін қалаймыз”, - дейді. (10:413) Бірақ қаныпезер Перовский көтерілісшілердің үлкен дәйектілік пен парасатты тілегіне көңіл қоймайды.

Ал көтерілісшілер өз күресін жалғастыра берді. Бұл күз айларында көтеріліс аса бір жылдамдық пен өршіп, бүкіл ішкі хандықты қамтыды. Шаруаларды белсендіруге дабыл болған қимылдың бірі көтерілісшілердің жексұрын Қарауыл хожаның ауылына шабуылы. Қ.Бабажановтың рапорты бойынша Исатай мен Баймағамбет Өтемісұлы бастаған 260 көтерілісші Айдарлыдан шығып, 15 сентябрь күні ертең мен оның аулына атой салып, үлкен соғыс болады. Хожа да адамдарын жинап,

әзір отыр екен. Соғыс ұзаққа созылады. Қайсарлық көрсеткен ызалы шаруалар аянбай алысып, Қ.Бабажановтың Конкарев пен Кульпинский кордондары аралығындағы ауылын талқанын шығарады. Хожаның 550 жылқысын, 95 түйесін тартып алады және озбыр хожа, билерден 50 адамын тұтқындап әкетеді. Былай шыққасын тұтқынның көбін қайырады да, ішінен ең залым деген 20 хожа, билерді айдап әкетеді. Тығылып аман қалған Қарауыл хожа көтерілісшілер кетісімен жалма-жан Астрахань казак әскеріне жүгіріп, қасындағы Көкдос кардонынан әскер адып және өз сыбайластарын жинап 300 кісі болып Исатайдың артынан қуады. Бұл күн ауыр шайқас күні болды. Хожа жаңа әскері мен көтерілісшілерді Рейм де /Райым болар И.К./ қуып жетіп, соғысады. Күшінің бөлінгендігіне және аздығына қарамастан көтерілісшілер батыл қимылдап, ұнғыт әрекет жасайды. Хожаны казактарда сақтай алмайды. Тағыда талқаны шығып, хан мен хожа сыбайластары жеңіліп қалады.

“...Бұл күнде Бабажанов пен оның киргиздері /қазақтары, сыбайластары. И.К./ әбден тынышы кетіп, үлкен үрей үстінде”, - деп жазған Астрахань әскерінің офицері Орынбор әскери губернаторына. (11:191).

Жәңгір ханның Шекара комиссиясына августі де жазған рапортында “кейбір киргиздер /қазақтар. И.К./ талаудан қашып, Қамыс Самарды айналып өтіп Қызыл оба, Талдыапан, Күртідексу жағына кеткенін” мәлімдеген.

Мақамбет жырындағы әскерлі берілетін күрестер осы екі шайқасты да еске түсіретін болар. Ең бастысы шаруалар оз күштеріне сенім көтеріліп, рухы, Мақамбеттің асқар да, биік рухы шарықтайды. Енді бүкіл хандықтағы шаруалар көтеріледі. Сентябрь, октябрь айларында көтерілісшілер өздерін аяусыз қанаған сұлтандар мен би-байларға барлық жерде шабуылға шығады. Исатай мен Мақамбет көтерілісшілерді бірнеше бөлікке бөледі. Бұлардың негізгі күштері Тауасар бейіті, Күсконбас, Теректі, Жаманқұм т.б. жерлерде болады. Балқының Теректідегі қонысына көтерілісшілер өз штабын көшіреді. Қосынға бөлінген көтерілісшілер күллі Орданы аралап ханның сыбайластарын, сұлтандар мен би-байларды шабады (12:162). Бұл әрине көтерілісшілердің күшін ыдырататын еді. Бірақ би мен байлардың тізесі батқандығы соншалықты, шаруалар өршіп кетті. Исатай 100 көтерілісшілерден құралған бір қосынды Тәуке Бөкеев, Медет Шөкин деген сұлтандарды ұстау үшін, 60 көтерілісшіні Тана руының Жақан деген биін ұстауға жібереді.

Өзі Бекмағанбет Өтемісұлы мен бір топты басқарып Теректіге Балқы ауылына тағы шабуыл жасап, сонда тұрады. Алаша, Төлеңгіт, Беріш рулары шаруаларынан құрылған қосын “Дүйсе” құмында тұрған Шотқара Нұралиев сұлтанның ауылына шабуыл жасап, оның Ақжан, Бекжан деген балаларынан мүлкін тартып алды. Сұлтандар жаяулап қашып Таловка форпсотысына барады. (13:15) Нұралы хан ұрпағы мен хожа, саудагерлер, билерге шаруалардың ызасы соншалықты күшті, енді олар барлық жерде бас көтеріп, шабуыл жасай береді. Бұл стихиялы қозғалысты басқару да, бағыт беруде қиын болып, көтерілісшілердің күшін әлсіретіп, әрі негізгі мақсатынан бұрмалап әкете береді. Октябрь айында сұлтандарға шабуыл күшейіп, олардың бас сауғалайтын дәрмені таусылады. Көтерілісшілер Ж.Шығай, Тоғым Шығай, Мендігерей Бөкеев, Жанбөбек Бегалин т.б. сұлтандармен Балқы, Шомбал Ниязов, Мәкен Палуанкулов /Төлеңгіт/ т.б. билерге шабуыл жасады. Бұлар Жәңгірден кейінгі шынжыр балақ, шұбар төс, елге өктемдігін өткізіп, зар қақсатқан жексұрын билеушілер еді. Шаруалардың бұларға шабуыл жасауы ыза, кектен әдбен қайнаған. Ырсалы Көсепұлы бастаған көтерілісшілер Мендігерей сұлтанға, Рақмет Бекұлы /Кердері/ бастаған Байбақтының Дауымшар бөлімі шаруалары мен төлеңгіттерден құралған топ Медет Төкин сұлтанға шабуыл жасап, бірталай мал, мүлкін тартып әкетеді. Бұл шабуылдардың бәрінде де төлеңгіттер жүр. Ол түсінікті де. Бұлар ең бір езілген әлеуметтік топ Шөке, Мендігерей, Тоғым, Әділ Балпан, Сүйінішқали т.б. рубасқарушы сұлтандарға қарсы қару көтеру төлеңгіттердің көп қиындықтан барып, қайсар, қажырлы күреске шыққанын көрсетеді. Жанболат, Тұрманбет, Тлеулі, Нұрмұқамбет т.б. 7 Төлеңгіт бірігіп Шөке сұлтанға шабуыл жасап, оның 10234 сомдық мүлігін таратып алады. (14:75) Шаруалар төлеңгіттен шыққан байлар мен билерге де шабуыл жасады. Төлеңгіт биі Мәкен Палуанқұловтың малын таратып әкеткен. Сондай-ақ Айболат, Шотан, Намазбай, т.б. бай төлеңгіттердің түйелерін, пішенін, дүниелерін тартып әкетеді. Бұл төлеңгіттердің әлеуметтік жіктелуі нәтижесінде таптық қарсылықтың шыққанын көрсетеді. Сол секілді хожалар мен молдаларды да аямады. Орданың ахуны, әрі қазыы Хаммадовтың да малын, дүниесін алған, /607 қой, 22 сиыр, 9 түйесін алған/.

Үстем тапқа шабуыл барлық жерде жүріп жатты. Хандықтың солтүстігіндегі Таловка, Кеңсуат, Жолшақтал деген

мекендерде Еркінәлі Сағындықұлы, Қармыс Малайсарыұлы /Бармақ Алаша/ бастаған шаруалар Жанбөбек сұлтанға шабуыл жасаған. Ал 70 көтерілісші осы сұлтанның Қызтөбе деген жердегі ауылын ұстайды.

Сонымен қатар шаруаларды алдап, жегідей деген орыс, татар саудагерлеріне де көтерілісшілер шабуыл жасап, мүліктерін тартып алды.

Сонымен көтерілісшілер соғысы бүкіл Орданы қамтиды. Үстем тап сасып, бас сауғалап Таловка, Глиянский секілді Өзен әскер линиясының форттарына барып тығылады. Көпшілігі Жәңгір хан ордасына барады. Хан Орынбор губарнаторы Перовский мен Шекара комиссиясының председателі Генске хат үстіне хат жазып, көтерілістің /Жәңгірше “Бүліншіліктің”/ кеңінен жайылып, енді ордаға жақындағанын мәлімдеп, әскери команда жіберуін өтінеді. Орынбор шекара комиссиясы 1837 ж. 13 сентябрьдегі жауабында Исатай мен Мақамбет ұстау туралы жарлық болғанын үш рет хабарласа да, хан үрейі кетіп, команда жіберуін сұраумен болады. Орал әскері басшыларының Исатайға ештеңе істей алмағанын мысқылдай арыз ете келіп, хан батыл қимылды қарулы /зеңбіректі/ әскерді жіберуді өтінеді. Октябрь айының басында көтерілісшілердің қимылы күшейіп саны көбейеді. Тек Темірбек құмында тұрған көтерілісшілердің саны 1500 адамға жетеді. Исатай осыдан Шомбал бидің ауылдарына барады. Бұндағы ойы, Жәңгірдің 12 биінің бірі Шомбалды өз жағына шығару, оның ханды қорғауға алып барған көп адамдарын /Ордадан/ Жасқұстан шығарып алып, ханды әлсірету болған. Орал әскерінің тыңшы казактарының мәлімдеуінше /Өтепов, Юлаев дегендер/ Исатай өз күшін көбейтіп алып, су қатысы мен Жайықтан өтіп кету жоспары бар, ал қазір Жәңгірге кісі жіберіп, талаптарын қоюда, егер де оны орындамаса, келіспесе, ханның ордасын шауып, талан-таражға салмақ, - деп баяндаған. (15:193)

Жәңгірде қорғанудың амалын істеп, 12-октябрьде ру басқарушыларына өз қарамағынан әскерге кісілер жинауға тағы да бұйырады. Бірақ бұл үлкен дүрбеленде үстем тап жағына көп ешкім шыға бермейді. Билердің туыскандарының өзі былтырдан бастап-ақ Исатай жағына көптеп шығып кеткен. Бұл әрекеттен ештеңе шығара алмай, билер жан сауғалап көтерілісшілерге қосытуға мәжбүр болған.

Исатай мен Мақамбеттің бір таңқаларлық тактикасы – Жәңгірді елден бөлектеп тіпті оған берілген билерден бөлектеп

жалғыз қалдырып, ешкім оны қолдамайтын жағдайға жету тәсілі. Бұл тәсіл біршама орындала да келді. Сұлтандар, билердің бірқатары бас сауғалап патша әскерінің қолтығына қашып барды, онда да Шомбол би ғана 100 шақты адам ілестіріп барды үшінші тобы амалсыз көтерілісшілерге қосылды. Сонда көтерілісшілердің саны осы кезде 3500 адамға жетті. Ал ел аузындағы әңгімеде 7000 адам. Астрахань әскери губернаторының жазуынша 3000 астам. Жәңгір бұл мәліметтен хабары жоқ, тәуекел 2000 адам көтерілген деп сірә әдейі азайтып жазған болар. Қалайда ішкі хандықтың қолына қару ұстайтын шаруаларының көпшілігі Исатайға ілесіп көтерілген шаруалар ханның ордасына қарай жақындайды, Қандыағашта жайлауда отырған. Жәңгір қысқы ордасына тығылады. Көтерілісшілер Жасқұстағы хан ордасына 4-6 км жақындап келіп, ұзақ шайқасқа кіріседі. Орданың маңындағы байлар, саудагерлер көтерілісшілердің қаһаріне ұшырап, дүние, мүліктері, ақшалары ортаға түседі.

Сонымен октябрь айы басталысымен көтеріліс қарқыны күшейіп, екпіні өршіп, енді өрістей келе ханның өзін құртуға бет алады. Бұл кезде көтерілістің ұраны – хан өкіметін құрту, шаруаларға әлеуметтік теңдік әперу. Әрине бұл утопиялық ұғымдағы теңдік. Дегенмен барлық хандықта шаруалардың әлеуметтік белсенділігі артып, екі таптың арасындағы жік айқыны ашыла береді. “Хандықпысың”, “Исатайлықпысың” деген түсінік пайда болады. Ішкі тараптың барлық аудандарында қарааманды Қара өзен маңынан Каспий теңізіне, Астрахань өңіріне дейінгі жерлердің бәрінде көтерілген шаруалар үстем тапқа қарсы батыл қимыл жасап жүргенін көреміз. 1837 жылдың октябрь айы – Исатай мен Мақамбет бастаған антифеодалдық шаруалар соғысының ең бір шарықтау кезеңі болды.

§3. Шаруалар соғысының аяқталуы.

Шаруалар қозғалысының өрістеуінен сескенген Жәңгір хан 1837 жылы сентябрь, октябрь айларында Орынбор, Астрахань әкімдеріне хат үстіне хат жазып, Ордадағы жағдайдың шиеленіскенін айта келіп, қарулы әскер жіберуін өтінді. Бұл қалаларға ол елшілерінде жіберді. Осы көтеріліс кезінде жасаған Бердібек ақын поэмасында:

“...Жіберді Орынборға хан молдасын
Нысанбай, Балқы менен жан жолдасын...”

дейді де одан әрі әскер сұратқан хан өтінішін айтып:

...Бұл сөзге губернатор қиналады,
Тастамай сөзін жерге түйіп алды,
Үйшікпен Орынбордың арасынан,
Бір күнде 500 солдат жиып алды, – деп оқиға

желісін дұрыс баяндайды.

Орынбор губернаторы Перовский оған бір күн ғана дайындалған жоқ. 1836-1837 ж.ж. Орынбор, Пермь губернияларында орыс шаруаларының стихиялық қозғалысы басталып, мыңдаған шаруа қарулы патша әскеріне қарсы шықты. Николай бірінші бұл қозғалысты басуды генерал Перовскийге міндеттеген. Жазалаушы әскери күштің бас командасышы болған Перовский Кіші жүздегі қозғалысқа тиісті күш бөлуге мүмкіндігі болмаған. Орыс шаруаларының қарсылығын жойып, 1837 жылдың жазынан Перовский ішкі тараптағы қазақ шаруаларының көтерілісін басуға дайындалды. Ең алдымен Жайық бойындағы барлық қамалдар, бекіністер тексеріліп, күшейтілді. Оқ дәрі, зеңбірек әзірлігі қаралады. Әскер линиялары бойында қарауыл мұқиятталды. Қазақ әскерлерінің ат, көліктерінің, азығының, қару-құралдарының сыйлығы тексерілді. Төменгі Жайық линиясынан 600 солдат, Орта Жайық линиясынан 800 солдат дайындалды. 1837 жылы 18 октябрьде соғыс губернаторы полковник К.Гекені жазалаушы отрядтардың командасысы етін тағайындады. Сонымен патша әкімшілігі шаруалардың бірнеше хатын ала отырып, олардың өтінішін ескерусіз қалдырды да, күш пен бағындыруға шықты. Оған дайындық бірнеше ай бұрын басталған 1837ж. август айында Орал әскеріне зеңбіректерді дайындау, қамал, бекіністерді даярлау туралы жарлық болған. Енді Орал әскерінің полктарының жауынгерлік дайындығын тексеріп, солдаттар іріктеуге бұйрық берілді. Үйшіктен /Гурьевтен/ Текеге /Уральскіге/ дейінгі әскер дайындалып, жинақтала бастады, командирлері белгіленді. Губернатор патша үкіметімен көтерілісті басу жоспарын келісіпте алды.

Бұл даярлықтан хабары жоқ көтерілісшілер қызу қарқын мен өрши келе ханның ордасына келеді. Үстем тап үшін дүниедегінің бәрін құртатын нашарлардың ызасы қайнай келе, кемірене жетеді. Жас құстағы саудагерлердің, байлардың ауылдары талқандалып, мүліктері таратылды. Ашынған шаруалардың бір тобы ханның көп жылқыларын іздеп, Тарғын өзені өңірін шарлады. Екінші тобы көрші татар, қарақалпақ,

калмак байларынан еңбегі мен өшін алуға кетті. Сөйтін, бұл күрес тек қана қазақ үстем табына қарсы бағытталып қоймай, қазақ шаруаларын аяусыз қанап, озбырлық істеген басқа ұлт байларына бағытталған. Төменгі Жайық диспанциясының командирі ротмистр Акутин өзінің 13 октябрьдегі жазған рапортында “Исатай өз адамдарын бөлімдерге бөліп, бүкіл Самар даласын кезіп жүр”, - деп мәлімдеді. (2:162) Бүкіл хандықтан шаруалар көтеріліп, жиылып хан ордасын шабуға келді. Октябьдің 25-інде көтерілісшілер Жаскұстағы Жәңгір хан ордасын жағалай қанайды. Ордадағы жүзбасы Голубевтің сасқанында Астрахань казак әскерінің атаманына жазған рапортында Исатай 3000 адамы мен 28 октябрь күні хан ордасына 6 км. дейін жақындап келіп, қоршап алғанын және сыртпен ешбір қатынас жасатпайтынын мәлімдеген. (3:312) Үстем тап әбден есі кетіп, шақырған әскер, көмек елмей, сасады. Хан өз ордасынан қашуға жиналып, күймесіп жектіріп, атын және еріттетіп қойған кезде Шыман Орманов деген сұлтанның ақыл берген хаты келіп атынан түскен екен дейді ел аузындағы аңыз. Қалайды, Шыман, Шомбал т.б. ханға қашпа деп үгіттеп, Исатайды өтірік уәдемен алдарқатуды ұсынған. Архив деректері де бұл пікірді растайды. Шомбал мен Исатайдың арасында келісім сөздер бастайды. Исатай Шомбалды хан ордасын тастап шығуға көндірмек болады, ал Шомбал сөзді көбейтіп, уақытты соза береді. Бұнымен қатар Жәңгір хан көтерілісшілерге елшісін жіберіп. “Халқымның не тілегі бар екен, айтсын, өкілдерін жіберсін, ойланайын, талқылайық”, - деп мүләйімсиді. Ханның ұсынысы көтерілісшілерге үлкен ой салады. Бір жағынан ханның қорыққандығы байқалады, екіншіден, Жәңгір әуелден екі жүзді кісі екендігі көтеріліс басшыларына аян, бұрын талай алдаған. Бірақ, патшаның қарулы күшіне сүйенген Николай 1-патшаның сенімді досы Жәңгір хан мен күш қолдануға езілген шаруаның санасына симайтын іс. Жәңгірді патша генералдарыда ескерген, жаратпаса да басқа хан, сұлтандарға көрсетілмеген сыпайылық жасалған. Бұндай адамның өлімінің арты қарапайым, қарусыз шаруаларға не болары белгілі. Міне осындай көптеген жайлар көтерілісі басшыларын көп толғантса керек. Бір тобы – ханның ұсынысын ескеріп, тілегімізді айтып хат жазайық, ескерер 10 күн рұқсат берейік – десе, екінші тобы – басталған күресті аяғына жеткізіп әуелде – талай бізді алдап, арбап, аяусыз қанап, зорлық жасап келген Жәңгірді, үкіметі мен жою үшін атқа

міндік. Хан белгілі зымын жауызкісі; уақыт үту үшін алдап отыр, сенбейік, күні бүгін шабу керек – деп шақырады. Соңғы топтың басында Мақамбет, ол әр уақытта күрестің революциялық жолы үшін алысты. Мына жағдайда Мақамбет ханның тағы алдап отырғанын әшкерелеп. – Хан баласының сөзіне шануға болмайды. 25 рудан осынша адам Иса-әке Сізге еріп келді, бұл не болғаныңыз. Хан сасып, тізе бүкпек түгел тағынан түссе де сенбейміз, ханның басын алмай кері қайтпаймыз, - дейді.

“...Хан баласы қара жыланды,
Қайырылып бізді шығарды,
Шабар күнің бүгінді
Бүгіннен кейін қиынды, - деп

Хан үкіметін жою үшін ақырына дейін алысуға шақырады. Бірақ көтеріліс басшысы Исатай аса бір сақтық жасамай, ханға хат пен халық атынан тілек” – мұңын жазып, 10 күн мерзім беруге ынғайланады. Мақамбет бұған көнбей, атына міне көтерілісшілерді жинайды.

Жасқұста барып кіргенде,
Арыстандай ақырған
Айбатыма шыдамай
Хан баласы жылады-ай,
“Ай жанды қи” – деп сұрады-ай.
Хан тілегін бір жолға
Беремін деп мен тұрдым.
Аруағың ұстап арындап,
Көк бедеуді бауырлап,
Шамырқанып шарт кетіп,

Шабамын деп сен тұрдың, - деген жолдар солкездегі арпалысты дұрыс көрсетеді. (4:68) Күн тәртібіне – хан ордасын шабу қойылады. Көп айтыстан кейін көтерілісшілер. Исатай басшы білсін, өз шешсін,- деп қаулы алады, Сонымен хан мен арада сөйлес (келіс сөз) басталады. Көтерілісшілердің бір тобы ханға хат жазуға отырып, өздерінің бастарынан өткен зорлықтарының бірқатарын тізеді. Сөйтіп қымбат уақытты өткізеді. Екінші тобы Исатайға риза болмай кетіп қалады. Олардың ішінде Қараторғай батыр Мәмбет ұлы /Алаша/, Науша батыр Қаржау ұлы /Байбақты/ т.б. болған. Екпіндері, өршіп келген көтеріліс қарқыны сөйлес (келіссөз) кезінде бәсеңдеп, көтерілісшілердің қатары бытырай бастайды. Мақамбет толғауында сол кез былай суреттеледі.

“... Әй, Мақамбет сенің де,
Сөзіңе құлақ салмадым...
Бұрала біткен емендей,
Қисық туған сорлы аған,
Хан сөзіне сенгенім,
Он күн мұрсат бергенім.
Әскерімді таратып,
Бекетай құмға кіргенім.
Он бір күнге қаратып”.

“Бекетай құмға келгенім”, - дейді. (5:62)

Сөйтін, көтерілісшілер қолы ыдырап, топ-топ болып хандықтың әр бөлігінде күресін жалғастыра береді. Бір тобы 500 дей адам Таргын өзені, “Бөгде” тауы маңында, екінші тобы қаражар жағында үшіншісі - Солтүстікке Сары өзен өңірінде кимыл көрсетіп жүреді. Сөйтіп күрес тоқталмайды.

Енді Орынбор әскери губарнаторы Ішкі тараптағы көтерілісті басуға мүмкіндік алады. Жайық әскерінен 400 солдат жасақталып, Кулагиге жиналады. Төменгі Жайық дистанциясынан 600 солдат дайындау Нарынға шығу бұйырылды. Жазалаушы әскер бөлімдерін басқару үшін Текеден қосымша 6 есаул, 5 жүзбасы, 7 хорун жий 12 урядник жіберіледі. (6:197) Ал бұл әр жерден жиылған жазалаушы әскердің командашысы етіп губернатор өзінің көмекшісі, сол кездегі әскери сауаты толығырақ подполковник Гекені тағайындайды. Ол линияға келгенше жазалаушы отрядтарды басқару міндеттеледі. Ол полковник Меркуревке 400 солдатпен Кулагиннен Самараға одан Жаманқұмға қарай шығады. Хан әуелі Исатайдың т.б. басшылардың семьясын ұстауды өтінген. Сол үшін Исатай ауылын білетін. Семьясын танитын сенімді кісісін Меркульевке жібереді. Горскийден тағы 235 солдат шығып онда ішкі хандыққа бет алады. Төменгі Жайық дистанциясынан 150 солдат шығып, өзен әскер линиясына Глинянскийге/ қарай жүреді. Сөйтіп Жайықтан жазалаушы әскер үш колонна болып 24-31октябрьден бастап он күндік азығымен шығады. Бұлардың артынан 40 солдатпен 2 зеңбірек қызметшілері мен шығады. Осы уақытта Астраханнан Қарабайлы, Басқұншақ арқылы 300 солдатпен полковник Алиевтің басқаруымен Хан ордасына бет алады. Орынбор әскери губернаторының бұйрығы бойынша бұларға қосымша 2-ші резерв күші және дайындалып, ол әзірге Жайық өзен бойында күзет, бақылау ісіне пайдаланылады. Кажет уақытында

аттануға олар дайын тұруға бұйырылған. Бұнын үстіне 200 казак Калмыков бекінісіне әкелініп, Кіші жүздің Батыс бөлігінің билеуші сұлтаны Баймағанбет Айшуақов қарауына берілді. Ол да Исатайлықтарды Жайықтан өткізбеуге, өте қалса артынан осы отряд және өз адамдарымен кууға тиісті болады.

Сонымен көтерілісшілерге қарай патшаның арамза қара күші төніп келе жатты. Ал көтерілісшілер болса бытырап әр жерде өзінше қимыл жасап жүр. Нарын құмының шығысына жіберілген бақылау, барлау үшін жіберілген қосындар бейқам болды. Орданың айналасына мықты бақылау қойған мен үлкен жолдар бойына қатаң бақылау, немесе торуыл болмады. Жалпы соғыс барысында барлау, торуыл, тосқауыл секілді әскери амалдар қолданды. Соның нәтижесінде Орал казак әскерінің, ханның талай тыңшыларын ұстап та алды. Октябрьдің басында Өзен әскер линиясының командирі Сумкин жіберген 2 казак әскерін Исатайлықтар тұтқындап алған. Орал әскері көпке дейін көтерілісшілерге көп тыңшы жіберсе де, олардың мекені, күші, қимылы туралы нақты, толық мәлімет ала алмаған. Тек хандықта тұрған билер ғана оқтын-оқтын рапорт жіберіп тұрған. Бұл көтерілісшілер де аз да болса белгілі бір әскери тәртіп, тактика барлығын бақылау, күзет, тосқауыл болғанын көрсетеді. Ел аузындағы аңыз бойынша көтерілісшілер арасында 1-2 казак офицерлері болған дейді, бірақ аты-жөні әртүрлі және толық емес. Сонымен қатар, көтеріліске татар, қарақалпақ, орыс солдаттарының қатысқанын айтады. Мысалы, татардан Исатайдың екі жәрдемшісі болғанын біледі. Поляк тұтқындары да болды. Бұған қарамастан көтерілісшілердің күші бытыранқы еді. Содан келіп тәртібі нашарлап, күші әлсіреуі де. Көтерілісшілер Жасқұста орда түбіндегі жатқанда Орынбордан шыққан подполковник Геке Кулагин қамалына келіп, жағдай сырттай танысып, 26 октябрьде Өзен әскерінің Сары айдың қасындағы Глинянский бекінісіне келеді. Бұнда Геке Исатайдың Жәңгір хан мен келіссөз жүргізуі әншейін уақыт өткізу, негізгі ойы – Жайық өзені қатқанша жиналып, жорыққа кесел болатын мал, дүниелердің бәрін жойғанын, тыққанын естиді. Көтерілісшілер тастап, киіз үйлерін тек шағын қостары бар, қойларын сойып алған, жылқыны да іріктеп жолға жарамдысын ғана қалдырған көрінеді. Су қатысы мен Исатай жоспары хан ордасын талқандап, көтерілісшілер мен Жайық өгіп кетуі болады. (7:203) Бұл ой сірә ханға да белгілі болар, бірақ ол өз басын аман алып қалу амалы мен әлек болды. Жәңгір Орынбор

әскери губернаторына 27 октябрьде /1837 ж./ тағы да хат жазып, онда көтерілісшілер саны көбейіп бара жатқанын және олар хан ордасын барлық жағынан қоршап алғанын мәлімдеген. Сонымен, дейді хан қоршауда қалдым, мүмкіндігінше орданы айнала орлап, жеңіл қорған мен бекітіп, жатырмыз ал казак отряды мен тұрғындар бір аптаның үстінде күндіз-түні қатаң қарауыл жасауда деген. Көтерілісшілер саны көбеюі мен қатар, олардың қимылы тоқтамайды. Алаша руының Көшетер Құдайбеков басқарған шаруалары Өзен әскер линиясының орталығы Глиняныге шабуыл жасамақ болады, бірақ сәтсіз аяқталады.

Исатайдың ойы мен ханның жағдайынан азда болса хабар алған Геке, Жәңгір мен оның сыбайластарына қуат беру үшін негізгі отрядтың келуіне қарамай өзінің 2 казак қарауылы мен Ордаға шығады. Гүлделеніп жүріп Геке ордаға барады. Келсе, хан мен сұлтандардың, билердің зәресі ұшып, естері кеткен, үміт үзген. Геке 1-ноябрьде Исатайға ұрсып хат жазайын дегенде Жәңгір қалшылдап: дөрекі, қатты сөз жазып, өршітіп алмаңыз, тіпті хат жазбай-ақ қойсаңызшы соған деп жалынды. Геке рапортынада екі жақта кісілерін жіберін, шарттарын айтысып сөйлесіп жүргенін айта келіп, өзеннен де Исатайға хат жазғанын губернаторге мәлімдеген. Онда губернатордың бұйрығын беру үшін және сөйлесу үшін Исатайды ең басты адамдарымен Ордаға келіп, жолығуын талап еткенін мәлімдеді. Исатай 2 ноябрь күні Гекеге жазған жауабында оның Ордаға келуі өзі үшін қатерлі екенін өйткені 31 октябрьде 100 көтерілісшіге хан адамдары шабуыл жасап, бірталай шығын болғанын, 1-ноябрьде де осындай шайқас болғанын жазған. Бұл шайқас барлаушылар мен тосқауылдық кездесуі болар. Ал жалпы тыныштықтың орнауы үшін, - деген Исатай одан әрі, көтерілісшілер ханға өздерінің өтінішін жіберді. Осыны орындау келісім, - дегенді аңғартады. Сонымен көтерілісшілер көп уақытын сөйлес жүргізу, өтініш жазу мен босқа өткізеді.

Хан мен Геке көтерілісшілерді алдауратып сөйлес жүргізе отырып, уақыт оздыру мен қатар, өз қарауындағы көштерін соғысқа дайындай береді. Жан-жақты ордаға қашып келген ханның сенімді адамдарынан Геке бөлек отряд құра бастады. Бұған сұлтандар, байлар, билер мен олардың адамдары кіреді. Бұл уақытта көтерілісшілерге қарсы ішкі тарапқа жан-жақтан патша әскері құйылады. Астраханның бірінші поляк командирі полковник Алиевтің басқаруымен 300 солдат зеңбірегімен Жасқұсқа шығады. Полковник Меркулев Жаманқұмға барып,

көтерілісшілердің 40 семьясын тұтқындайды. Бұл хабар Орда түбіндегі көтерілісшілерге жеткенде олардың қатары қожырай бастады, Исатай ыдыратып алған өз қосындарын жиналмай, 300 ғана адаммен 5 ноябрьде Жасқұстан Жаманқұмға шұғыл кетеді. Сөйтіп, он күндей орданы қоршаудан, келіс сөзден нәтиже болмайды. Көтерілісшілер 8 ноябрьде Жиделіде Меркульев отрядты қоршап, айнала өрт қойып, жүгізбей, ақырында шабуыл жасап, екіге бөлу қаупін төндіреді. Полковник әуелі келіс сөзбен алдарқатып, кетіп қалмақшы болады. Бірақ шаруалар: “Бізге не қыласыңыздар мейліңіз, әйел, бала-шағаға, кемпір-шалға тимеңіз”, - деп шарт қояды. Амалы таусылған полковник, өз әскерін сақтау үшін тұтқындағы ауылдарды малымен босатады.

Содан кейін шала сауатты полковник Меркульевтың 9 ноябрьде Ақбалық мекенінен жазған рапортында көтерілісшілер үрелі шөпті өртеп басқаларына жиналуға белгі беріп, көп кісі жинап, біздің ізімізге түсті қудалап, бөлшектеп жібере жаздады дейді. (9:305) Меркульевтің отряды көтерілісшілер қуадалап, шабуылдап, қаша қорғануға мәжбүр етті. Гекенің губернаторға берген рапортында Меркульев көтерілісшілердің қысымынан амалсыз линияға қарай шегінді. Содан бағытын білініп, байланысып, өзіме отрядың қосып алдым деген.

Сонымен Исатай бастаған көтерілісшілер тобы патшаның қарулы әскері мен сан жағынан шамалас келгенде теңдігін жібермейді.

Бұл кезде Астраханнан 300 әскер зеңбірегімен және шығып, жолшыбай көтерілісшілердің басқа тобымен кездесіп, Ордаға қарай асықты. Бытыраған көтерілісшілер топ-топ болып әр жаққа тарап, әркімнен өзінің кегін, өшін алуға кетті. Бір тобы Қарақалпақтардың байларын шабуылдап, Ветла деген жерде олардың 200 жылқысын, 83 түйесін айдап кеткен. Сондай-ақ Қондырау татарларының алпауыттары қазақ, татар шаруаларынан аяусыз қанап, зорлық етіп келген. Міне, енді көтерілісшілер алпауыттарға шабуыл жасап, малын таратып алысты. Бұлардың ішінде Ахмеров, Аминов, Фатколла секілді Қарақалпақ шаруалары болған. Бірақ Қалмақ, татар, қарақалпақ, орыс байлары мен Астрахань басшылары бар кінәні көтерілісшілерге жауып, кейін қазақ шаруаларынан таланған малдарын өндіріп беруді талап етеді.

Геке 450 адамы мен 7 ноябрьде Ордадан шығып, “Теректі” қонысына қарай жүреді. Жолшыбай ол линиядан келген 234

мнан құралған бір отрядты, одан кейін 2 зеңбірекпен келген солдатты және қосып алады. Геке 12 ноябрь күні Теректі құмына жетіп, кешіне Меркульев отряды мен кездесті. Сөйтіп, 400-ден астам хан адамына 700 солдатты және көптеген мылтық адамдарды жиып алды. Енді жазалаушы отрядтардың негізгі күші біріккен, олардың жалпы саны 2 мыңға жуықтады. Геке ертеңіне Жаманқұмға жетіп, көтерілісшілерді іздестіріп, қалға түскендерден Исатай, Бекетай құмында екенін біледі. Жалма-жан Геке Бекетайға аттанады. Онда Исатай болмай шығады, ол 25 шақырым жердегі Тас төбеде /“Тас оба” деп те жазылған/ деген мәлімет алады. Түнгі 2-де Геке 2000 әскері мен Бекетайдан аттанып, 15 ноябрь күні таңыды Тастөбеге келеді. Геке әскерімен Тастөбеге жақындағасын төрт шақырым жерде көтерілісшілердің қалың тобын көреді, олардың жалпы саны 500 шамдай көрінеді. Ал Гекеде қарулы 2 мыңдай адам, зеңбіректер. Бірақ көтерілісшілер өздерінен бірнеше есе басым күшті көріп саса қоймайды. Гекенің губернаторға жазған рапортында, - олар аттарына мініп, көлденең деп ойнақтатып, жазалаушылар мен күрсске әзірлігін білдіргендей болады, - деген. Геке өз әскерін сапқа тұрғызып, екі зеңбірегін көрсетпей қалақайлап қояды. Көтерілісшілер шабуылды өздері бастайды, әуелі мергендер шығып қатарлана бірнеше рет мылтық атады. Патша әскері бұған қарсы зеңбірек атады, бірақ көтерілісшілер оған үрке қоймайды. Солдаттар Гекенің айтуынша тықыршып шыдамай, команданы тындамай алға ұмтылғыштып, шайқасуға асықты дейді. Зеңбіректен нәтиже болмағасын солдаттар командамен атакаға ұмтылады. Бірақ, - дейді бұдан әрі Геке, - атқа жақсы отыратын және найзаны шебер ұстайтын киргиздер (қазақтар И.К.) солдаттардың қатарын қаусата береді. Солдаттардың ә дегенше пысы басылып, қарқыны қайтып, сапы ірі бастайды. “Біздің арамызда абдырау пайда болды”, - дейді одан әрі Геке. Кейін ол – біз күйреу алдында тұрдық” – деп мойындады. Жазалаушыларға сасу кіріп, жеңілу қаупі төне бастайды. Геке бұны сезген, күш алу үшін инапшандатып 2 зеңбіректі көрсетпей жақындатып бір дөңнің басына әкеліп, алады да жақыннан туралай картечь пен дөң басынан атып, тигізе алмай, сосын дәл көтерілісшілердің қалың тобына залппен 2-3 реттен дәл атады. Сол жерде көп адам шапқан жусандай жайрап қалады. Табанда көптеген көтерілісшілер қаза болады, жараланады. Исатайлықтардың аралары ажырап, қатары бұзылып, саптары сетінеп, реттері қожырай бастайды. Сол уақытта бұны көріп

солдаттар есін жиып алды. Гекенің бұйрығымен олар тағыда атакаға шабады. Қатары селдіреген көтерілісшілер амалсыз кейін бұрылады. Исатайдың оң қолына оқ тиіп, аты жараланады. Ол атын ауыстырып, қайта ұмтылғанда көтерілісшілер шегініп баратады. Бұл соғыста 50-60 адам өледі, ішінде Исатайдың 20 жасар баласы Ақай да бар. Өзің бір мақаласында А.Якунин оның аты Ақай деп жазған. Солдаттар кері шегінген көтерілісшілердің 7-шақырымдай қуып, шаршан, кері негізгі тобына қайтады. Геке бұл шайқасты толық жеңіс деп есептемейді. Орал әскерінің төменгі дистанциясының бастығы Акутинге жазған хатында Геке: біз күйреуге аз-ақ қалдық - деген. Көтерілісшілердің бұл ұрыстағы жан қиярлығына, батылдығына Геке өте таңқалады. Тас төбенің қасында 7 шақырым “Қос құлақ” деген жерден ол соғыс губернаторіне жазған рапортында – көтерілісшілер “өздері мен семьясын қорғаймын деп шамадан тыс іске, зеңбірекке қарсы батылы баруы, олардың соншама ашынғандығын көрсеткендей” – деп мойындайды.

Көтерілісшілер ыдыраған қатарын бұдан кейін де Исатай біріктіріп, қайта құрмақ болады. Бірақ хандықтың әр жерінде өзінше қимыл жасаған.

§4. Кіші жүздегі шаруалар қозғалысы

Нарыннан келген Исатайды Кіші жүз шаруалары қолдап бірден көтеріліске шықты. Енді соның себептерін қысқаша тоқталайық. Шаруалар қанаушы озбыр би, старшиндар мен сұлтандарға қарсы ашық күреске де шығып жүрген. Озбырлыққа шыдамаған шаруалар 1833 жылы №12 дистанция бастығы С.Өтелулинді өлтірген. (1:2) 1833 жылы сұлтан Әли Жолбарыс ұлына қарамағындағы шаруалар салық төлемей, бағынбай наразылық білдіріп содан ол Шескара комиссиясына шағым етуге мәжбүр болған. (2:2) Ыза кернеген шаруалар Кіші жүздің орта бөлігін билеуші сұлтан Жүсіп Нұралисвтің өзінс шабуыл жасап, өлтірмек болғасын, патша әкімшілігі арнайы әскери команда бөліп, қорғаған. (3:3).

Кіші жүзге шектен тыс алым мен озбырлық әрекеттері үшін шаруалар өздерінің би, старшиндарын, сұлтандарды өлтіруге дейін барған. 1837 жылы күзде елден алым жинауға шыққан сұлтан Сүйінішқали Мақмұтовты шаруалар өлтірген. Сол кезде алым, сатық жинай елге шыққан Бүркітов деген сұлтанды да

ыза кернеген шаруалар өлтірген. Бұл фактілер Кіші жүзде тап күресінің шиеленісіп келгенін көрсетеді. Бұл секілді наразылық, бас көтеру әр жерде болып тұрған. Бірақ олардың күші мен қимылы біріктірілмеген.

Сонымен қатар, патша әкімшілігі мен Орал казак әскерінің қиянатына қарсы наразылықтар Кіші жүзде жылдан-жылға өрістеп, жайыла бастайды. 1831-32 жылдары-ақ Табын, Шекті руының Жайық, Елек өзендеріндегі қонысын тартып алуымен наразылығы күшейіп, Жоламан Тіленші ұлы мен Асау Барақ ұлы бастаған елдің үкіметке бағынбай, соғыса оңтүстікке кеткен. Бұларға қарсы патша әскері шығып, Баймағанбет сұлтанның бастауы мен наразы ауылдарды Борсық құмдарына дейін қуып барған.

Бұл секілді наразылықтар, үкіметке бағынбау, Жайық бойынан тыныштық пен теңдік таба алмағасын олар Шың, Үстірт, Сам далаларымен Жем өзені жағына көшіп барулары кейінде болды. Әсіресе 1836-1837 жылы Орал линия тұрғындарының озбырлығына шыдамай көптеген қазақ ауылдары көше бастады. Кіші жүздің батые бөлімін билеуші Баймағанбет сұлтан Орынбор басшыларына осы жылы менің қарауымдағы қазақтар менен босану /яғни тәуелсіз болу үшін/ өзара жиі кеңесуде еді, содан бірқатары линиядан көшіп кетті деп мәлімдеді. (4:5).

1837 жылы 5 августегі рапортында Баймағанбет сұлтан Байбақты, Тана руларының 15 шақты би, старшиндары бастаған ауылдары Жайық өзені өңірінен көшіп Хиуаға кетті деген. Жем, Сам, Үстірт, Маңқыстауға қарай көшкеннің бәрін патша чиновниктері Хиуаға өтті деп есептеп, оларға деген өшпенділікті күшейте түсетін. Тіпті Сам, Үстірт даласына қарай кеткендердің бәрін патша әкімділігі Хиуаға кетті санап, олардың неге кеткен себептерін анықтау мен әуреленбеді. Баймағанбет аталған рапортында, 17 басшы адамдарының тізімін береді. Олардың көбі мен алда кездесетін болғандықтан, атай кетейік. Ол Байбақтының Қарабала бөлімінен Күндекер Ақбаев, Нарынбай Қошқаров, Өгіз Баркенов т.б. туыстары мен Тоқсаба бөлімінен – Айдекен ұлдары; Көшмен бөлімінен – Төлебей, Исет Тайлановтар; Тана руының Қараман бөлімінен – Ж.Ниязов, Берсүгір, Сүгір; Сұлтан Сыеке Сүйіндіков өз жақтастары мен ауылдастары мен Ханкөл, Сасыкөл, Тайлақ, Құрайлы, Дуан, Қоңыркөл деген жерлерде пішен мен қамысты өртеп кеткен. (5:2)

Қырдағы отряд бастығы жүзбасы Иванов 1837 ж. 23 июньдегі рапортында Тама руынан Амангелді бастаған 19 кісі т.б. Табын руынан Тұран, Шекті руынан Сапар Төлегенов бастаған ауылдар линиядан қашып, оңтүстікке көшуге елді үгіттейтінін мәлімдеген. (6:3) Бұлардың бәрі Кіші жүздің Орта бөлігі қанауынан. Бұл секілді мәліметті Кіші жүздің Орта бөлімінің сұлтан – правитель Жүсіп Нұралиевте берген. Ол Орал, Орынбор линияларында, Елек өзені бойында жүрген ауылдар 1838 көктемде Хиуа жағына көшкен деген. Бұл секілді отарлық езгімен феодалдық қанауға наразы болып, қарсылық білдіріп көшкен ауылдар көп болды. Бірақ олардың басын біріктіріп, үлкен бір ұйымдасқан күшке айналдырушы жетекші, басшы болмады. Бұл наразылық пен көшкендер ашық қимылда жасамады. Сондықтан болар, революцияға дейінгі авторлар, және жоғары Баймағамбет сұлтанда Кіші жүзде 1836-1837 жылдары ашық көтеріліс, қалыптасқан қозғалыс болмағанын, қайта тыныштық болғанын көрсетеді. Бұл өңірдегі белгілі адам Қайыпқали Есімов қозғалыс бастағаны туралы дерек кездеспеді.

Сонымен, Кіші жүздің 1838-1837 ж.ж. шаруалардың патша әкімшілігіне, билер мен сұлтандарға жалпы наразылығы күшейіп, ыза керней түссе де ол ашық, ұйымдасқан қарсылыққа ұласпаған. Бұларды біріктіріп, басын қосып, ұйымдастыратын тәжірибелі, сенімді қайраткер болмады дейді Шахматов В. Екіншіден, наразы топ құрамы – шұбар Олар отарлық езгіде наразы сұлтандар, билер, әрі феодалдық қанаудан қашқан шаруалар. Олардың басты жауы – патша әкімшілігі, Баймағамбет, Жүсіп т.б. сұлтандар мен билер, байлар, помещиктер, купецтер.

Исатай мен Мақамбет Баймағамбет әскерінің қудалауы мен Тайсойғаннан 25 жолдастары мен шығып Сағыз өзеніне қарай жүріп, 1838 ж. 21 январьда, Жолшыбай Сайқұдық деген сорда Маңғабай Тұрлыбаев /Кете/ деген шаруаны кездестіреді. Қуғыншыларға бұлардың жолын айтып қоюынан қауіптеніп, Исатайлар Маңғабайды өздері мен бірге әрі ала кетуге мәжбүр болады. Исатайлар 60 ат қосағында, Сайқудықтан Барлыбай бейігіне жетіп киіз үйде түнейді, ертеңіне Сағыз өзеніндегі “Бұрма” сайға қонады. Таңертең, яғни 23 январьда “Қоянды шоқа” тауына қарай жүріп Сағыз бен Қайнар өзендері арасына түнейді. Келесі күні Бетқұдық үстімен Иманқара тауына кідіріп, одан әрі Жылгелді жазығына, Жем өзені қасына қонып,

жараланған биені сояды (7). Осы түнде Маңғабай кашып шығып, көргенінің бәрін айтып келеді. (8:379)

Патша әкімшілігі мен Баймағамбет сұлтан отрядтар шығарып, тыңшылар жіберіп, ішкі тараптан шыққан көтеріліс басшыларын іздеп, алас ұрса да, ұстай алмайды. Бұндағы басты себеп, елдің отарлаушы топпен жергілікті билеуші топқа деген наразылық. Талай шайқаста болып, қажып келе жатқан көтерілісшілерді мүсіркеп, ат, көлік, киім, киіз үй, тамақ беріп, көмектескен. Қаракөл, Қарабау, Тайсойғанда бір – ай үстінде болғанда оларды ешкім ұстап бере алмады. Бұл Исатайды ұстап беруші Баймағамбет 2000 сом “сыйлық” беретінін де жариялады. Сонда да оны ешкім көрсетпеді. Дегенмен сұлтандар мен билер жағынан тіміскілеу, іздеу тоқталмады. Амалсыз Исатайлар күш жинап, қайта күреске шығу үшін ел аралап, Борсық құмына қарай таратты. Олар шектінің Шүрен, Назар тахталары отырған жерлер мен, Желтау, Доңыз тау, Шатыркөл үсті мен әрі өтті. Билеуші топтың тиым салуына, қорқытуына қарамастан көтерілісшілер Желтауға – кеткен Құлан Жүсіпов деген бидің ауылында паналайды.

Исатай бұл жерге келіп қарап жатпай, ханға қарсы күресу үшін үлкен жұмысты бастады. Қасындағы жолдастарын жан-жаққа әр ауылға, ру-рудың мекендеріне жіберіп, үгіт жұмысын күшейтеді. Мақамбет Доңыз тауындағы ауылдарға келіп үгіт жүргізіп, өздерінің соңғы жылдардағы күресін әңгіме мен де, өлеңмен жеткізеді. Шаруаларды қарулы күреске жұмылдырып біріктіруде Мақамбеттің еңбегі зор болды. Ол өзінің “О, Шонты би, Шонты би!” деген т.б. өлеңдерінде күрестің мақсатын ашып, өздерінің басынан өткен қиындықтарын баяндап, Исатайдың қажырлы үлкен еңбегін көпшілікке паш етеді. Екпінді, рухты Мақамбет жырлары шаруалардың көкейінен орын алып, жігерлендіреді.

Бұл кезде патша әкімшілігі мен Баймағанбет алыста жатып алас ұрып, Кіші жүздің оңтүстігіндегі билерге әлсін-әлі хат жазып, Исатайды ұстап беруді талап етеді. Доңыз таудағы Байтерин Изамбет деген биге, “Исатай сіздің қарамағыңыздағы ауылда 10 күн жатыпты, неге ұстап бермейсіңдер”, - деп байбалам салады. Шынында да, тыңшылардың жеткізуінше, Исатай 1838 ж. 18 мартта Байтөре аулында болады, ал ұстап береміз деп уәде берген билер оны істемейді. (9:450) Баймағанбет оларға Исатай үшін 2000 сом сыйлық беретінін 12 январьда жазғанын тағы еске салады. Ал егерде оны

ұстамасандар ауылдарың өткен жылғы Бозашыда адайларды казак-орыстардың талқандауындай хәлге ұшырайсындар деп қорқытады.

Онымен қоймай Исатай жүрген жердегі ауылдардың билеріне шекара әкімшілігі, Баймағанбет пен сұлтандар арнайы кісілер жібереді, тыңшылар қояды. Баймағанбет өкілдері билерге келіп Исатай адамдарын ұстап беруді айтады. Бірақ көтерілісшілер бұл уақытта қалың көпшіліктің құрметіне бөленген. Оның үстіне мұндағы ауылдың көбі патша әкімшілігінен безініп келген, Баймағанбет секілді “хан”, сұлтандарды шекара әкімдерін жаратпайтын. Сондықтан, ойында қараулық бар билерде бұндай істі жүзеге асыруы қиын еді. Губернатор Перовский Исатайды ұстау үшін Төмендегі Жайық бойына 1838 ж. мартта өзінің көмекшісі полковник Данилевскийді жібереді. Оған бір әскери полкты қоса беріп, Жайық линиясын күшейтіп, Исатай адамдарының қимылына кесел жасауды міндеттейді. Дегенмен Жем бойындағы Шектінің билері Төре, Баджан Кидаевтар Сұлтан Аспандияр Сюгалинге Исатайды ұстауға келісім береді, бірақ ретін таба алмаса керек және ел қамқорлығын да тия алмайды. Көрші ел Исатайға азық, түйе, қазан, киіз үй, ал Құдайберген Тәңірбергенов 2 жақсы ат береді. Март айы аяғы мен апрельдің басында Ерсары Тәңірбергеновтың үйінде Исатайдың 15 жолдасы тұрады. (10:459)

Баймағанбет сұлтан Алаша руының бір басқарушысы Сарыбөпе Кенжегаринді, Сатай Кенжегаринді, Сарыкожа Сарыбөпиновты, №3,4 дистанция бастықтары Мырза, Өтебай дегенді т.б. адамдарын Исатайлар артынан тағы жібереді. Соңғы екеуінің 10 мартта берген рапорты бойынша Қарабау, Қаракөлден бастап Сарыкөлде, Ақтамда, Шошқа көлде болып, 2 кісіні ұстаған. Жақып Айшуақов сұлтан өзінің 56 кісісімен Тайсойғаннан Барлыбай, Бұрмасай, Қоянды шоқа, Итқұдық, Иманқара мен Шыңкелдіге дейін барып, Исатай Үстіртке асты, Қайыбалдіге қосылды депті. Өз тыңшыларының мәліметі бойынша 1838 ж. 30 апрельде жазған рапортында Баймағанбет Исатай 2 жолдасы мен Шошқа көлден кетіп, 25 мартта Б.Тоқманов пен Ерші, Карта, Оймауыт деген жерде тұратын Жүсіп Құланов деген бидің ауылына барады. Шекті руының Көнегес бөлімі тұрған Бұлқын мекеніне кетеді. Ал Исатайдың үш адамы Қайыболдіге жіберіледі. Бәрі де шаруаларды

көтеріліске шақырады. Бұл Исатайдың қызу қолға алған көп жұмысының бір елесі ғана.

Шектінің ішіне тыңшылықта жүрген Батырхан Шахмарданов деген татар молданың айтуына қарағанда Исатай май айында адайларға барып, өз жәйін айтты. Сол жерге Қайбаліде келіп, “Қара қазан, Сары бала қамы үшін” рулардағы әр тактадан 100 атты адам жиналсын деп ұйғарып, бұйрық береді.

Исатай Төлеген Серекенұлын Шеркеш, Ысық, Таз руларының ауылдарына жіберіп, өзінің үндеу хатын жариялады. Сағыз бен ойыл өзендері арасында тұратын бұл рулардың ауылдары Исатай үндеуін естіп, толқи бастайды да, “Топырақ шағылға” көшеді. Шеркеш руының кейбір ауылдары батыс жақтан Ойылдың арғы бетіне көшеді. (11:514)

Орынбор саудагері Деевтің осы кезде ел арасынан келген кісілерінің мәліметінше Табын мен Тама руларының ауылдарында да толқу күшейеді.

Исатайдың бұл аумаққа келгендегі қолға алған басты мәселесі - бұрын ру араздығы мен бірін-бірі барымталауда болған рулар мен адамдарды бітірістіріп біріктіру болды. Осы күнге дейін ел аузында сақталған және Ығылман Шөрек ұлының “Исатай-Мақамбет” дастанында баяндалатын ру таласын тоқтату туралы Исатайдың өз уақыттағы көп қызметі архив материалдары мен қуатталып отыр. Әлім ұлы мен Адай арасындағы араздықты тоқтатып, барымтаны тыю, келістіру үшін Исатай Сам даласына кетеді. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде патша өкіметіне наразы азаматтардың басын қосып, жаңа қол құрады. Исатай шаруалардың саяси көзқарасын, ескі түсініктерін ескеруге де мәжбүр болады. Бұл жата дүбірге Қайыбалды сұлтан мен оның артына ерген елде қосылады. Қайбалды Есімов 1827-1829 ж.ж. шаруалар қозғалысын басқарып, ел ішінде Жәңгірге, Баймағанбетке, патша әкімшілігіне қарсы күрескер ретінде белгілі еді. Патша әкімшілігі, бастығы Перовский болып Қайбалдыны “сатқын” “бүлікші”, бақ үшін таласқан карьерист т.б. неше түрлі теңеулер мен балағаттап, онымен байланысуға тиым салған. Қайбалды мен байланысқаны үшін Новоалександровск бекінісінің коменданты губернаторден сөгіс алады. Бұл әрекеттерден Хиуа Қаразым ханы еді, Қайбалдыны Кіші жүздің оңтүстік бір бөлігіне “хан” етті. Бұл кездегі Қайбалды қызметін нақтылы зерттемесе де, біздің тарихшымыз В.Ф.Шахматов оның

қозғалысын бір жылдары “монархиялық қозғалыс” дей салған. Бұл әлі де нақтылы зерттеуді керек ететін мәселе. Ал біз қарап отырған тарихи кезеңде Қайыбалды мен оның қарауындағы ел патша чиновниктерінің 1836-1837 ж.ж. Адай ауылдарына істеген сорақылықтарына қарсы көтерілген. Бұл ұлт-азаттық күрестің бір буыны еді.

Сонымен екі жақтан бірдей қаналған шаруалар патшалық өкметке қарсы күреске көтерілді. Бұл қозғалыста шаруалардың таптық мүддесі мен ұлт-азаттық күресінің мақсаты ұштасып жатты. Жаңаша қарасаңда бұл екі ағымды жасыра алмайсың. Қозғалысқа шаруалар, билер, балықшылар қатысты. Қозғаушы күштерінің шұбар болуы, оның нашар ұйымдасуына әкелді.

Бұл көтеріліске Шонты Жамантаев, Мәстібай Тоқалов, Төлебай т.б. қатысып, басынан бастап-ақ тыңшылық қызметін атқарады. Шонты би 8 июньде сұлтан А.Сүгалинге көтерілісшілер Табынның Шөміші тактасының ауылдарында Жем өзені бойында “Көкпекті жазығында” 100 шақты кісі екенін мәлімдеді. Қайбалды, - дейді Шонты би, Байұлының азаматтарын өз қатарына шақырып жатыр. 20 июньде ол айтқан жеріне келмесек біздерді атының тұяғымен таптаймын, - деп қорқытады, - деп мәлімдеген. Ал Исатай бұл кезде Оймауыттағы Жүсіп Құланов ауылына кісі жинауға кетті, - деген. (12:549)

Орал казак әскерінің наказной Атаманы генерал Покотиловтың Орынбор губернаторіне берген 1838 жылғы 24 июньдегі мәлімдемесіне Кіші жүз даласына жіберген жансыздарымыздың баяндауынша Исатай, Мақамбет, Үбі, Сарт Еділ ұлы Әлімұлының Назар ауылында, қарауында 500 кісі бар деп жазған. Ал май айында Үшбөкенбайда оған Қайыпқали келіп қосылды. Бұлардың жиынының мақсаты – барымталасқан қазақтарды біріктіру, - деп атаман, одан әрі, “Исатайдың да, Қайыпқалидың да линияға зиян келтіру ойы жоқ” – деп қорытады. (13:24) Бұны анықтау үшін Қайыпқалиға “қызына құда түсу” сылтауымен Қара Шигазин деген сұлтан барып келген.

Қайыпбалды Байбақтының Төлебай, Күндекер, Жұмыр, Сасық, Төрәлі деген билеріне жазған хатында қаруланып, жолға азық, әр үйден бір-бір азамат пен келуді міндеттеген. Бұл қағазды Төлебай Баймағанбетке жеткізеді. (14:544).

Баймағанбет сұлтан өз тыңшыларының мәліметінде сүйеніп Исатай Адай, Табынның Шөмішті бөлімінен т.б. рулардан 2000 кісі жинап “Көппекті” де жатыр. Исатай өзі Шектінің Тілеу,

Қаракесек, Қабақ бөлімдерін аралап үндеу таратуда деп Орынбор Шекара комиссиясына мәлімдеген. (15:6)

Исатай туралы Жәңгір ханда мазасызданып, оның жүріс, әрекетін білу үшін Кіші жүзге тыңшыларын жіберіп отырды. Ішкі тарапқа да бақылауды күшейтті. Ханның сенімді адамының бірі – старшина Сарықұл Жайлауов Исатайға Түркменбай /Жаппас/ деген шаруа Кіші жүзге сауда мен сарып, Чина деген өзен бойында (16) жолыққанын, батырдың Қойбас, Жақсығұл, Сарт /Жаппас/ деген ішкі жүз адамдарына хат жазып, сәлемдеме жібергенін мәлімдейді. Сонымен қатар, Исатай әйеліне көйлек, жейде, ішкіім т.б. нәрселер, Жақияның әйеліне посылка жібергенін айтады. Сөйтіп, батыр Ішкі тарап шаруалары менде байланысын жандандырып, “мені ұмытпағандар дайындалсын” – деп үгіт таратады. (17:6) Надір Қашқынұлы секілді көтерілісші бұл үндеуге тағы да рухтанып, ат сатып алып, күреске дайындалады. Біз, - дейді, - жаңағы старшина “тым үлкен қорқыныштымыз, біз жіберген шпион оралып, Сығыз өзенінің басында 2800 адам келгенін”, - мәлімдейді. (18:6) Исатайдан ішкі тарапқа Мастек Ақмет ұлы деген Ноғай келіп, “қимылсыз отыруға болмайды” деп насихат жүргізеді. Теректі қонысынан түскен мәлімдемеде ішкі хандықта сол кезеңнің тағы да шиеленіскенін көреміз. Қызыл-құрт руының адамдары Исатай көп әскермен Ішкі тарапқа өтетінін баяндайды. Шошақ Күнтуған ұлы дегеннің жауабында “Исатай Кіші жүзден үзіліссіз хабар жіберіп отырады” – деген.

1838 жылғы қозғалысқа қатысқан Өтебай Бекетов дегеннің мәлімдеуінше Табын руының Асау батыр ауылында көтерілген 400 адам жиылған. Ойыл өзені маңындағы “Қисық Там” деген жерде Қайыпқали сұлтан, Жүсіп /Назар бөлімінен/, Құдайберген /Кете/, Есет /Алтыбас Алаша/, Науша батыр т.б. 600 адам мен болғанын айтады. (19:12)

Көтерілісшілер арасына патша әкімшілігі де өз тыңшыларын үзіліссіз жіберіп отырады – дедік. Олардың бірқатары өз әкімдерінің ыңғайына жығылып, көтерілісшілер Жайық өзені бойындағы тұрғындарына шабуыл жасамақ деген пікірді де айтып келеді. Бірақ бұл арандатуға мән берілмеген. Шынында да көтерілісшілердің негізгі мақсаты патша өкіметінің сенімді билеушісі Баймағанбет пен басқа сұлтандарға билерге қарсы бағытталған. Олардың қимылы кейін осыны көрсетеді. Орыс тұрғындарына ұрынбайды.

Орынбор соғыс губернаторы Перовский бұл көтерілістің себебін анықтауға талпынбай және мәселені бейбітшілік жолы мен шешуді ойланбастан, тағы да әскер күшін дайындап, енді Кіші жүзге жан-жақтан полковниктер бастаған жазалаушы отрядтар шығарады. Баймағанбет сұлтанға көмекке полковник Геке бастаған отрядты жібереді.

Геке Орынбордан бір отряд пен шығып, 1838 жылы 8 июль күні Илецкая Защита бекінісіне келіп қонады. Одан бір топ әскер және қосып алып, 9 июльде 40 шақырым жүріп, Баймағанбет жолшысымен кездесіп, отряды мен үлкен Қобда өзенінің жағасында түнейді. Бұл уақытта Исатай қолының Қиыл өзеніне келуі мен байланысты Баймағанбет өз командасы мен Геке белгілеген жерге Қиыл өзеніне келе алмай, “Ешкі қырған” өзені жағына кетеді. Геке 10 июльде Қобда өзенін кешін өтіп, оңтүстікке жүріп, сол күні кешкі сағат 7 де Баймағанбет пен кездеседі. (20:14) Сол түні екеуі әскері мен тағы 50 шақырым жүріп, таңда Ақбұлақ өзенінің жағасына келеді. Отрядтар дем алады да, оның оң жағына күшті бақылаушылар қалқанын қояды.

Геке мен Баймағанбет қулық ойлап, Исатай тобына Балта деген Ысық руының адамын жансыз етіп жібереді. Сенімге кіру үшін Балта Ысық руының Қыдыргүл атасының билері атынан қағаз жаздырып, онда біз Ойырдан көшіп, Төс ағашта сізді ерге қосылу үшін күтіп отырмыз деп жазылған (21:70) Бұл қағаз ертеңіне Исатайдың қалтасынан табылды. Балта Исатайларға Баймағанбет басқа ауылдарға салық жинауға командамен кетті деп теріс мәлімет береді де, өзі көтерілісшілердің екі топқа жарылып, бір тобы /көпшілігі/ бір күндік қашықтыққа оңға кеткенін, ал Исатай шағын тобы мен Ақбұлақ өзеніне қарай келе жатқанын айтып келеді.

Көтеріліс басшыларының бұл кезде қандай жоспары болғаны туралы нақтылы дерек жоқ. Дегенмен екі тобы да көтерілісшілер санын көбейтпек болған деген пікір бар. Бұл жөнге келеді.

12 июльде таңда Геке, Баймағанбет әскерін түнде жеткен Исатайдың Қожақмет Өтеміс ұлы бастаған барлаушылар тобы шабуылдап, 2 кісісін тұтқындап, ал Қожақмет сұлтан Сүғалинді найзамен жарақаттайды. Қалғандары есі кетіп лагеріне қашып келеді. Бұларды көріп, Гекенің адамдары қобалжи бастайды. (22:50)

Кешікпей өзеннің қарама-қарсы жағасындағы биік қабағына 500 кісісімен Исатай келеді, дөңнен төмен түсіп, жаркабаққа жақындайды. Геке, Баймағанбет тобы көтерілісшілерге зеңбіректен оқ ата бастайды, көтерілісшілердің 2 адамын өлтіреді, бірнеше кісіні жарақаттайды.

Бірақ көтерілісшілер абдырамайды. Баймағанбет өз командасы мен өзеннен өтіп, зеңбірек атып, қарсы жүреді. Көтерілісшілер жаймен кері шегінеді. Баймағанбет адамдары шабуылдай түсіп, көтерілісшілер шегіне сытылып кетер болғасын, алдап, өтірік кері қашады. Бұлардың адамдарының “аз екенін” көріп, және Баймағанбет тобының алдауратып кері шегінген тәсілін түсінбей көтерілісшілер ілгері ұмтылады. Бұл уақытта полковник Геке 2 отрядын сай жылга мен жасырып, көтерілісшілердің екі қанатынан соғуға жібереді де, зеңбіректерді жақындатады. Сөйтіп, Исатай адамдары үш жақтан бірдей шабуылға түсіп және жақыннан зеңбіректер мен дүмпелейді. Зеңбіріктің бірнеше оғы Исатай адамдарының қалың шоғырына түседі. 70-80 көтерілісшілер өледі. Амалсыз шегінуге тура келеді. Казак-орыстар мен Баймағанбет көтерілісшілердің жан-жақтан қамап 15 шақырым қуады. Исатай өз адамдарының ең артында кейін қалғандарын қызғыштай қорып, садақ пен атып, найза мен қағып келе жатады. Ақырда оны Баймағанбет адамдары мен Балта опасыздың көрсетуімен Исатайды танып оған оқ жаудырады. Бірақ сауыт киіп алған батырға мылтық оғы дарымайды. Ал ат пен қуып жете алмайды. Бұған ыза болған Хорунжин Петров атынан түсе, жерге жата қалып, Исатайдың атына оқ атып, жаралайды. Аты жаралы болған батырға көмекке Мақамбет пен Үбі келіп, кезек аттарын ұсынады, мінгесейік дейді. Бірақ Исатай оған көнбей “баламды сақтандар”, өздерің қашып құтылыңдар”, - деп ілгері жібереді. Азғана көтерілісшілер Исатай төңірегінде біраз соғысады, бірақ жаудың басым күші бұларды ығыстырып, Исатайды оңашалайды. Көп кешікпей Баймағанбеттің нөкерінен 3 адам баласын қорғап, аты жаралы болған Исатайды қуып жетіп, біреуі найзамен қағып, оны атынан құлатады. Жерге түскесін, жаяулай, қолындағы қылышымен батыр 3 кісіні жолатпайды. Сонда Көпен Сүбулин деген артынан келіп, батырдың қылышын қолынан қағып түсіреді, сонда Табын Сетбай Игитов, Жапар Елекбаев, үшеуі жабылып батырдың қолын артына қайырып ұстап тұрады. (23:140) Сол уақытта казак-орыстарда келіп, Исатай басы үшін

жарияланған 500 сом ақшадан айрылғанға іші күйді ме, біреуі аттан түсе қала тұтқындаулы батырдың кеудесінсі мылтық пен атып жібереді. Онымен қоймай Иван Богатырев деген урядник қылыш пен өлген кісінің басын шауып түсіреді. Сөйтіп, есіл ер қанышерлердің қолынан азаттық үшін Ұлы күресте қаһармандық пен қаза болды. Орынбор, губернаторіне осының осының бәрін баяндап жазған Геке, рапортының аяғында “Исатай ақырында өз ерлігінің құрбаны болды. (24:98) – деп мойындайды. Исатайдың қажырлығы мен ерлігіне, жолдастарын қорғаймын деп өжеттік пен қаза болуына дұшпандары да таң қалады.

Геке мен Баймағанбет тобы ұрыс біткесін түнеген жеріне /Ақбұлақ өзенінің жағасына/ қайта келіп, түстенеді. Сосын Баймағанбет 200 казак пен 2 зеңбірек алып манағы ұрыс болған жерге барып, өліктерге келетін көтерілісшілерді аңдып, ұстамақ болып келеді. Бірақ олар Соғыс болған жерде қаза болған 70-80 көтерілісшінің сүйектерін таба алмайды. Барлық құрбан болғандарды алып кетіпті.

Сөйтіп, патша мен сұлтандардың әскері мен алғаш шайқаста Исатай басшы қайсарлық пен қаза болып, көтеріліс басшысыз қалады. Патша өкіметі Кіші жүзге жан-жақтан жазалаушы отрядтар шығарып, көтерілген елдің зәресін алып, бас қосып бірігіп күш көрсетуіне барынша кесел жасайды. Әйгілі батыр басшысынан айрылған көтерілісшілер қатары ыдырай бастайды. Ел жөңкіліп оңтүстікке көше бастайды. Үлгімегендері Мансуров, Подуров, Геке деген полковниктер мен т.б. басқарған жазалаушы отрядтардың талауына түсіп, райынан қайтып, Баймағанбет, Жүсіп сұлтан правительдерді мойындап, бас июге мәжбүр болады.

Көтерілісшілердің жеңілуінің басты себебі - көтерілген шаруаларда бірлік болмады. Жоламан, Амангелді, Асау, Жылгелді дегендер т.б. бір топ елді басқарып, өз алдына жеке-жеке болды. Көтерілісшілердің әлеуметтік құрамы да шұбарлау, араларында таптық мүдде мен көтерілген езілген шаруалар мен қатар, отарлық езгіге қарсы көтерілген билер мен кейбір сұлтанда болды. Олардың ішінде Төлбай, Балта, Қазы, Шонты би секілді сатқандарда болды. Бұл жолы да көтерілісшілердің айқын күрес программасы, күресу тәсілі болмады. Көтеріліс басшысы жазалаушыларды алдаймын деп жүріп, өзі алдауға түсті. Бұл кемшіліктердің бәрі шаруалар көтерілісіне тән құбылыстар. Күрестің айқын программасын, тактикасын тек

ғылыми теория мен қаруланған жұмысшы тобының саяси партиясы ғана жасай алады. 1836 – 1838 жылдары шаруалар көтерілісінің тарихи ұлы маңызы - қазақ еңбекшілерінің таптық санасын оятып, жарқын болашақ үшін ауыр күреске шыңдады.

Сонымен, 1836-1838 ж.ж. шаруалардың антифеодалдық, антиколониалдық қозғалысы жеңіліс пен аяқталды. Патша мен хан, сұлтандардың қарулы күші елді қанға бөктірді. Бірақ көтерісшілердің бұл күресінің тарихи маңызы зор еді. Көтеріліс шаруалардың хан мен сұлтандарға, байлар мен хожаларға, патша чиновниктері мен офицерлеріне, орыс помещиктер мен купецтеріне қарсы жиналған ашу мен ыза, кек пен өшпенділіктің табиғи нәтижесі болды.

Ең алдымен шаруалар бұл көтеріліс кезінде үлкен күрес мектебінен саяси шынығу мектебінен өтті. Езілген тап бұрынғы әлеуметтік каналу мен мына қарулы көтеріліс барысында үстем тапты жек көру, патша чиновниктері мен помещиктерді, сұлтандар мен бай-билерге қарсы бітіспейтін өшпенділігін көрсетті.

Көтеріліс еркіндік пен Жер, әлеуметтік теңдік пен тіршілік үшін болған кемшіліктерді шаруаларға айқындап, қазақ байлары мен патша өкіметі бір бағытта екенін көрсетті. Сондықтан шаруалар өз теңдігі мен бақытын “тен біліктің күші мен найзаның ұшымен” бір ауыздан сөз шығарғанда, біріккенде ғана алуға болатынына көзі жетті.

Исатай мен Есенгелдінің, Таңатар мен Қаратоғайдың, Ырсалы мен Көбектің, Ысмайыл Өтеміс ұлы мен Ысмайыл Қалдыбай ұлының Тінәлі мен Тәнидің, Айтас пен Мәстектің, Кебек мен Еділбайдың т.б. жүздеген көтерілісшілердің жанқиярлық ерлік істері езілген ұлттың, таптың талай ұрпағын, теңдік, еңбекші ел үшін тәрбиелеуге үлгі болып келеді.

Патша өкіметі хан сұлтандар шаруаларды қатал қудалап, аюандық пен жазалап отырса да, езілген ұлт, тап көтеріліс соңынан Исатай мен Мақамбет бастаған ұлы дүбірді еш есінен шығармай, көкірегінде ұзақ сақтап, ата жауы мен тағы да алысуға жігерленді.

Шаруалар өздерінің көсемдері Исатай мен Махамбеттің, Қобланбай мен Қалдыбайдың:

Жетімдерге жерге берген,

Жесірлерге жем берген, - әділ ісін мәңгі ұмытпай, қастерлеп, олар істерін, есімдерін ардақтап келді, олар туралы талай өлең, жыр, аңыз - әңгімелер шығарған. Өз

заманының әйгілі жыраулары Мұрат Мөңкеуұлы, Ығылман Мөрекұлы т.б. бұл көтеріліс, оның қаһарман басшылары, қарапайым көтерілісшілері туралы жырлап өткен.

Көтеріліс оқиғалар халқымыздың санасына терең сіңген. Ақтөбе облысының Қодба, Ойыл маңын мекендеген бір жыршы:

... Исатай адам еді ердің ері,

Қорлыққа бермеймін деп жалпақ елді.

Ханменен қарсы болып қаза болып,

Қиылдың жағасы еді өлген тері - деген Исатай

мен Мақамбет бастаған шаруалардың әділ ісіне заманымыздың жыр алыбы Жамбыл Жабаевты жоғары бағалаған.

“..Бір күнде Исатайдай қажырлы ерім,

Көтерген ханға қарсы байтақ елін”, -

деп жырлаған еді, Жакең. Сондай-ақ, Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Қ.Жумалиев т.б. көптеген қайраткерлері Исатай бастаған қозғалысты дәріптеп, оған шығармаларын арнады.

Сонымен, аталмыш шаруалар көтерілісінің (соғысының) тарихи маңызының зор екенін еңбекші бұхара өкілдерінің творчествосында анық көреміз.

Бұл көтеріліс тарихы, оның басшылары мен қатысушылардың қажырын, өжет, өр істері біздің жастарымызды патриоттық, өршіл сезімді, таптық санада, революциялық рухта тәрбиелеуде маңызы күшті. Бұл көтерілісшілер туралы әңгіме айтылса ұйып тындайды. Міне, тек оқиға желісін ғылыми тұрғыдан дұрыс саяси бағытта айтып, түсіндіре білу керек.

Қаһарман көтерілісшілердің рухы біздің халқымыз көкірегінде мәңгі жасайды.

СӨЗ СОҢЫ

1838 ж. шаруалардың азаттық күресі мақсатына жете алмады. Оған себеп көп еді. Патшалық авторлар бұл қозғалысты терең зерттей алмады, “бүлік”, “бунт”, Қайыпқалидың хан тағы үшін күресі т.б. дәйексіз пікірлер айтқан. Дұрысын айтуымыз керек Совет тарихшылары Исатай көтерілісі тарихын байыпты зерттеп, ғылыми талдау жасап, ақ-қарасын шынайы көрсетті. Дегенмен бұл мәселеге 50 жылдардың ызғарлы әсері болды, кейбір авторлар Қ.Есімовті бөліп тастады, көтеріліске билер тобы басшылық еткеннен жеңілді деушілер табылды. Бәрінен де В.Ф.Шахматов пен Е.Бекмаханотың сараптауы басым, тұжырымдары дұрыс болды. Ал проф. Қасымбаев айтылмаш еңбегінде көтерілісті басқарған 16 би әлеуметтік жағынан қобалжып, кейбірі опасыздық жасады депті, дәлелі жоқ. Қарулы күрестің жеңілуіне Мақамбет идеологиясы, Жәңгірдің бұқараға әйгілігі әсер етті, - дейді. Еш дәлелсіз (1:104). Исатайдың патшаның регулярлы әскерімен Жәңгір құраған отрядтардың 1838 ж. 2 июльде біріккен күшімен соңғы шайқасы 2 жылға созылған қарулы күрестің тағдырын шешті, - депті. (2:106) Жәңгір жазалаушы отрядтар құрады деп оқырманға тағы жалған мәлімет береді. Көтеріліс 1838ж. Кіші жүзде болды, губернатор көтерілісті басуды Геке бастаған казак әскерімен Кіші жүздің батыс бөлігін билеуші - сұлтан Баймағанбет Айшуақовке жүктеді. (3:212) Бұл тарихи әдебиетте бұрыннан белгілі жәй. Ал Қасымбаев Б.Айшуақовтың есімін әдейі жасырып орнына Жәңгірді жазып отыр. Тарих ғылымының зерттеушіге қоятын талабы көп, солардың бастысы – оқиғаларды бұрмаламай, мәселеге әділ қарау (добросовестность авторы), 2-шісі оқиғаларды бірізділікпен (последовательность изложения) баяндау болады. Ж.Қасымбаев бұл талапты бұза береді. 3-ші талап-өзіңнен бұрынғы автордың баяндауын, фактілерін барынша қайта тексеру, мүмкін болса жаңаша қарау. Бұл нағыз тарихшының ісі. Кешіріңіз, осы жолдың авторы В.Шахматовтың Исатай көтерілісі туралы кітабындағы фактілерді архивте түгел тексерді, сөйтіп материалды меңгерді. Ал Ж.Қасымбаев Қ.Есімов туралы патша авторларының, Жәңгірдің сөздерін қайталап таққа таласты, 1832 жылдан ел талап жүрген ал 1838 ж. көтеріліс басқарды, - дейді. Бұл фактіні (1832 жылғы т.б.) өзім тексердім, бірнеше архив істері бар, бірақ нақты ештеңе жоқ. Бұны Орынбор басшысы кезінде тексеріп жалған, арандату

мәліметтері екенін білді. Қ.Есімов жөнінде кейбір ғылыми дәйекті пікірлер жазған, жаңылысы да бар. Менің пірім - әйгілі профессор Ермұқан Бекмаханов. Ол кісі фактіні, құжатты тексермей аяғын аттамайды, бірден-бір сөз айтпайды. Бізге де соны үйретті. Исатай көтерілісін “шаруалар соғысы” деп жоғары баға берді, оның болуы, жеңілу себептерін дақпа-дақтап көрсетті. Жәңгірдің қызметіне әділ түсінік берген. Ал Ж.Қасымбаев ешбір дерексіз Қайыпқали Жәңгірдің империямен жақындау линиясына қарсы болды”, көрші елдің саясатынан “қазақтың қаліпті ел билеу дәстүріне қауіп төнгенін көрді”, - депті (4:111). Бұл сөз рас болса, онда Қайыпқали халық болашағын ойлаған көреген Қ.Есімов үндеушіге Қарақазан сары бала қамы үшін күресейік – деген ғой. Ж.Қасымбаев кітабында Жәңгірдің халықты билеу, соттау жөнінде құқын кеңейту жөніндегі әрекетін әлсін-әлі жаза береді. (5:114) Автор ханды “прозорливый” (көреген) ловкий, чутки, икемді деп орынды – орынсыз мадақтай берген. Бұл түсініксіз жәй. Бір жағынан автор тарихи деректер негізінде ханның озбыр, жебір, жемқор екенін көрсетсе, екіншіден, көбіне құр сөзбен “көреген” деп дәріптей берген. Бұл екі беттілік емес пе? Бұл елеңсіз, дәйексіз әңгімелерге жол ашады. Бұндай ала-құла әңгімелер бұқараның басынан өткен қаралы жылдарды бүркемелей жасырып, шындықты бұрмалауда. Сонда ханға қарсы болған 3 көтерілісті қалай қашанғы жасырасың? Әлде бұларды да Жәңгір сөзімен түсіндіреміз бе? Проф. Қасымбаев: “Каждое усиление “социального противоборства”, жалобы Пограничной комиссии Жангир интерпретировал якобы от природного буйства и дикой грубости” – дегенін (6:28) жазады. Дұрыс ұғым.

Қазақстан, Ресей тарих ғылымдарының зерттеулеріне сүйеніп және өзі де зертеп Е.Бекмаханов Бөкейліктегі шаруалар көтерілісін “соғыс” деп бағалап, ол хан, сұлтандар тобымен отаршылардың езгісіне қарсы бағытталған азаттық күрес деп тұжырған. (7:62) Көп ғалымдардың бұндай тоғысқан тұжырымын өзгерту үшін жанадан толық, жан-жақты зерттеу жүргізіп, бұлтартпайтын, тексерілген құжаттар табу керек. Әзірге бұл жоқ. Олай болса Бөкейлік Кіші жүз тарихының қалыптасқан ғылыми концепциясының орнына популисттердің дерексіз, дәйексіз құр сөздерін чиновниктердің, оқу орындарының пайдалануына еш қақы жоқ.

Кіші жүздегі 1838 ж. көтеріліс тез басылу себептері көп. Отарлық езгі мен феодалдық қанаудан қажыған шаруалардың

билеуші топпен отаршыға қарсы наразылық қимылдарын біз жоғарыда айттық: алым, салық көбеюі, отаршының талауы, қоныс салып, егін егуге, орманды, өзендерді, тұзды пайдалануға, балық аулауға, үй тұрғызуға тиым салғанын тағы еске салмасaq болмайды. Исатайдың отаршы мен оның қазақ сыбайластарына қарсы күреске шақырған 1838 ж. үндеуі тез тарап құптау көбейді. Он екі Байұлы мен Жетіру тайпасының көп ауылдары толқи бастаған, бүкіл Кіші жүз бойына таралар түрі бар еді. Бірақ кешеуілдері Исатайдың асығыс, аңғал қимылы қазаға ұшыратты. Бұл көтерілістің жеңілу себептері белгілі, дегенмен айта кетейік: бытыранқылығы, әскери өнерді білмеуі, қару кемдігі т.б. Бұған қосарымыз – көтерілістің біртұтас, бір мезетте бірлесе болмауы да шешуші роль атқарады. Қазаққа қашанда бірлік, бірауыздылық жалпы халықтық мүддені бөрінен де жоғары қою жетпейді. Бұл мезгілде бар күшті жию дегеннің азаттық күресте басты роль атқарады. Отаршыға қарсы Жоламан Тіленшіұлы күресін 1820 ж.ж. бастады, бірақ Табын руының бір бөлігін басқарады. Ал 1838 ж. Жоламан Исатайға қосылмай өз бетімен жүрді, шекара әскери линиясына жақындайды. Ел кезіп, құлақтары түрік патша тыңшылары бұны Орынборға жеткізеді. Губернатор полковник Мансуров, подполковник Подуров отрядтарын шығарады. Ол қыркүйек айында Жылкелді мен Жоламан тобын қудалап, 7119 бас қой, 314 ешкі, 320 сиыр, 115 бұзауын тартып алады. Жоламан Қобда өзенінен қашып Ырғызға кетеді. (8:33). Бірікпеген қазақ қолдарын Теке осылай күз бойы бөлектеп қуа береді.

Профессор Қасымбаев билер арасында ру, сатқындық болғанын қайта жазған, аты-жөнін көрсетпейді. Бұл жалпылама сөз Біздің білетініміз Ысық руының Қадірғұл атасының азаматы 1838 ж. шілдеде жағынып, Баймағанбет сұлтанға өз ауылы азаматтарының Исатайға: біз сізге қосыламыз, қай жерде қосылайық - деген хатын көрсетеді. Сұлтан қулық істейді, Балтаны осы хатымен Исатайға жіберіп Балта келе батырға біздің ауыл тұрағынан көшіп, Сіздерге келе жатыр. Қиылдың аржағында Баймағанбет сұлтан 150 адамымен салық жинап жүр, - дегенін жоғарыда айтқанбыз.

Гекенің қыркүйектегі Перовскийге жіберген рапортында Қ.Есімов жұртқа таратқан Үндеуі Табын руының Шөмішті бөлімінің батыры Асау Барақовқа да жетеді. Бірақ ол Қ.Есімовті мойындамай, Исатайды қашқын (Асау өзі атамекенінен 20 жылдан бері айырылып, қуғынға ұшырап,

қашқын болған) деп айыптап, “аталарының ақ патшаға берген антына берік боламыз”, - деген. Бұны естіген Баймағанбет Асауды кездесуге шақырып еді, өзі келмей 2 інісімен баласын жібереді. Сұлтан мен Геке бұларды жылы шыраймен қарсылап құрметтеп, мақтаған. (9:38) Асау Қайыпқалиға сен орыстар қойған хан емессің, біз алым, салықты орысқа төлейміз – деуі де бар. Осы өңірде молда, әрі тыңшы Батырша Шагимарданов Исатай туралы мәліметті Орынборға жеткізіп отырған, соның бірінде Қ.Есімов Асау ауылына келіп еді, соғыс болып 300 адамынан айырылды, - деген. Бұл “еңбегі” үшін Асау патшадан алтын медаль, ұлы Тұрлан інісі Жәнібек сый-сияпат алған. (10:330). Ұлы дүрбелеңнің мән, мақсатын түсінбеушілер, ұлттық мүддені аяққа басушылар қай уақытта да болған. Мақамбеттің: “Ер жігіт діңіне (діңі – адамшылық санасы) берік болсын – деуі осындайдан. 1837 ж. Есет Көгібарұлы патша әкімшілігімен күресін бастаған, бірақ ол да үлкен қозғалысқа қосылмай кейін қалды. Геке Исатайға қосылушылар көптеп “Көкпекті” даласына қарай ағылды, ал Исатай қаза болғасын олар бас сауғалап тарап кетті”, - дейді.

Көтерілістің аяғы тым ауыр қазалы болды. Халықтың бір кездегі өлермен, қасіретті күндерін бұл күнде бірде-бір автор аузына алмайды. Бұл сыңаржақтық тыйылар емес. Біз халықтың қайғылы кезеңін бұдан бұрында ықшамдап жазғанбыз. Жұртымыздың көрген қорлығы қайғы, қасіретін бәрін жазып болмас. Халық жадында сол кездің қаралы оқиғалары күні бүгінге дейін сақталып келеді, әлі де жинауға болады. 1837 ж. 15 - қарашада көтерілісшілер жеңілгеннен кейін жазалаушы шағын (70-120 солдаттан) топқа бөлініп, Исатайларды ұстауға тырысады. Бірақ сұлтан Шыман Орманов, Шөке Нұралиев бастаған 400 адамнан құралған хан қолы Исатайдан зәресі ұшқаны соншалықты солдаттарымыз ел ішіне бөлініп, аяғын аттап баспайды. Геке амалсыз оларды өз отрядтарына бөліп жібереді. Бұлар енді “Мыңтөбе” маңымен Жайық жағын аңдып, Исатайлықтардың қашқан ауылдарын ұстауға кіріседі. Жайыққа қаша көшкен. Еділ Сартұлын ұстап, 60 шаңырақ ауылын талайды. Әр жерде көтеріліске қатысқанды біртіндеп ұстай берген. Қалдыбай Қосаяқ ұлы, Қабыланбай, Есмайыл, Қали, Сапалак, Қалдыбайұлдары, аты аңызға айналған Тәни Түменұлы, Айгас Көсепұлы, Танатар Естекбайұлы, Досақан Жәнібекұлы, Наурызалы Қаржауұлы, Аманбай Көбекұлы, Еділбай Сәрсенбіұлы, Сарт Ерәліұлы, Алдияр Исәлі Шонайұлдары,

Көшім Сартұлы т.б. қолға түсіп, шұғыл Теке қаласына жөнелтіліп, абақтыға қамалады. Шыман төре көтеріліс басылғасын есін жиып, исатайлықтарды іздеп, жазалауға енді белсенді кіріседі, ауыл – ауылды аралап “бұзақыны” іздей: бұл ауыл хандық па, Исатайлық па? – дейтін көрінеді. Егер де қасындағы біреуі Исатайлық - десе, сол ауылдың быт-шытын шығарады екен. Беріш руының бір ауылына келсе тұрғындары қашып көлдегі қамыс арасына тығылады. Сонда Шыман көлге от салады. Тұрғындар бала-шағасымен еңіреп көлден шығады. Төре ауылға ойына келгенін істеген деп қариялар күрсінетін. Бұл көл содан “Күйген көл” деп атаныпты. Шыман тобының елге істеген қатыгездігінің шегі жоқ - деуші еді қариялар. Шыман бесіктегі баланы найзамен түйреп алып, жоғары көтергенінде айтатын. Хан қолы мен казактар ауылдарға келіп, мал-мүлкін талаумен шектелмей пішен, отынын, азығын тартып әкеткен. Ешбір кінәсі жоқ адамдар талауға ұшыраған. Бұл жылы қыс ерте түсті, қалың қар жауып, арты аязға айналады. Желтоқсан айы бөкейліктер үшін қаралы ай болады, суықтан, аштан өлу көбейеді. Осы кезде кей ауылдарда Геке өз рапортында: киргиздердің киіз үйіне, не томға кірсен жан шошырлық, - дейді, жанұя түлегімен төсегінде қатар жатып, өлген, - деп қай үйге барсаң да бишара киргиздар өлгесін көресің, - деп жазған (3:376). Бұндай сойқаннан шошыған көп ауыл хан мен Шыманды “қанішер” деп қарғай Нарыннан безіне қаша көшіп, суыққа ұрынып, не қолға түсіп, құзғынға жем болған. 1847 ж.ж. Бөкейлікті басқаратын Уақытша Советте (ББУС) жұмыс істеген А.Евреинов Жәңгір қызметін тексеріп, көтеріліс жеңілгесін 3000 шаңырақ жоқтығын жазады. Ханның 1835 ж. мәліметінде Бөкей ордасында 16500 шаңырақ тұрады деген, ал 1838 мәліметте 12750 шаңырақ қалыпты. Бұл адам шығынының “адыра қалған Нарында” көп болғанын көрсетеді. Хан-сұлтандардың озбырлығы халықтың демографиялық өсуіне тағы зиянын тигізеді.

Исатайлықтар Алшын даласында да патша әскерімен күресте бірталай шығынға ұшыраған. 1838 ж. 12 шілдедегі алғашқы шабуылда-ақ Исатайлықтар зеңбірек оғының астында қалып, 70-80 адамынан айырылған, кейінгі атакамен шегінуде сондай шығынға ұшыраған көп адам қолға түскен, ішінде Қожақмет Өтемісұлы бар. Тұтқындалғандарды Теке қаласына жөнелтіп, бәрін Орал казак әскерінің әскери соты жауаптап, тергеді де үкім шығарды. Ең алдымен қала сыртына шығарып,

сотталғандардың көбін шпещругенмен соғып жазалады. Шпещруген дегеніміз мылтықтың шомпылы сияқты солқылдақ сым темір 250 солдатты қарама-қарсы тізіп тұрғызады да, арасын 1,5 м – дей ашық жол қалдырып, сол жолмен сотталғанды жалаңаш жетектеп, әр солдат кезегі келгенде құлаштап “айыптыны” жалаңаш арқасынан соға береді. Сөйтіп 500-750, 1500 соққы береді. Арқа етінің мылжасы шығады. (11:349) Исатайдың ұлы Жақияны 750 соққыға басқаларына 500, Қабланбай 1500 соққы берген. Қарттарын Сібірге айдаған, жастары каторгіге Киев, Рига, Своебор қамалдарына жөнелткен. Жақияны солдатқа жіберген.

Патша мен хан адамдарының қудалауынан жасырынып, Исатайлар Жайық асамыз деп бірталай адамдарынан айырылады. Исатай борандатып Жайыққа жақын тұратын Құрақ Маябасов деген азаматтың үйіне келіп: “бізді Жайықтан өткіз жолын білесің” - ? деп өтінеді. 1837 ж, 13 декабрьде Құрақ бұларды Жаманқала қасындағы “Сарытоғай” жылғасына келіп, көк мұз үстіне киіз төсеп Жайықтан өтеді. Бұлар 50 шақты адам, жолай Сүйін деген қосылған, ол түйесі жығылып кейін қалады. Сол арада жолды қарауылдап жүрген 2 казак келіп, мылтық атып отряд шақырды да, мытқып жүрген Сүйінді ұстап алады, қасындағы 2-3 адам тоғайға тығылады. Сүйін Текеге барғасын кімдер өткенін айтады. Исатайлар әккі Баймағанбет сұлтанның отрядын “із тастап” адастырып, екіге бөлінеді де, құтылады. Бірақ Жақия бастаған топ, Шектінің Шонты Жамантаев ауылына барып 12 кісі паналап еді оларды ұстап береді. Олардың ішінде Исатайдың әйелі Несібәлі, екі ұлы Жақия, Дінбаян, Есмайыл, Сүлеймен Өтеміс ұлдары, балдызы Бағлан, Еділ Сартұлының балалары Ерше, Нұрша, т.б. бар. (12:476) Жігіттерін Текеге жөнелтеді. Несібәлі мен Дінбаянды губернатор Баймағанбет қарауынан Нарынға Жәңгір ханға жібертеді.

Азаттық үшін терін төгіп, жанын қиғандардың есімдерін тізбелеп қастерлейік. Отаршы мен озбырлығы қарсы талай ұрпақтың сағын сындырып, өмірін әкетті. Солардың ішінде ханға қарсы күрескендердің орны бөлек, бірақ олар көп біз түгелдей алмаспыз. Мысалы, Симбирск губернаторы 1838 ж. шілдеде каторгіге айдалып бара жатқан 20 кісінің 12-сі қарауылға шабуыл жасап, “Аскөл” деген жерде қашқанын. Орынбор губернаторына жазып, тізімін, жасымен бойын, өңін сипаттай берген. Макит Бөлекбаев, Сағыбай Үргенішбаев (өлген). Ұстатпай кеткендер: Сүйлеймен Өтемісұлы, бойы 2

аршын 5,2 вершок, шашы, сақалы бурыл, қой көзді, 26 жаста. Аймуқамбет Тоғаев (Исатайдың немере інісі) өңі аққұба, 32 жаста, Қали Сабалақ Қалдыбайұлдары, Шидабай Адайбеков, Тәни Түменұлы бар (13:42). Осы кезде Есмаил Өтемісұлы, Есмайыл Қалдыбайұлы, Исәлі Шонаевтың қашып келіп Жайық асқанын хан Жәңгір губернаторға хабарлаған. Сол үшін Шыбынтай Құлмәліұлының әулетін ұстатқан (14:46) Қашқан 8-ң екеуі Шудабай Адайбеков Жармұқамбет Тоғаев ұсталған. Екеуі Николаев уезінде тұрғылықты орыстар қуалап, қысылғасын Ырғыз өзеніне түсіп, суға кеткен. (15:67) В.А.Перовский 1837 ж. 17 декабрьде көтеріліске қатысқандарға кешірім жасап өткенді ұмытайық деген, бірақ оны ханда басқаларында орындамаған. Көтерілісшілерді іздеу, қудалау қалмаған, хан Мақамбеттің 3 жолдасымен Нарынға келгенін біліп, Орынборға жазып, шу көтеріп, Естек, Мәстек, Ақметовтерді ұстауды өтінген. Төлеген Серекенов, Үбі Усин Иманбай Қалдыбаев, Касен Өтемісов т.б. көптеген көтерілісшілер, Досмағанбет Исатаев Кіші жүзде бас сауғалап жүрді, не Қаразымға кетті. Шалдарды губернатор Нарынға қайтартып еді, хан оларды Сібірге айдатты. Тіпті балаларды да хан мүсіркемеді. Өз ауылынан ұсталған Көшім, Ерше, Шоқым, Нұрша Сартұлдары т.б. хан кері қайтарып (10-16 жастағылар), Сібірге жіберткізді. Тұтқындалып, жер аударылған көтерілісшілер Сібірден қашып келуі де болды. Тәни Түменов 4 рет қашып келді, сонда 1866 ж. патша әкімшілігі тағы ұстап жөнелтті. Үбі Усин 1856 ж. қашып түнде үйіне келіп, жанұясын жасырын Маңғыстау жағына көшіріп әкеткен. Бұл азаттық үшін күрескендердің азабы арылмағандығы Иманбай Қалдыбаев, Касен Өтемісұлы т.б. патша әкімінің құпия тапсырмасын Қаразымда орындап жеңілдік алды. Көбінің тағдыры қасіретті, ол ұзақ әңгіме. Бірақ бәрінің дерлік азаттық үшін күрес рухы, Исатай мен Мақамбетке деген сүйіспеншілігі сөнбеген. Халық оларды әлі күнге дейін қастерлейді.

Жәңгір тағдыры. 1837-1838 ж.ж. қанды кешуден хан тиісті қорытынды шығара қоймады. Өзінің баю саясатын жалғастыра берді. 1838 ж. елден жылу жинап, патшаға сиын даярлап астанаға барып келді. Алым-салық сонымен көлемін азайтпады. Әлеуметтік күйзеліс жалғаса берді. Хан сауда саттығын, алып-сатар - өсімқорлық (роставщичество) несиеге (ссуда) беру, сатылған малдан, саудагерден кеден, баж салығын т.б. ала береді. В.А. Перовский 1837 ж. 26 қарашада Ханға жазған

хатында: "... что не только приверженцы Исатая, но и большая часть прочих киргизов доведены до крайности самоуправством султанов биев и старшин упротобляемых Вами по управлению ордою: не говоря здесь других предметах, которые будут исследованы своевременно упомянутая только о несоразмерных поборах производимых с киргизов под разными предлогами. Эту статью желаю я привести в ясность немедленно", - деген (16:312). Бұл цитатта көп жәйді анықтап отыр. Бірақ хан бұғанда, бұдан кейін губернатордың ханнан алым-салық мөлшерін сұраған хатына жауапты іздеп, таппадық. Хан алым-салықты өсіре берген Ж.Қасымбаев зекет салығы әуелде малдай жиналса енді ақшалай алғанын, әуелгі 250-300 мың сом орнына 1844 ж. 930185 сомға жеткенін жазады. (17:61) Соғым т.б. алым-салық көлемі де осылай көбейген. Бұл бөкейлікте шаруалардың наразылығын қайта туғызады. Орынборға шағым, арыздар жөнелтілер. Солардың бірі - Аббас (Ғаббас) Қошаев ноғай-қазақ руының азаматы губернаторға 1842 ж. шағымында алым-салықтың 20 түрін жазған. (18:19) Бұлардан басқа 5 пұт жабағы, тері, киіз, жүн, жанға сыйға деп әр ауыл биінен 1 жылқы, 1839 ж. т.б. жылдары патшаға барамын деп жылу жинау. 1839 ж. Перовскийдің Қаразымға әскери жорығына 1000 бас түйе, ордаға келген қонақ дастарқанына деп мал, құшыр т.б. алымдар жиган. Алым-салық саясаты күрделі, үлкен мәселе. Бұл әлі де зерттеуді қажет етеді. Архив құжаттары шашыраңқы қарама-қайшы болғанмен көп жәйді ашуы мүмкін.

Хан қалтасына мол пайда түсіретін басты бұлақ - жерді қайта бөлуді жалғастырады. Ол енді біреудің жерін тілімдеп, сажынмен өлшетіп, жіппен санап сатқан. Әр сажыны 1 сомнан (10:18). Ханнан сұлтандар, билерде жебірлігінен қалыспады. Жәңгірдің тете інісі Мендігерей 1840ж. Масқар, Тана рулары ауылдарының шекарасын көрсеткені үшін 2 түйе, 1 ат, 3 шапан, 100 сом ақша алған. (20:658) Ханның балдызы Әміржан Құсайынов осы жылы Ноғай - қазақ жұртының 4 руынан ханға деп жиган салығының жартысын және 700 сом ақша алған (21:20). Бұндай фактілер баршылық. Салықты көп жинау ханның негізгі жұмысы болған. Тіпті 1836 ж. ел екі тарап болып, нарызылық шиеленісте зекет деп 18000 қой, 800 өгіз, 1000 жылқы, 700 түйе жиган. (22:669). Біреулер ханның елге еңбегі бар дейді. Онда оны дәлелдеу керек. Академик С.Зиманов "хан реформировал старую систему налогов, вкладывал часть общественных средств на сооружение плотин, артезианских

колодцев, сохранение древесных насаждений и разведение лесных участков, ...строительстве общественных зданий”, - депті. (23:112) Еш бір дерек атамайды, сілтемеде жоқ. өйткені бірі бос сөз. Біз де дерек таппадық. А.Евреинов “Нарыне был лес, а к 1851г. остались пни”, - деп жазғаны белгілі. Ешқандай қоғамдық құрылыста жасалмаған, ал бөгет өз жерінде өз қажетіне ондаған. Сәкеңнің “хан проводил продуманную социальную политику, соориентируясь на ослабление родовой знати”, - дегені де құр сөз. Ру шонжары (знать) дегеніміз кім? Олар сұлтандар. Бөкей кезінде Нұралы ханның бұлы, Есімінің 3 ұлы, т.б. рубасы болған, ол Жәңгір кезінде солар және Бөкейдің 3 ұлы, Шығайдың 3 ұлы т.б. сұлтандар ру басқарғанын айттық. Жаңсақ мәліметті популистер тексермей жазып, оқырманды шатастырып, ел ішінде жік, айтыс туғызуда. Жәңгірдің шаруашылық мәселесімен шұғылданғаны жөнінде еш құжат көрінбеді. Қоғам өз әлінше тіршілік жасап, өсіп, сақтанды. Хан халқына отырықшылық, егін салу, шөп шабу қоныстану үйретті деудің, дәлелі жоқ. Әр өз бетімен шаруа жүргізді, қоныс тепті. Жасқұс тұрағына 1827 жылдан саудагерлер жиналып, дүкен ашты, базар құрды, ол жәрмеңеге айналды. Тұрғындар 1841 ж. 41 қожалық, 1846 ж. – 89 болды. Дүйсе, Теректі, Жанбай, Жақсыбай, Сарыбасты, Толыбай т.б. мекендер барын айттық. 1851 ж. Жасқұста 100 дүкен болған, 346 қазақ, 193 татар, 120 орыс, 13 башқұрт, 25 армиян тұрған. (24:45).

Бөкейліктің негізгі шаруашылығы мал өсіру бірде көшіп, бірде өсіп, 1814 жылғы деңгейге жетпеген. Оны төмендегі таблицада да көресіз. (25:32)

Ру атаулары	Шаңырақ саны	Түйе	Жылқы	Мүйізді қара	Қой – ешкі	
Байұлы тайпасы:						
Адай	1503	4989	842	11057	98496	
Алаша	2640	4989	23585	16204	96136	
Байбақты	3205	3643	34071	18545	135214	
Беріш	5084	16105	40211	37564	326259	
Жаппас	904	2334	6990	6544	39965	
Есентемір	466	1141	1474	2483	26943	
Қызылқұрт	825	1842	4195	6439	34263	
Маскар	361	681	2668	2398	11030	
Ысық	669	1234	2991	3682	17284	
Таз	121	291	319	465	3145	
Тана	1281	3544	14701	9465	71508	
Шеркеш	2759	5982	14964	14367	93608	
Жетіру: Кете	411	687	2016	2655	13578	
Жетіру	1235	2103	11229	9946	57331	
Ноғай-қазақ	1093	4953	6850	8579	113022	
Сұлтандар	172	926	5154	1694	21397	
Хожалар	179	956	2662	1354	1209	
Төленгіт	665	1638	6909	4440	27844	
Жәңгірхан		177	29980	122	4573	
Барлығы:	23598	58903	229173	158792	1,217647	1.664515 бас

Шаңырақ саны өскенмен мал басының өсуі мардымсыз болды. Себебі - жер тапшылығы, жайылыс, суат жетіспеді.

Жәңгір сауда ісіне мән беріп, оның бар мүмкіндігін өзінің қара басы баюы үшін пайдаланғаны Қасымбаев Ж. кітабында оңды жазылған. Жәңгір, - дейді автор, - ақша табуды тез үйренді, кейде көлеңкелі операцияларға қатысты, - деген. (26:95) Автор ханның сауда, ақша операцияларындағы неше түрлі құйтырқы қылықтарын айта келіп, хан әрі ақшалай алым жасап, сонымен “өз халқын өзі тонады” (“обирал собственный народ”) деген. (27:93) Бұның аржағында хан қызметіне қандай баға беруге болад. Бөкейлікте сауда көлемі Ресей қажетіне байланысты өсе берді. А.Д.Кузнецов Бөкей, Шығай кезінде Бөкей ордасы тұрғындарының Ресеймен сауда жасауының 11 алаң-орындарын атағанын біз жоғарыда атағанбыз. Бұған қоса Орынбор шекара комиссиясы (ОШК) сауданың үлкен

орталығын ашу мақсатында Жасқұста жәрменке ашуды қажет деп, содан “ханско-ставочная ярмарка” пайда болған. Империя бұны ұйымдастыруға 60 мыңдай ақша бөліп, сауда нүктелерін салып, базарбашы тағайындап, шетел саудагерлеріне жол ашып салығын аз мөлшерде білгілеткен Жасқұсқа Бұқар, Қаразым, Иран саудагерлері келетін болған. Қазақ үйлерінде түрікпен, парсы кілемдері Бұқар шапандары, маталар пайда болды. Ресей губернаторларынан өнеркәсіп товарлары, Орал казактары бакалея т.б. товар әкелген. Көмір, темір, керосин, қара май, ағаш, темір өңдеу құралдары т.б. сатылады. Қазақтар базарға мал, мал өнімдерін қатар ағаштан жасалған тұрмыс жабдығын арба бөлшектерін (дөңгелек, оның күпшегі, кегейі, тоғыны, белағашы, тәрте, тәжібау, доға т.б.) жегу әбзелдерін ертұрман, қайыстан істелетін бұйымдар, зергерлік бұйымдары, киіз, етік, ши, алаша т.б. әкелетін болған. Әрине негізгі сататыны мол. 1845 ж. көктемгі, күзгі жәрменкеде 1,384.608 сомның товары әкелінген, 1269.534 сом товары сатылған. Басқа деректе 1846 ж. 522 203 сом сатылған тауары (28:25) Жалпы Бөкейлікте тауар айналымы өсе берген, ол Ресейдің ең жақын рыногіне айналған. Бұл жәрменкеде ұсақ малдың өзінен 52 мың бас сатылған. Ол сауда байлардың табыс көзінің бірі, қолөнершінің күнелтіс көзі, кедейлерді қанау тәсілі болған. Бірақ сатылатын мал саны да жылдан жылға азая берді. Жарамды жерді феодалдарға беру нәтиже әкеле қоймады, егіншілікпен олар шұғылданбады, малға шөп, қора, шеген аула дайындау аз болады. Содан 1842-1843 ж.ж. қыста мал шығыны көп болған. Егіншілік біртіндеп өсе берді, онымен орта не кедей шаруа айналысады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін кәсіпорын ашылмады. Жұмыс орнын таппай шаруалар Ресейге жалшылыққа кетіп, арзан жұмыс күніне айналды. Елде бар түз өндірісі орыс купецтерінің қолында онда Басқұншақ, Елтонда 500-600 жұмысшы болды. Балық аулау кәсібі де орыс байларының иелігінде дедік, олар 1844 ж. 1635 жүк балық әкеткен. Бұларда 2072 адам жұмыс істеген, бірақ жұмысшы саны кеміп отырған. 1849 ж. 15422 пұд балық ауласа, 1850 ж. 11051 пұд балықты 972 адам аулап, оны 1019 жүк арбамен әкеткен (28:56) Осылай жыл сайын балық, тұз, ақ терісін таси берген. Осылай екі бірдей қанау, екі бірдей тонау жалғаса береді. Патша үкіметі бұның бәрін шаруалардың шағымдарынан, өз қызметкерлері баяндауынан біле отырып еш шара қолданбаған. Ал Жәңгір шағымдармен толқулар менің тағыма

таласқан қарсыластарының арам ойларынан деп түсіндірген. 1844-1845 ж.ж. тағыда шағым түседі, оған белгілі батыр, 1829 ж. толқудың бір басшысы Қаратоғай Мәмбет ұлы да қол қойған. 1842 ж. шағымданған Ғ.Қошаев, Е.Манатаевты тергеп, бірталай әуреге салып, ақыры жер аударды. Мына шағымданушыларға да қатер төнеді. Бұл бөкейліктегі жағдайдың тағы шиеленіскенін көрсетеді. Шағымданушылар алым-салықтың көптігін, жайылыс жетпейтіндігін, хан, сұлтандардың озбырлығын т.б. жазып, әр рудан жиналатын зекет, соғым салығының мөлшерін көрсетеді. Мысалы, Беріш руы 65350 сом, Алаша руы 47300 сом, Ноғай – 34000 сом Зекет салығын төлесе, 14 рудың 198 старшиналары 327650 сом төлеген (30:49) Соғымның бір жиналуы 713 бас мал немесе ақшалай 500 мың сомнан асады. (сонда) Шаруалар тағы да басқа да алым-салықты тізе берген. Хан бұған зекет құдай жолындағы әркімнің өз еркімен беретін алым, ол соғым хан дастарханына ежелден өз еркімен әкелетін сиы деп бұрынғыдай маймөңкелете жауап беріп, көлемін жазбайды. Хан елдегі жағдайды түсінбесе керек. Тарғын өзені жағалауындағы сарайында шөп науқанының басында жас тоқалы Салиха Бабажановамен болды дейді авторлар. Кеңсе бастығы Матвеев хан 6000 сомға кісі жалдап тоған салдырды. Ол 6000 шөмелей пішен берді деп жазыпты. Бұл пікірді жергілікті қарттардан сұрап едім, ол хате, тоған ежелден бар, хан соны қайта қалпіне келтірген дейді. Мүмкін, Тоған 6000 сомға салынбас, Матвеевтің жалақысы 7000 сом. Бұндай сомаға сонша жұмыс істелмейді ғой. Қалайда хан жеке шаруасына ұңғыт. Сөйтіп байлықтың артынан қуып жүрген де Жәңгір 1845 ж. 11 тамызда дүние салады. Неден өлгені әлі жұмбақ. Қасымбаев Ж. Сарытау дәрі И. Троицкийдің актісін жазады. Бұл белгілі құжат Қасымбаев айтқандай сол уақытта хан өлімі әртүрлі әңгіме болған. Қазақ ішінде тараған аңыздықтар айтып отыратын. Соның бірі - 1845 ж. ханға қарсы нарызылық өрістеп тағыда, 4-ші көтеріліс шығатын қаупін ақсақ алдар біліп қойып: - үш рет көтеріліс болды, ел одан әрі күйзелді болар. Патшаға әлдерін жетпес, зорлық кімнен шығады, содан құтылудың шусыз тәсілін табындар, - депті - мыс. Ол сол кездегі белгілі тәсіл – улау екен. Содан ханнан оп-оңай құтылулы. Кім білген, аңыз ғой. Патшаның күшімен ұстап отырған басқару жүйесі одан әрі қожырайды. “Бөкейлікті басқаратын уақытша Совет” деген құралады (Б.Б.Ұ.С.) Әділгерей Бөкеев басқара алмайды, сұлтандар, билер арасында тартыс басталады. Бұны пайдаланып,

патша әкімшілігі ББУС ті 5 мүшеден, төрағасы, 2 советнигі орыстан 2-і қазақтан құрады, кейде ол өзгереді де. Жер мәселесі тағы көрінеді. Орынбор ББУС-не Жәңгірдің 1825-1845 ж. қызметін тексертіп, жер реформасын хан бұрмалап өз басымен, сұлтан – билердің пайдасына жүргізгенін анықтайды. 1848 жылдан бастап Жәңгір жер иеленуге берген 1517 куәлік – актілерді жиып алады. Бұл бәрі емес, жер дауы 10 сыр аяғына дейін барған, куәліктерді жия берген. Енді жерді қайта, әділ бәріне бөлуді бастайды. Жәңгір тағына мұрагер болған Сақыпкерейде белгісіз жәйдә өледі. Елді хан билеу жүйесі әлдеқашан тозған қоғамның даму процесіне кесел болып келген. Бұны патша үкіметі түсініп, бірақ өз мүддесіне пайдаланып келген. Отарлау, орыстандыру саясатын жалғастыру хан басқару жүйсін қайталамай, Ресейлік территориялық - әкімшілік басқару жүйсін ендіруге жол ашады. Оның үстіне 1852ж. Жәңгірдің кім екенін В.А.Перовский мемлекеттік мүлік министіріне әшкерелеп жазып, тәжірибелі үкімет чиновниктерін хан алдап келгенін көрсетеді. Орынбор губернаторы комиссия шығарып Жәңгір дүние мүлкін малын тізбелетіп еді әр қаладағыны қоспағанда қалғаны 1 млн. сомнан асыпты. Бұл тым және көп, бұны білмей келген.

Хан лауазымы жойылды деген арнайы ресми мәлімет кездеспеді. Бұл да отаршының елді бөрліктірмеу үшін істелген құйтырқы саясаты. Кей автор Орда да жерді жеке меншікке иелену 16 жылдан соң жойылды дейді, бұл да біздіңше жаңсақ ой. Патша үкіметі жерге жеке меншік иелігін өзі бастап, Жәңгірге жүктеген. Енді оның бұрмалауын жойып, жерді қауымдық иеленуді кейде сақтай отырып, жеке меншікке беруді жалғастырды. Сөйтіп елде өзіне әлеуметтік тірек құрады. Ел іші тыныштала келді.

Бірақ азаттық үшін күрес жалғаса берді. Кіші жүзде бұл күресті Есет Көтібар ұлы 1847 ж. жылдан белсенді жүргізіп, 10 жылдан астам арпалысты. Жоламан шығысқа бөлініп кетіп, елге оралмады. Бірлесе отырып, күш қоспағасын нәтижесі де болмады. Әйтсе де аталарымыз әлсіз, бытыраңқы күші басым жаумен аянбай алысты. Олардың ерлігі бізге өнеге.

Халық тарихын, оның трагедияға толы жанкешті, арпалысты өмірін, азаттық күрес неден, қалай басталып, қанды кешкен қилы кезеңін кімнен, неге болғанын зерттеп, анығын айтқан жөн, әрі пайдалы.

Сөз басы

1. Большая Советская энциклопедия М. 1967г. т.10, с594.
2. “Орал өңірі” газеті 20.9.1971ж.
3. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. С-П. 1832г.
4. Левшин А. Историческое и статистическое обозрение Уральских казахов. С-Пг. 1823г.
5. Ханыков Я.В. Очерк. Состояние Внутренней киргизской Орды. 1841г. Записки Русского географ об-ва. 1849г. КН 1-2 с.121-148.
6. Вларамберг И. Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральной (Малой) Орды Оренб. Ведомства – Военно-статистич. Обозрение России. Империи. Сп-г. Т. XIV ч.1.
7. Герн и Васильев Военно-статист. Обозрение Росс. Империи. СПч. Т. XIV. ч2.
8. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СП-г. 1845г.
9. Евреинов А. Внутренняя или Букеевская киргиз-казацкая Орда. Оренбург 1851г.
10. Очерк. Зауральской степи и Внутренней или Букеевской Орды. М. Изд-во. К.Солдатенкова и Н.Шепкина 1859г.
1. Медведский Т. Внутренняя или Букеевской Орды ж. Эпоха 1864г. №12. Харузин А. Киргизы Внутренней Орды (Антропологич. и этногра. исслед.) М. 1889г. - I-вып.
12. Савичев Н.Ф. Ис. Тайманов – старшина Внутренней Орды, газ. Уральск. Войск. ведомости. 1876г. №46-51; 1877г. №1.
13. Иванов Н.П. Хивинская экспедиция (1839-1840г.г.) Вспоминание очевидца. С-Пг. 1873г.
14. Иванин М.И. Описание зимнего похода в Хиву в 1839-1840г. С-Пг. 1874.

15. Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова Кзыл Орда. 1927г.
16. Байшеркешев Т. Исатай көтерілісі. “Соц. құрылыс” – Гурьев обл. газ. 1938ж. №126,134,136,151,152.
17. Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова А-А. 1946г.
18. Вестник Акад. Наук Каз ССР. А. 1947 №7; 1951г. №10ж. “Большевик Казахстана”, 1947г. №8.
19. Зиманов С. Политический строй Казахстана конца ХУІІІ и в І полов. ХІХ в. А. 1960г.
20. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в ХУІІІ-начала ХІХ в. М. 1960 с.139.
21. Бекмаханов Е.Очерки истории Казахстана. ХІХ в. А. 1966г.
22. Акпай Ж. “Жәңгір хан” Орал қ. 2001ж. 8 бет.
23. Қасымбаев Ж. Жангир хан. А. 2001ж.

І - тарау

1. Қарасу-қар суы жиналған, ағысы жоқ сай, орысша “Таловая речка” Таловка деп атанған, кейін қысқаша Таловка Киргизская, ал 1930 ж. Казахская Таловка-қысқаша Казталовка деген.
2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұрағаты (Қ.Р. том, 4 қор, 1 тізбе, 2л, 27 іс, 205)
3. Қазіргі Батыс Қазақстан облысының Казталовка ауданында.
4. “Нарын” деген қыпшақ сөзі-мол, бай деген мағына береді. “Шөбі нарын” – дейді әлі.
5. Қ.Р. том 78 қор, 2 тізбе, 213 іс, 8-9 парақтар (п.п.).
6. Материалы по истории Казахской ССР М-Л 1940 г. с202
7. История Казахской ССР А. 1949г. с.118
8. Вяткин М.П. Сырым батыр. Алматы. 1951ж. 232бет.
9. МИ. Каз. ССР
10. Қ.Р. МОМ, 4қор, 1 тізбе, 222 іс, 167 пар.
11. Сонда. 1017 іс, 1-3 п.п.
12. Материалы по Истории Казахской ССР (М.И. КССР) М-Л 1940 г. 228 бет.

13. Левшин А. Описание киргиз-казачьих Орд и степей. С-п 1832 г.
14. Мейер Л. Материалы для географии и статистики России. Киргизская степь Оренбургского ведомства С-П 1865 г. 39 бет; Иванин М.И. Внутренняя или Букеевская киргизская орда. Ж. “Эпоха” 1864 г. №12 бб.
15. Вятник М.П. Очерки истории Казахской ССР Л. 1941г. 242 бет.
16. Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова А. 1946г. с.9.
17. Бекмаханов Е. Очерки истории Казахстана. XIX в. А. 1966г. 44 бет.
18. Небольсин П.И. Очерки истории волжского низовья – журн. МВД т. 39 1859г. 225б.
19. Ерофеева Т. Хан Абулхайр... А. 1999г.
20. М.И.Каз ССР. 323 бет.
21. Сонда, 250-260б.б.
22. Сонда, 292 бет.
23. Борангалиев Т. Алыптарға әліппе үйреткен- “Социалистік Қазақстан” газ. 23.04.91ж.; Ж.Ақпай. Нарын-казахия. Уральск 2000 г.; “Жәңгір” Орал 2001 ж.
24. Кенжалиев И. Бөкей ордасы – “Алтын Орда” газ. Ақтөбе. 23.03.2001ж.; Кенжалиев И. Не надо путать читателей. Газ. “Еділ-Жайық”. Уральск 23.XI. 2001 ж. №42
25. Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы. Тарихи очерк Алматы 1979ж.
26. Кенжалиев И. Ұзақ күйші - “Жұлдыз” журн. №3, 204-205 б.б.
27. Халық ұрпағы жадында қалған тарихи әңгіме бойынша Құдайғұл батырдың Шақшақ аулынан Қарлығаш анадан үш ұл болыпты. Алты жыл өткесін Қарлығаштың әкесі келеді. Құдалары: жиеніңізді сынаңызшы – депті. Үлкені Жомарт жүгіріп келіп, қылжанның не оң, не сол жағына құлай беріпті. Байбарак қылжанның дәл үстіне құлағанда, нағашысы қылжанды төмен тартып қалады, нағашының 2-ші қолы баланың кеудесін тіреп қалыпты. Жұрт үйінін ішіне тартып жүрді: Ойпырмай мына бала ер екен, - дейді. Үшінші жиенін бесіктен өшесінен ұстап

көтеріп қарағанда, сәби жыламапты. Шыдамды, қуатты екен. Сонда нағашысы: “Жомартты қамшы берді дауға қой, Байбарақты найза берді жауға қой, малбасарды қауға берді малға қой – депті. Мыс. Бұл нақыл сөз 30 рулы елге тарапты. Айтқанындай Байбарақ әйгілі батыр болып, аты рудың, орыстық ұранына шыққан.

28. Қ.Р. МОМ 4 қор, 1 тізбе, 337 іс, 26 пар
29. Қ.Р.МОМ, 78 қор, 1 тізбе. 8 іс, 4 пар.
30. Ханыков Я.В. Очерк состояния Букеевской Орды. 1841. 126-129 б.б.
31. Астрахан ОМА 2 қор, 2 тізбе, 176 іс, 13 пар.
32. ҚазРесп. МОМ 78 қор, 1 тізбе, 55 іс, 16 пар; 1 тізбе, 5504 іс, 1 пар.
33. Полферов Я.Я. Земледелие в Тургайской области. Оренбург 1896 г. 9 б.
34. Туркестанский сборник т. 70. 369 бет.
35. Евреинов А. Внутренняя или Букеевская киргиз-казачья орда. Ор-г 1851 г. 61б.
36. Терентьев А. История завоевания Средней Азии С-Пг. 1906 г. 93 бет.
37. Добромыслов А. и Белутин Ф. Прикаспийские степи М. 1905г. 55б.
Добрамислов А. Тургайская область и Тверь 1902 г. 293-299 б.б.; Вестник Европы 1820 г. №22, с58.
38. Левшин А. Описание – казачьих или киргиз-кайсацких орд и стезей. Часть1. 116 с.
39. Сонда 208, 209, 211 б.б.
40. Қ.Р.МОМ, 4қор, 1 тізбе, 301 іс, 9 пар.
41. Туркестанский сборник. Ташкент 70 том, 399 бет.
42. Очерк Зауральской степи или внутренней или Букеевской Орды. Изд. К.Солдатенкова и Шепкина И. – М. 1859 г. 17 бет.
43. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. С-Пг. 1865 г. 119 бет.
44. Қ.Р. МОМ 4 қор, 1 тізбе, 5678 іс, 4 пар.
45. Сонда 78 қор, 4 тізбе, 81 іс, 4 пар.
46. Сонда 1 тізбе, 8 іс, 13 пар.
47. Сонда 4 қор, 1 тізбе, 327 іс, 26 пар.
48. Орынбор ОМА 6 қор, 10 тізбе, 4934 іс, 3 пар.

49. Қ.Р.ОМА, 78 қор, 1 тізбе, 61 іс, 1 пар.
50. Ханыков Я.В. аталмыш еңбек, 139 бет.
51. Военно-статистическое обозрение Россииской империи
М. Т ХІҮ, часть - 2, 63 бет.
52. Қ.Р. ОМА, 78 қор, 2 тізбе, 6 іс, 44 пар.
53. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 318 іс, 16 пар.
54. Сонда, 337 іс, 20 пар.
55. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 354 іс, 9-10 п.п.
56. Сығай сұлтанның “бодекчеіі” Рыскалиев деген Қ.Р.
МOM 78 қор,1 тізбе,7іс,11 пар.
57. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 318 іс, 14-15 п.п.
58. Сонда 11 пар.
59. Сонда, 78 қор, 1 тізбе, 8 іс, 14 пар.
60. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 50,42 іс, 25 пар.
61. Ханыков Я.В. аталмыш еңбек, 130 бет.
62. Қ.Р. MOM 78 қор, 1 тізбе, 8 іс, 5,11 п.п.
63. Қ.Р. MOM 78 қор, 1 тізбе, 7 іс, 78 пар.
64. Вларамберг. Земли внутренней (Букеевской) Орды 23
бет.
65. Қ.Р.MOM 78 қор, 2 том, 36 іс, 46 пар.

II - тарау. §1.

1. Стариков Ф. Историко-статистический очерк
Оренбургского казачьего войска. Ор-рг. 1891 с.95
2. Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая
Тайманова А-А 1946г.
3. Иванин М.И. Описание зимнего похода в Хиву в 1839-
1840 г.г. С-Пг. 1874 г. 186бет.
4. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства.
С-Пг. 1865г. 50бет.
5. Сонда
6. Қ.Р.MOM 76 қор, 1 тізбе, 8 іс, 8 пар.
7. Сонда, 4 қор, 1-тізбе, 1477 іс, 2 пар.
8. Сонда 3 пар.
9. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 327 іс, 26 пар, 10. ҚР. MOM. 4
қор, 1 тізбе, 1477 іс, 2 пар.
10. Сонда, 4 қор, 1 т., 6 іс, 199 пар.
11. Шахматов В.Ф. аталған еңбек.
12. Қ.Р.MOM, 4 қор, 1 тізбе, 2158 іс, 11 пар.

13. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізбе, 49 іс, 36 пар.
14. Қ.Р. МОМ 4 қор, 1 тізбе, 21 іс, 80 пар.
15. Сонда, 280 іс, 116 пар.
16. Сонда, 21 іс, 180 пар.
17. Сонда, 1970 іс, 22 пар.
18. Сонда, 1477іс, 11 пар, арғы беті (п.а.б.)
19. Сонда 4 қор, 1 тізбе, 1868 іс, 161 пар.
20. Астрахан ОМА, 2 қор, 2 тізбе, 17 іс, 10 пар.
21. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізбе, 4521 іс, 3 пар.
22. История Казахской ССР. А-А. 1949г. с.274
23. Материалы по Истории Казахской ССР. М.1940 т.4 с.444.
24. Сонда, с 498.

II-тарау. §2,3,4

1. Бекмаханов Е. Очерки истории Казахстана XIX. А. 1966.
2. Жайсан Ақпай. Жәңгір. Орал қаласы 2001 ж. 15 бет
3. Қ.Р. МОМ. 78 қор, 2 тізбе, 5042іс, 9 п.а.б.
4. Рязанов А. Сорок лет борьбы казахского народа за независимость 232 бет.
5. Қ.Р. МОМ., 4 қор, 1 тізбе, 283 іс, 385 пар.
6. Сонда, 316 іс, 21 пар.
7. Астрахан ОМА, 2 қор, 2 тізбе, 176 іс, 19 пар.
8. “Егемен Қазақстан” газ. 1991ж. 23 көкек
9. Газ. “Уральская неделя” Орал қ. 2001ж. №3.
10. Материалы по истории Каз. ССР. том 4. 295 бет.
11. Қ.Р.МОМ. 78 қор, 2 тізбе.8 іс, 56 пар.
12. Ковалевский Е.П. Странствователь по суше и морям. С-Пг. 1843.
13. “Орал өңірі” газ. 1997 ж. 17 тамыз.
14. Қ.Р. МОМ. 4 қор, 1 тізбе, 1964 іс, 154 пар.
15. Вестник Академии наук Каз. ССР А. 1951 г. №8, с 51-62;
Фукс С.Л. Барымта Очерки обычного права казахов
XVIII-XIX в.в. – Ученые записки Харьковс. Юридич.
Института. вып. 3, 1948г. с.158-159.
16. Зиманов С. Россия и Букеевское ханство. 108-112 б.б.;
Материалы по истории Каз. ССР. том IV - 295 бет.
17. Еренов А. Очерки по истории земельных отношений у
казахов А. 196 г. 94-96 б.б.

18. Қ.Р. MOM. 4 қор, 5042 іс, 19 паб.
19. Астрахан ОМА, 2 қор, 2 тізбе, 177 іс, 11 пар.
20. Зиманов С. Россия и Бук. ханство. 108 бет. 1974іс, 247 пар.
21. Қ.Р. MOM. 4 қор, 1 тізбе, 5042 іс, 19 паб.
22. Қ.Р. MOM. 4 қор, 1 тізбе, 2231 іс, 18 пар.
23. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 1974 іс, 247 пар.
24. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізбе, 2156 іс, 22 пар.
25. Санкт-Петербургтегі тарихи архив. 1291 қор, 81 тізбе, 174 іс, 2 пар.
26. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 2231 іс, 19 пар.
27. ҚР MOM, 4 қор, 1 тізбе, 2038 іс, 2 пар.
28. Сонда 2231іс, 19 пар.
29. Астрахан Омм 2 қор, 2 тізбе, 170 іс, 20 пар.
30. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 5440 іс, 33 пар.
31. Сонда.
32. “Эпоха” журналы. С-Пг. 1864 ж. №12 9 бет.
33. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 5440 іс, 39-48 пар.
34. Сонда, 2231 іс, 18 пар.
35. Шахматов В. Аталған еңбек. 60 – бет.
36. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 5440 іс, 34 пар.
37. Шахматов В. Аталмыш еңбек
38. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 5440 іс, 39-46 п.п.
39. Сонда, 2231іс, 19 пар.
40. Ханыков Я.В. аталмыш еңбек. 20 бет.
41. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 5440 іс, 49 пар.
42. Сонда 2231 іс, 19 пар.
43. Шахматов В.Ф. аталған еңбек, 49 бет.
44. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 4198 іс, 1 п.а.б.
45. Сонда, 78 қор, 1 тізбе, 1 іс, 48 пар.
46. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 2231 іс, 313 пар.
47. Сонда, 21 пар.
48. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 2231 іс, 18 пар.
49. Сонда, 5440 іс, 49 пар.

II - тарау.

50. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 1974 іс, 382 пар.
51. Сонда, 383 пар.
52. Сонда, 311 пар.

53. Сонда, 385 пар.
54. Материалы по Истории Каз. ССР. т. 4 . с.150
55. Қ.Р. МОМ. 4 қор, 1 тізбе, 1497 іс, 7 пар.
56. Сонда, 2397 іс, 314 пар.
57. Сонда, 161-314 п.п.
58. Сонда, 55 іс, 4 пар.
59. Сонда, 2135 іс, 33 пар.
60. Сонда,
61. Сонда, 292 іс, 3-10 б.б.
62. Сонда, 1498 іс, 14 пар.
63. Сонда, 613 іс, 1 пар.
64. Сонда,
65. Сонда, 1017 іс, 1-3 п.п.; 21 іс, 247 пар.
66. Сонда, 1528, 1530, 1531, 1533 істер
67. “Книга для чтения солдат” 1878г. №1, с 85; –
Туркестанский сборник т. 224 с.73
68. Материалы по истории Каз. ССР. т.4., с.228.
69. Сонда, 235 бет.
70. Қ.Р. МОМ, 4 қор, 1 тізбе. 4595 іс, 2-8 п.п.
71. Сонда, 4599 іс, 2 пар.
72. Сонда, 4600 іс, 2 пар.
73. Ковалевский Е.П. аталмыш еңбек. 110, 175-179, 112,116

III- §1. Ішкі тарапта хан-сұлтандар бастаған ылан.

1. Қ.Р.МОМ, 4 қор, 1 тізбе, 1974 іс, 363 пар.
2. Сонда, 1956 іс, 2 пар.
3. Сонда, 1974 іс, пар.
4. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 1964 іс, 57 пар.
5. Сонда, 78 қор, 1 тізбе, 71 іс, 32 пар.
6. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 1965 іс, 43 п.а.б.
7. Астрахан ОМА, 2 қор, 2 тізбе, 144 іс, 13 пар.
8. Қ.Р. МОМ, 4 қор, 1 тізбе, 1974 іс, 303 пар.
9. Қ.Р. МОМ, 4 қор, 1 тізбе, 1965 іс, 98-130 п.п.
10. Сонда,
11. Сонда, 1965 іс, 43-44 п.п.
12. Бекмаханов Е. Очерки Истории Казахстана. А., 1966. 63 бет.
13. Сонда, 4197 іс, 186 пар.
14. Сонда, 1974 іс, 278 пар.

15. Қ.Р.МОН, 4 қор, 1 тізбе, 1963 іс, 67 пар.
16. Сонда, 1965 іс, 203 пар.
17. Сонда, 78 қор, 1 тізім, 71 іс, 55 пар.

III тарау. §2.

1. Қ.Р.МОН, 4 қор, 1 тізбе, 1963 іс, 54 пар.
2. Сонда, 1963 іс,
3. Сонда, 132-134 п.п.
4. Сонда, 132-34 п.п.
5. Сонда, 63 пар.
6. Сонда, 1964 іс, 74 пар.
7. Қ.Р. МОН, 4 қор, 1 тізбе, 1964 іс, 187 пар.
8. Қ.Р. МОН 1974 іс, 475 пар.
9. Сонда, 17-18 п.п.
10. Сонда,
11. Сонда, 1964 іс, 191 пар.
12. Сонда, 1963 іс, 162 пар.
13. Сонда, 4197 іс, 15 пар.
14. Сонда, 1974 іс, 75 пар.
15. Сонда, 1963 іс, 193 п.а.б.

III тарау. §3.

1. Кенжалиев И. “Исатай – Мақамбет көтерілісі туралы бір дерек” – Орал өңірі Газ. 1971 ж. 20- ноябрь
2. Қ.Р. МОН 4 қор, 1 тізбе, 1963 іс, 162 пар.
3. Сонда, 317 пар.
4. Мақамбет Өтемісұлы. Өлеңдер. А. 1962 ж. 68 бет.
1. Қ.Р. Ғ.Ақ. Әдебиет институтының қолжазбалар қоры. №364 папка, 3 –дәптер, 62 бет.
6. Қ.Р. МОН, 4 қор, 1 тізбе, 1963 іс, 197 пар.
7. Сонда, 203 пар.
8. Сонда, 1963 іс, 304 пар.
9. Сонда, 304-305 п.п.

III тарау §4.

1. Орынбор ГМА, 6 қор, 10 тізбе, 4127 іс, 1,2 п.п.
2. Қ.Р. МОН 4 қор, 1 тізбе, 4631 іс, 1,2 п.п.
3. Сонда, 1553 іс, 3 пар.
4. Сонда, 1966 іс, 5 пар.

5. Тағы да: Байбақты руының Қарабала атасынан Ноғайбек Сабыров, Көштекей Есболов, Тоқсоба атасынан Байдос Байтенов, Азамат, Саламат, Серке, Барақ Әйдекенұлдары, Көшмен атасынан Камал Бутанов туыстарымен; Жауғашты бөлімінен Жанкей Құрманов, Қанай Алтыбаев ауылдастарымен бас көтеріп, Исатай қосылмақ болды. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 332 іс, 2 пар.
6. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 3331 іс, 2-3 п-п.
7. Бұл кезде Исатайдың қасында Қожақмет, Қасан Өтемісұлдары, Үбі Усаұлы, Есенгелді Қаржауұлы, Қосқара Өрбекұлы, Төлеген Серенкенұлы, 2 баласымен Сарт Еділұлы, Бесбай Тілеуліұлы, Айжарықұлы, Баймен Тоғайұлы, балалары Құспан, Досмағанбет т.б.
8. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 1964 іс, 379 п.а.б.
9. Сонда, 450 пар.
10. Сонда, 459 пар.
11. Сонда, 514 пар.
12. Сонда, 1964 іс, 543-549 п.п.
13. Сонда, 1966 іс, 24 п.а.б.
14. Сонда, 1964 іс, 544 пар.
15. Сонда, 1966 іс, 6 пар.
16. “Чино” деген өзен атауы картадан табылмады “Чинге” дегенде белгісіз, сірә хатшы хате жазған.
17. Қ.Р. MOM, 78 қор, 1 тізбе, 94 іс, 6 пар.
18. Сонда.
19. Сонда, 78 қор, 1 тізбе, 94 іс, 12 пар.
20. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 1966 іс, 44 пар.
21. Сонда, 4197 іс, 70 пар.
22. Сонда, 50 пар.
23. Бұл үшеуі кейін “Иван Богатырев 125 сомнан “сыйлық” алады. Қ.Р. СОС, 4 қор, 4197 іс, 147 – 149 п.п.
24. Рязанов А. Восстание Исатая Тайманова (1836-1838 г.г.) г.Қызыл Орда 98 бет.

Сөз соңы

1. Қасымбаев Ж. Жангир хан (1801-1845 г.г.) А. 2001. Орыс тілінде. 104 бет.
2. Сонда 106 бет.
3. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 1964 іс, 212 пар.

4. Қасымбаев Ж. Жангир хан. А. 2001 111 бет.
5. Сонда, 114 бет.
6. Сонда, 28 бет.
7. Бекмаханов Е. Очерки истории Казахстана XIX в. 62 бет.
8. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізбе, 4875 (г)іс, 33 пар.
9. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 4197 іс, 38 пар.
10. Сонда, 330 пар.
11. Сонда, 1964 іс, 349 пар.
12. Сонда, 476 пар.
13. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізбе, 4723 іс, 42 пар.
14. Сонда, 4783 іс, 46 пар.
15. Сонда, 67 пар.
16. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 1963 іс, 111-112 п.п.
17. Қасымбаев Ж. “Жәңгір хан”, 61 бет.
18. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 2231 іс, 19 пар.
19. Сонда, 2731 іс, 18 пар.
20. Сонда, 2231 іс, 658 пар.
21. Сонда, 20 пар.
22. Сонда, 669 пар.
23. Зиманов С. Россия и Букеевское ханство. А. 1982. 112 бет.
24. Сонда, 45 бет.
25. Қ.Р. MOM, 4 қор, 1 тізбе, 5498 іс, 32 пар.
26. Қасымбаев Ж. “Жәңгір хан” 95 бет.
27. Қасымбаев Ж. “Жангир хан” 93 бет.
28. Қ.Р. MOM 4 қор, 1 тізбе, 5042 іс, 25 пар.
29. Сонда, 3629 іс, 56 пар.
30. Сонда, 5440 іс, 39,43-49 п.п.

МАЗМҰНЫ

СӨЗ БАСЫ	3–13 б.
I - тарау. Кіші жүз бен Бөкей ордасының саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы.	
§1. Географиялық шолу	13-16 б.
§2. Кіші жүзбен Бөкей ордасының саяси, әлеуметтік жағдайы, халқы оның құрамы.....	17-23 б.
Бөкей ордасының құрылып қалыптасуы.....	23-33 б.
§3. Кіші жүзбен Бөкей Ордасының шаруашылығы.....	34-47 б.
II - тарау. Өлкеде отарлық езгі мен феодалдық қанаудың күшеюі	
§1. Отарлық езгінің өршуі	47-62 б.
§2. Жәңгір хан және оның саясаты. Феодалдық қанаудың күшеюі.....	62-71 б.
§3. Ішкі тарапта феодалдық қанаудың өршуі. Қоғамда қарама қарсылықтың қалыптасуы.....	71-83 б.
§4. Ішкі тараптағы әлеуметтік күйзеліс.....	83-91 б.
III - тарау. Бөкейлікте қарама-қарсылықтың шиленісуі. Шаруалар соғысы.	
§1. Ішкі тарапта хан-сұлтандар бастаған ылаң.....	91-105 б.
§2. Шаруалар соғысы.....	105-115 б.
§3. Шаруалар соғысының аяқталуы	115-124 б.
§4. Кіші жүздегі шаруалар қозғалысы	124-136 б.
Сөз соңы.....	137-149 б.
Пайдаланған архив деректері мен тарих әдебиеттері тізімі.....	150-160 б.

*Басуға 12 ақпан 2002ж. қол қойылды. Офсет қағазы.
Көлемі 9,3. Таралымы 510 дана. Бағасы келісім бойынша*

*Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің типографиясы
417000, Орал қаласы, Достық даңғылы, 188.*

1000